



**Қазақстан Республикасы тәуелсіздігінің 30-жылдық және
Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің б.ғ.д., профессор Сағындықова Софья
Зұлхарнайқызының 65 -жасқа толу мерейтойына арналған «ЖАРАТЫЛЫСТАНУ
ҒЫЛЫМДАРЫНЫҢ ҚАЗІРГІ ЗАМАНҒЫ КЕЛЕЛІ МӘСЕЛЕЛЕРІ ЖӘНЕ ПӘНАРАЛЫҚ
ЗЕРТТЕУЛЕР» АТТЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ
ҒЫЛЫМИ - ПРАКТИКАЛЫҚ ОНЛАЙН КОНФЕРЕНЦИЯСЫНЫҢ
МАТЕРИАЛДАРЫ**

**МАТЕРИАЛЫ
МЕЖДУНАРОДНОЙ НАУЧНО - ПРАКТИЧЕСКОЙ ОНЛАЙН КОНФЕРЕНЦИИ
«СОВРЕМЕННЫЕ ПРОБЛЕМЫ ЕСТЕСТВЕННЫХ НАУК И МЕЖДИСЦИПЛИНАРНЫЕ
ИССЛЕДОВАНИЯ» посвященная 30 - летию независимости Республики Казахстан и 65 летию
профессора Атырауского университета имени Х.Досмухамедова, доктора биологических наук,
Сағындыковой Софии Зулхарнаевны**

**MATERIALS of the
INTERNATIONAL SCIENTIFIC AND PRACTICAL CONFERENCE "MODERN
PROBLEMS OF Native SCIENCES AND INTERDISCIPLINARY RESEARCH» as part of the
celebration of the 30th anniversary of independence of the Republic of Kazakhstan, dedicated to the
65th anniversary of the Doctor of Biological Sciences, Professor Sofia Zulkarnaikyzy Sagyndykova.**

Атырау, 2021

ӘОЖ 001
КБЖ 72
Ж 31

Жалпы редакциясын басқарған:

С.Н.Идрисов – Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің ректоры, п.ғ.к., профессор
Д.Ғ.Батрышев – Ғылыми және халықаралық байланыстар жөніндегі проректоры, физика ғылымдары бойынша PhD докторы
Е.С.Кабиев – Жаратылыстану және ауылшаруашылық ғылымдары факультетінің деканы

Редакциялық алқа:

Г.К.Шамбилова – химия ғылымдарының докторы, профессор
Г.Ғ.Жұматова – биология және ауылшаруашылық пәндері кафедрасының меңгерушісі
У.К.Бисенов – биология ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор м.а.
А.К.Нурғалиева - Жаратылыстану және ауылшаруашылық ғылымдары факультетінің стратегиялық даму және ғылыми жұмыстар жөніндегі декан орынбасары
А.А.Закария – «Биотехнология» оқу-ғылыми зерттеу орталығының қызметкері

«Жаратылыстану ғылымдарының қазіргі заманғы келелі мәселелері және пәнаралық зерттеулер» атты халықаралық ғылыми-теориялық конференциясы материалдарының жинағы – **«Современные проблемы естественных наук и междисциплинарные исследования»**. Сборник материалов международной научно-теоретической конференции. – Атырау, Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті. – 23 сәуір, 2021 жыл 539б

ISBN 978-601-262-430-4

Бұл жинаққа 2021 жылдың 23 сәуірінде Қазақстан Республикасы тәуелсіздігінің 30-жылдық және б.ғ.д., профессор Сағындықова Софья Зұлхарнайқызының 65 -жасқа толу мерейтойына арналған Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің өткізген **«Жаратылыстану ғылымдарының қазіргі заманғы келелі мәселелері және пәнаралық зерттеулер»** атты халықаралық ғылыми-практикалық конференцияның материалдары енгізілген.

Жинақ ғылыми қызметкерлерге, жоғары оқу орындарының оқытушылары мен студенттеріне, магистранттар мен докторанттарға арналған.

Ғылыми мақалалардың мазмұнына авторлар жауапты.

В сборник включены материалы международной научно-практической конференции **«Современные проблемы естественных наук и междисциплинарные исследования»**, проведенной Атырауским университетом им.Х. Досмұхамедова 23 апреля 2021 года в рамках 30 - летнего юбилея независимости Республики Казахстан и 65-летнего юбилея д.б.н., профессора Сағындыковой С. З.

ISBN 978-601-262-430-4

Сборник предназначен для научных работников, преподавателей и студентов вузов, магистрантов и докторантов.

Авторы несут ответственность за содержание научных статей.

The materials of the international scientific- practical conference **"Modern problems of natural sciences and interdisciplinary research"** are included in the collection, which will be held on April 23, 2021 at Kh.Dosmukhamedov Atyrau University in the framework of the 30th anniversary of the Independence of the Republic of Kazakhstan and the 65th anniversary of Doctor of Biological Sciences, Professor S. Z. Sagyndykova.

The paper collection is intended for researchers, teachers and students, undergraduates and postgraduates of the universities. Authors are responsible for the content of scientific articles.

УДК 001
ББК 72

ISBN 978-601-262-430-4

©Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті, 2021 ж.

АЛҒЫ СӨЗ

Құрметті әріптестер! Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияға қатысушылар!

Баршаңызды бүгінгі «Жаратылыстану ғылымдарының қазіргі заманғы келелі мәселелері және пәнаралық зерттеулер» атты халықаралық ғылыми-теориялық конференция алаңында көргеніме қуаныштымын, сіздерге мықты денсаулық, амандық, жақсылықтар және конференция жұмысына сәттілік тілеймін!

70 жылдан астам тарихы бар университетіміз осы жылдар бойы өңірдегі ірі білім мен ғылым орталығына айналды. Университеттің бүгінгі жетістіктері оның ұстаз-ғалымдарының еселі еңбегінің арқасында мүмкін болды.

Биыл Қазақстан үшін аса маңызды мереке – Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігіне 30 жыл толады. Мемлекет басшысының «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» мақаласында «Азаттығымыздың айшықты белесіне шыққанда әрбір саналы азаматты «Отыз жылда біз қандай жетістіктерге жеттік?», «Келер ұрпаққа қандай елді аманаттаймыз?», «Мемлекеттігімізді нығайта түсу үшін тағы не істейміз?»

деген сауалдар толғандырары анық. Осы тұрғыдан алғанда, бұл – арман-мақсаттарымызды тоғыстырып, болашаққа тың серпінмен қадам басу үшін өткенге тағы бір мәрте оралатын, жетістіктеріміз бен кемшіліктерімізді ой елегінен өткізетін маңызды мезет», - деп атап өткен болатын. Үш онжылдықты құрайтын тәуелсіздіктің негізгі белестерінде биология ғылымдарының докторы, профессор Сағындықова София Зұлхарнайқызының да үлесі зор болғанын атап өткенді жөн санаймын.

Бүгінгі күні мерейлі жасқа келген профессор С.Сағындықова өзіміздің төл түлегіміз, бұрынғы Гурьев педагогикалық институтының биология және қосымша химия пәні мұғалімі мамандығын үздік бітірген түлегі болып табылады. 1979 жылдан бастағанда 40 жылдан астам өмірін Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетімен байланыстырды.

1990 жылы қазіргі әл-Фараби атындағы ұлттық университетінде микробиология саласы бойынша кандидаттық диссертациясын, кейін 2005 жылы микробиологиядан докторлық диссертация қорғады. Алматы қаласындағы іргелі оқу орындары әл-Фараби атындағы ұлттық университетінде, Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық институтында доцент лауазымдарында еңбек етті.

Жаңа мыңжылдықта Досмұхамедов университеті өзінің жаңа даму сатысына өткен кезде София Зұлхарнайқызы университеттің оқу ісі және оқу-әдістемелік жұмыстар жөніндегі проректоры лауазымында табысты еңбек етті. Осы жылдары университетімізде жаңа мамандықтар ашу жұмыстары, жоғары оқу орындары мен орта мектеп арасындағы байланыстарды нығайту, дәстүрлі ғылыми-әдістемелік конференциялары тұрақты жүргізілді.

Бүгінгі конференция ғалымның жалпы ғылыми жетістіктерін насихаттау, жаратылыстану ғылымдарының қазіргі заманғы келелі мәселелері мен пәнаралық зерттеулердің қазіргі ғылыми қауымдастықтағы рөлін анықтаудағы пікір алмасу алаңы ретінде ұйымдастырылды.

Уважаемые коллеги и гости нашего университета! Я очень рад приветствовать вас сегодня на Международной научно-теоретической конференции «Современные проблемы естествознания и междисциплинарных исследований». Желаю всем крепкого здоровья, благополучия, плодотворной работы на конференции.

Нынешний год – очень важный, знаменательный год для нашей страны, поскольку это год 30-летия Независимости Республики Казахстан, самый главный государственный праздник.

Страна подытоживает итоги своего развития за этот тридцатилетний период: что важного и значительного было сделано, какие были достигнуты успехи, что предстоит еще совершить, какие меры необходимы для дальнейшего укрепления нашей государственности?

Поэтому для нас это та веха, с которой необходимо оглянуться назад, окинуть мысленным взором пройденный путь и наметить новые ориентиры. В общем поступательном развитии Казахстана весом вклад и нашего университета, насчитывающего 70-летнюю историю. Мне приятно отметить, что в развитие Атырауского университета им.Х.Досмұхамедова значительный вклад внесла доктор биологических наук, профессор София Зұлхарнаевна Сағындықова, 65-летнему юбилею которой посвящена сегодняшняя конференция.

Сағындықова София Зұлхарнаевна является ярким примером того, какие замечательные кадры на протяжении всей истории своего функционирования готовит наш университет. В 1978 году она с отличием окончила тогда еще Гурьевский педагогический институт, получив квалификацию «учитель биологии и химии».

В 1990 году ею была успешно защищена кандидатская диссертация, а в 2005 году София Зулхарнаевна защитила первую докторскую диссертацию по микробиологии на казахском языке.

София Зулхарнаевна является академиком Международной академии экологии и безопасности жизнедеятельности (МАНЭБ) и Российской академии естественных наук, лауреатом Международной премии ISESKO (ISESCO).

Ее трудовая деятельность в разные годы была связана КазНУа им. аль-Фараби, Казахским государственным женским педагогическим институтом.

Также она успешно трудилась в должности проректора по учебной работе Атырауского государственного университета имени Х. Досмухамедова.

Доктор биологических наук, профессор, директор научно-исследовательского центра «Биотехнология» Атырауского университета им. Х. Досмухамедова Сагындыкова София Зулхарнаевна является автором около 200 научных работ. Она имеет 4 авторских свидетельства, 7 предварительных патентов, 4 инновационных патента. Также она является автором 3 монографий, 5 электронных учебников, 1 учебника, 5 учебно-методических пособий, 3 учебно-методических руководств.

Под руководством Софии Зулхарнаевны аспиранты и студенты успешно защитили кандидатские и магистерские диссертации по микробиологии, биологии, экологии.

В 2006 году она выиграла Гран-при ISESCO в Кувейте и Марокко, была награждена золотой медалью и денежным призом Международной премии (ISESCO). Также в 2006 году она была удостоена Государственной научной стипендии Министерства образования и науки Республики Казахстан для ученых и специалистов, внесших значительный вклад в развитие науки и технологий. В 2011 году стала победителем конкурса «Лучший преподаватель вуза-2011».

За большие заслуги в научной и педагогической деятельности София Зулхарнаевна была награждена знаком Министерства образования и науки Республики Казахстан «За заслуги в развитии науки Республики Казахстан», нагрудным знаком Министерства образования и науки Республики Казахстан «Почетный работник образования Республики Казахстан», знаком Ы. Алтынсарина за значительный прогресс в обучении и воспитании подрастающего поколения, казахстанскими знаками «Лучшие люди», «Успешные люди», медалью РАЭ им. В.И.Вернадского, медалью им.Н.И.Вавилова, медалью им.Альфреда Нобеля.

Конференция жұмысына қатысып отырған шетелдік және қазақстандық ғалымдарға Досмухамедов атындағы Атырау университеті атынан ризашылық білдіремін. Әль-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті биология ғылымдарының докторы, профессор Айтқажы Бигалиевич Бигалиевке, репрессияға ұшыраған Қазақстан зиялыларының мұрасын зерттейтін «Арыс» қоры, «Арыс» баспасының басшысы, «Саяси қуғын-сүргін құрбандары» музейінің аға қызметкері, филология ғылымдарының докторы, профессор Әнес Ғарифоллаға, Әзірбайжаннан Баку мемлекеттік университеті "Микробиология және вирусология" ғылыми-зерттеу зертханасының меңгерушісі, биология ғылымдарының докторы, профессор Гончарев Худаверди, Ресейден Новосибирск қаласындағы Сібір ғылыми-зерттеу және технологиялық қайта өңдеу институты, техника ғылымдарының докторы Олег Константинович Мотовиловқа, Башқұртстан Республикасы Ғылым Академиясының академигі, Беларусь Республикасының Еңбек сіңірген ғылым қайраткері, биология ғылымдарының докторы, профессор Яلیل Тухпатович Сундиқовке, Б.Городовиков атындағы Қалмақ мемлекеттік университетінен география ғылымдарының докторы, профессор Настина Галина Эрднеевнаға, Атырау инженерлік-гуманитарлық институтының заң ғылымдарының докторы, профессоры - Исеев Болат Жарылғасұлына және басқа да ғалымдарға ризашылық білдіремін.

Уважаемые участники конференции, выражаю огромную благодарность отечественным и зарубежным ученым – представителям азербайджанской, белорусской, российской, в том числе калмыцкой, башкирской науки. Это крупные ученые, доктора наук, внесшие большой вклад в развитие науки. Нам очень приятно, что вы принимаете участие в нашей конференции, мы надеемся на дальнейшее продолжение нашего эффективного сотрудничества в научной сфере.

*«Х.Досмухамедов атындағы Атырау университеті» КеАҚ
Басқарма төрағасы-ректор С.Идрисов*

ПЛЕНАРЛЫҚ МӘЖІЛІС

КАСПИЙ - ЭНЕРГЕТИЧЕСКИЙ И ЖИЗНЕННЫЙ ИСТОЧНИК: ОЦЕНКА ПОСЛЕДСТВИЙ ВЛИЯНИЯ НЕФТЯНОГО ЗАГРЯЗНЕНИЯ НА ОКРУЖАЮЩУЮ СРЕДУ, БИОТУ И ЗДОРОВЬЕ НАСЕЛЕНИЯ.

Бигалиев А.Б. директор научно-образовательного инновационного центра КазНУ им. аль-Фараби, д.б.н., профессор

E-mail: aitkhazha@gmail.com

В период 2006-2011 г.г. были проведены исследования бассейна реки Урал (от г. Атырау + дельта и прибрежная зона Каспия) по грантам МОН РК «Разработка научных основ экологической оценки влияния нефтяного загрязнения на окружающую среду, биоту казахстанской зоны северного Каспия» (2006-2008 гг.), «Исследование механизмов мутагенности нефтепроизводных и прогнозирование генетических эффектов (2012-2014 гг., Атырауская область)», «Оценка влияния нефтегазовой отрасли на устойчивость генома природных популяций и разработка рекомендаций по сохранению биологического разнообразия мангыстауского региона зона каспия» (2015-2017 гг.), «Эколого-генетическая оценка влияния хвостохранилища Кошкар-Ата на окружающую среду, биоту и здоровье населения прилегающих территорий», 2014-2016 гг., Мангыстауская область). Ниже приведены основные результаты.

Методы исследования

- цитогенетический анализ,
- гель-электрофорез ДНК,
- рестрикционный анализ,
- RAPD-полиморфизм ДНК
- Электрофорез
- Анализ цитогенетических препаратов проводился с помощью программ Adobe Photoshop, Picasa v.3.0, Photoscape v.3.5.

В ходе исследований 2006-2008 года установлено: накопление бенз-а-пирена в мышечной ткани исследованных гидробионтов (рыб, полихет и моллюсков), а также у наземных обитателей прибрежной зоны (имаго слепней). Причем, наиболее выраженные аккумулятивные свойства по накоплению бенз-а-пирена проявились в тканях рыбы *Sander volgensis* (берш) - в мышцах и печени, в мягких тканях вида *Dreissenia polymorpha* (моллюск) и *Nereis diversicolor* (полихета – морской червь), а также у имаго *Hibomitra piculiales* (слепня). Наличие пиренсодержащих компонентов (бенз[а]пирен) в тканях исследованных гидробионтов дает основание предположить возможность включения ПАУ в процессы обмена, в частности, участие пирена в протекании клеточного метаболизма;

Проведено исследование объектов окружающей среды Мангыстауского региона с использованием аналитических методик, что позволило определить количественное содержание токсичных компонентов, содержание приоритетных загрязнителей и радиоактивных изотопов. Изучены экотоксикологические параметры почвы, воды и в организме гидробионтов и животных в зоне исследования. Установлено, что значения объемной активности природных и техногенных радионуклидов в пробах почвы, питьевой воды и шерсти животных в населенных пунктах соответствует величине контрольного уровня для данного региона. Учитывая, что регион является зоной экологического риска, подобные исследования необходимы не только для оценки состояния природных комплексов, находящихся под антропогенным стрессом, но и для прогнозирования мутагенной и канцерогенной опасности средовых факторов для населения, проживающего на этих территориях.

Общие сведения. Полициклические ароматические углеводороды (ПАУ) составляют широкий класс устойчивых в окружающей среде органических соединений, которые как компонент нативной нефти находятся повсеместно как в морской, так и в наземной среде. Определение аккумуляции полициклических ароматических углеводородов (ПАУ) и их метаболитов, как специфических ксенобиотиков, в зоне добычи, переработки и транспортировки нефти является чрезвычайно актуальной экологической проблемой как в целом, так и для казахстанского шельфа Каспийского моря

Географическое положение. Мангистауская область, г. Актау, район «Бухты» и озеро «Караколь».

Материалы исследования

Отобраны биоиндикаторы из природных популяций северной части Каспия. В целом, в условиях комплексного загрязнения среды наиболее эффективным методом биологического мониторинга являются исследования с использованием тест-объектов, в том числе и гидробионтов. Отсюда, в качестве тест-объектов в соответствии с литературными данными были выбраны следующие виды:

- 3 вида рыб: (пятнистый губач), *Sander lucioperca* (судак), бычковые *Cobitidae*;
- 1 вид полихет - *Nereis diversicolor*;
- растения;
- животные (мышевидные грызуны, большанкая песчанка - *R.opimus*;

Результаты цитогенетического анализа мышевидных грызунов

№ животного	Пол	Изучено метафаз	Из них			
			гиподиплоидия	абerr. хромосом.	полиплоидия	% абerr-нт. клеток (M m)
Контроль	♀	912	-	6	6	2,3 ⁺ 0,34 ⁻
Опыт №2	♀	849	6	9	3	3,2 ⁺ 0,42 ⁻
Опыт №3	♀	861	6	9	6	3,5 ⁺ 0,29 ⁻
Опыт №4	♀	927	6	12	6	3,9 ⁺ 0,21 ⁻
ВСЕГО		2637	18	30	15	3,5 ⁺ 0,29 ⁻

Анализ спектра хромосомных нарушений (абerrаций) показывает, что нефтепроизводные индуцирует в основном нарушения хроматидного типа абerrаций (одиночные и парные фрагменты), типа делеций. Кроме того, отмечается индукция анеуплоидных клеток, в частности гиподиплоидных частота которых значительно превышает контроль. Встречаются полиплоидные клетки примерно с одинаковой частотой как и у контрольных животных. Проведенный анализ свидетельствует, что загрязнение нефтью и нефтепродуктами индуцирует в соматических клетках животных (грызунов) обитающих в зоне Каспия генные и геномные мутации в виде нарушения структуры и числа хромосом. Опираясь полученных результатов можно полагать, что загрязнение среды обитания представляет реальную угрозу для устойчивости генома биоты и человека.

Повсеместно, особенно в засоленных почвах, отмечено накопление валовых (40–57 мг/кг) и подвижных форм (7–18 мг/кг) свинца превышающие значение ПДК в 1-6 раз, молибдена – 7–12 раз (20–25 мг/кг) и кобальта – 2–3 раза (10–15 мг/кг). Наблюдается уменьшение содержания валовой и подвижной формы меди (соответственно 3–16 и 3–6 мг/кг), цинка (20–40 и 0,2–17,4 мг/кг) и кадмия (0,6–2,0 и 0,1–1,0 мг/кг), что ниже пороговой концентрации для организма и значения ПДК.

Радиоактивное загрязнение обнаружено на многих нефтегазовых предприятиях Жана-Озенского комплекса. Гамма-спектрометрической съемкой зафиксирована активность тория-228 в пределах 0,8–1,0 Ки/г, радия-226 – 0,6–1,0, калия-40 – от 1,8 до 5,6 Ки/г. Концентрация в сырой нефти радия и тория в отдельных случаях превышает допустимое содержание этих нуклеидов для воды в 8–25 раз, уровень радиации металалома достигает 300 мкР/час, или что выше естественного фона в 2–50 раз. Радиоактивный торий-228 при избытке вызывает в организме человека необратимые дегенеративно-атрофические изменения кожи и злокачественные опухоли. Гигиенические его нормы торий-228 составляют $3,7 \cdot 10^{-3}$ Бк, радия-226 равна $3,7 \cdot 10^{-3}$ Бк.

Установлено, удельная активности радионуклидов в пробах воды из различных пунктов. Наибольшая активность цезия Cs-137 и стронция Sr-90 не превышает 3,0 Бк/кг во всех пунктах

исследования. Максимальная активность наблюдается в пробах воды сточная и сборная по урану U-232 и торию Th-232 (4,0 и 2,0 соответственно). Удельная активность по радио Ra-226 примерно одинаковые с небольшим превышением в пробах сточной и болотной воды (0,04 Бк/кг). Приведенные данные свидетельствует о наблюдающейся тенденции к накоплению и увеличению активности отдельных радионуклидов в поверхностных водах на территориях прилегающей к Каспию. Так, отмечается повышение суммарной бета- и альфа активности в пробах – «вода сборная».

Установлено накопление нефтепроизводных (ПАУ), металлов, радионуклидов в растениях и животных объектах. Морские полихеты рода *Nereis* являются важными видами, обитающие в донных отложениях, которые часто подвергаются антропогенной нагрузке, включая полициклические ароматические углеводороды (ПАУ). Отмечается значительное накопление пирена и его производного бенз(а)пирена в организме *Nereis diversicolor* - 1.84 мг/ кг в среднем.

Исследованиями накопления сопутствующих тяжелых металлов установлено, наибольшую способность к накоплению в организме полихет проявили железо, свинец, цинк и медь. Полученные экспериментальные данные свидетельствуют о необходимости изучения механизмов биотрансформации ПАУ, в частности пирена. Результаты анализа содержания тяжелых металлов в тест-объектах показали, что наибольшую способность к аккумуляции проявляют железо (в среднем 141,842 мг/кг для всех тест-объектов) и цинк (24,311мг/кг). Следует отметить, что по степени токсичности железо не представляет столь высокой опасности как для гидробионтов, так и для человека, в сравнении с кадмием, медью или свинцом. Столь высокие концентрации железа, как и других тяжелых металлов, вполне прогнозируемы, а также благодаря лидирующему содержанию ионов железа в пластовых водах, поступающих в Каспий при нефтедобычи.

АҒАРТУШЫ-ПЕДАГОГ ХАЛЕЛ ДОСМҰХАМЕДУЛЫНЫҢ ЖАРАТЫЛЫСТАНУ ҒЫЛЫМЫНА ҚОСҚАН ҮЛЕСІ

Ғарифолла ӘНЕС ф.ғ.д.

Х.Досмұхамедұлы атындағы Атырау университетінің Құрметті профессоры,
«Арыс» қорының (баспасының) директоры

Бізді, әрбір зиялы қауым өкілін ойландыратын, толғандыратын **сұрақтар**: Тәуелсіз ел ретінде 30 жыл ғұмыр кешіп келсек те мемлекеттік тілдің төрге озбауының себебі неде? Қазақ тілі толыққанды ғылым тіліне, оның ішінде жаратылыстану ғылымдары мен өскелең техника тіліне айнала ала ма? Жалпы ұлттық (мемлекеттік) тілде ғылымды дамытуға қажеттілік бар ма? Мектепте оқытылатын жаратылыстану пәндері оқулығының сапасы көңіліңізден шыға ма? Мемлекеттік тілде жаратылыстану пәндерінің/ ғылымының терминологиялық жүйесі толық орнықты ма? Бүгінгі таңда жаратылыстану ғылымдары мен техника, технология саласында мемлекеттік тілдің қолданылу дәрежесі қандай?

Оқу-білім және пән/ғылым тілі ретінде қазақ тілінің әр салада көрініс табуы өте күрделі жағдайларды бастан кешті. Даламызда жүйелі мектеп жүйесі қалыптасуымен бірге осыдан тура бір ғасыр бұрын қазақ елінің екі астанасы – Орынбор (Қазақ автономиясы) мен Ташкентте (Түркістан автономиясы) мектеп оқулықтарын дайындау бірден қолға алынды. Айналдырған 8-9 жылда қыруар шаруа тындырылды. Математика мен геометрия, физика мен химия, ботаника мен зоология, анатомия мен медициналық әдебиеттер, мал аурулары мен ауыл шаруашылығы техникасы туралы кітапшалар қазақ тілінде алғаш рет көптеп шығарыла бастады. Әрине, бұлардың сапасы әрқилы болатын. Олардың басым көпшілігі негізінен мектеп оқулықтары ретінде түзілсе, араларында сол кездің әлемдік заманауи ғылым-білім деңгейімен иық теңестіретін озықтары да болды. Қазақстанға 1925 жылдың қыркүйегінде басшы болып орталықтан арнайы тапсырмамен Ф.Голощекин келген соң-ақ қазақтың алғашқы оқығандары, совет органдарында қызмет атқарып жүрген Алаш зиялылары қуғындала бастады. 1929 жылдан соң бұл алғашқы қазақ тіліндегі оқулықтардың авторларының еңбектері қайта басылым көрмеді, қолда бары жиналып алынып құртылды, өздері жер аударылып қуғындалды, баршасы 1937-38 жылдардағы «Үлкен террорда» оққа байланды. «Жылымық кезең» аталған 1960 жылдардан соң түрлі ғылым мен техника саласында қазақ тілі қайтадан жанданып, баспа жүзінде белсенді қолданыла бастады. Қайтадан мүлдем жаңа төл оқулықтар түзілді, қазақ тілінде ғылыми-танымдық әдебиет көптеп шығарылды. Әйтседе бұл тұста пән бағдарламалары орталықта – Мәскеуде түзіліп, бекітілетіндіктен оқулықтар тілі, терминологиясы көп жағдайда орыс тілінің сәтті-сәтсіз аудармаларын құрады, ғылым тілі калька түрінде дамыды. Ал ана тіліміз мемлекеттік тіл мәртебесін алғаннан соңғы

жағдай, әрине, басқаша, жаңа арнамен, жаңаша дамып келеді. Бүгін арнайы ғылыми жиын ұйымдастырылып, лайықты қошаметтеліп отырған профессор **София Зұлхайнарқызының** Қазақстанда биотехнология саласынан алғаш рет докторлық диссертациясын мемлекеттің өз тілінде жазып, қорғап шығуы көп жайды аңғартса керек.

Х.Досмұхамедұлы атындағы Атырау университетінде біздің бастамамызбен «**Халел Досмұхамедұлы**» атты **тұлғалық энциклопедия** жасақтау қолға алынды. Ғұлама ғалым, талантты педагог, еліміздегі алғашқы жоғары оқу орнын (ҚазПИ) ұйымдастырушы әрі басшысы Х.Досмұхамедұлының тар жол, тайғақ кешуден өткен ғұмыр жолын, оның қазақ руханиятына сіңірген ерен еңбегін осы шежіре кітапта толық ашып көрсетсек деген ниетіміз бар. Кітаптың өзекті бір саласы, қазыналы тақырыбы – жаратылыстану. Жоғары білімді дәрігердің қаламынан туындаған үш оқулық – «Табиғаттану», «Анатомия» және «Зоология» кітаптарын талдау, сараптау, ғалым еңбектерінің мәні мен маңызын ашу, оның жарқын идеяларын бүгінгі күнмен сабақтастыру осы университеттің пәндік мамандары мен ғалымдарының абыройлы ісі болмақ.

Х.Досмұхамедұлының алғашқы жазып шыққан оқулығы «**Табиғаттану**» (Ташкент, 1922). Осы орайда 1921 жылы 15 мамырда жазған ғалым-ұстаздың түсініктемесін толығырақ келтіре кеткенді жөн көріп отырмыз: «Бұл кітап қылып шығарып отырғанымыз Тәшкенттегі Қазақ-қырғыз институтының шәкірттеріне оқылған дәрістің бір бөлегі. Ғылым ретінде кітап жоқ болған соң балалардың өтінуі бойынша баспаға беріліп отыр. Термин табу бек қиын. Сөйткенімен қолдан келгенше терминдерді нағыз қазақ сөзінен алдық. Қате кеткен терминдер болса, хат арқылы білдірулеріңізді өтінеміз. Кітап асығыс жазылған соң, қолымызда Қазақстан, Түркістан хақында мағлұмат берерлік кітаптар көп болмаған соң суреттерді өз жерімізден ала алмадық һәм Түркістан, Қазақстан хақында да көңілдегідей мағлұмат бере алмадық.

Табиғат ғылымын тәжірибесіз оқыту – жарты оқыту болады. Тәжірибелер-ді амал келгенше оңай істелетін қылып айттық, әрбір мектепте табылатын құралдармен тәжірибе қылатын қылып жаздық.

Қазақ тілінде бірінші рет шығатын ғылым кітабы болған соң, қателері көп болар, бірақ жоқтан бар артық деп баспаға бердік, жаңа шыққан талаптыларына жол болсын дедік. Білім қысқаннан жазылған жоқ, мұқтаждық жаздыртты» [1].

Шағын кітапша «Табиғат. Табиғаттың құбылысы» атты кіріспе сөзден басталады: «Адамның қолымен істелінбеген нәрселерді *жаралған бұйым* йәки *табиғат* дейді. Адамның қолымен істелген нәрселерді *жасалған бұйым* дейді... Табиғат екі үлкен тапқа бөлінеді: *жанды тірі табиғат*, *жансыз өлі табиғат*. Жанды табиғатқа адам, жан-жануар һәм өсімдік қосылады. Жансыз табиғат деп ауаны, суды һәм жерді айтады». Еңбек титул бетінде көрсетілгендей бес тараудан тұрады: (1) Бұйымдардың жалпы қасиеттері; (2) Ауа хақында; (3) Су хақында; (4) Жер хақында; (5) Жер жүзінің өзгерілуі хақында.

Әр тарау іштей бірнеше тақырыпшаларға бөлінеді. Түрлі тәжірибе құралдары арқылы алуан-алуан табиғи құбылыстарға сипаттама беріледі. Мысалы: үшінші тарауда судың түсі, суда еру, булану, тұман, бұлт, шық, қырау, мұз, жаңбыр, қар, кристал, т.б. қасиеттері жан-жақты ашылады. Мәселен, жерге жақын ауалардан түнде салқындауымен жерге түскен суды *шық* дейді, салқын уақыттарда ауадан түскен тамшылар қатып, шықтың орнына *қырау* болады. Жерден көтерілген жылы ауаның салқындап, уақ тамшыға айналатынын, олар бұлт болып ұйысып, жаңбыр боп сіркірейтінін баяндайды. Бізді қызықтырғаны: «Жоғарыдан келе жатқан тамшылар төменгі тамшылармен қосылып, жерге іріленіп түседі. Сондықтан жауынның тамшылары көбіне жауа бастағанда уақ болады, бірден-бірге іріленеді» деген жолдар. Оның үстіне жоғарыда салқындық көбейіп кетсе, тамшылар мұзға айналып, жерге бұршақ жауады екен... Міне, осылайша әр тақырыпта баланың ой-өрісіне, таным-түсінігіне лайықталып, қарапайым да қызықты анықтамалар беріледі. Қазіргі орта мектеп оқулықтарында бұл тақырыптардың қалайша баяндалатыны бізге беймәлім, десекте қазақтың қара сөзінің мәйегін шебер пайдаланған бұл жолдар оқуға жеңіл, жаттауға бейім болып келеді. Біздіңше, автор алдыңғы орынға нақты білім мазмұнын айқындап, оқушының таным-түсінігін дамытуды мақсұт тұтқандай.

Х.Досмұхамедұлының үш томдық «**Жануарлар**» кітабының I бөлімі

(Сүйектілер) 1922, 1928 жылдары, II бөлімі (Жай-жапшалар, бір қуыстылар, бұлттар, тікенділер, құрттар, былқылдақ тәнділер) 1922, 1926 және 1928 жылдары, III бөлімі (Құрт-құмырсқалар, су шаяндар, өрмекшілер, қырықаяқтар) 1926 жылы Ташкент, Қызылорда, Мәскеу қалаларында араб қарпімен жарық көрген болатын. Біз олардың бәрінің басын қосып 2017 жылы қайталап қазіргі жазу үлгімізбен басып шығардық [2]. Осылайша бір ғасырдан астам бүгінгі оқырманға беймәлім болып келген қазына-мұра екінің біріне қолжетімді болды.

Ағартушы ұстаз «Жануарлар» кітабына жазған алғысөзінде былай дейді: «Қазақ ішінен тәртіпті [жүйелі, арнайы бағдарламасы бар. – Ғ.Ә.] мектептер ашыла бастады, бұл мектептерде тәртіпті оқулар оқыла бастады. Тәшкендегі Қазақ-қырғыз институты сықылды ұлы дәрежелі медреселер ашылды, барлық ғылым пәндер қазақ тілінде оқыла басталды. Міне, осы кезде дәрістік кітаптардың жоқтығы бегірек те сезіле бастады... Шәкірттер бөтен тілдерден қанағаттандыратын кітаптар іздейді. Шәкірттердің көбі орысша я бөтен Еуропа халқының тілдерін жақсы білмейді. Сондықтан ноғай [татар. – Ә.Ғ.], ғұсманлы [түрік. – Ә.Ғ.] тілдеріндегі кітаптарды оқиды. Бұл тілдерде шәкірттерге дұрыс пайда беретін кітаптар тым аз. Дәрістік кітап жоқтықтан қазақ медреселеріндегі шәкірттер ғылымның суына дұрыс қана алмай, сусаған адамдай сандалып жүр». Бұл ХХ ғасыр басындағы жаңа заманның оқу-ағарту жолындағы үлкен кедергісі, одан құтылудың жолы қандай? Ағартушы өзі сияқты алғашқы оқыған қазақ зиялыларына міндет жүктейді: «Алаштың ішіндегі білімділердің мойнындағы борышын атқаратын заман келді. Білімді дегендердің көбі дәрістік кітаптарды не өз бетімен жазуға, не бөтен тілдерден аударуы керек». Міне, осындай жалпыұлттық ғасырлық ауыр борышты Алаштың екі көсем Арысы – Ахмет Байтұрсынұлы мен Халел Досмұхамедұлы абыроймен атқарып шықты. Ахаң «Әліппе», «Тіл -құрал», «Әдебиет танытқышын» жазса, Халекең аталмыш төл үш кітабын дүниеге әкелуімен бірге Тәшкендегі Оқу-ғылым комиссиясын басқара жүріп барлық жаратылыстану пәндерінен оқулықтар жазуды ұйымдастырды және диттеген мақсатына жетіп, олардың баршасын қуғын-сүргінге ұшырағанша жарыққа шығарып үлгерді. Оның бұл жанқиярлық еңбегін халқымыз дүние дүние болып тұрғанда ұмытпауға тиісті. Осы жылдары, осы ерен еңбектің арқасында Қазақстанда оқу-ағартудың негізі салынды, шын мәнінде мәдени революция жүзеге асып, қазақ тілі тұңғыш рет оқу-білімді ұлт тіліне айналды...

Алғашқы оқулығын жазу барысында ғалым-ұстаз алдында салынған жол, дайын үлгі болмаған соң қатты қиналғанын атап өтеді: «Қазақ тілі – ғылым жолына шалынбаған, сөздері ғылым іретіне қарай жөндікпеген тіл. Сондықтан қазақ тілін ғылыммен таныстырып, ғылым жолына салатын заман келді. Ғылымды өз тілімізге аударғанда ең керегі ғылым тіліндегі атауларды (термин) дұрыстап, түсінікті қылып аудару... Ғылым атауларына келісті ат тағу деген алғашқы уақытта қиын болса да, өте мұқтаж нәрсе. Сөздің жүйесін келтіріп, көркем қылып жазу да керекті нәрсе... Ноғай ағайындарымыз дәрістік кітаптарында ғұсманлы түрік тіліндегі әзір тұрған ғылым атауларын алып қолданып жүр, біз бұл жолға түспедік. Бұл жолды пайдасыз және зиянды көреміз. **Біздің алған жолымыз мынау болды:** ғылым атауларына ең әуелі ылайықты сөздерді қазақ-қырғыз тіліндегі сөйленіп жүрген, аталып жүрген сөздерден алуға іздендік. Қолайлы сөз табылмаған кәлде ескі ұмытылған түрік сөздерінен, өзбек, ноғай, ғұсманлы сықылды ағайын түріктердің сөздерінен ыңғайлы сөздерді іздедік. Бұл іреттен қолайлы сөздер табылмаған кәлде қазақ тілінде сөйленіп жүрген сөзден ылайықты туынды сөздер шығаруға тырыстық... Біз де туынды сөзді шамамыз келгенше аз тудыруға тырыстық, осы іреттің бәрінен қолайлы сөз табылмағанда ғылым атауларына латын тіліндегі сөздерді алдық.

Осы заманғы ғылым – Еуропа ғылымы, барлық Еуропа ғылымында қолданған тіл – латын тілі. Сондықтан латын тілі жұртқа ортақ ортақ ғылым тілі болып саналады. Ғылым атауын латынша айтса француз да, немісі де, жапон да, ағылшын да түсінеді. Латын тілі, латын сөзі бізге жат болса да, қашуға болмайды. Бұл заманда ғылым іздеп қатарға кірем деген халық латын сөздерінен қаша алмайды.

Қолайлы келген жалғыз-жарым араб, парсы я орыс сөздерінен де қашпадық, көбіне мұндай сөздер елдің аузына кірген я шет жағалап кіре бастаған сөздер болса керек».

Біздің соншалықты ұзақ-сонар дәйексөз келтіріп отырған себебіміз, осыдан тура бір ғасыр бұрын айтқан Х.Досмұхамедұлының осы пікірлері бүгін де актуальды, бүгін де күн тәртібінен түспей, күйіп тұрған мәселе. Ғалым айтып-жазып, өзі де жүзеге асырып отырған терминологиялық принциптер бүгінгі біздің де ұстанған бағытымызбен сәйкес келіп тұр. Бұл феномен құбылыстан біз Халекеңнің шын мәнінде энциклопедист ғалым, ұлтын өрге сүйреген ағартушылық қасиетін көреміз. Дәрігерлігінің сыртында, жаратылыстану пәндері бойынша алғашқы оқулық жазумен бірге ол қазақ әдебиеті мен тарихы, этнографиясы мен фольклористикасында өшпес із қалдырды. Сонымен бірге оны біз «Қазақ тіліндегі сингармонизм заңы» атты тілтанымдық кітап жазған лингвист, әрбір оқулығының соңына жүздеген атау сөз түзген терминолог ретінде де тануымыз қажет. Жазу-сызуымыз латын графикасына көшер тұста, жалпы қазақ тілін түбегейлі реформа жасау кезеңінде барша ғалымдарымыз, әсіресе жаратылыстану мамандары мен техника, технология саласындағы оқымыстылар Х.Досмұхамедұлының жоғарыда айтылған идеяларын басшылыққа алып, оның өшпес мұраларына қайта-қайта үңіліп, жақсысын үлгі тұтса, қанеки, демекпіз.

Үш томдық «Жануарлар» кітабының құрылымын, жан-жануар мен жәндіктерді текке, түрге бөлу, классификациялау принциптері, жазу мәнері мен әдістемелерін пайымдау үшін, әрине, ең кемі

биолог, зоолог болуың шарт. Біздің айтпағымыз – ғалым-ұстаздың оқу материалын баяндауда қазақ тілінің бар байлығы мен мәйегін, құнары мен қаймағын шебер пайдалана білгендігі. Сол қиын заманның өзінде (1920-21 жылдары Даламызда алапат ашаршылық болғаны бір ғасырдан соң енді-енді айтыла бастады) барша кітаптарын суретпен безендіріп шығаруының өзін әдіскер педагогтарымыз арнайы қарастырғаны жөн болар еді. Біз Халекең туралы жазбаларымызда ылғи да оқырмандарға осы «Жануарлар» кітабындағы «Жылқы», «Құмырсқа», «Бит» сияқты тақырыптарды қазақ тілінің бар байлығын, әуезділігін, оралымдылығын, танымдық икемділігін көрсететін үлгі ретінде ұсынамыз. Сіздердің де аз-кем уақыт бөліп осы жолдарға тағы бір назар аударуларыңызды өтінеміз.

1998 жылы біз алғаш рет Х.Досмұхамедұлының жинағын құрастырып, жарыққа шығарған кезде оның ғылыми еңбектерінен, бүгінгі сөз болып отырған оқулықтарынан үзім-үзім үзінділерді араб қарпінен қазіргі жазу үлгімізге көшіріп, араға бақандай жетпіс жыл салып көпшілікке таныстырған болатынбыз [3]. Х.Досмұхамедұлының «Адамның тән тірлігі» кітабы (Қызылорда, 1927) оның төл оқулық жазу тәжірибесі әбден толысқан, ұзақ және соңғы жазған төл еңбегі болатын. Ия, арада аттай бір ғасыр өтті. Білім-ғылым аясы адам баласы танымастай шарықтап өсті, елімізде сандаған оқу-ағарту реформалары жүргізілді. Бүгінгі заманның бағдарламасы да басқаша, әдістемесі де өзгеше. Мектеп оқулықтарын былай қойғанда, жоғары оқу орындары үшін қазақ тілінде талай-талай төл «Анатомия» оқулықтары жазылғанын білеміз. Десекте Х.Досмұхамедұлының бұдан ғасыр бұрын айтқан ойларын, әсіресе термин сөздерін (кітап соңында арнайы сөздік берілген) алаңсыз тарих көшінен қалдыруға болмайды деп ойлаймыз. Қай тіл, қай ғылым болса да өзінің негізгі тінін, сабақтастығын жоймағанда ғана ұшпаққа шықса керек (Мәселен, қазіргі түрік тілінде біз «машина», «автомобиль» деп жүрген көлікті «араба», яғни «арба» дейді. Бұл құбылысты біз ұлттық таным-түсініктегі сабақтастықты жоғалтпау деп бағалаймыз). Тіліміздегі анатомия терминдері адамға қатысты болғандықтан жиілігі өте жоғары тілдік бірлік болып есептеледі, сол себепті ғалым ұсынған алғашқы анатомия терминдерін де мамандарымыз саралап, өткен мен бүгінді сабақтастырып, парасатты пайымдарын айтса құба-құп болар еді. Жоғарыда аталып өткен энциклопедияның бірқанша беттері осы іргелі еңбекті талдап, саралауға арналуы қажет деп білеміз.

Сөз соңында ғасыр емес, мың жылда бір туатын ғұлама ғалымның өз сөзін, бұдан тура бір ғасыр бұрын айтқан өз ойын қайталағымыз келеді: «Біздің тәжірибемізде қазақ тілі – бай тіл. Олай-бұлай созуға өте ыңғайлы тіл. Тек сөздері ғылым жолына салынып іреттелмеген тіл. Қазақ тілі ғылым жолына салынып іреттелсе, ешбір жұрттың тілінен кем болатын емес, бұған илануымыз толық».

Халқымыз «Сәуір болмай тәуір болмайды» дейді. Халел Досмұхамедұлының тәржіме хәлінде (ғұмырбаянында) сәуір айы өте бір таңбалы, символды кезең. Сәуірде болып жатқан жиын құтты, жұғысты болсын! Мемлекеттік тіліміздің дәрежесі биік болып, ана сүтпен сіңген ана тіліміздің толыққанды ғылым тіліне айналуына баршамыз үлес қосуды перзенттік борышымыз деп білелік.

Пайдаланған әдебиеттер

1. Халел Досмұхамбетұлы. Еңбектері. II том. Тән саулығы. Алматы: «Арыс» баспасы, 2017, 323-бет.
2. Халел Досмұхамбетұлы. Еңбектері. III том. Жануарлар. Алматы: «Арыс» баспасы, 2017. – 536 бет.
3. Халел Досмұхамедұлы. Таңдамалы. Избранное. Алматы: «Ана тілі» баспасы, 1998. – 384 бет.
4. Халел Досмұхамбетұлы. Еңбектері. II том. Тән саулығы. Алматы: «Арыс» баспасы, 2017, 5–318-бб.

THE ANTIMICROBIAL ACTIVITY OF 1-(6-HYDROXY-3,6-DIMETHYL)-2,4-DIPHENYL-4,5,6,7-TETRAHYDRO-2H-INDAZOL-5-YL)ETHANE-1-ONE DERIVATIVE

A.A.Israyilova^{1,2}, M.Shoaib¹, Kh.G.Ganbarov¹

¹Baku State University, Baku, Azerbaijan

²Research Institute of Crop Husbandry, Baku, Azerbaijan

E-mail: xudaverdiqanbarov@bsu.edu.az

Keywords: antimicrobial activity, agar well diffusion, minimum inhibitory concentration

Ключевые слова: антимикробная активность, метод диффузии в агар, минимальная ингибиторная концентрация

Резюме: Большинство патогенные бактериальные штаммы приобретают устойчивость по отношению к существующим антимикробным агентам. В результате увеличения устойчивости бактерий, многие антибиотики теряют эффективность. В связи с этим, целью наших исследований было изучение антимикробной активности производных циклогексана против 8 бактериальных штаммов. Исследованные вещества проявляли высокую активность против *Acinetobacter baumannii* BDU32.

Summary: Most of the pathogenic bacterial strains have acquired resistance to almost all available antimicrobial agents. Due to increasing antimicrobial resistance, antibiotics are becoming less valuable and effective. According to this, the aim of presented work to study the antibacterial activity of the cyclohexane derivative against eight bacterial strains and potent antibacterial activity was detected against *Acinetobacter baumannii* BDU32.

The rate of development of antimicrobial resistance has been increasing rapidly last years. The resistance in microbes is considered as a natural phenomenon acquired to compete with other microorganisms. Recently, it was revealed that pathogens become resistant against antimicrobial drugs with different mechanisms and as a result of it, infections spread rapidly and become dangerous to human health. The spreading of antibiotic resistance has improved to the development of new antimicrobial drugs that can be used consistently against the most serious infectious diseases that dangerous for human life [2,6].

The resistance of pathogenic bacteria to more than one antibiotic at the same time makes it difficult to treat or eliminate infectious diseases. Several applications of synthetic organic compounds and their derivatives have encouraged the scientists to explore the antibacterial and antifungal properties of these. Due to broad range of pharmacological activities, heterocyclic organic compounds have received significant attention as potential candidates for new antimicrobial drugs. Thus, functionally substituted derivatives of cyclohexane are unique substances with unidentified and latent potential antibacterial and antifungal properties. Due to their cyclic ring structures, functionally substituted cyclohexane derivatives have diverse biological properties including anticancer activity [3], antioxidant activity [10], cytotoxic activity [8], analgesic activity [1] and anti-inflammatory activity [9,] Taking account of these results, in the present work, the activity of the 1-(6-hydroxy-3,6-dimethyl)-2,4-diphenyl-4,5,6,7-tetrahydro-2h-indazol-5-yl)ethane-1-one compound was investigated against gram positive (*Staphylococcus aureus* BDU23, *Bacillus subtilis* BDU50, *Bacillus mesentericus* BDU51, *Bacillus megaterium* BDU-N20) and gram negative (*Escherichia coli* BDU12, *Klebsiella pneumoniae* BDU44, *Acinetobacter baumannii* BDU32, *Pseudomonas aeruginosa* BDU49) bacteria.

The test compound was synthesized and studied chemical properties at the Department of Organic Chemistry in Baku State University by Ismiyev A. and etc. The reaction of 2,4-diacetyl-5-hydroxy-5-methyl-3-phenylcyclohexanone-1 with phenylhydrazine was conducted, and as result 1-(6-hydroxy-3,6-dimethyl)-2,4-diphenyl-4,5,6,7-tetrahydro-2H-indazol-5-yl)ethane-1-one obtained and single crystal XRD determined [5].




Figure 1. Structure of the test compound (1-(6-hydroxy-3,6-dimethyl)-2,4-diphenyl-4,5,6,7-tetrahydro-2H-indazol-5-yl)ethane-1-one).

Initially, the activity of the test compound was screened against *Staphylococcus aureus* BDU23, *Bacillus subtilis* BDU50, *Bacillus mesentericus* BDU51, *Bacillus megaterium* BDU-N20, *Escherichia coli* BDU12, *Klebsiella pneumoniae* BDU44, *Acinetobacter baumannii* BDU32, *Pseudomonas aeruginosa* BDU49. The test compound was evaluated at a concentration of 0.3% in Dimethyl sulfoxide (DMSO) by agar well diffusion assay as reported elsewhere [10]. The chemical compound was inactive against gram positive bacteria (data not shown). So, any activity was not recorded towards *S. aureus* BDU23, *B. subtilis* BDU50, *B. mesentericus* BDU51 and *B. megaterium* BDU-N20.

The zone of inhibition of Gram negative bacteria was measured and the results obtained are shown in Figure 2.




Figure 2. Antimicrobial activity of the test compound against gram negative bacteria

Antimicrobial activity of compound against gram bacteria

It was revealed that, *A.baumannii* BDU32 was more susceptible (22 mm) against test compound compare with other bacterial cultures. The minimum inhibition zone was detected against *E.coli* in value of 16 mm. Test compound showed moderate activity towards *K.pneumoniae* BDU44 and *P.aeruginosa* BDU49. We can order the sensitivity of the strains against compound as shown below, *A.baumannii* > *P.aeruginosa* > *K.pneumoniae* > *E.coli*. After initial screening, the antibacterial activity of the compound using the minimum inhibitory concentration (MIC) was tested by the two-fold microdilution method [4]. As shown in Figure 3 test compound had the highest inhibitory effect against *A.baumannii* BDU32 in value of 125 µg/ml.




Figure 3. Minimum inhibitory concentration (MIC) of the test compound (µg/ml)

Moreover, compound presented a MIC of 500 µg/mL for *E.coli* and *P.aeruginosa*, half the value (250 µg/ml) obtained with *K.pneumoniae* BDU44. In conclusion, from results it was revealed that compound was active only against gram negative bacteria and it can be used in the experiments of drug discovery for treatment infection diseases which caused by gram negative bacteria.

References

1. Amin K.M., Kamel M.M., Anwar M.M. et al. Synthesis, biological evaluation and molecular docking of novel series of spiro[(2H,3H) quinazoline-2,1-cyclohexan]-4 (1H0-one derivatives as anti-inflammatory and analgesic agents. *Eur. J. med. Chem.*, 2010, v. 45, p. 2117-2131.

2. Babii C., Bahrin LG., Neagu AN. et al. Antibacterial activity and proposed action mechanism of a new class of synthetic tricyclic flavonoids. *J Appl Microbiol*, 2016, 120(3), 630-637.
3. Flefel E.M, Sayed H.H., Hashem A.I. et al. Pharmacological evaluation of some novel synthesized compounds derived from spiro (cyclohexane-1, 2'-thiazolidines). *Med. Chem. Res*, 2014, v. 23, p. 2515-2527.
4. Israyilova A., Mukhtarova S., Asgerova U. et al. Antibacterial screening of the synthesized (Z)-3-(2-phenylhydrazono)benzofuran-2(3H) against gram positive and gram negative bacteria. *IJIRSET*, 2017, 6, 21191-21195.
5. Maharramov A., Ismiyev A., Allahverdiyev M. et al. Crystal structure of phenylhydrazine with diacetyl substituted ketol of the cyclohexane series. *Journal of Structural Chemistry*, 2016, v.57, No 4, p.764–770.
6. Saleh S., S.Siham Sh., AL-Salihi S., Mohammed I.A. Biological activity Study for some heterocyclic compounds and their impact on the gram positive and negative bacteria. *Energy Procedia*, 2019, v. 157, 296–306.
7. Shikhaliyev N., Suleymanova G., Israyilova A. et al. Synthesis, characterization and antibacterial studies of dichlorodiazadienes. *Arkivoc*, 2019, 6, 64-73.
8. Shoaib M., Israyilova AA., Ganbarov K. Cyclohexane and its functionally substituted derivatives: important class of organic compounds with potential antimicrobial activities, *JMBFS*, 2019, 9(1).
9. Shoaib M., Ismiyev A., Ganbarov Kh. et al. Antimicrobial Activity of Novel Functionally Substituted Monocyclic and Spirocyclic Cyclohexane Derivatives. *Pakistan J. Zool*, 2020, v. 52(1), 413-416.
10. Song L., Kang H., Liu D. et al. Dimedone derivative {2-[(4-hydroxy-phenylamino)-methylene]-5,5-dimethyl-cyclohexane-1,3-dione} plays an important role in breast cancer treatment. *Trop. J. Pharm. Res*, 2015,14, 1719 -172

КОСМИЧЕСКОЕ ПИТАНИЕ. ОТ СОЗДАНИЯ ДО СОВРЕМЕННОСТИ

Мотовилов О.К. д.т.н., руководитель СибНИТИП

СибНИТИП СФНЦА РАН, Краснообск, Новосибирск, Российская Федерация

Кілттік сөздер: тағам өнімдері, ғарышкерлерге арналған тағамдар, тамақтану рационы, ХҒС.

Ключевые слова: продукты питания, пища для космонавтов, рацион питания, МКС.

Key words: food products, food for astronauts, food ration, ISS.

Түйіндемe: Бұл тезисте РФА СҒАҒЗО СібірАШӨӨҒЗИ-ның ғарышкерлері үшін тамақ өнімдерін шығару туралы мәліметтер берілген.

Summary: This thesis describes the development of nutrition for cosmonauts of the SibRIPP SFRC RAS.

12 апреля в России отмечают День космонавтики, а весь мир – Международный день авиации и космонавтики. Этот праздник приурочен к первой дате полета человека в космос. В этом году эта дата особенно значима – ведь прошло 60 лет с момента первого полета человека в космос.

Как известно, первым человеком, полетевшим в космос, был советский космонавт Юрий Алексеевич Гагарин. С тех пор прошло много лет, но Россия остается одним из мировых лидеров в сфере освоения космического пространства. И именно поэтому День космонавтики в нашей стране вполне может считаться не узкопрофессиональным, а общенародным праздником.

Первый полет человека длился 1 час 30 минут и ставил целью проверить возможность пребывания человека в космосе на специально оборудованном корабле, проверить оборудование корабля в полёте, проверить связь корабля с Землёй, убедиться в надёжности средств приземления корабля и космонавта. Но даже в первый полет, пусть он и длился всего 108 минут, Гагарина решили обеспечить едой. Это была задача не из простых - пища должна быть легкой, не занимать много места и, что самое главное - быть пригодной к употреблению в условиях невесомости.

В невесомости продукты рассыпаются на крошки или меняют форму, особенно это касается жидкостей. Крошки разлетаются по всему кораблю и могут оказаться в дыхательных путях космонавтов, вызвав в лучшем случае кашель, а в худшем воспаление легких. Парящие капли жидкости также представляют угрозу жизни и здоровья. Если они попадут в дыхательные пути, космонавт может захлебнуться.

Таким образом, тубик стал идеальным вариантом содержания пищи на борту космического корабля. Он решал и проблему экономии места. На первый полет Юрий Алексеевич получил тубики с мясом и шоколадом.

Однако, более основательно оценил первую космическую еду Герман Титов. Он провел в космосе более суток. На этот раз рацион был более разнообразным: овощное пюре, печеночный паштет и сок из черной смородины. По возвращению Германа Титова на Землю, ученые получили нелестный отзыв о предложенном питании. Из-за колоссальных нагрузок на организм, космонавтам требуется больше питательных веществ, чем на Земле. Поэтому Герман Титов отметил сильное чувство голода, которое доходило до головокружения. После первого реального испытания питания в условиях длительного полета, ученые стали обращать особое внимание на питательность, а также на то, как продукты усваиваются.

Пока космонавты проводили в полете незначительное количество времени – от нескольких часов до нескольких суток, они вполне могли питаться продуктами из туб, тем более что с ними на орбиту отправляли натуральные овощи и фрукты, пирожки со всевозможными начинками и даже бутерброды с черной икрой и котлеты, что делало рацион разнообразнее. Однако, по мере того, как увеличивалась продолжительность полетов, все более актуальной становилась задача обеспечить космонавтов едой, максимально приближенной к земной. Пища в тубах была довольно однообразной и быстро приедалась, долгие месяцы питаться ею космонавты не смогли бы.

Следом за СССР проблемой питания в космосе занялись США. Американцы пошли другим путем, нежели в СССР. Задумка американских ученых была простой – высушить продукты, и в полете разводить их водой. Однако, первая американская космическая еда была настолько безвкусной, что существует легенда – космонавты проносили тайком обычную земную еду. Курьезный случай произошел с космонавтом по имени Джон Янг. Он тайно пронес на борт космического корабля обычный сэндвич и попытался его съесть. Для Земли это вполне тривиальная задача, но в космосе сделать это было практически нереально. Крошки от хлеба разлетелись по всему кораблю, и даже создали реальную угрозу жизни космонавтов. Именно этот пример показывает, почему в космосе нельзя употреблять обычную земную еду. Во время первого американского орбитального полета 20 февраля 1962 года, астронавт Джон Гленн на борту «Меркурий-Атлас-6» ел пищу из тубиков. Это было яблочное пюре и перетертая говядина с овощами. Трапезу Гленн запил разведенным порошковым напитком Tang. Также Гленн и другие его коллеги по программе «Меркурий» кроме еды в тубиках получали измельченные кукурузные хлопья и пшеницу. Они были спрессованы в маленькие кубики и залиты желатином, чтобы кубики не распадались на крошки.

- 3 Ydyrys A, Ametov A.A., Mukhitdinov N.M., Abidkulova K.T., Almerkova S. (2018) // Characteristics of some plant communities with participation narrowly endemic species *Oxytropis almaatensis* Bajt. in Trans-Ili Alatau mountains. *Eurasian Journal of Ecology*, [S.l.], v. 49, n. 4, p. 86-96, nov.

4 Хржановский В.Г. Розы. Филогения и систематика. Спонтанные виды европейской части СССР, Крыма и Кавказа. Опыт и перспективы использования / Отв. ред. чл.-корр. Азерб. АН И. И. Карягин. - М.: Сов.наука, - 1958. - 497 с.

5 Аметов А., Чилдибаева А., Сулейменова Н., Елепбай Г. / Трансформация флоры и растительного покрова в нижнем течении реки Или (ниже Капчагайской ГЭС) / Вестник КазНУ. Серия экологическая. - Алматы. - 2018, №3 (56). - С. 115-124.

УДК: 339.924

АНАЛИЗ ТЕКУЩЕГО СОСТОЯНИЯ ЕВРАЗИЙСКИХ ИНТЕГРАЦИОННЫХ ПРОЦЕССОВ В ОБЛАСТИ ФИНАНСОВ

Патрушев Александр Александрович
Беспалый Сергей Владимирович, к.э.н., доцент

Инновационный Евразийский Университет, г. Павлодар
E-mail: patrushev50899@mail.ru

Кілттік сөздер: *Еуразиялық экономикалық одақ, интеграция, қаржы нарығы, ұлттық валюталар, банк жүйесі.*

Ключевые слова: *Евразийский экономический союз, интеграция, финансовый рынок, национальные валюты, банковская система.*

Keywords: *Eurasian Economic Union, integration, financial market, national currencies, banking system.*

Түйіндеме: Мақалада қаржылық саладағы еуразиялық интеграциялық процестердің қазіргі жағдайы көрсетілген. Тақырыптың өзектілігі Қазақстанның Еуразиялық экономикалық одақтың белсенді мүшесі екендігімен анықталады, және бірлескен күштердің интеграциясы мен ынтымақтастығы процестері жыл сайын қарқын алуда. Неліктен бұл процестер дамыған және дамып жатқан көрші мемлекеттер арасындағы экономикалық және сауда қатынастарын нығайтуға ықпал ететіндігі туралы қорытынды жасалады.

Summary: The article shows the current state of eurasian integration processes in the field of finance. The relevance of the topic is determined by the fact that Kazakhstan is an active member of the Eurasian Economic Union, and the processes of integration and cooperation of joint efforts are gaining momentum every year. Conclusions are made as to why these processes contribute to the strengthening of economic and trade relations between neighboring states, both developed and developing.

Страны ЕАЭС не являются исключением из глобального тренда, который характеризуется усилением региональных интеграционных процессов, в том числе интеграцией финансовых и платежных систем. Страны-участницы Союза рассматривают развитие самых разных сценариев. Все они в той или иной степени предполагают дедолларизацию евразийского пространства и переход к торговле в национальной валюте.

В 2019 году в рамках намеченного на 2025 год формирования Единого финансового рынка Евразийского экономического союза продолжалась работа стран, входящих в интеграционное объединение, а также Евразийской экономической комиссии и Евразийского банка развития по переходу на использование национальных валют во взаиморасчетах.

1 октября 2019 года решением Высшего экономического совета была утверждена концепция формирования полноценного финансового рынка ЕАЭС, что стало крупным событием в этой сфере. Принимая решение, ЕАЭС оказал содействие правительствам стран и национальным (центральным) банкам в обеспечении реализации концепции [1].

Соответственно, члены союза должны определить согласованные подходы к 2025 году через взаимное признание лицензий, введение стандартизированного механизма лицензирования для создания юридического лица в банковском и страховом секторах. Так же это касается трансграничного предоставления финансовых услуг в секторе ценных бумаг на общем финансовом рынке.

Проект графика работы был одобрен Консультативным советом по денежно-кредитной политике национальных (центральных) банков государств-членов ЕАЭС в мае 2019 года и обсужден на заседании ЕМПС в августе.

В январе 2020 года Центральный банк Российской Федерации взял на себя роль координатора разработки стандартного лицензионного соглашения, а Национальный банк Республики Казахстан - соглашения о наднациональном органе регулирования международного финансового рынка.

События, происходившие в течение 2019 года, показали активную позицию стран в формировании общего финансового рынка ЕАЭС, создании эффективной системы деолларизации евразийского пространства и расчетно-клиринговых услуг. Евразийский Банк реализует пилотный проект по созданию универсальной системы трансграничных расчетов в национальных валютах стран-участниц, который открыт для членства других государств.

Механизм расчетов и клиринга, предложенный ЕАЭС, является техническим решением как минимум трех ключевых направлений Концепции Единого финансового рынка ЕАЭС и формирует основу платежной инфраструктуры, которая также обеспечивает бесперебойное функционирование Единого финансового рынка ЕАЭС. Этот механизм может рассматриваться как продвижение национальной валют, которые используются в странах региона.

Учет спроса на национальные валюты и реализация Стратегии развития ЕАБР на 2018-2022 годы. За последние два года в Банке создана необходимая инфраструктура для проведения клиринговых и расчетных операций с национальными валютами стран-участниц ЕАЭС. Банк принял систематическое решение о введении налогов и создании платежной и клиринговой системы в местной валюте, что позволяет проводить операции с использованием национальных налоговых систем и национального формата финансовой отчетности.

В результате ЕАБР имеет прямой доступ к операциям с иностранной валютой на Казахстанской фондовой бирже, Московской фондовой бирже, Белорусской валютно-фондовой бирже и NASDAQ OMKX в Армении (Валютная биржа Республики Армения). Счета доверительного управляющего открыты в Центральном депозитории Казахстана, Национальном депозитории России и Центральном депозитории Армении для операций с местными ценными бумагами.

Банк имеет широкую сеть местных и международных сторон для проведения операций с национальными валютами стран-членов, включая существующие соглашения с Национальным банком Республики Беларусь об общих условиях операций на валютном и межбанковском рынках. Также об условиях валютных операций и операций РЕПО, межбанковских кредитов с Национальным Банком Республики Казахстан. В июле 2019 года было подписано конверсионное соглашение с Национальным банком Республики Таджикистан, которое позволит конвертировать таджикские сомони посредством прямых межбанковских операций.

Для повышения привлекательности платежей в местной валюте Банк выступает в качестве маркет-мейкера на местных биржах стран-участниц: пара рубль / тенге для сделок спот и своп на Московской и Казахстанской биржах. В августе 2019 года Банк получил статус маркет-мейкера по инструментам доллар / рубль, евро / рубль и рубль / белорусский рубль на Белорусской валютной бирже. Этот положительный опыт будет распространен на другие валютные пары в странах регионального объединения, что повысит интерес участников рынка к расчетам в единицах национальной валюты [2].

С технической точки зрения механизм ЕАБР интегрирует существующую инфраструктуру национальных платежных систем, доступ частного сектора к интегрированному валютному рынку Банка, без влияния денежного суверенитета регулятора отдельных государств. В этом смысле этот механизм подразумевает добровольное участие и обеспечивает многочисленные экономические и финансовые выгоды для всех участников.

Следовательно, система расчетов ЕАБР характеризуется институциональной гибкостью, что позволяет использовать ее в отношениях с любой страной, заинтересованной в расширении торговли и одновременно важной в торговых потоках для государств региона.

ЕАБР не конкурирует с коммерческими структурами, а стремится усилить их и способствовать их развитию. Так, с 2019 года запущена концепция «Банк для банков», ориентированная на то, чтобы коммерческие банки осуществляли платежи в национальной валюте. ЕАБР по своему статусу, возможностям и компетенциям является удобным и надежным посредником в расчетах, совместимым с местными банками и обеспечивающим их эффективное взаимодействие между национальными налоговыми системами стран-участниц.

Речь, в частности, идет о выполнении расчетных функций в национальной валюте малыми и средними коммерческими банками в странах региона, не имеющих собственной расчетной системы. Ниши ЕАЭС - это также «маленькие» страны ЕАЭС с менее интенсивными торговыми потоками и не заинтересованными в развитии собственной платежной системы крупными банковскими игроками. По состоянию на 31 декабря 2019 года через услуги банков и других финансовых организаций открыто 147 счетов лоро для 437 респондентов: четыре банка в Республике Армения, шесть банков в Республике Беларусь, три банка в Республике Казахстан пять банков в Кыргызской Республике, 20 банков в Российской Федерации. Участниками проекта CSE в прошлом году были представители биржевой инфраструктуры стран ЕАЭС: АО «Казахстанская фондовая биржа», АО «Национальный клиринговый центр» и международной финансовой организации «Международный банк экономического сотрудничества».

В рамках проекта РКО банки из региона ЕАБР формируют нарастающий устойчивый поток платежей в национальных валютах на пространстве ЕАЭС. В течение 2019 г. основная масса платежей банков — респондентов ЕАБР осуществлялась:

- из Армении в Россию (в рублях РФ);
- из Беларуси в Казахстан (в тенге);
- из Беларуси в Россию (в рублях РФ);
- из Кыргызстана в Россию (в рублях РФ);
- из Кыргызстана в Казахстан (в тенге);
- из России в Казахстан (в тенге);
- из Казахстана в Россию (в рублях РФ);
- из Таджикистана в Казахстан (в сомони и тенге);
- из Таджикистана в Россию (в рублях РФ).

Согласно банковской статистике, наиболее популярными валютами для расчетов по-прежнему остаются российский рубль и тенге. География налогов через инфраструктуру ЕАБР включает все страны-участницы Банка [3].

В будущем для развития проекта ЕАБР должен эффективно использовать свою рыночную гибкость и способствовать развитию торговых и финансовых связей не только с Евразийским экономическим союзом, но и с новыми торговыми партнерами, особенно с теми, которые подписали или заявили о своем намерении подписать соглашение о зоне.

Мировая практика различных интеграционных объединений свидетельствует о том, что создание единой платежной инфраструктуры является важным и необходимым этапом процесса интеграции. Практически с самого начала своего развития экономическое общество столкнулось с необходимостью финансовой интеграции, реализация которой невозможна без формирования единой платежной инфраструктуры. Об этом свидетельствует богатый международный опыт создания различных схем интеграции платежных систем, которые в зависимости от поставленных задач могут эффективно стимулировать использование национальной валюты.

Общим элементом в развитии различных интеграционных объединений является создание странами-участницами единой платежной инфраструктуры, в основном на межгосударственном уровне. Для унификации платежных систем вводятся интенсивные механизмы разного качества, прямо пропорциональные целям общества. Глубокая интеграция имеет место в случае полноценного валютного союза и функционирования единой зоны обязательных налогов (ЕС и Западноафриканский экономический и валютный союз). В таких случаях внутренняя и региональная платежные системы полностью интегрированы.

Международный опыт показывает, что когда несколько стран используют одну и ту же инфраструктуру в рамках региональной интеграции, важно объединить межгосударственные транзакции в один механизм расчетов. Во всех этих случаях ключевой особенностью является централизованная система любых трансграничных платежей (либо вновь созданная общая платежная инфраструктура, либо та, которая обычно используется). В то же время интеграция платежных систем в рамках региональных объединений не является самоцелью. Формирование единой системы налогов способствует укреплению экономических и торговых отношений между соседними государствами, как развитыми, так и развивающимися.

Список литературы

- 1) Не затрагивая денежный суверенитет регуляторов. [Евразийский Банк Развития] [Электронный ресурс]. Режим доступа: <https://eabr.org/press/news/ne-zatragivaya-denezhnyy-suverenitet-regulyatorov/>
- 2) Как создавалось будущее: 25 лет Казахстанской фондовой бирже. — Алматы, 2018 – 248 с., рус. яз.
- 3) Ахунбаев А. М., Дауранов Т. Ш., Кузнецов А. С., Петросьян А. Р. Евразийская экономическая интеграция-2020. — М.: ПУБЛИКАЦИИ ЕАБР, 2020. — 80 с.

ӘӨЖ 57.011

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЖАҢА ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ЗАҢНАМАСЫНЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

А.К. Карсакова магистр
Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия Ұлтық Университеті, Нұр-Сұлтан қ.
E-mail: akma808@mail.ru
А.Б. Абжалелов, доктор биологических наук, профессор
Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия Ұлтық Университеті, Нұр-Сұлтан қ.
E-mail: ab_akhan@mail.ru

Кілт сөздер: заңнама, Кодекс, ұлттық баяндама, қоршаған ортаға әсерді бағалау, санат, саясат, қалдық, төлемақы, ластаушы, мониторинг.

Ключевые слова: законодательство, кодекс, национальный отчет, оценка воздействия на окружающую среду, категория, политика, отходы, сборы, загрязнители, мониторинг.

Keywords: legislation, code, national report, environmental impact assessment, category, policy, waste, charges, pollutants, monitoring.

Резюме: Новый Экологический кодекс Республики Казахстан разработан на основе внедрение в Казахстане положительного опыта Европейского Союза и других иностранных государств, направленных на устранение недостатков, возникших в процессе применения действующего Кодекса, закрепление недостающих механизмов выполнения Казахстаном международных обязательств в области охраны окружающей среды.

Summary: The new Environmental Code of the Republic of Kazakhstan was developed on the basis of the implementation in Kazakhstan of the positive experience of the European Union and other foreign states, aimed at eliminating the shortcomings that arose in the process of applying the current Code, fixing the missing mechanisms for Kazakhstan's implementation of international obligations in the field of environmental protection.

2020 жылы 1 желтоқсанда ҚР Парламенті Сенатының депутаттары Экологиялық Заңнаманы екінші оқылымында қабылдады. 2021 жылы 2 қаңтарда Мемлекет басшысы Қ. Ж.Тоқаев Қазақстан Республикасының жаңа Экологиялық Заңнамасына (№ 400-VI ҚРЗ) қол қойды.

Соңғы 10 жылдан астам уақыт ішінде қолданыстағы Кодекске 80-ге жуық өзгерістер енгізілді. Қоршаған ортаның қолайлы жағдайы экономикалық тұрақтылықты қамтамасыз ететінін атап өткен жөн. Экологияның экономикаға әсерін ескере отырып, жаңа экологиялық Кодексті әзірлеу кезінде Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымының (ЭЫДҰ) елдерінің тәжірибесі қабылданды.

Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымының (ЭЫДҰ) сарапшылары жүргізген терең талдау экологиялық заңнаманы реформалау қажеттілігінің негіздемесі болып табылады, онда Қазақстанның дамуы үшін негізгі мәселенің бірі экологиялық реттеудің тиімділігін арттыру және қолданыстағы заңнаманы ЭЫДҰ тәсілінің өлшемдеріне сәйкес келтіру болып табылады.

Қазіргі таңда еліміздің экологиялық жағдайы жылма-жыл нашарлауда, ал кейбір көрсеткіштер бойынша тіпті сыни деңгейге де жетуде. Мысалы, Алматы әлемдегі ең лас 100 қаланың қатарына кіріп, 95-орынға ие болды.

Қоршаған ортаның жай-күйі елді мекендердің атмосфералық ауасындағы ластаушы заттардың белгіленген шекті жол берілетін концентрацияларынан (ШЖК) аспайды. Дегенмен, Қазақстан Республикасы бойынша нормативті құжаттарда белгіленген РМ 2.5 (жұқа дисперсті өлшенген бөлшектер) бойынша ШЖК Дүниежүзілік Денсаулық сақтау Ұйымының белгіленген талаптары бойынша 28,5% - ға жоғары екенін атап өту қажет.

2007 жылғы 9 қаңтардағы ҚР Экологиялық кодексінің 166-1-бабына сәйкес, Қазақстан Республикасының Қоршаған ортаның жай-күйі және табиғи ресурстарын пайдалану туралы ұлттық баяндамасы (Ұлттық баяндама) жыл сайын республика аумағындағы нақты экологиялық жағдай және оны жақсарту бойынша қолданылатын шаралар туралы халықты ақпараттандыру мақсатында әзірленеді.

Ұлттық баяндама негізгі қоғамдық маңызы бар экологиялық мәселелерді және қоршаған ортаны қорғау саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыруды қоса алғанда, аймақтардағы және тұтастай республикадағы экологиялық жағдай, табиғи ресурстар мен қоршаған ортаға антропогендік әсері туралы кешенді ақпаратты ұсынады.

Мәселен, 2019 жылы тұрақты көздерден атмосфералық ауаға ластаушы заттардың шығарындылары 2018 жылмен салыстырғанда 1,5% - ға артып, 2 483,1 мың тоннаны құрады. Атмосфераға ластаушы заттардың негізгі көлемі жалпы үлестен Павлодар облысына – 29,06%, Қарағанды облысына – 25,83%, Атырау облысына – 6,62%, Ақтөбе облысына – 5,50% және Шығыс Қазақстан облысына-5,19% келеді [1] (1-сурет).



1-сурет Стационарлық көздерден атмосфераға ластаушы заттардың шығарындылары бойынша деректер 2019ж.

Еуропалық 119 қаланың испан ғалымдарының зерттеу нәтижелері бойынша экология факторлары экономикалық өсуге тікелей әсер ететіндігі анықталды. Ғалымдардың есептеулері бойынша экологиялық факторлар жан басына шаққандағы жалпы ішкі өнім өсімінің 20,2% - ын айқындайды.

Жоғарыдағы айтылғандарға байланысты экологиялық реттеу мен бақылау тетіктерін қатаңдату мен қайта қарау және заңнаманы үздік халықаралық тәжірибеге сәкес келтіру жаңа заңнама басылымының әзірленуінің алғышарты болып табылады.

Ластаушы төлейді

«Ластаушы төлейді» қағидатына сәйкес оршаған ортаны ластауды, табиғи ортаның тозуын, кез келген нысанда экологиялық залал келтіруді не адамдардың өміріне және (немесе) денсаулығына зиян келтіруді туындататын немесе тудыруы мүмкін тұлға өз қызметінің теріс салдарларын болғызбау және бақылау жөніндегі, оның ішінде келтірілген экологиялық залалды жою жөніндегі талаптарды орындау бойынша барлық шығыстарды түзету принципіне сәйкес көтереді.

Қазіргі уақытта барлық түсімдердің (экологиялық төлемдерден, қоршаған ортаға эмиссия үшін төлемдерден, айыппұлдардан, қоршаған ортаға келтірілген зиянды өтеуден, табиғатты пайдаланғаны

үшін төлемдерден) нысаналы мақсаты жоқ. Жыл сайын республикалық және жергілікті бюджеттерге шамамен 110 млрд.теңге көлемінде қаражат түседі [2]. Алайда, экологиялық төлемдердің орынсыздығына байланысты кейбір өңірлерде табиғатты қорғау іс-шараларын іске асыруға арналған шығындардың үлесі тіпті 10 % - дан аспайды [3].

Жаңа басылым мазмұнында экологиялық реттеу құралдары мен экономикалық өнімділіктің арту мүмкіндіктеріне басымдылық берілген. Қауіптілік деңгейі I санаттағы ірі нысандар Ең үздік қолжетімді техникаларды енгізе отыра, кешенді экологиялық рұқсаттарды рәсімдеуге міндеттеледі. Ең үздік қолжетімді техникалар деп қызмет түрлері мен оларды жүзеге асыру әдістерінің неғұрлым тиімді және озық даму сатысы түсініледі, бұл олардың қоршаған ортаға жағымсыз антропогендік әсер етуді болғызбауға немесе, егер бұл іс жүзінде жүзеге асырылмаса, барынша азайтуға бағытталған технологиялық нормативтер мен өзге де экологиялық шарттарды белгілеуге негіз болу үшін практикалық жарамдылығын куәландырады. Сонымен қатар, қоршаған ортаны қорғауды экономикалық реттеудің жаңашыл тетіктері қарастырылған. Мәселен, кешенді экологиялық рұқсаты бар кәсіпорын сәйкесінше эмиссияға рұқсат үшін өтелетін төлемақыдан толықтай босатылып, мекеме қаражатын қоршаған ортаны сауықтыру мақсатына қарай бағыттауына болады. Ең үздік қолжетімді техникаларды енгізбеген I санаттағы ірі нысандар үшін қоршаған ортаға жағымсыз әсер төлемақы мөлшері 2,4 және 8 есеге өседі. Осылайша, жаңа Заңнама үнемделген қаражатты жаңа технологияларды енгізуге бағыттай экономикалық ынталандыру саясатын ұстанатындығын алға тартуға болады.

Заңнама талаптары тек қана I санаттағы ірі кәсіпорындарға ғана емес, сонымен қатар басқа санаттағы нысандардың экологиялық рұқсат құжаттамаларына реформа енгізуде. Қолданыстағы ереже бойынша төрт бірдей санат бойынша қажет болған рұқсат құжаттамасы жаңа басылымда IV санаттағы кәсіпорындар үшін рұқсат алу талабынан босатылады. Ал III санат нысандарына рұқсаттама алу барысында жаңа «декларация» ұғымы енгізілмек. Төменде қолданыстағы және жаңа жлбаждағы экологиялық рұқсат алу барысының салыстырмалы сызбасы 2-суретте көрсетілген.

Қоршаған ортаға әсерді бағалау

Қоршаған ортаға әсерді бағалау туралы жаңа заңнаманың ережелерін әзірлеу кезінде Еуропалық Одақ мемлекеттерінің оң тәжірибесі пайдаланылды.

Жаңа Кодекске сәйкес қоршаған ортаға елеулі әсер ететін қызмет түрлері міндетті түрде қоршаған ортаға әсерді бағалауға жатады. Олар Кодекстің 1-қосымшасының 1-бөлімінде көрсетілген. Кодекске 1-қосымшаның 2-бөлімінде айқындалған қызмет түрлері әрбір нақты жағдайда қалыптасатын мән-жайларға, қызметті жүзеге асыру орнына, оның ұзақтығына, объектінің сипаттамаларына және т.б. байланысты қоршаған ортаға елеулі әсер етуі мүмкіндігіне қарай сараланған.



2-сурет Салыстырмалы сызба

Сондықтан қызметтің мұндай түрлері межеленіп отырған қызметтің скринингіне жатады – оның барысында уәкілетті орган межеленіп отырған қызметтің әрбір нақты жағдайда қоршаған ортаға елеулі әсер ете алатындығын анықтайды, демек, осы қызмет арқылы қоршаған ортаға әсерді бағалау жүргізу қажеттілігі айқындалады.

Осылайша жаңа ережеге сәйкес қоршаған ортаға әсерді бағалау барысы 6 сатынын қамтитынын алға тартамыз:

- 1) белгіленіп отырған қызмет туралы өтініштерді қарау;
- 2) қоршаған ортаға әсерді бағалаудың қамту саласын айқындау;
- 3) ықтимал әсер ету туралы есеп дайындау;

- 4) ықтимал әсер ету туралы есептің сапасын бағалау;
- 5) қоршаған ортаға әсерді бағалау нәтижелері бойынша қорытынды шығару және оны есепке алу;
- б) белгіленіп отырған қызметті іске асырудың іс жүзіндегі әсер етуіне жобадан кейін талдау жасау [4].

Жаңа заңнама қоршаған ортаға әсерді бағалаудың барлық сатыларында оған мүдделі жұртшылық пен мүдделі мемлекеттік органдардың қатысуы үшін барлық қажетті жағдайлардың жасалуын талап етеді. Скрининг жүргізу және қоршаған ортаға әсерді бағалау қамту саласын айқындау кезінде уәкілетті орган мүдделі органдар мен жұртшылықтың белгіленген мерзімде келіп түскен ескертулері мен ұсыныстарын жинайды, қарайды және ескереді. Ықтимал әсерлер туралы есепті дайындау аяқталғаннан кейін бұл есеп қоғамдық тыңдауларға шығарылатын болады.

Осылайша, Қоршаған ортаға әкәсерді бағалау бөлігіндегі инновациялар жоспарланған қызметтің қоршаған ортаға тигізетін елеулі әсерлерін егжей-тегжейлі зерделеуді қамтамасыз етуге, білім дамуының қазіргі деңгейіне сәйкес келетін зерттеу әдістерін қолдануға, қоршаған ортаға әкәсерді бағалаудың барлық кезеңдерінде мүдделі жұртшылық пен мүдделі мемлекеттік органдардың қатысуын қамтамасыз етуге, мүдделі жұртшылықтың қоршаған ортаға әсерді бағалау барысында өз құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау мүмкіндігін қамтамасыз етуге бағытталған. Мүдделі жұртшылық экологиялық бағалау жүргізу және мемлекеттік органдар мен лауазымды адамдардың қоршаған ортаға қатысты мәселелер бойынша өзге де шешімдер қабылдауы процесіне қатысуға құқылы. Бастамашы жұртшылыққа оның сұратуы бойынша белгіленіп отырған қызмет туралы өтініштің, белгіленіп отырған қызметтің әсер ету скринингінің нәтижелері туралы қорытындының), қоршаған ортаға әсерді бағалаудың қамту саласын айқындау туралы қорытындының және ықтимал әсер ету туралы есеп жобасының көшірмелерін ұсынуға міндетті. Яғни, ағымдағы қолданыстағы заңнама талаптарына сәйкес жұртшылық пікірі бір ғана сатыда өтсе, жаңа Кодекс ережелеріне сәйкес қоғам пікірі қоршаған ортаға әсер етудің 4 сатысында қарастырылады.

Экологиялық бақылауды жетілдіру

Кодекстің қабылдануымен Кәсіпкерлік, Қылмыстық, Орман, Су, Жер кодекстеріне, Рұқсаттар мен хабарламалар туралы, азаматтық қорғау туралы және Мемлекеттік басқару туралы Заңдарға түзетулер енгізу де көзделген.

Кәсіпкерлік кодекс халықтың өмірі мен денсаулығына қатер төндіретін іс-әрекеттерді дереу болғызбау үшін алдын ала хабарламай тексерулер жүргізуге мүмкіндік беретін түзетулермен толықтырылады. Бұл ретте І санаттағы кәсіпорындар бойынша профилактикалық бақылау нәтижесінде бұзушылықтар анықталған жағдайда әкімшілік іс қозғау мүмкіндігі көзделген.

Қазақстан Республикасының Экологиялық Кодексінің жаңа редакциясына сәйкес ластаушы заттар эмиссиялары нормативтерінің елеулі асып кетуі туралы бұқаралық ақпарат құралдарындағы жарияланымдарды талдау нәтижелері жоспардан тыс тексеру жүргізу үшін негіз болып табылуы мүмкін.

Бұдан басқа, экологиялық бақылауды жетілдіру тетігінің бірі ретінде анықталған бұзушылықтарды жою туралы ескертпені орындаудың ең төменгі мерзімі өткен кезден бастап өсімпұл есептеу арқылы қамтамасыз етіледі.

Құжаттағы тағы бір маңызды ерекшелік бұл І санаттағы объектілер үшін өндірістік экологиялық мониторингінің автоматтандырылған жүйесін енгізу болып табылады.

Өндіріс және тұтыну қалдықтарын басқару

Қолданыстағы Кодексте бекітілген «қалдықтармен жұмыс істеу» ұғымы жаңа кодексте «қалдықтарды басқару» ұғымына ауыстырылды. Кодекс қалдықтардың жинақталуының ең жоғары мерзімдерін белгілейді: пайда болған жерде 6 ай, жиналатын жерде 3 ай және жою немесе қалпына келтіру орнында 6 ай. Тау-кен өндіру және тау-кен өңдеу өндірістерінің қалдықтары үшін олардың пайда болу орнында жинақтаудың ең ұзақ мерзімі 12 айды құрайды.

Қалдықтарды уақытша жинақтау мерзімдерін бұзғаны үшін елеулі әкімшілік жауапкершілік – белгіленген жинақтау мерзімінен артық әрбір күн үшін қалдықтардың осы түрін көмгені үшін жинақталған қалдықтардың санына көбейтілген төлемақы мөлшерлемесінің мөлшерінде айыппұл көзделген.

Сондай-ақ, жаңа заңнама талаптарымен қалдықтарды басқару бойынша жекелеген операциялар үшін лицензиялау және хабарлама тәртібін енгізуді қарастырылады. Жаңа басылымда қалдықтардың түрлері және оларды сыныптау мәселесіне де өзгерістер енгізілді. Қалдықтар сыныптауышындағы

қалдықтардың жекелеген түрлері, олардың құрамындағы қауіпті заттар концентрациясының деңгейіне немесе қалдықтар түрінің қауіпті сипаттамаларының адамдардың өміріне және (немесе) денсаулығына және қоршаған ортаға ықпал ету дәрежесіне қарай әртүрлі кодтар беріле отырып айналы, қауіпті және қауіпті емес қалдықтар түрі деп айқындалу қарастырылған.

Жаңа Кодексте объект құқықтық тәуекелдерді бағалау үшін мұқият зерделеуі қажет басқа да көптеген ережелер бар. Мұндай тәуекелдерді уақтылы бағалау табиғатпайдаланушыларға болашақта елеулі экономикалық шығындардан аулақ болуға мүмкіндік береді.

Пайдаланған әдебиеттер

1. 2019 жылғы Қазақстан Республикасының қоршаған ортасының жай-күйі және табиғи ресурстарын пайдалану туралы Ұлттық баяндама.-2019.-22-366.;
2. Кәсіпорындар, ұйымдар мен азаматтардың салық және бюджетке төленетін төлемдер түсімдері туралы есеп. www.kgd.gov.kz
3. «Қоршаған ортаға эмиссия үшін төлемнен бюджетке түсетін түсімдер және қоршаған ортаны қорғау жөніндегі іс-шараларға арналған бюджет шығыстары туралы ақпарат» //Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі.-2020.-5-66.;
4. Қазақстан Республикасының 2021 жылғы 2 қаңтардағы № 400-VI ҚРЗ Экологиялық Кодексі

ӘӨЖ 579.67

ПРОБИОТИКАЛЫҚ СУСЫН ДАЯРЛАУҒА АРНАЛҒАН ҰЙЫНДЫНЫҢ ЫЛГАЛУСТАҒЫШ ҚАБІЛЕТІ ЖӘНЕ ТӘЖІРИБЕЛІК ҚЫШҚЫЛСҮТ СУСЫННЫҢ ОРГАНОЛЕПТИКАЛЫҚ ҚАСИЕТІ

Сағындықов У.З. б.ғ.к., Жангазин С.Б. PhD,
Бацман Л.В. студент, Акжанов Н. магистрант, Нурыш А.Б. магистрант

Л.Н.Гумилёв атындағы Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан.
E-mail: outemourate@list.ru

Кілтті сөздер: *микроағзалар, штамм, консорциум, монодақыл, сүтқышқыл бактериялары, ылғалұстағыш қабілеті.*

Ключевые слова: *микроорганизмы, штамм, консорциум, монокультура, молочнокислые бактерий, влагоудерживающая способность.*

Key words: *microorganisms, strain, consortium, monoculture, lactic acid bacteria, water-holding capacity.*

Резюме: В данной статье показаны исследования по влагоудерживающей способности сгустков и органолептическая характеристика кисломолочного напитка с добавлением вылненных молочнокислых бактерий в качестве монокультуры, так и в качестве консорциума.

Summary: This article shows studies on the water-holding ability of clots and the organoleptic characteristics of a fermented milk drink with the addition of poured lactic acid bacteria as a monoculture, and as a consortium.

Дұрыс және жүйелі тамақтану қағидасының тікелей дамуына орай ғылымның тың бағыты - теориялық, өндірістік негіздердің пайда болуы, функционалды тамақтанудың негізге алынуы мен қолданысын қамтитын функционалды тамақтану немесе функционалды тағам концепциясы қалыптасты. Дамыған мемлекеттерде функционалды тағам мен функционалды сусындар секторы зор мәнге ие. Бұл адам ағзасын пайдалы микронутриенттермен, атап айтатын болсақ, бұл - дәрумендер, минералды заттар, микроэлементтер және басқа да ағзаны қатерлі ксенобиотиктерден сақтаушы минорлы компоненттермен байытудың ең тиімді әрі табиғи түрі.

Осыған байланысты, функционалды тағам компоненттері болып пробиотиктер, пребиотиктер және синбиотиктер есептеледі. Пробиотиктер - асқазан-ішек жолында қорытылып, адам ағзасына оң әсерін беретін тірі микроорганизмдер. Пробиотиктердің бір ерекшелігі - антибиотиктермен ем қабылдаудан кейінгі дисбактериоздың алдын алу және ішек инфекциясы ауруларының бірнеше топтарын емдей алу қабілетінде. Пробиотиктердің ең негізгі қасиетіне ағзаның инфекцияға қарсы тұру

қабілеттігін арттыру, асқорытуды жүйелеу және оны белсендендіру қасиеті жатады. Ал пробиотикалық өнімдер - пробиотикалық культураларды немесе олармен байытылған өнімдерді пайдалану нәтижесінде дайындалатын ферментативті өнімдер болып табылады. [1, 2, 3, 4]

Осыған орай, бөлініп алынған сүтқышқыл бактериялардың штамдарымен пробиотикалық қасиеті бар қышқылсүт өнімін дайындау үшін бірнеше тәжірибелер жүргізу абзал болды. Оның ішінде қышқылсүт өнімін даярлауға ұйындылардың ылғалұстау қабілеті мен органолептикалық қасиетін тексеру міндетті болып табылады.

Зерттеу нысандары және әдістері

Зерттеу нысаны ретінде микроағзаларды пассаж жасауға еліміздегі сүтті өңдеу мекемелерінің өнімдерінің бірі ретінде сүтті алып, майсыздандырылды және де Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің биотехнология кафедрасының микробиологиялық зерттеулер зертханасында *Streptococcus lactis* A1, *Lactococcus lactis* Ш1, *Lactobacillus lactis* K1, *Lactobacillus acidophilus* P1 сүтқышқыл бактериялары бөлінген микроағзалар штамдары алынды.

Барлық микробиологиялық және биохимиялық қасиеттері жалпыға мәлім әдістерімен зерттелген [5, 6].

Сүтқышқылды өсірінділер мен ашытқылар ұйындысының ылғал ұстау қабілетін ОПН-8 центрифугасында 1000 бөлу факторы кезінде анықталды.

Аталмыш фактор түрлі маркадағы зертханалық центрифугаларда, айнарудың әртүрлі жиілігінде алынады, өйткені ол ішкі ротордың радиусына (центрифуганың айналу осінен R центрифугаланатын үлгінің бетіне дейінгі қашықтық) тәуелді болады. Сондықтан центрифуга роторының радиусын орнату және қажетті айналу жиілігін таңдау қажет болды.

10 см³ бұзылған ұйындыны сыйымдылығы 15 см³ центрифугалық пластмасса түтікке құяды және 5 минут бойы белгіленген айналу жиілігімен центрифугалайды. Центрифуга тоқтағаннан кейін үлгідегі бөлінген сарысудың көлемін оны 10 см³ градуирленген шыны центрифугалық түтікке немесе мензуркаға тұндырып алу жолымен өлшейді. Бөлінген сарысудың көлеміне қарай ұйындылардың ылғал беруге қабілеттілігі анықталады. Нәтижелерді 10 см³ ұйындыдан (см³/10 см³) алынған сарысуының миллиметрімен көрсетеді. [7, 8, 9]

Зерттеу нәтижесі және оларды талқылау

Өнімдердің, соның ішінде қышқылсүт өнімдерінің ұйындысының ылғал ұстау қабілетін центрифугалау арқылы сараптайды. Ұйынды 3,5 см³-ден 5,5 см³-ге дейін болатын сарысу сүзбе дайындауға жарамды. Ылғал ұстау қабілеті 2,5 см³ дейінгі ұйыған сарысулар қышқыл сүт сусындары мен қаймақ өндірісіне қолданылуға ұсынылады. Тәжірибе майсыздандырылған сүтке пассаж жасау арқылы термостатталғаннан кейін центрифугаланды (1 сурет).

1 кесте – Сүтқышқыл бактериялары көмегімен термостатталған ұйындының ылғалұстағыш қабілетін анықтау

Штамдар	Қайталанымдар			Орташа есеп
	1	2	3	
<i>Streptococcus lactis</i> A1	2,0	2,1	2,1	2,1
<i>Lactococcus lactis</i> Ш1	2,0	2,0	2,0	2,0
<i>Lactobacillus lactis</i> K1	2,3	2,2	2,1	2,2
<i>Lactobacillus acidophilus</i> P1	2,4	2,3	2,3	2,3

Жоғарыда кестеде көрсетілгендей, майсыздандырылған сүтке сүтқышқыл бактерияларды термостатталғаннан кейін, алынған ұйытқы өздерінің реологиялық қасиетін пробиотикалық сусынның консистенциясын түзуге тән екенін көрсетті.

Майсыздандырылған сүтке штамдарды пассаж жасағаннан кейін оның консистенция түзуі пробиотикалық сусындарға тән екендігі төмендегі 1 суреттен көруге болады.



Сурет 1 - *Streptococcus lactis* A1, *Lactococcus lactis* Ш1, *Lactobacillus lactis* К1, *Lactobacillus acidophilus* P1 сүтқышқыл бактериялардың сүтті ұйыту қасиеттерінің көрінісі

Келтірілген 1 суретте сүтқышқыл бактериялардың 4 штамы да сүтті коагуляция жасап, біркелкі сұйық қоймалжыңдықты көрсетіп отырғанын байқауға болады.

Келесі саты, ол майсызданған сүтке *Streptococcus lactis* A1, *Lactococcus lactis* Ш1, *Lactobacillus lactis* К1, *Lactobacillus acidophilus* P1 штамдары егіліп, термостатталған қышқылсүт өніміне органолептикалық қасиетін зерттеу болып табылды. Бұл қасиет ең соңғы нәтижелі зерттеу болып табылады, себебі бұл күрделі зерттеу нәтижеден кейінгі тамақ өніміне осы бөлініп алынған бактериялардың әртүрлі жағымды немесе жағымсыздығын көрсетеді. Қышқылдылығы өте қатты мол болған жағдайда немесе тым аз болған жағдайда да ондай микроағзаларды пробиотикалық сусын даярлауға ұсынбаған жөн, себебі онда өнім адам ағзасын кері әсерін беруі мүмкін. Бұл жерде, сүт + *Streptococcus lactis* A1, сүт + *Lactococcus lactis* Ш1, сүт + *Lactobacillus lactis* К1, сүт + *Lactobacillus acidophilus* P1 және сүт + *Streptococcus lactis* A1, *Lactococcus lactis* Ш1, *Lactobacillus lactis* К1, *Lactobacillus acidophilus* P1 пассаждалып нұсқалары 2 кестеде келтірілген

2 кесте – Сүтқышқыл бактериялардың монодақылдарын және консорциум ретінде сүтке пассаж жасалып ашытқаннан кейінгі органолептикалық қасиеттері

№	Нұсқалар	Түсі	Дәмі	Иісі	Консистенциясы
1	<i>Streptococcus lactis</i> A1	Ақ	Қышқылдау	Жағымды	Қою
2	<i>Lactococcus lactis</i> Ш1	Ақ	Әлсіз қышқыл	Жағымды	Қоймалжың
3	<i>Lactobacillus lactis</i> К1	Ақ	Қышқыл	Жағымды	Сұйық
4	<i>Lactobacillus acidophilus</i> P1	Ақшыл	Әлсіз қышқыл	Жағымды	Қоймалжың
5	Біріктірілген консорциум ретінде	Ақшыл	Жағымды қышқыл	Жағымды	Біркелкі сұйықтау

2 кестеге орай, барлық нұсқада түсі және иісі оңтайлы болды, ал дәмі болса әртүрлі қышқылдылығын көрсетті. Барлық критериялар бойынша дәмі, иісі жағымды және консистенциясына байланысты 5 нұсқа ие болды, яғни: сүт + *Streptococcus lactis* A1, *Lactococcus lactis* Ш1, *Lactobacillus lactis* K1, *Lactobacillus acidophilus* біріктірілген консорциуммен болды.

Сонымен, осы келтірілген нәтижелерге сай, бөлініп алынған *Streptococcus lactis* A1, *Lactococcus lactis* Ш1, *Lactobacillus lactis* K1, *Lactobacillus acidophilus* P1 сүтқышқыл бактериялардың төрт штамы қышқылсүт өнімдерін өндіруге ашытқы ретінде монодақыл немесе консорциум ретінде пайдалануға болатыны мүмкін деп қарастыруға болады.

Пайдаланған әдебиеттер

1. Карпушина С. Г. Селекция и конструирование штаммов молочнокислых бактерий, перспективных для использования в пробиотиках: автореф. ...канд. биол. наук. 06.01.1999. – М.: ГНИИ Генетика, 1999. – 18 с.

2. Гаврилова Н.Н., Ратникова И.А. Перспективы использования молочнокислых бактерий в медицине и ветеринарии //Вестник КазНУ. Сер.Биол. – 2002. - № 1. – С.18-22.

3. Бондаренко В.М., Рубакова Э. И., Лаврова В.А. Иммуностимулирующее действие лактобактерий, используемых в качестве основы препаратов пробиотиков // Журнал микробиологии, эпидемиологии и иммунобиологии. – 1998. – №5. – С.107-112.

4. Квасников Е.И., Нестеренко О.А. Молочнокислые бактерии в природе и народном хозяйстве //Прикладная микробиология и биохимия. – 1982. – Т.18, вып.6. – С. 821-823.

5. Шоқанов Н.К., Сағындықова С.З., Серікбаева Ф.А. Микробиология (практикалық жұмыстар бойынша студенттерге арналған оқулық). - Алматы, «Арыс» баспасы. – 2003, – 192бет.

6. Н.А. Красильников. Определитель бактерий и актиномицетов. – М.-Л., АНСССР. – 1949. – 201стр.

7. Крусь Г.Н., Храмцов А.Г., Волокитина З.В., Карпычев С.В. Технология молока и молочных продуктов. М.: Колос. – 2008. – С. 94-100.

8. Филиппович Ю.Б., Егорова Т.А., Севастьянова Г.А. Практикум по общей биохимии. - М.: Просвещение. – 1975. – 318 с.

9. Горбатова К.К. Биохимия молока и молочных продуктов. – Москва. – Изд-во: «Колос». – 1997. – 28 с.

ӘӨЖ 811. 512. 122

ЖАҢА ҚАЗАҚ ӘЛІПБИНДЕГІ КЕЙБІР ДИАКРЕТИКАЛЫҚ БЕЛГІЛЕРДІҢ ФИЗИОЛОГИЯЛЫҚ ҚҰБЫЛЫСЫН ВИЗУАЛДЫҚ КӨРІНІСІМЕН САЛЫСТЫРЫП ЗЕРТТЕУ

Сағындықов У.З., Карипжанова Г.Т. ф.ф.к.
«Тұран-Астана» университеті, Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан Республикасы
E-mail: outemourate@list.ru

Кілтті сөздер: диакретикалық белгілер, циркумфлекс, трема, умлаут, тильда, латын графикасы.

Ключевые слова: диакритические знаки, циркумфлекс, трема, умлаут, тильда, латинская графика.

Key words: diacritics, circumflex, trema, umlaut, tilde, latin graphics.

Резюме: В данной статье представлены материалы исследования о физиологических особенностях визуального восприятия диакритических знаков для перехода казахского языка на латинскую графику.

Summary: This article presents research materials on the physiological characteristics of the visual perception of diacritical marks for the transition of the Kazakh language to the Latin script.

«Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласында қазақ тілін латын әліпбиіне көшіру жөнінде нақты айтылған. Осыған байланысты, көптеген ғалымдар, оның ішінде тіл біліміне қатысты және басқа салалардың мамандары жұмыс жасай бастады. Әрине, бұл мәселені жандандыруға көп күш-қуатты қажет болатыны белгілі. Себебі, әліпбидің көрінісі, нақтылығы, ойға сыйымдылығы келешек ұрпақтың

жасақтаған ғалымдарға деген құрметімен белгіленеді. Ал жаңа әліпбидің жазылуы, үйрену тиімділігі, визуалдылығы, қарама-қайшылықтардың туындамауы қазақ тілінің өркендеп, алға қарай дамуына ықпал етеді.

Қазақ тілін латын әріптеріне көшіру туралы қазіргі Нұр-Сұлтан қаласында өткен Қазақстан халық ассамблеясының XII жиынында президент ерекше атап өткен болатын. Оған қоса, «Қазақстан-2050 стратегиясы»: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына жолдауында, қазақ әліпбиін латын графикасына көшіруді қажет екендігі айтылған. [1]

Латын графикасына Түркия 1928 жылы көшсе, Өзбекстан, Әзірбайжан КСРО ыдырағаннан кейін ауысты. Сол елдердің тәжірибесіне қарасақ, мысалы, Өзбекстан 1928 жылға дейін өзбек тілі араб тілінен қолданған. 1928-40 жж. Кириллица қолданылып, 1993 жылы өзбек тілі қайта латын тіліне көшіп, қазіргі кезге дейін қайта қолданып келеді. Өзбек латын тілінің ерекшелігі-арнайы символдар мен диакритикалық белгілердің жоқтығы (тек апострофтар бар). Классикалық латын кириллицамен салыстырғанда, 7 әріпке кем, сондықтан арнайы белгілер мен символдардың жоқ болу есебінен кейбір әріптерді екі еселеуге тура келеді. Нәтижесінде апострофпен қосқанда 29 әріптен тұратын өзбек латын әліпбиі құрылған. Сол сияқты Әзірбайжанда 1925 жылдарға дейін ресми әліпби рөлін араб тілі атқарды. 1926-39 жылдары латын әліпбиін қолданса, 1940-2001 жылдары кириллица, одан кейін 2001 жылы қайта латын әліпбиіне көшті. [2]

Қазақ тіліне диакретикалық таңбаларды қолдану міндетті болып табылады. Себебі, стандартты латын алфавиті жиырма алты әріптен тұрады, ал қалған алты төл дыбыстар міндетті түрді әріп үсті диакретикалық таңбалау қажет болып табылады. Ал диграфтар мен дәйекшені қолдану тек қазақ тіліндегі сәйкесінше кейбір басқа тілден келген графема мен фонеманы белгілеуге және сөздер мен сөз тіркестерін қысқартуға арналған болып табылады. Сондықтан, жалпы қазақ тіліндегі алфавиттік жүйені диграф пен дәйекше арқылы белгілеуге кесілді дұрыс болмайтыны белгілі.

Әрбір дыбыстың адам ағзасындағы реттелу жолдары бар. Оған адам ағзасындағы күрделі органдар қатысып қана қоймай (тілдің барлық бөлімдері, жақ сүйектері, ауыз қуысының бұлшық еттері т.б.), ол орталық және перифериялық жүйке жүйесі, психологиялық, нейро-гуморальдық жолдармен де реттеледі. Осыған орай, өкпеден ауыз қуысына, мұрын қуысы арқылы өтетін дыбыстардың визуалды көрінісін тек қана диакретикалық таңба арқылы белгілеу керектігін айтуға болады. Ол трема (умлаут) немесе умлаут, циркумфлекс және тильда болып табылады.

Трема (умлаут) «¨» диакретикалық таңбасын жаңа қазақ әліпбиіне қолдануы

Трема (умлаут) «¨» - әріп тіркестерін бөлек оқу белгісі: грекше. *diaeresis* немесе *dialytika*, грекше және французша. *trema* (трема); герман, роман және басқа тілдерде қолданылады. Умлаут (трема) «¨» - неміс және басқа да роман-герман жазбаларының кейбір дауыстыларының өзгеретіндігінің көрсететін белгісі болып табылады.

Ұсынылып отырған «Ää» (кирилдың – Әә) «¨» треманың (умлауттың) фонетикалық дыбысталуы көптеген тілдердің аналогы болып табылады. Латын графикасындағы «¨» треманы А әрпінің үстінде қолдану кирилдың Ә әрпін дыбысталуы көптеген тілдерде дағдыланған. Мысалы: алман және түрік тілдерінде осы диакретикалық белгілеумен Ә дыбысының көрінісі болып табылады. Оған қоса Öö (кирилше – Өө) и Üü (кирилше – Үү) «¨» треманы (умлаутты) қолданудағы фонетикалық дыбысталуының жіңішкелігін білдіреді.

Әріп үсті «¨» треманы қолдану дауысты Әә – Ää, Өө – Öö, Үү – Üü белгілеріне толықтай дауысты дыбыстардың таңбалауына логикалық жүйеге сай келеді.

Циркумлекс «^» диакретикалық таңбасын жаңа қазақ әліпбиіне қолдануы

Циркумлекс «^» әріп үстіндегі жеңілдетілген екпінді бөлігі: латын тілінде *circumflexus* (циркумфлекс), француз тілінде *accent circonflexe*, ағылшын тілінде *circumflex*; грек тілінде (политондық орфографияда), роман тілдерінде (әсіресе француз тілінде), серб және тағы да басқа тілдерде қолданылады. Қазақ тіліндегі белгілерді циркумфлексті қолдану төмендегі адамның анатомиялық көрінісі арқылы қолданылуы тиімді болып табылады. Себебі, кейбір қазақ тіліндегі төл дыбыстардың мәселен «Ғғ» және «Үү» әріптерін дыбыстағанда тілдің артқы жағы үшбұрыштанып не болмаса соған ұқсап көтеріледі. Бұл көріністі осы әріпүсті циркумлекс «^» белгісімен белгілеу нақты визуалды көрініске иеленіп, ғылыми дәлел болып саналады (1 сурет).



1 сурет - Циркумфлекс « ʌ » таңбасының болжамалы Ĝĝ (кирилше - Ғғ) и Ûû (кирилше - Ұұ) фонетикалық дыбысталуының салыстырмалы анатомиялық көрінісі

1 суретте көрсетілгендей Ûû (Ұұ) шартты белгісі ауыз қуысында жұтқыншақ пен тілдің арасындағы тілдің артқы жағы үшбұрыштанып, жоғары көтеріліп, толықтай визуалды көрініске ие болады. Ал Ĝĝ (Ғғ) дыбысын шығарғанда, тілдің артқы жағы толықтай үшбұрыштанып, таңдайдың артқы жағына толықтай тиеді. Бұл көрініс, білім алдушылардың қазақ әліпбиін бастапқы үйренуде визуалдық және логикалық жүйеге сай келуіне ықтимал болады. Осы деректерге орай, кирилдегі «Ғғ» және «Ұұ» әріптерін сәйкесінше «Ĝĝ» және «Ûû» диакретикалық таңбалары бар латын графемаларына ауыстыруға ұсынылады.

Тильда « ~ » диакретикалық таңбасын жаңа қазақ әліпбиіне қолдануы

Кейбір дыбыстарды мұрын қуысы арқылы айтылуын әріп үстінде белгілеуде тильданы « ~ » қолданылады (мәселен **n** белгісінің үстіңгі жағында таңбаланады). Ол ауа қалдығы, яғни көмірқышқыл газ альвеоладан мұрын қуысынан толқындалып шығады (2 сурет). Бұл тильда белгісі көптеген тілдерде, оның ішінде португал тілінде де қолданылады.



2 сурет – Ññ (кирилше - Ңң) әріпінің тильда« ~ » арқылы таңбалауға арналған салыстырмалы анатомиялық көрінісі

2 суретте көрсетілгендей тильданы қолдану жөніндегі ғылыми негізі, Ññ (кирилше Ңң) әріпінің тильда арқылы « ~ » таңбалауға арналған анатомиялық көрінісі (кирилдің Ңң белгісінің орнына тильда арқылы Ññ белгісін қолдану) ғылыми негізделген. Оның себебі, жоғарыда көрсетілгендей, ауа қалдығы толқын тәрізді тильда көрінісімен альвеоладан мұрын қуысы арқылы толқындалып өтетіні мәлім болып табылады, ал құйрығы бар астыңғы диакретикалық белгімен белгіленген **n** әріпіне қарағанда, жазу барысында тильдасы бар **ñ** әрібін келесі әріпке қосу әлдеқайда ыңғайлы екенін де айтып кетуге болады.

Оған қоса, стандартты жиырма алты латын әліпбиін пайдалану мен алты диакретикалық белгілері бар латын алфавитін пайдаланудың салыстырмалы екі нұсқасы төменде 3 суретте берілген.

Негізгі латын графикасына негізделген стандартты қазақ әліпбиі							
№	Латын белгілері	Кирилл белгілері	Оқылуы	№	Латын белгілері	Кирилл белгілері	Оқылуы
1	Aa	Аа	А	14	Nn	Нн	Ны
2	Bb	Бб	Бы	15	Oo	Оо	О
3	Cc	Сс	Сы	16	Pp	Пп	Пы
4	Dd	Дд	Ды	17	Qq	Ққ	Қы
5	Ee	Ее	Е	18	Rr	Рр	Ры
6	Ff	Фф	Фы	19	Ss	Шш	Шы
7	Gg	Гг	Гы	20	Tt	Тт	Ты
8	Hh	Xx (hh)	Хы	21	Uu	Уу	У
9	Ii	Іі	І	22	Vv	Вв	Вы
10	Jj	Жж	Жы	23	Ww	Ыы	Ы
11	Kk	Кк	Кі	24	Xx	Икс	Икс
12	Ll	Лл	Лы	25	Yy	Ии (Йй)	И
13	Mm	Мм	Мы	26	Zz	Зз	Зы

Латын графикасына негізделген қазақ әліпбиінің қосымша реті			
№	Латын белгілері	Кирилл белгілері	Оқылуы
1	Ää	Әә	Ә:
2	Öö	Өө	Ө:
3	Üü	Үү	Ү:
4	Ûû	Ұұ	Ұ:
5	Ğğ	Ғғ	Ғы
6	Ŋŋ	Ңң	Ңы



Негізгі латын графикасына негізделген 32 әріпті қазақ әліпбиі							
№	Латын белгілері	Кирилл белгілері	Оқылуы	№	Латын белгілері	Кирилл белгілері	Оқылуы
1	Aa	Аа	А	17	Ŋŋ	Ңң	Ңы
2	Ää	Әә	Ә	18	Oo	Оо	О
3	Bb	Бб	Бы	19	Öö	Өө	Ө
4	Cc	Сс	Сы	20	Pp	Пп	Пы
5	Dd	Дд	Ды	21	Qq	Ққ	Қы
6	Ee	Ее	Е	22	Rr	Рр	Ры
7	Ff	Фф	Фы	23	Ss	Шш	Шы
8	Gg	Гг	Гы	24	Tt	Тт	Ты
9	Ğğ	Ғғ	Ғы	25	Uu	Уу	У
10	Hh	Xx (hh)	Хы	26	Ûû	Ұұ	Ұ
11	Ii	Іі	І	27	Üü	Үү	Ү
12	Jj	Жж	Жы	28	Vv	Вв	Вы
13	Kk	Кк	Кі	29	Ww	Ыы	Ы
14	Ll	Лл	Лы	30	Xx	Икс	Икс
15	Mm	Мм	Мы	31	Yy	Ии (Йй)	И
16	Nn	Нн	Ны	32	Zz	Зз	Зы

3 сурет - Жаңа әліпбидің екі нұсқасын салыстыру кестелері

3 суреттегі көрініс стандартты жиырма алты әліпбиіне қоса бөлек алты диакретикалық таңбалар арқылы [3] және оларды отыз екі латын графикасы мен диакретикалық таңбалармен бірге алфавит құрамымен берілген. Берілген екі нұсқа да кәдеге жарап, ғылыми-техникалық жағдаяттарға мысал бола алады.

Сонымен, осы диакретикалық таңбаларды, оның ішінде трема (умлаут), тильда, циркумфлексстерді жүйелі түрде ғылыми дәлелдермен пайдалану білім алушыларға және бастапқы латын графикасындағы қазақ әліпбиін түсіндіргенде ойға қонымды, ақылға сыйымды, ғылыми дәлелдері бар адамның логикалық жағынан түсінуге бірден-бір ықпалын тигізеді.

Жалпы айтқанда, латын әліпбиін қолданатын дамыған елдер стандартты жиырма алты әріптен құралатын жиынтықты пайдаланады. Ал, егер одан тыс қалатын дыбыстар болса, оларға диакретикалық таңбаларды пайдаланып, жалпы әліпбиден тыс оқытады. Бұл ол елдердің тілдеріне қалыпты болған жәйттер болып саналады. Әрине, кейбір батыс еуропа елдеріндегі тілдердің әліпбилік құрамы диакретикалық белгілері бар әріптермен толықтырылған, алайда ол тілдердің кеңістікте даму үрдісі екіталай. Оның салы, жиырма алты қалыптасқан әліпбиінің сандық ретінің бұзылуы, яғни, оның құрамына басқа да белгілер мен диакретикалық таңбалары бар белгілердің қосылуының да себебі бар болуы әбден мүмкін. Ұсынылыған екі нұсқа да өздерінің мәні жоғалтпайды. Дегенмен, бірінші нұсқа, яғни жиырма алты әріпті әліпбиімен қоса, алты қалған төл дыбыстарын диакретикалық таңбалары арқылы белгілеу тиімдірек болып табылады.

Пайдаланған әдебиеттер

1. Төлебаев Д., Имамбаева Д., Есембаев Ғ. Латын әліпбиі – қазақ тілінің жаңа көкжиегі. – https://mtdi.kz/main/tilshi_portfeli/id/865/q/2/z/1
2. Арынова З. Латын әліпбиі – өзекті мәселе. – Мемлекет тарихы институты. – 11.09.2017. - http://www.history-state.kz/?ELEMENT_ID=992
3. Авторлық куәлік. №0542 - 27.02.2018ж. – Авторлар: Сағындықов У., Омарова С., Жусупов А.

ҚЫШҚЫЛСҮТ ӨНІМДЕРІНЕН БӨЛІНГЕН СҮТҚЫШҚЫЛ БАКТЕРИЯЛАРДЫҢ МОРФОЛОГИЯ-ДАҚЫЛДЫҚ ҚАСИЕТТЕРІН ЗЕРТТЕУ

Акжанов Н., Нурыш А.Б., Сағындықов У.З. б.ғ.к.

Л.Н.Гумилёв атындағы Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан

E-mail: outemourate@list.ru

Кілттік сөздер: сүтқышқыл бактериялары, сүт өнімдері, MRS агар, дақылдық қасиет, морфологиялық белгілері, Грам әдісі.

Ключевые слова: молочнокислые бактерий, молочные продукты, MRS агар, культуральные свойства, морфологические признаки, метод по Граму.

Key words: lactic acid bacteria, dairy products, MRS agar, cultural properties, morphological characteristics, Gram method.

Резюме: На сегодняшний день потребление молочных продуктов стремительно растет. Молочные продукты играют важную роль в рационе человека. Это связано с тем, что при ежедневном употреблении на одного человека приходится 20% белков и 30% жиров. В данной статье исследованы морфологические и культуральные свойства молочнокислых бактерий, то есть микроорганизмы кисломолочных продуктов для широкого потребления. Морфологические и культурные свойства штаммов молочнокислых бактерий важны для проверки полезности и чистоты этих продуктов.

Summary: Today, the consumption of dairy products is growing rapidly. Dairy products play an important role in the human diet. This is due to the fact that when consumed daily, one person accounts for 20% of proteins and 30% of fats. This article investigates the morphological and cultural properties of lactic acid bacteria, that is, microorganisms of fermented milk products for general consumption. The morphological and cultural properties of strains of lactic acid bacteria are important for testing the health and purity of these products.

Қышқылсүт өнімі болып пастерленіп дайындалған немесе кілегейлі сүтке лактобактериялардың таза культурасында, сүтті ашытқының таза культурасын қоса отырып және қоспаған күйде әзірленген ашытқыларды қолданып, ұйыта отырып дайындалған өнімді айтады. Бүгінгі күні қышқыл сүт өнімдерінің 90-нан астам түрлері анықталып, шығарылған. Бұл өнімдер бір-бірінен тек таза дақылдары мен дайындалатын технологиялары арқылы бөлініп-ерекшеленеді. Қышқыл сүт өнімнің жағымды дәмдері, өзіндік ұйындыға ие және құрамында шайқағанда пайда болатын, кейін жоғалатын көбік секілді CO₂ газға ие [1].

Сүтқышқыл бактериялары бірқатар сүт өнімдерін дайындау кезінде қолданылады. Сүт ашытуының көмегімен қаймақ, йогурт, айран, қымыз, ацидофилді сүт, түрлі ірімшіктер, қышқыл май және басқа да өнімдер алынады.

Сүт қышқылды өнімдердің адам ағзасына оң әсерін көрсетуі көбінесе сүт ұйыған жағдайдағы сүтқышқыл микроағзалардың активтілігінің арқасында пайда болатын биозаттар жақсы әрекетімен дәлелденген. Ал тек ем-дәмдік жағына әсерін сүт қышқылы, CO₂ және микроорганизмдер бөлетін витаминдердің пайда болуына байланысты. Сүт қышқылды және спиртті ашудың соңында өнімде витаминдер көбейеді. Сонымен, жүйке жүйені жақсарту үшін сүт өнімдерін әр күн сайын рационға қосу керек [2,3].

5. Литвин Д.Б., Гулай Т.А., Жукова В.А., Мамаев И.И. Модель экономического роста с распределенным запаздыванием в инвестиционной сфере / Вестник АПК Ставрополя. 2017. № 2 (26). С. 225-228.
6. Мелешко С.В., Невидомская И.А., Гулай Т.А. Самостоятельная работа студентов и ее организация при изучении теории вероятностей // Финансово-экономические и учетно-аналитические проблемы развития региона Материалы Ежегодной 78 научно-практической конференции. 2014 С.246-251.

ЖОО-ДАҒЫ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ МАМАНДЫҚТАРДЫ ОҚЫТУДА СТУДЕНТТЕРДІҢ БОЙЫНДА ЖАҢА АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР АРҚЫЛЫ МҰҒАЛІМ ТҰЛҒАСЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ШАРТТАРЫ

Жумадиллаева А.А – п.ғ.к., доцент.

Салимханова Алия Саматовна – магистрант.

Академик А. Куатбеков атындағы Халықтар достығы университеті

E-mail: psixoloqiya16@mail.ru

Кілттік сөздер: телекоммуникациялық желі, интерактивтік технология құралдары модульды тәсіл, оқытудың инновациялық бағыттылығы, мультимедиялық электрондық оқулықтар.

Ключевые слова: телекоммуникационная сеть, средства интерактивных технологий, модульный подход, инновационная направленность обучения, мультимедийные электронные учебники.

Keywords: telecommunications network, means of interactive technologies, modular approach, innovative orientation of training, multimedia electronic textbooks.

Резюме: Изучение мировых тенденций развития образования, анализ отечественной научно-педагогической, психологической и философской литературы, происходящие трансформации в общественном сознании позволяют говорить о том, что главной особенностью третьего тысячелетия является всеобщее признание приоритетного влияния образования на общественное развитие.

Summary: The study of global trends in the development of education, the analysis of domestic scientific and pedagogical, psychological and philosophical literature, the ongoing transformations in the public consciousness allow us to say that the main feature of the third millennium is the universal recognition of the priority influence of education on social development.

Жаңа тұрпатты мұғалім анықтамасы 2005 жылғы 18 тамызда жарияланған «ҚР жаңа тұрпатты мұғалім дайындаудың үздіксіз педагогикалық білім беру тұжырымдамасы» және «ҚР жоғары педагогикалық білім беру тұжырымдамасында» бір мәселеге деген екі түрлі көзқарас көрсетілген. Екі тұжырымдама авторлары бір мәселені екі түрлі шешуді ұсынады.

Дегенмен, бұларда бірін-бірі қайталайтын тұстар да баршылық. Жаңа тұрпатты мұғалімдерге қойылатын талаптардың «Жоғары педагогикалық білім» және «Жоғары педагогикалық білім беру құрылымы» бөлімдерінде олар бір-бірін қайталаған. Егер бірінші тұжырымдама негативті факторлар ретінде «бірін-бірі жалғастырып жататын білім беру стандарттары мен бағдарламаларын құруға ғылыми негізделген ұстанымның болмауын» атаса, екінші тұжырымдама авторлары «стандарттардың, типтік оқу бағдарламаларының жетілдірілмегендігін...» атайды. Осындай мысалдарды көптеп келтіруге болады.

Сондықтан, осы екі тұжырымдама негізінде біреуін жасау қажеттігі сөзсіз. Педагогикалық білім берудің ең жоғарғы мақсаты - жаңа тұрпатты мұғалімнің жалпы және кәсіби дамуының үздіксіз жүргізілуі деп есептейміз. Бұл мақсатты жүзеге асыру кезінде маман-адам, азамат пен оның кәсіби білімі, іскерліктері мен дағдылары арасындағы үзіліп қалған байланыс қайта жалғасын табуы керек. Болашақ маманның жеке тұлғалық позициясын, оның кәсіби білімі мен іскерліктерін біріктіру жүзеге асуы жөн. Бұл біріктіру жалпы қосынды емес, сапалық жағынан жаңа құрылым болып, тұтастығы мен ішкі құрылымы жаңа типті мұғалім даярлау мен қалыптастыру мақсатын қоюға болады. Педагогикалық білім беру мақсаты, мұғалім тұлғасы мен кәсіби қызметінің инвариантты, идеалданған көрсеткіштері біліктілік сипаттамасының негізіне қойылатын профессиограммада ашылады. Біліктілік сипаттамасы типтік кәсіби педагогикалық міндеттер жүйесі түрінде құрылып, мұғалім тұлғасы мен кәсіби құзыреттілігіне қойылатын жалпы талаптарды құрайды.

Шебер мұғалім, біріншіден, халқымызға тән жастарымыздың бойында бар адамгершілік сипаттағы дүниетанымына, өз мәдениетіне, әдет-ғұрып, салт-саналарына, қол өнері мен педагогикасына арқа сүйейтіндігіне және ашық-жарқындығы мен бауырмалдылығына, яғни қазақ ұлтының басқа халықтардың құндылықтарын сіңіре алушылық қабілетіне ерекше назар аударған жөн.

Екіншіден, өзі оқытатын пәнді терең меңгеруге міндетті.

Үшіншіден, өздігінен білім алуға ынталы болуы керек. Мұғалімнің жеке басының үлгісі - кәсібилікпен біте қайнасқан қасиет болуы керек. Себебі, кез келген ұжымдағы қарым-қатынас мұғалімнің жеке басының үлгісімен тығыз байланысты [1].

Сонымен жаңа тұрпатты мұғалім ұғымы соңғы жылдары жарияланған шетелдік және қазақстандық педагогика оқулықтарында, ғылыми зерттеулерде «жаңа типті мұғалім», «мұғалім идеалы», «шебер мұғалім» түрінде берілсе, «жаңа тұрпатты мұғалім» термині терең қарастырылмаған. Жаңа тұрпатты мұғалім дегеніміз – кәсіби білім мазмұнын үздіксіз жетілдіріп отыратын, оқу үдерісін басқару қабілеті, сондай-ақ тұлғалық және кәсіби сапасы жоғары, озық технологияларды меңгерген, оны қалауынша пайдаланатын құзыретті тұлға.

Қазіргі білім беру саласындағы оқытудың озық технологияларын меңгермейінше сауатты, жан-жақты маман болу мүмкін емес. Жаңа технологияны меңгеру мұғалімнің интеллектуалдық, кәсіптік, адамгершілік, рухани, азаматтық және басқа да көптеген адами келбетінің қалыптасуына әсерін тигізеді, әрі өзін-өзі дамытып, оқу-тәрбие үрдісін тиімді ұйымдастыруына көмектеседі. Яғни жаңа технологияларды меңгеру жаңа тұрпатты мұғалімді қалыптастыруға қойылатын негізгі талап болып отыр. Білімді ақпараттандырудың негізгі мақсаты – «оқушыларды ақпараттық қоғам жағдайында тұрмыстық, қоғамдық және кәсіби салалардың іс-әрекетіне толық, тиімді араластыру» болып табылады.

Жоғары мектеп педагогикасы теориясында зерттеуді қажет ететін мәселелердің бірі – педагогикалық модельдеу мәселесі. Жоғары білім беруді модернизациялау ең алдымен оның мазмұнын терең жаңартумен байланысты. Тек қана информатика пәнінің мұғалімі ғана емес, сонымен бірге кез келген пән мұғалімінің ақпараттық технологияны меңгеруі - жаңа тұрпатты мұғалімге тән басты белгі деп айтуымызға болады.

Жаңа тұрпатты мұғалімнің ақпараттық технологияны меңгеруі жоғары оқу орнында қалыптасатын болғандықтан, оқытушылардың ақпараттық сауаттылығы, олардың кәсіби деңгейінің заманауи талаптарға лайық болуы, студенттердің ақпараттық құзіреттілігін қамтамасыз ету, олардың барлық оқу формалары бойынша іс-әрекетін тиімді ұйымдастыру қажеттігі туындайды.

Орта білім беру жүйесінде әлемдік жоғары деңгейге қол жеткізген анағұрлым танымал оқыту әдістемелері арасында сындарлы оқыту теориясына негізделген тәсіл кең тараған

Сындарлы оқыту мақсаты оқушының пәнді терең түсіну қабілетін дамыту, алған білімдерін сыныптан тыс жерлерге, кез келген жағдайда тиімді пайдалана білуін қамтамасыз ету. Оқыту туралы сындарлы түсінік оқушыға нақты білім берудегі мақсат тұтқан мұғалімнің өз сабақтарын оқушының идеясы мен білім біліктілігін дамытуға ықпал ететін міндеттерге сай ұйымдастыруын талап етеді. Бұндай міндеттер оқушылардың оқыған тақырып бойынша білімдерін өз деңгейінде көрсетіп, кейбір болжамдар бойынша күмәнді ойларын білдіре алатындай, пікір көзқарастарын нақтылап, жаңа ұғым түсініктерін өрістетіп алатындай етіп орайластырып құрылады. Мұғалім қызметіндегі маңызды дүние жекелеген оқушылардың тақырыпты қабылдау ерекшеліктерін, оқушылардың түсінігін жетілдіру немесе жақсарту мақсатында олармен жұмыс жүргізу қажеттігін ұғынуы, сондай ақ кейбір оқушылардың тақырыпты өзіне оңтайлы бірегей оқушының өз болжамдарына күмәнмен, сын тұрғысынан қарай отырып, сол арқылы әлем, тіршілік, жаратылыс туралы өзінің түсінігін тереңдетіп, кеңейтуге ұмтылу мүмкіндігін ұлғайтады. Егер де дайын білімді беретін «дәстүрлі» стильмен оқытатын мұғалімдер сын тұрғысынан ойлау қабілеттері дамыған оқушыларды қалыптастырғылары келсе, өздерінің де сын тұрғысынан ойлау қабілеттерін дамыта отырып, жаңашыл идеяларға көңіл көкжиегін ашулары керек.

Барлық пәннен күнделікті сабақ жоспарлар орта және қысқа мерзімді сабақ жоспарлар, сындарлы оқытуға негізделген сабақтар оқушыларға өз білімдері мен ұстанымдары жайында ойланып, сұрақтар қойып, білімін толықтырып, белгілі бір тақырыпты оқып білу кезеңінде өз түсінігін өзгертуге мүмкіндік береді. Мұғалім қызметіндегі маңызды дүние жекелеген оқушылардың тақырыпты қабылдау ерекшеліктерін, оқушылардың түсінігін жетілдіру немесе жақсарту мақсатында олармен жұмыс жүргізу қажеттігін ұғынуы, сондай ақ кейбір оқушылардың тақырыпты өзіне оңтайлы бірегей оқушының өз болжамдарына күмәнмен, сын тұрғысынан қарай отырып, сол арқылы әлем, тіршілік, жаратылыс туралы өзінің түсінігін тереңдетіп, кеңейтуге ұмтылу мүмкіндігін ұлғайтады. Сындарлы оқытуға негізделген сабақтар оқушыларға өз білімдері мен сенімдері жайында ойланып, сұрақтар қойып, білімін толықтырып, белгілі бір тақырыпты оқып-білу кезеңінде өз түсінігін өзгертуге мүмкіндік береді. Бұл үдеріс оқушының өз болжамдарына күмәнмен, сыни тұрғыдан қарай отырып, сол арқылы әлем, тіршілік, жаратылыс туралы өзінің түсінігін тереңдетіп, кеңейтуге ұмтылу мүмкіндігін ұлғайтады. Оқытудың бұл түрінде оқушылар өте маңызды рөл атқарады: олар құрбы-

құрдастарымен әлеуметтік байланыс жасау арқылы белсенді түрде білім жинақтайды. Мұғалім оқушылардың оқуына мүмкіндік тудырып, оқу материалы және өзге де қажетті құралдармен қамтамасыз етеді, ал оқушылар өз кезегінде пән бойынша өз түсініктерін арттыру іс-әрекеттеріне ынталы болғаны абзал. Нәтижеге қол жеткізу үшін түсіну емес, есте сақтау қажет. Мадақтау немесе жазалау – оқушылар мотивациясының негізі. Сындалы оқыту теориясының түпкі нүктесіне — түсіну жатады, қоршаған орта туралы білімдер статикалық және тиянақталатын білім болғандықтан, өздігінен ұғынылатын нәрсе болып табылады. Осылайша, мұғалім ғасырлар бойы жинақталған білімдер мен ұғымдарды береді. Бұл білім беру моделі «білім беру» моделі деп аталады [2].

Қорыта айтқанда, заманымыздың білім беру саласына қойып отырған талаптарын бәріміз жақсы түсінеміз. Отыз дамыған елдердің қатарына кіру үшін заман талабына сай білім алып, тәрбиеленген, кез келген жағдайда өз бетінше шешім қабылдай алатын, серіктестікке бейім, шапшаң да жан-жақты қалыптасқан тұлға қажет. Ал осы қасиет, осы құндылықтар мектеп, оқу орындарынан бастап қалыптасатыны талассыз жайт.

Бүгінгі ұстаз шәкіртіне ғылым негіздерінен мәлімет беріп қана қоймай, оны дүниежүзілік білім, ақпарат, экономика кеңістігіне шығуға, яғни қатаң бәсеке жағдайында өмір сүруге тәрбиелеуі керек.

«Жаңа тұрпатты мұғалім дегеніміз - кәсіби білім мазмұнын үздіксіз жетілдіріп отыратын, оқу үдерісін басқару қабілеті, сондай-ақ тұлғалық және кәсіби сапасы жоғары, озық технологияларды меңгерген, оны қалауынша пайдаланатын құзыретті тұлға» деп беруді ұсынамын.

Жаңа тұрпатты мұғалім білім парадигмасының «өмір бойы білім алу», «мұғалім - оқулық - компьютер - білім алушы» болып өзгеруіне байланысты ең алдымен ақпараттық құзыреттілікке ие болуы тиіс деп есептеймін.

Ғылым мен техниканың даму қарқыны оқу – ағарту саласының оқыту үрдісіне жаңа технологиялық әдістер оның ішінде интерактивті құралдарды кең көлемде қолдануды қажет етеді. Әр мұғалім сабақ өткізген кезде оқушыларға сапалы білім беру үшін жаңа технологияларды пайдалана отырып, сонымен қатар компьютерді, интерактивті тақтаны қолдану арқылы білім берсе, оқушылардың қызығушылығы арта түсері анық [3].

Пән мұғалімдерінің өз пәнін оқыту барысында оқулықтағы материалды құрғақ баяндауы, оқулықты пайдалануы қазіргі заман талабын қанағаттандырмайды. Сондықтан қазіргі ақпараттандыру қоғамында қызықты да тартымды етіп, бейнелі түрде түсіндіруге арналып жасалған электронды оқулықтарды пайдаланбай алға жылжу мүмкін емес. Білім берудің кез-келген саласында «Электронды оқулықтарды» пайдалану оқушылардың танымдық белсенділігін арттырып қана қоймай, логикалық ойлау жүйесін қалыптастыруға, шығармашылықпен еңбек етуіне жағдай жасайды.

Электронды оқулықпен оқытудың негізгі мақсаты: «Оқыту процесін үздіксіз және толық деңгейін бақылау, сонымен қатар ақпараттық ізденіс қабілетін дамыту» болып табылады. Әр сабаққа арналған бейне көрініс және электронды оқулық сабақ бергенде өте тиімді, мұғалім көп ізденбей дайын сабақтарды өз жұмысында пайдалануға толық мүмкіншілігі бар. Мұғалім жұмысын жаңа ақпараттық технологиялар негізінде ұйымдастыру әлеуметті-белсенді, бәсекелесуге барынша қабілетті, құзыретті түрде жетілген, дербес тұлғаны қалыптастыруға мүмкіндік береді. Қазіргі кезде электрондық оқулықтарды, аудио, видео, теледидар, компьютерді пайдалану барысында, оқушылардың сабаққа деген қызығушылығының жоғары екендігін байқауға болады. Сондай-ақ, пән мұғалімдерінің өздеріне керекті тест, әдістемелік, дидактикалық көмекші материалдарды мольнан ала алатындығы. Заман талабына сай жас ұрпаққа сапалы білім беруде электрондық оқулықтарды сабаққа пайдалану – оқытудың жаңа технологиясының бір түрі ретінде қарастыруға болады.

Қашықтықтан оқыту компьютерлік техника мен телекоммуникациялық желілерді қолдану барысында ұйымдастырылады. Телекоммуникациялық желілер мұғалім мен үйренуші арасында қашықтық проблемасын шешеді және жедел байланысты ұйымдастырады. Қазіргі ақпараттық технология құралдары материалдарды әр түрлі формада (графика, дыбыс, анимация, видео) пайдалануға мүмкіндік береді. Компьютерлік үйрету және бақылау программалары тыңдаушыға, бір жағынан, оқу материалын жедел меңгеруге көмектесе, ал екінші жағынан, оқу материалдарын қандай деңгейде жедел меңгергенін бақылауға көмектеседі [4].

Мұғалімдердің алдына қойылып отырған басты міндеттерінің бірі – оқытудың әдіс-тәсілдерін үнемі жетілдіріп отыру және жаңа педагогикалық технологияларды меңгеру.

Қазіргі білім беру жүйесінің жаңа деңгейге көтерілуі, қоғамның ақпараттану саясатына байланысты. 1997 жылдың 22-қыркүйегінде ҚР-ның Президенті бекіткен мемлекеттік ақпараттандыру бағдарламасының негізгі бірбағыты – қазіргі заманғы технологияны оқыту процесіне тиімді

пайдалану болып табылады. Қазіргі заманғы педагогикалық технологияны пайдалану оқу үрдісінде сабақты тиімді ұйымдастыруға мүмкіндік береді, бұл оқыту процесін толығымен өзгертуді қажет етеді.

Білім жүйесіндегі педагогикалық технология ғана емес, практикаға да өзгерістер енгізеді. Теория практикасыз еш нәрсені өзгерте алмайды. Теорияның практикалық күші мен энергиясы бар, бірақ оны нақты практикада пайдалана алатын адамдар санасымен қабылдануы ғана материалдық күшке ие бола алады. Сонда ғана теория адамдарқажетін қанағаттандыратын, практиканың бағыттаушы, реттеушісі бола алады. Ал теория практикаға технологиялық процестер арқылы ғана ене алады. Технологиялық процестер нәтижесінде ғылыми теория мақсатты практикалық жүйеге енгізе алады. Міне, дәстүрлі жүйенің практика мен теорияның алшақтығы, қолданбалы-нақты теория мен технологияның азырақ пайдаланылуы, теория мен практиканың алшақтануына алып келді. Осы алшақтықты жою мақсатында қазіргі кезде педагогикада технологияландыру процесіне қызығушылық туындап отыр. Жаңа мазмұн, жаңа әдіс, жаңа қарым-қатынас негізінде білім беру ісі жаңа мәнге ие болады. Осылайша өмірге білім берудің жаңа парадигмасы енді.

Пайдаланған әдебиеттер

1. Жаңа тұрпатты мұғалімнің кәсіби іскерлік сапалары. Қазақстан мектебі журналы, №9 2011ж,24-бет
2. «Өзгеріс. Тәжірибе. Ойтолғау» облыстық деңгейдегі идеялар жәрмеңкесі. Жинақ, 2014 ж 21-ақпан
3. А.Скендірова және авторлық бірлестікте. Жаңа формациядағы педагогтың жеке элитарлы тұлғалық үлгісімен іс-әрекетінің психологиялық ерекшеліктері // «Педагогика және психология» атты ғылыми-әдістемелік журнал. №1-Алматы, 2009.
4. Әбдіманапов С. Білімді ел – бәсекеге қабілетті ел // Егемен Қазақстан. – 2005. – 25 қараша

ӘӨЖ 37.013:372.41-057.874

ОҚУ ПӘНДЕРІН ИНТЕГРАЦИЯЛАУДЫҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Куралбаева А – PhD., аға оқытушы
Джусупова Перизат Қуанышқызы – магистрант.
Академик А. Қуатбеков атындағы Халықтар достығы университеті
E-mail: psixoloqiya16@mail.ru

Кілттік сөздер: пәнаралық байланыс, әлеуметтік-педагогикалық аспектілер, әдістемелік аспектілер, дидактикалық аспектілер, психологиялық аспектілер, мазмұнды-ақпараттық, операциялық-қызметтік, ұйымдастыру-әдістемелік.

Ключевые слова: межпредметные связи, социально-педагогические аспекты, методические аспекты, дидактические аспекты, психологические аспекты, содержательно-информационные, операционно-служебные, организационно-методические.

Keywords: interdisciplinary relations, socio-pedagogical aspects, methodological aspects, didactic aspects, psychological aspects, content-informational, operational-service, organizational-methodological.

Резюме: При психологическом и физиологическом подходе переход от неполного к полному является переходом от одного уровня ассоциации к другому, более сложному и многостороннему расширенному. Установление связей между различными взглядами в сознании формирует мыслительные способности и знания.

Summary: In the psychological and physiological approach, the transition from incomplete to complete is a transition from one level of association to another, more complex and multi-faceted extended. The establishment of connections between different views in the mind forms the thinking abilities and knowledge.

Қазіргі психология, педагогика ғылымдарында осы мәселеге қатысты зерттеу жұмыстары жүргізілуде. Мысалы: Я.А.Понамарев, Н.С.Лейтес ал сонымен қатар білім берумен оқыту теориясында пәнаралық байланыс жөнінде өзіндік пікірлерін ұсынған педагог ғалымдар педагогика ғылымының

даму тарихына өз үлестерін қосты. Чех педагогы Я.А.Каменский, Д.Локк, Л.Н.Толстой, И.Г.Пестолци және қазақ ғалымдары Ы.Алтынсарин, А.Байтұрсынов, М.Дулатов, М.Жұмабаев т.б. оқытудағы пәндерді бір-біріне интеграциялау мәселесі бойынша өз еңбектерінде атап өткен. Бастауыш мектепте пәнаралық байланыс бірқатар педагогикалық ұйымдастыру мәселелерін шешуді қамтамасыз етеді.

Қазіргі кезеңде пәнаралық байланыс программасын педагогикалық психологиялық жағынан зертеумен қатар, философиялық тұғырдан да көптеген ғалымдар зор көңіл бөлуде. Философиялық деңгейден қарастырған В.В.Давыдов, И.Д.Зверев, Р.Г.Лемберг, В.Н.Максимова, В.Н.Малахов т.б. болды. Пәнаралық байланыстың философиялық негізіне дүниеде барлық заттың, құбылыстардың бірімен-бірінің өзара байланыстылығы туралы тұжымдалған дүние туралы білімдер де бірімен-бірі байланыста болады.

Оқушының өз болмысын тануға көмектесіп, қабілетін ояту, жаңа рухани күш беру, білімнің ең маңызды мақсаты болып табылады. Негізінен, оқу пәндері әр ғылымның логикасына сүйенетіндіктен, олар бір-бірінен өз алдына оқшауланып, бөлектенбейді. Сондықтан ғылымның міндеті дара байланыстылықты танып білу. Ең бастысы кәзіргі кезде өздігінен білім арудың, өзекті мақсаты-диалектикалық ойлауды кеңінен дамытуды жүзеге асыру. Бұл міндет бір пәннің шеңберінде шешілмейді. Сондықтан әрбір мұғалім жеке деректерді нақтылы жағдайларды, оқиғаларды түсіндіріп қана қоймай, шектелмей пәнаралық байланыс негізінде білім беруді көздеуді жолға қою қажет.

Қай заманда болмасын адамзат алдында тұратын ұлы мақсат-саналы, білімді, тәрбиелі ұрпақ өсіру. Болашақ ұрпақ-келешек қоғам иесі. Сол келешек қоғам иелерін жан-жақты жетілген, ақыл-парасаты мол, мәдени-ғылыми өрісі озық адамзат етіп тәрбелеу біздің де қоғамның алдындағы борышымыз.

Пәнаралық байланыс – педагогика ғылымының негізгі мәселесінің бірі. Әрбір пәнді басқа пәнмен байланыстыра отырып өткізудің үлкен мәні бар. Негізінен, оқу пәндері әр ғылымның логикасына сүйенетіндіктен, олар бір-бірінен өз алдына оқшауланып, бөлектенбейді. Сондықтан ғылымның міндеті дара байланыстылықты танып білу. Бұл міндет бір пәннің шеңберінде шешілмейді. Сондықтан әрбір мұғалім жеке деректерді нақтылы жағдайларды, оқиғаларды түсіндіріп қана қоймай, шектелмей пәнаралық байланыс негізінде білім беруді көздеуді жолға қою қажет [1].

Бастауыш мектепте берілетін білім мазмұнын жаңарту, оқытудың жаңа әдістемелік жүйесін жасау ең алдымен, әрбір оқушының жан-жақты дамуына, ойлау қабілетінің үздіксіз жетіліп, жаңа деңгейлерге көтерілуіне қызмет етуі тиіс. Сондықтан да жаңа талаптарға сәйкес, оқу пәндерінің мазмұнын, оқу- танымдық мүмкіндіктерін толығырақ пайдаланудың дидактикалық амалы – жақын пәндерді бір-біріне интеграциялай отырып оқыту негізінде білім сапасын арттыру үдерісін ізгілендіру болып табылады.

Оқу пәндерінің ішіндегі «математика» пәнінің алатын орны ерекше. Мектеп курсындағы математиканың бастауыш сыныптарда пәнаралық байланыстардың қалыптасуы білімді терең меңгеруге, ғылыми түсініктермен негіздерін пайда болуына оқу – тәрбиелік процестерін кемелденуіне және оның онды ұйымдастыруына, көзқарастың кеңеюіне әлемдегі заттардың тұтастығын, табиғаттағы құбылыстардың өзара байланыстарын түсінуге әсерін тигізеді.

Оқушыларды математикадан терең және тиянақты білім, іскерлік, дағдымен қаруландыру қоғамымыздың уақыт күттірмейтін талабы. Ондай талаптардың бірі – оқушылардың әрекеттерін есеп шығаруға бағыттау. Ал осы талаптарды орындаудың бірден бір жолы – пәнаралық байланыс негізінде оқушылардың белсенділігін арттыру.

Пәнаралық байланыс негізінде бастауыш сынып оқушыларының білім сапасын арттыру арнайы зерттеу нысанында болмағандығы айқын. Елімізде қалыптасқан әлеуметтік-экономикалық жағдай талабына сәйкес бастауыш сынып оқушыларының білім сапасын пәндерді интеграциялау негізінде жетілдіру, дамыту мәселесі педагогикалық тұрғыдан шешуді қажет етеді.

Пәнаралық байланыс педагогика ғылымында философиялық, психологиялық, дидактикалық және әдіснамалық жағынан қарастырылатын күрделі комплексті сала.

Педагогикалық сөздікте – «жалпы ғылымдар жүйесінің негізінде дидактикалық мақсаттардан туындайтын оқу бағдарламаларының өзара шартты байланыстар пәнаралық байланыс - деп аталған.

Сонымен бірге шығыстың ұлы ойшылдары Әл – Фараби (870 – 968), Ибн Синаның (930 - 1037) және Жүсіп Баласағұнидың (1021) т.б. мұраларында, ал бертін келе қазақтың ағартушылары мен педагогтерінің еңбектерінде пәнаралық байланыс идеяларына мән бергенін көреміз.

Қазақ халқының ортамызға қайта оралған ірі зиялылар Ж. Аймауытов (1889 - 1931), А. Байтұрсынов (1873 - 1937), М. Дулатов (1885 - 1935), М. Жұмабаев (1893 - 1938), Ш. Құдайбердиев

(1858 - 1931) т.б. бұл мәселені қарастырған. Мысалы: М. Жұмабаев өзінің «Педагогика оқулығында психология, физиология, әдебиет, тарих, тәнтану ғылымдарының өзара байланысы негізінде, адамның тұлғалық дамуында тәрбие мәселелерін жан-жақты айқындаған. Педагогика бөлімдері (жалпы педагогика, дене тәрбиесі, жан көріністері т.б.) педагогика, психология ғылымының негізгі мәселелері адам тәрбиесінің заңдылықтарымен өзара байланыста берілген. Бұл оқулығында М. Жұмабаев ұғым және оның жасалуында заттар мен құбылыстардың, сондай-ақ адамдардың қасиет-салалары мен білім-тұлғалық ерекшеліктері жеке дараланып, бір-бірімен салыстырылып және барлығына ортақ белгілері сипатталады. Бір-біріне ұқсас бірнеше заттарды бір-бірімен салыстырамыз. Біз бір затты бір затпен салыстырғанда, олардың әрқайсысының өздеріне ғана арналған дербес сындарын алып тастап, ортақ сындарын ғана аламыз. Ортақ сындарды екеуін де табамыз, ортақ сындарды жалпылаймыз. Яғни екі заттың яки көп заттың ортасынан оймен жасалған бір зат шығады. Міне, осы көп заттардың ортақ сындарын алып жия білу, екінші түрлі айтқанда, зат туралы ой-ұғым деп аталады [2].

Ұғым туралы айтылатын материалдар білім мазмұны арқылы көрсетіледі. Себебі ғылыми дидактикада оқушылардың дүниетанымын, ұғымдар жүйесін қалыптастыруда білім мазмұны шешуші фактор болып табылады.

Ал білім берудің мазмұны өте күрделі және көп жақты ұғым. Білім берудің мазмұны қоғамның экономикалық және ғылыми-техникалық даму қажеттіліктеріне байланысты қарастырылады.

Білім берудің мазмұны деп оқушылардың ақыл-ойын, дене күш-қуатын жан-жақты дамыту, дүниеге ғылыми көзқарастарын қалыптастыру және олардың қоғамдық өмірге, еңбекке дайындауға қажетті негіз болатын білімдер мен іскерліктердің және дағдылардың көлемі мен бағытын айтамыз.

Білім берудің мазмұны ең алдымен қоғамның, мектептің алдына қоятын мақсаттары және міндеттерімен анықталады. Сонымен бірге оқудың мазмұнын анықтауда дидактиканың талаптары да ескеріледі, себебі соның негізінде ғана қай жаста, қандай көлемде, қандай пәндерді оқуға болатындығын дұрыс шешуге болады.

Пәнаралық байланыс педагогика ғылымының басты мәселесі болуымен бірге қазіргі заманғы ғылымдардың интеграциялану тенденциясы жағдайында мектептер жүйесінің білім мазмұнын айқындаудың басты шарты болып саналады.

Адам баласы қоғамның дамуына әртүрлі сатысында білім беру мазмұны талқыланып келді. Білім мазмұны теориясы педагогика тарихында бірнеше бағытта қарастырылған. Мәселен: философиядағы рационалистер білімдердің көзі мен көрсеткіштері объективті шындық және қоғамдық тәрбие емес, оның көзі ақыл ғана деген. Сөйтіп олар білімді өмірден, ойлауды сезім қабылдауынан бөледі. Бұл формальдық білімді жақтаушылардың айтуынша жалпы білім берудегі негізгі міндет – оқушының білім танымдық қабілеттерін ғана дамытуға бағытталған ғылымдарды үйрету немесе оқу деген ақылдың «гимназиясы» - жаттықтырылуы тұрғысынан түсіндіріледі.

Формальдық білім теориясын жақтаушылар осылай рационализм бағытында бола отыра, оқу жұмысының мазмұнына ең алдымен, сол білушілік қабілеттіктерді (латын, грек) ерте дүние әдебиетін, тарих, математиканы енгізген, осылар классикалық білімнің негізін құрайтынын дәлелдейді.

Классикалық білім қайта өркендеу дәуірінде ерте дүние мәдениетінде әуестенушілік күшею кезінде қалыптасқан. Бұл білім орта ғасыр мектебінің тар деңгейіндегі діни-схолостикалық оқу мен күрестің өрістеу дәуірінде дамыған. Сондықтан сол бастапқы кезде бұл оқудың сөзсіз прогресшіл мәні болды. Ал енді кейіннен бұл классикалық оқу бірбеткей формальдық-грамматикалық бағытта болды. Соның салдарынан шамадан тыс тілдерді оқу басқа оқу пәндерге зиянын тигізе бастады, әсіресе табиғат жөнінен білім кеми түсті.

Ал XIX ғасырдың екінші жартысында классикалық білім Ресейдегі орыс редакциясының білім берудегі демократияшыл бағыттарымен күресу құралына айналды. Ресейдегі классикалық білімнің мақсаты самодержавияның жастарды реалды шындықтан алшақтату, оларды прогресшіл материалистік көзқарастардың ықпалынан болды.

Білім берудегі классицизм осы кездің өзінде Батыс Еуропаның кейбір елдерінде Латын Америкасында, Испания, Португалия т.б. елдердің мектептерінде сақталған. К. Д. Ушинский «Шындықтың деректерінен нәр бермейінше, жалпы түрде ғана оқыуды дамыту деген ретсіз, болмайтын іс, себебі адамның ойлауы деректерді жиыстырып, соларды өңдеу арқылы ғана дамиды [3] - деген.

Қазіргі кезде жалпы білім беретін мектептердің барлық типтерінде білім беру гуманитарландыру бағытына негізделген. Атап айтқанда, тарихи оқиғаларды, жекелеген адамдардың қызметін мемлекеттегі басқару нысандарын түсіне білу және оларды нақтылы бағалай білуі: демократиялық және экономикалық кеңістікте өмір сүру нормаларын үйрене, әлемдік және отандық

мәдениеттің ортақ мәселелерін бағалай білу, ұлттық сана-сезімге ие болу, адамзаттың өркениетті дамуының негізгі кезеңдерін білу. Осы мақсатта әдебиетке, тілдерге, тарихқа, қоғамтануға, өнерге, дене мәдениетіне ерекше көңіл бөле отырып, орта білім беретін мектептерге арналған мемлекеттік базалық оқу жоспарының түрлі нұсқаулықты көздейтін бөлігіне гуманитарлық пәндердің кең жиынтылығы енгізіледі.

Сонымен қатар табиғаттағы құбылыстарды ғылыми түрде түсінуге, оны өзгертудің жолдарын үйренуге мүмкіндік береді.

Қазақстан Республикасы тәуелсіздік алып, егеменді ел болуына байланысты жалпы білім беретін мектептердің мемлекеттік базистік оқу жоспары жасалуда. Бұл білім беру жүйесінің жаңартуға бағытталған талпыныс. Базалық оқу жоспары бұрынғыларымен салыстырғанда құрылымы жағынан жетілдірген. Мұнда тек пәндер жиынтығы, сағат саны, оқу сатысы жөніне ғана мәліметтер беріліп қоймайды, сонымен қатар оқу мазмұнының (инварианттық) тұрақты және (варианттық) варианттивтік жылжымалы бөлігі туралы мәліметтер берілген. Жоспардың тұрақты бөлігінде барлық оқушылар оқуға міндетті, ал жылжымалы бөлігінде әр мектептің қалауы бойынша даярланып алынатын «мектептің құрамы кіреді. Оқу жоспарының «жылжымалы бөлігінің ішкі құрылымы оқу сатысында балалардың жас ерекшеліктеріне, физиологиялық мүмкіндіктеріне қарай әртүрлі болады. бастауыш мектепте бұл қосымша сабақтар мөлшері әрбір сыныпта 2 – 3 сағат болуы мүмкін. Негізгі мектептің екінші сатысында оқу сатысының оқу мазмұнының «жылжымалы бөлігіндегі қосымша сабақтар, факультативтік курстар оқу жүктемесінің 10 – 15%-тей мөлшерін қамтиды. Ал орта мектептің 3 – сатысында, яғни бағдарлы мектептің оқу мазмұнының жылжымалы бөлігінде барлық оқу жүктеменің үштен бір бөлігі беріледі [4].

Сонымен жалпыға білім беретін мектептердің оқу жоспарлары жан-жақты тәрбиенің барлық саласын қамтиды, оларға жалпы білім және ақыл-ой тәрбиесінің беретін пәндерімен бірге еңбек, білім дене шынықтыру және эстетикалық тәрбиеге қажетті пәндер (музыка, ән-күй, сурет) енгізіледі. Оқушылардың интелектілік қабілеттерін дамыту көзделеді.

Келешек ұрпаққа білім берудегі күрделі мәселелердің бірі – біртұтас педагогикалық үрдіс кезіндегі сабақтарда пәнаралық байланысты жүзеге асыру. Пәнаралық байланыстың ең негізгі дидактикалық мәндеті – оқыту үрдісінде білім беру, тәрбие беру, дамытушылық сипатының арасындағы байланысты құру.

Классикалық педагогика жүйесінде орын алған пәнаралық байланыс идеясы тарихи дамуда дәлелденіп, қазіргі педагогика ғылымының, оның ішінде пәнді оқыту әдістемесінің басты мәселесіне айналып отыр. Сонымен қатар пәнаралық байланыс – қазіргі заманғы ғылымдардың кірігу тенденциясы жағдайында мектептер жүйесінің білім мазмұнын айқындаудың басты шарты болып табылады.

Қазіргі педагогика ғылымында дидактикалық ұстанымдар білім мазмұнының негізін құраушы құрылым бөлігі болып есептеледі. сол себепті оқыту үрдісіндегі пәнаралық және пәнішілік байланыстылық ұстанымының да өзіндік маңызы бар.

Жалпы білім беретін мектеп пән мұғалімдерінің пәнаралық білімдер мен іскерліктерді игеруі – оқу үрдісін пәнаралық байланыс негізінде ұйымдастыру үшін алғы шарт.

Пайдаланған әдебиеттер

- 1 А. Д. Балтаев «Пәнаралық байланыс арқылы оқушыларға экологиялық тәрбие берудің педагогикалық психологиялық негізін Алматы 1994 ж. 30 бет.
- 2 Б. Р. Айманбетова, А. А. Бейсенбаева «Әдіснамалық негізгі тұрғысынан «Қазақстан мектебін 1993 ж. №9 20-24 бет.
- 3 А. Бейсенбаева «Пәнаралық байланыс негізінде оқу процесін ұйымдастыру Алматы – 1995 ж.
- 4 Т. Сабыров «Оқыту теориясының негіздерін Педагогикалық колледждері мен училищелерге арналған дидактикалық оқу құралы Алматы 1993 ж.

ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРЕТІН МЕКТЕПТЕРДЕ МҮМКІНДІГІ ШЕКТЕУЛІ БАЛАЛАРДЫ ИНКЛЮЗИВТІ ОҚЫТУДЫҢ ПЕДОГОГИКАЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Тасова А – PhD., аға оқытушы.
Манабаева Меруерт Сабирхановна – магистрант.

Академик А. Куатбеков атындағы Халықтар достығы университеті
E-mail: psixoloqiya16@mail.ru

Кілттік сөздер: инклюзивті оқыту, мотивациялық-когнитивті компонент, бағалау критерийлері, мүмкіндігі шектеулі балалар.

Ключевые слова: инклюзивное обучение, мотивационно-когнитивный компонент, критерии оценивания, дети с ограниченными возможностями здоровья.

Keywords: inclusive learning, motivational and cognitive component, assessment criteria, children with disabilities.

Резюме: В развитии системы инклюзивного образования крайне необходимо разработать национальный план развития инклюзивного образования в рамках Конвенции о правах инвалидов "и разработать концепцию непрерывного обучения лиц с ограниченными возможностями с учетом опыта общественных институтов для обеспечения качественного образования.

Summary: In the development of an inclusive education system, it is essential to develop a national plan for the development of inclusive education within the framework of the Convention on the Rights of Persons with Disabilities and to develop a concept of lifelong learning for persons with disabilities, taking into account the experience of public institutions to ensure quality education.

Қазақстанда кемтар 120665 бала бар. Олардың ішінде 19047 кемтар бала 102 арнаулы (түзеу) білім беру ұйымдарында арнаулы біліммен қамтылған, оның ішінде: 9 ұйымда – соқыр және нашар көретіндер үшін (1392 адам); 20 – саңыраулар мен нашар еститіндер үшін (2944 адам); 5 – 868 сөйлеу қабілеті нашар балалар үшін; 4 – 460 жүріп-тұру мүшелерінің функциялары бұзылған балалар үшін; 56 – 11673 ақыл-есі кем балалар үшін; 8 – 1710 психикалық дамуы кем балалар үшін.

Дегенмен, арнаулы білім беру мекемелері әр түрлі мүгедектік топтарындағы балалардың білім алудағы қажеттілігін қамтамасыз етпей отыр. Осылайша, психологиялық-медициналық-педагогикалық консультациялар тіркеген 10788 саңырау және нашар еститін балалардың 2944-і (27 %-ы) ғана арнаулы білім беру ұйымдарында білім алады. Жалпы білім беретін мектептердің 425 арнаулы сыныптарында 5167 оқушы оқиды; 36 арнаулы мақсаттағы балалар бақшасында және 236 көпшілікке арналған балалар бақшаларының арнаулы топтарында 9906 мектеп жасына дейінгі бала бар.

Бастауыш және орта кәсіптік білім беретін оқу орындарына қабылдаудың типтік ережесінде I және II топ мүгедектерінің көрсеткіштері бірдей болған жағдайда, жастайынан мүгедектерді Сонымен бірге мүгедектердің осы санатында бастауыш және орта кәсіптік білім беретін оқу орындарына түсу кезінде орталық атқарушы органның халықты әлеуметтік қорғау саласындағы аумақтық бөлімшесінің таңдалған мамандық бойынша білім беру ұйымдарында оқуға болатыны туралы қорытындысы болу керек.

Бастауыш және орта кәсіптік білім беретін оқу орындарында туа біткен жүрек кемістігі, көру қабілетінің нашарлауы, туа біткен соқырлық, ревматизм, есту қабілетінің нашарлауы, олигофрения және басқадай аурулармен ауыратын 540 мүгедек оқиды.

Әрбір мүгедек оқушымен мамандық таңдау және оқу орнын бітіргеннен кейін одан әрі жұмыс істеу мүмкіндігі жөнінде жеке жұмыс жүргізіледі.

Бастауыш және орта кәсіптік білім беретін оқу орындарына мүгедек балалар медбикелердің тұрақты қадағалауында болады, қажеттілігіне қарай алдын ала емдеуден өтеді. Білім беру мекемелерінде салауатты өмір салты бойынша ұйымдастыру жұмысы (спорттық секциялар, арнаулы үйірмелер, диспуттар), жылына 2 рет тұрақты түрде оңалту курстары, мүгедек балаларды кәсіптік мектептердің (лицейлердің) және колледждердің қоғамдық қызметіне араластыру жөніндегі іс-шаралар жүргізіледі.

Соңғы жылдары арнаулы білім жүйесінде кемтар балалардың білім алуға қол жетімділігін кеңейтуге бағытталған оң өзгерістер "Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы" Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру мақсатында психологиялық-педагогикалық және медициналық-әлеуметтік көмекке мұқтаж балалар үшін жаңа типті мекемелер желісінің дамуына жол ашылды: 16 облыстық және республикалық маңызы бар Астана және Алматы қалаларының психологиялық-медициналық-педагогикалық консультацияларына (бұдан әрі – ПМПК) қосымша 18 жасқа дейінгі 60 мың балаға арнап 17 қалалық және аудандық ПМПК, 7 оңалту орталықтары, 20 психологиялық-педагогикалық түзеу кабинеттері ашылды.

Кемтар адамдарды оқытудың әр түрлі кіріктірілген нысандарының саны елеулі түрде артуда. Арнаулы білім саласындағы инновациялық процестер кемтар балаларды дені сау балалар білім алатын ортаға кіріктіруге бағытталған.

Алайда кемтар балаларға білім беру мәселелері әлі де толыққанды шешілуден көш алыс.

Кіріктіріп білім беру ішінара формальды сипатқа ие, мұны жалпы білім беретін мекемелердің бағдарламалары растап отыр, олар кемтар балалардың даму ерекшеліктерін жете ескермейді.

Инклюзивті білім беру мектептерді білікті кадрлармен қамтамасыз етуді, педагогтардың түзеу педагогикасы және арнаулы психология саласында қосымша білімдерінің болуын көздейді. Шындығында мұндай педагогтар әзірше жетіспейді.

Дене кемістігімен ауру адамның әлеуметтік өміріндегі мінез-құлқының ауытқуына әкеп соқтырады. Әулеттегі кеміс балаға көбірек қамқорлық көрсетіп, оған басқа балаларға қарағанда ерекше көңіл бөлінеді. Бала басындағы бақытсыздық бәрінен бұрын оның маңындағы жақын адамдардың жанашырлық сезімін оятып, оған деген көзқарасты өзгертеді. Кез келген семьяда кеміс балаға деген көзқарас оны басқа түскен масыл, не тағдыр жазасы деп санамай, қамқорлық пен мейірімділік құшағында болады. Балаға деген мұндай қамқорлық оған күшті әсер етіп, ол өзін басқа балалардан бөлексіткендей сезінеді. В.Г.Короленко өзінің «Соқыр музыкант» деген шығармасында соқыр баланың семьяда ерекше саналып, оның айтқандарын екі етпей бұлжытпай орындал отыратындықтары туралы жазады.

Осы мәселеге мылқау мен саңыраулардың көру қабілеті сау адамдардікінен кем емес, кейде ондай адамдар біздердің көрмеген нәрселерімізді көре алады, ол көру арқылы қабылдауы сау адамдардан әлдеқайда төмен немесе олардан артық деуге болмайды. Саңырау көзінің көрегендігі нашар болса да, ол бара-бара жетілуі мүмкін, бірақ дені сау адамдардікінен артық емес дейді Н.М.Поговский. Соқыр адамның сипау түсігінің жақсы жетілуі және саңыраудың көру қабілеттілігі сол сезім мүшесінің құрылысы нерв жүйелерінің айрықша жетілуінде емес, ондай адамдардың тиісті нәрселерді сезіп білуде үнемі қолданып, тұрақты түрде жаттығуына байланысты.

Білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында «Балалардың мектепке дейінгі сапалы тәрбие және оқыту мен толық қамтылуын, олардың мектепке дейінгі тәрбие және оқыту бағдарламаларына теңдей қол жеткізуін және «инклюзивті білім беру жүйесін жетілдіруін» қамтамасыз ету көзделген. Қазіргі уақытта дамуында ақаулары бар балалар саны артып отыр. Оларды оқыту кеңейіп, түзетіп қолдау технологиялары жетілдірілуде. Білім беру жүйесінде даму мүмкіндігі шектеулі балаларға айырықша орын бөлінген. Бұл балаларға қатысты біздің алдымызда тұрған негізгі міндет-олардың әлеуметтік ақталуы мен биімделуіне, қоғамдағы толыққанды өмірге дайындалуына жағдай жасау және көмек көрсету. Қ.Р Президентінің 07.12.2010 жылғы №1118 Жарлығымен бекітілген білім беруді дамытудың Мемлекеттік бағдарламасы инклюзивті білім беру жүйесін жетілдіруді қарастырады [1].

Мүмкіндігі шектеулі балаларды жалпыға білім беру ортасына қарай бейімдеу 2002 жылдан басталды. Сол жылы Қазақстан ТМД елдерінің арасында алғаш рет «Мүмкіндігі шектеулі балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық тұрғыдан қолдау» туралы заңы қабылдады. Осы заң аясында жарымжан балаларға ерте бастан білім беру мәселесіне мән берілген. Оларды білім беру, әлеуметтік, медициналық тұрғыда қамтамасыз ету қарастырылған. Инклюзивті білім беру – мүмкіндігі шектеулі балалардың жалпы білім беретін мектептерде тең жағдайда бірдей білім алуына қолжетімділігін ұйымдастыру. Мәселен арбамен қозғалатын балалар үшін мектептерде арнайы панустар өзге де мүмкіндіктер қарастырылуы керек. Бұл индикаторлар 2011-2015 жылдарға арналған стратегиялық жоспарда да талап етілген. Инклюзивті оқыту негізінде балалардың қандай да бір дискриминациясын жоққа шығару, барлық адамдарға деген теңдік қатынасты қамтамасыз ету, сонымен бірге оқытудың ерекше қажеттігі бар балаларға арнайы жағдай қалыптастыру. Тәжірибе көрсеткеніндей қатаң білім беру жүйесінен балалардың бір бөлігі шығып қалады, өйткені қалыптасқан жүйе мұндай балалардың даралық қажеттілігін қанағаттандыра алмайды. Инклюзивті бағыт мұндай балаларды оқуда жетістікке

жетуге ықпал етіп, жақсы өмір сүру мүмкіншілігін қалыптастырады. Инклюзивті білім беруді ұйымдастыру үшін қандай арнайы жағдайлар қажет Ең алдымен, даму мүмкіндігі шектелген балалармен жұмыс жасай алатын мамандар даярлау. Екіншіден архитектуралық кедергілерді жою. Білім мекемелерін арнайы тұтқалармен, парталармен, үстелдермен және басқа да компенсаторлық құралдармен жабдықтауды, көтергіш қондырғылар, пандустар, санитарлық бөлмелердің арнайы қондырғыларын орнататын іс-шаралар кешенін бастау қажет. Қазақстан Республикасындағы білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында инклюзивті білім беруді жетілдіру мақсатында төмендегідей мәселелерді қарастрады. 2015 жылға қарай аталған міндетті шешу үшін қажетті нормативтік база құрылады. Инклюзивті білім беру шеңберінде жалпы және арнайы білім берудің өзара әрекетінің тетігі әзірленеді, мүмкіндігі шектеулі балаларды біріктіріп оқытудың модульдік бағдарламалары әзірленеді мүгедек балаларға қашықтықтан білім беруді ұйымдастырудың тәртібі әзірленеді.

Осы жұмыстардың барлығы да Қазақстан Республикасының «Білім туралы» «Бала құқықтары туралы», «Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық –педагогикалық түзету арқылы қолдау туралы» Заңдарын және Ережелерді басшылыққа алады [2].

Инклюзивті білім беру ерекше балаға білім беру саясатының бір түрі болып табылады. Қазіргі уақытта ерекше оқытуды қажет ететін балалар білім алу үшін мекемелерді таңдауға құқылы, сол себепті бұл жерде оқудың әр кезеңінде білім, икемділік, дағдыларды меңгеру талаптары мен әлеуметтік бейімделу жағдайларын ескеру қажет. Ерекше оқытуды қажет ететін балаларға білім беру мазмұны олардың даму ерекшеліктерімен анықталуы тиіс, ең негізгі қажеттілігі қалыпты тұлғалармен бірдей білім алуға жағдайларын қамтамасыз ету. Ерекше оқытуды қажет ететін баланың белсенді әлеуметтенуі үшін кемістіктерді түзету, нақты екіншілік реттегі кемістіктің алдын алу және білім беру арқылы кемістіктің орнын толықтыру қажет.

Бұл жағдай психикалық немесе дене кемістікке байланысты бала бойында туындаған білім алудағы ерекше қажеттіліктерін толық қанағаттандыру арқылы жүреді. Мысалы, естімейтін баланың дамуындағы жағымсыз салдарын алдын алу үшін бір-қатар жаңа білім алу үшін жағдайларды қамтамасыз ету керек, олар:

- қалған есту қабілетін дамыту және қалдық естуін пайдалануға үйрету;
- сөйлеуші адамның сөзін ерін кимылы арқылы сөйлеу тілін қабылдауға үйрету;
- түзетушілік педагогикалық қолдау көрсету арқылы бұрын қалыптасқан сөздік қорын жоғалтпауын қадағалау;
- дыбыссыз кеңістікте бағдар алып жүруге үйрету [3].

Баланың есту, көру, қозғалыс, т.б даму мүмкіндіктерінің шектеулігі сапалы сипатта екенін ескерген дұрыс. Бұл жерде тұлғалық қалыптасу толығымен өзгереді және даму үшін, білім алу үшін ерекше жағдайларды қажет етеді. Ең біріншіден білім беру бағдарламасын меңгеруімен тоқтамай, жеке өмір сүру дағдыларын қалыптастыру қажет. Өмір сүру біліктері қоршаған ортада кеңістікті немесе уақытты бағдарлау болсын, түрлі қарым- қатынас жасау, әлеуметтік бейімделу, өз мінез-құлқысын саналы түрде тәртіпке келтіру және болашақ өмірге деген позитивті көз қарасын қалыптастырады. Арнайы оқыту мен тәрбиелеу бір бірмен тығыз байланыста болғандықтан арнайы білім беру жағдайларын қамтамасыз етуді қажет етеді [4].

Арнайы білім беру жағдайлары: – арнайы білім беру бағдарламаларымен қамтамасыз ету, соның ішінде жалпы білім беру оқу бағдарламалары және түзету-дамыту бағдарламалары. Арнайы білім беру оқу бағдарламалары жалпы білім беретін оқу бағдарламалары негізінде әзірленеді және мүмкіндіктері шектеулі балаларды оқытуға және дамытуға бағытталған, білім алушылар мен тәрбиеленушілердің психологиялық-медициналық-педагогтік-консультациялар ұсыныстарын ескере отырып айқындалатын психикалық және дене кемістіктерін, сонымен қатар танымдық мүмкіндіктерін ескереді.

- әр баланың дамуындағы ерекшеліктерін ескеру, арнайы түзету құралдар мен (техникалық) тәсілдерді пайдалану арқылы түзетушілік педагогикалық процесті өзгеше ұйымдастыру;
- толыққанды өмір сүру үшін барабар жағдайларды қамтамасыз ету;
- түзетушілік - педагогикалық процесті арнайы педагогтардың өткізуін талап ету, яғни тифлопедагог, сурдопедагог, олигофренопедагог, логопед және арнайы психологтардың психологиялық қолдау көрсетуі; психологиялық, медициналық, әлеуметтік қызмет көрсетуді ұйымдастыру [5].

Ал мүмкіндіктері шектеулі тұлғалар уақытымен түзеу арқылы қолдау көрсетілген жағдайда білім берудің өз дамуына сәйкес деңгейлерін меңгере алады. Кейбір естімейтін, нашар естийтін,

көрмейтін, нашар көретін және тірекқимыл қозғалысында, эмоция-ерік дамуына, сөйлеу тілінде ауытқуы бар тұлғалар жалпы орта білім беру деңгейін меңгеруге қабілетті және жоғары оқу орнында оқи алады. Арнайы білім беру мазмұнын жетілдірудің негізгі жолы қазіргі психологиялық және педагогикалық, теориялық және тәжірибелік зерттеулерді тиімді пайдалану. Олар оқушылардың дене және психикалық дамуының зор мүмкіндіктерін, оларды түзетіп, дамытуды жүзеге асырудың жолдарын көрсетеді.

Пайдаланған әдебиеттер

1 Г.Д. Хақимжанова, А.А.Айдарбекова, «Обучение и воспитание детей с особыми образовательными потребностями в условиях массовой школы», Алматы, 2001ж. 8-10бет.

2 Р.А. Сүлейменова, Г.В. Хақимжанова. «Отечественной и зарубежный опыт включения детей с ограниченными возможностями в общеобразовательный процесс. Проблемы и пути решения», Алматы, 2001ж. беттер /10, 11, 45, 48, 52/.

3 Р.А. Сүлейменова. «Проблемы и основные тенденции развития специального образования в Республике Казахстан» // Вестник АГУ им. Абая. Серия «Специальная педагогика». – 2004. –№1. –С.3-13.

4 А.А. Айдарбекова. «Актуальные проблемы специального образования в связи с переходом общеобразовательных школ на 12-летнее обучение» // Проблемы обучения и воспитания лиц с особыми образовательными потребностями в свете реализации Закона Республики Казакстан «О Социальной и медико-педагогической коррекционной поддержке детей с ограниченными возможностями». -Алматы, 2005.-С. 15-19.

5 И.Г. Елисеева. «Новый подход к созданию образовательных программ в систем специального образования» // Проблемы обучения и воспитания лиц с особыми образовательными потребностями в свете реализации Закона Республики Казакстан «О Социальной и медико-педагогической коррекционной поддержке детей с ограниченными возможностями».-Алматы, 2005 – С.20-22.

ӘӨЖ 37.013:372.41-057.874

ӨЗІНДІК ЖҰМЫС НЕГІЗІНДЕ СТУДЕНТТЕРДІҢ КРЕАТИВТІ ОЙЛАУ ҚАБІЛЕТТЕРІН ДАМЫТУДЫҢ ӘДІС-ТӘСІЛДЕРІ

Тасова А – PhD., аға оқытушы.

Бердыбаева Гулзия Бисалиевна – магистрант

Академик А. Қуатбеков атындағы Халықтар достығы университеті

E-mail: psixoloqiya16@mail.ru

Кілттік сөздер: креативті, ынталдыру, интеллектуалды, модернизациялау, педагогикалық қағидалар, диагностикалау.

Ключевые слова: креативность, мотивация, интеллект, модернизация, педагогические принципы, диагностика.

Keywords: creativity, motivation, intelligence, modernization, pedagogical principles, diagnostics.

Резюме: В данной статье исследуется, какое место в системе науки отводится креативной психологии, в зависимости от понимания возможностей использования психологических данных в других науках и наоборот, насколько креативная психология использует полученные в них результаты в категории закономерностей

Summary: This article examines what place in the system of science is given to creative psychology, depending on the understanding of the possibilities of using psychological data in other sciences, and vice versa, to what extent creative psychology uses the results obtained in them in the category of regularities.

Студенттің жеке даралығы немесе жеке тұлғалығы қоғамдағы қағидалармен шарттасып жатыр, айталық, ЖОО-дағы адамның атқаратын міндеттері мен қызметтер аясы. Бұл

жағдайлар уақытша болғанымен арнайы белгілерді сипаттайды: оқу үдерісіне қатысу, оқу жұмыстарының ең аз шамасындағы қажеттіліктерді орындау және т.б. Студенттің жеке даралығы оқу барысында психикалық ортасы ерекше түрлері (дамыту деңгейінің әртүрлі болуына байланысты) байқалғанда белгілі болады. Әсіресе оқу үдерісінде интеллектуалды, пәндік-тәжірибелік және психиканың мотивациялық ортасы студенттің жеке даралығын айқындайды, студенттер алуан түрлі оқу-танымдылық қабілеттерді және алуан түрлі мотивациялық күйлерді немесе дағдыларды меңгереді. Сонымен бірге, бұл орталардың сипаттамалары көптеген жағдайларға ортақ (осы саладағы зерттеулерден, болашақ кәсіби қызметіне қатысты барлық жаңалықтар мен қоғамдағы жаңа орны – әлеуметтік статусы немесе әлеуметтік мәртебесі).

Студенттің жеке тұлғалығы немесе даралығы психологиялық дәреженің бірі ретінде «адамның жеке тұлғалығы немесе даралығы» ұғымының бір түрі. Адам өзін қоршаған ортамен белгілі бір әлеуметтік қағидаларда өзінің жеке психикалық сапасымен қарым-қатынастар жасайды [1]. Сол психикалық орталардың негізінде әрбір адам басқа адамдардан ойлау қабілетімен, іс-әрекеттерімен, қарым-қатынастарымен, көзқарастарымен ерекшеленеді. Алайда қоғамдық (моральдық, құқықтық және т.б.) талаптар мен ықпал етуші тағы осы сияқты факторлардың әсерінен әлеуметтік ортада адамдардың жеке тұлғалық дамуы жойылып отырады. Әсіресе, білім беру жүйесінде психиканың жеке тұлғалық немесе даралықтағы көріністері үнемі өшіп отырады, бұл құбылыс оқу үдерісіндегі оқу бағдарламасының бірыңғайлығы немесе біржақтылығы, сабақты ұйымдастыру үдерісі тек дәстүрлі тәсілдермен шектелуі, дамытуға бағыттаудан алыстап кеткен, әрбір студентке жеке тәсілмен назар салу туралы ақпараттарды оқытушылардың өздері де меңгермегендіктен және әрбір студенттің психикалық ортасын дамыту деңгейі жөнінде оқытушылардың ақпарат алмауынан екені айқын байқалады.

Мотивациялық ортаның кейбір ерекшеліктерін қарастырайық. Студенттердің өздерінің пікірлері бойынша, олардың жоғары білім алу мақсаты білім, біліктілік, дағдыларды жинақтау, өзінің құқығын қамсыз студенттік жылдарда жүзеге асыру. Қыздар үшін қосымша оқу еңбек ету кезеңімен бірдей дәрежеде есептеледі екен, сондықтан жоғары білім алуға кез келген қыздың психологиясы дайын емес, олардың қаншалықты білімді жылдам меңгеріп, ұлдарға қарағанда тәртіпті болғанымен, әскер қатарына шақырылмайтын шектеулері болса да, олардың білім алуға құштарлығы туралы айту қиын. Қыздар үшін оқу әдеттегі жағдай әрі ол қосымша қызмет түрі болып есептеледі.

Мамандық таңдау тәсілі ЖОО-дағы оқу барысына белгілі бір ықпал жасайды, бірақ арнайы зерттеулердің нәтижесінде көзжеткізгеніміз, бейімделу кезеңі мотивация аясында өте күрделі өтетіні анықталды [2]. Оқу мотивацияларының қоғалыс жылдамдығы мен өзгергіштігі көптеген себептерге байланысты. Бұл мамандықтың алғашқы жүйесіз мотивациялары, оның салдарынан мамандыққа қызығушылығы төмендейді, әлсіз құрылымдағы топта немесе топтағы барлық студенттердің көңілінен шығатын орта жасалмаған топта оқып, күнделікті білім алудың психикалық тұрғыдан қиындығы, яғни мұндай ортада оқуға да, кәсіби қызметіне де ешқандай айқын мотивтер байқалмайды. Әрі өте жоғары бейімсіздік – жаңа оқу шарттарына, ол жердегі күнделікті өмірге үйрену қиындығы төмен баға алуға әрі жетістікке жетуге жағымсыз эмоцияларды жасауға алып келеді.

Шығармашылық даралық креативті акмеология ретінде саналады да, кәсіби шеберліктің ең жоғарғы сипаттамасы ретінде қарастырылады [3]. Ол интегративті креативті-тұлғалық дәреже болып табылады, оның құрамындағылар:

- интеллектуалды-шығармашылық бастамалар;
- қарама-қайшылықтарға сезімталдығы, шығармашылық күдіктенуге бейімділігі, ішкі жасаушы күшті сезінуге қабілеттілігі;
- интеллектуалды білімдері, білімдерінің тереңдігі мен кеңдігі;
- ақпарат жетіспеушілікті терең түсінуі, жаңалықты жылдам қабылдауы, еш нәрсеге ұқсамайтын мәселені көре білу қабілеті, кәсіби шеберлік, тануға құмарлық. Болашақ маманның шығармашылық даралығын дамыту әрі жетілдірудің психологиялық-педагогикалық шарттары кәсіби қалыптасуда, қарама-қайшылықтарды сезінгенде, оларды мақсатты бағыттарда және бірегей шешу жолын жасағанда, өзін-өзі өзекті ету үдерісінде жасампаздығы мен шеберлігі байқалып отырады [4].

Креативтілікті акмеология саласынан зерттеу жасау арқылы шығармашылық даралықты дамыту әрі өзінің білімін жетілдіру мақсатында шығармашылық үдерісті ұйымдастыру әрі басқарудың тиімді жолдарын анықтауға мүмкіндік береді: инновациялық

тәжірибеде (жасампаздық іс-әрекеттерде тұлғаның креативті мүмкіндігі дамиды) шығармашылық үдерістің моделін жасауға болады. Бұл жердегі күрделі үдеріс тұлғаның шығармашылық даралығын сипаттайтын үдерістер санаасты немесе астарлы ойлау мен саналы ойлау үдерістері қалыптасу арқылы олардың шығармашылық туындылар жасау қабілеті де талапқа сай реттеледі әрі ұйымдастырылады [5].

Креативтілік тұлғаның шығармашылық тұрғыда өзін-өзі дамыту шарты болып табылады, ол – тұлғаның өзін-өзі өзекті етудегі маңызды қоры. Креативтілік мәселелер сезімталдығы мен жылдам қабылдаушылық қабілетімен белгіленеді, жаңа идеяларды қабылдағыштығы мен ескіні жойып, одан жаңаны жасауға мақсаттылыққа бейімділігі, өмірдегі мәселелерге ерекше, біртума шешімдер жасауға қабілеттілігі.

Педагогикада мұғалімнің шығармашылық даралығы тұлғаның өмірдегі бағдарламасы ретіндегі күрделі әрі ашық жүйенің үнемі қозғалысы ретінде сипатталады [6]. Бүгінгі күннің шығармашыл мұғалімі педагогикалық қызметі мен шығармашылығын қайта жасау тәсілдердің арасында таңдау жасау арқылы өзінің өмір мәнін және өзін жүзеге асырумен бірге, ол өзін қайта жасайды, өзінің психологиялық кедергілерін өзі жеңіп, өзінің кәсіби шеберлігінің дәрежесін қайта талдап, ой елегінен өткізеді, кәсіби маңызды сапасын дамытуға жол іздейді, өзінің педагогикалық тұжырымдамасын әзірлейді. Жалпы алғанда, мұғалімнің шығармашылық қызметінің сипаты, біріншіден, инновациялық бағытталғандығы, екіншіден, шығармашылық қызметтегі үдерісте өзін дара тұлға сапасында дамытуға бағытталғандығымен сипатталады. Шығармашылық мұғалім өзін-өзі жетілдіруге, өзінің жеке тұлғасын дамытпай шығармашылық жұмыстарға қолжеткізе алмайтынын түсінеді. Сондықтан құндылықтарға бағытталғандығына толық сенімділікте болу үшін ғылым мен техникадағы соңғы жаңалықтарды меңгермей, әрі өзінің жеке технологиясын жасамай, өмір ұстанымдары санатындағы ең негізгі кәсіби шеберлігін дамытуы мүмкін емес. Осы негізгі бағыттарды педагогтың шығармашылық негізгі межелері деп қарастыруға болады.

Болашақ педагог немесе студенттің даралығы ұғымы оның кәсіби шеберлігі мен психикалық жағымды үдерістермен сипатталады. Бұл сапалардың қалыптасуы тұлғалық дамудың даралылығының дамуының – жеке тұлғасының дамуының сипаты болып табылады. Студент болашақ педагогтың психикалық жаңа бағыты оқу-үдерісінде ғана қалыптасып, оның педагогикалық қызметке сенімді қадам басуына зор ықпал жасайды.

Студенттердің креативті ойлауын қалыптастырудағы креативті психология пәнінің орны ерекше. Қазіргі кезде психологиялық ғылымдарды жаппай дамыту байқалып отыр әрі олар теориялық және практикалық міндеттердің алуан түрлерімен шарттасқан, сондай-ақ соларға қарсы тұруға да мүмкіншілігі бар. Психологияның негізгі міндеті – оның даму барысында психикалық қызметтердің заңдарын оқыту. Соңғы онжылдықтарда психологиялық зерттеулердің ауқымы кеңейді, жаңа бағыттар мен жаңа пәндер пайда болды. Психологиялық ғылымның түсініктемелер аппараттары күн санап өзгеріп жатыр, жаңа болжамдар мен тұжырымдамалар үздіксіз пайда болуда, психология жаңа эмпирикалық мәліметтерге толығып келеді.

Б.Ф. Ломов «Психологияның әдіснамасы мен теориялық мәселелері» атты кітабында бұл ғылымның бүгінгі жайын балайша сипаттайды: «психология ғылымының әдіснама мәселелерін және оның жалпы теориясын қайта әрі терең өңдеу бүгінгі күннің талабы» екенін айтқан.

Психология ғылымы зерттейтін құбылыстардың аймағы ауқымды. Ол – алуан түрлі күрделі құрылымдардағы және жағдайдағы, үдерістердегі адамның күйін қарастыратын және қарапайым сезім ағзаларына әсер ететін объектінің жеке белгілерін зерттеумен қатар тұлғаның іс-әрекеттерімен күресіне дейінгі шарттарды қарастыратын ғылым саласы. Бұл құбылыстардың кейбіреуі өте жақсы зерттелген, ал кейбіреулерінің сипаты тек жеңіл түзету жасауды қажет етеді. Көптеген зерттеушілер бұл жағдайды да ерекше ескеру қажет дейді, себебі кез келген зерттеуші объектінің абстрактылы және жалпыламалы сипаты мен олардың бір-бірімен байланыстарын теория деп есептейді. Алайда осымен теориялық жұмыс аяқталмайды, оның құрамына жинақталған білімдерді, олардың жүйелілігі мен басқа да мәліметтерді салыстыру әрі терең өңдеуді талап етеді. Оның соңғы мақсаты – зерттелуші құбылыстың мәні мен мазмұнын анықтау. Осыған байланысты әдіснама мәселелері пайда болады. Егер теориялық зерттеулер айқындалмаған әдіснамалық (философиялық) ұстанымдарға сүйенсе, онда теориялық білімдер эмпирикалық білімге ауысуы ықтимал қаупі пайда болады.

Психикалық құбылыстардың мәні мен мазмұнын тану диалектикалық материализмнің дәрежелеріне тиесілі. Б.Ф. Ломов аталған кітабында психологиялық ғылымды кешенді дәрежелерге бөлген, олардың жүйелілік өзара байланыстарын, олардың әрқайсысының барлығына жалпы екенін,

сонымен бірге олардың бір-біріне тіпті де жуыспайтындығын да көрсеткен. Оларға мынадай психологияның кешенді дәрежелері бөлінген: айшықтау дәрежесі, қызмет дәрежесі, тұлғалық дәрежесі, қарым-қатынас дәрежесі, сонымен бірге «әлеуметтік» және «биологиялық» ұғымдар дәрежесін басқа барлық дәрежелерге ортақ дәреже деп бөлді. Адамның әлеуметтік және табиғи құрамындағы объективті байланыстарды сонымен бірге, оның дамуындағы биологиялық және әлеуметтік детерминанттың арақатынасын анықтау – ғылымдағы өте қиын міндеттердің бірі.

Бұрынғы онжылдықтарда психология тек теориялық (дүниетаным) пән болғаны белгілі. Ал қазір оның мәні мен мазмұны қоғамдық өмірде айтарлықтай өзгерген. Ол білім беру жүйесінде, өнеркәсіпте, мемлекеттік басқару орындарында, медицинада, мәдениетте, спортта және т.б. салаларда кәсіби тәжірибелік қызметімен айрықша салаға айналды. Тәжірибедегі мәселелердің шешімін табу үшін психология ғылымына жүгіну арқылы бұл ғылымның теорияларын дамыту шарттарын да айтарлықтай өзгертеді.

Психологиялық күзиреттілікті талап ететін міндеттер адамдық факторлар деп аталатын ілгеріленген мәні барлық қоғамдық өмір аясында әртүрлі кескінде пайда болып жатады.

«Адамдық фактор» ұғымы әлеуметтік-психологиялық, психологиялық және психофизиологиялық құрамын кең меңгерген адамдар тобы бұл қасиеттерді өздерінің нақты қызмет аясында көрсетіп келеді.

«Адамдық ресурстар», «адамдық факторлар», «адамдық капитал» ұғымдары экономикаға енгізілген, себебі еңбек нарығына жұмыс қолын (кадр) даярлау үшін оларға білім беру қажеттілігі туындаған. Адамның санасындағы «қабілеті пайда әкелу керек» ұғымы, «адамдық капитал» ұғымы «физикалық капитал» ұғымына ұқсастық әкеле бастады. «Адамдық ресурс» термині қоғамдағы салалардағы, аумақтардағы, аймақтардағы, тіпті бүтіндей елдегі еңбек ресурстары мен жұмыс күшін, сапалы әрі мазмұнды қызметкер құрамын немесе ұйымның барлық тұлғаларының жан-жақты дәрежесін сипаттайды.

Адамдық ресурстарды дамыту аясында мынадай кезеңдер бар:

- тапсырылған жұмысқа шектеулі жауапкершілігі мен аз қажет етілетін мамандықтарды ауқымды кәсіби және лауазымды салаға өткізу;
- жоспарланған мансап жолын кәсіби даму арақашықтығын ақпараттанып, ептілікпен таңдауға көшіру;
- үйренушілерге үнемі кезігетін мәселе – әрбір студенттің жан-жақты кәсіби өсу мүмкіндіктерін жасау міндетін бақылау;
- үйренушінің белсенді ізденіске түсуін үйренушілермен кері байланысқа түсуден алшақтату.

Осылайша, даму жолындағы басқаруды іске асыру шарты дегеніміз ресурсты кешенді дамыту, ал оның механизмі – рефлексия.

Адамдық ресурстардың дамуын басқару тұлғаның интеллектуалды (зияткерлік) белсенділігі, оның кәсіби дайындығының сапасынан бұрын алға шығатын, оны келешекке бетбұрыс сияқты өмірге шақыратын ұғымдар мен дәрежелерге сүйенеді.

Пайдаланған әдебиеттер

1. 2017-2018 оқу жылында Қазақстан Республикасының жалпы орта білім беретін ұйымдарында оқу процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы: Әдістемелік нұсқау хат. – Астана: БІ. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2017. – 340 б.
2. Алшынбаева А., Құнантаева Қ. Бәсекеге қабілетті қоғамның негізгі – сапалы білім // Бастауыш мектеп журналы, - №1, 2017 жыл. 3-5 беттер.
3. Қозыбай А., Жексенбиева Н. Кәсіптік білім беру жүйесіндегі қазіргі оқыту технологиялары. Астана, 2015
4. Әлімов Асхат. Интербелсенді әдістерді жоғары оқу орындарында қолдану. Оқу құралы. – Алматы 2009. - 263 бет.
5. Аринова Г.К. Жаңа мазмұнды білім беру жүйесіндегі педагогикалық технологиялардың алатын орны // 12 жылдық білім беру, 2009, №4, 76 б.
6. Аяғанова Л. Жаңа технологиялар сабақта «Бастауыш мектеп»-2003. №4. 21-24 б.

ОҚЫТУ ПРОЦЕСІНДЕ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ТАНЫМДЫҚ БЕЛСЕНДІЛІГІН АРТТЫРУДЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ШАРТТАРЫ МЕН МАҢЫЗЫ

Тасова А – PhD., аға оқытушы,
Салимханова Гуля Кабылбековна – магистрант

Академик А. Куатбеков атындағы Халықтар достығы университеті
E-mail: psixoloqiya16@mail.ru

Кілттік сөздер: танымдық белсенділік, интеллект, индивид, жаңғырғықтыру, жаңашылдық.

Ключевые слова: познавательная активность, интеллект, репродуктивный, воспроизводство, новаторство.

Keywords: cognitive activity, intelligence, reproductive, reproduction, innovation.

Резюме: В данной статье научно исследованы сущность и особенности использования средств народной педагогики в формировании познавательной активности учащихся общеобразовательных средних школ.

Summary: In this article, the essence and features of the use of folk pedagogy tools in the formation of cognitive activity of students of general secondary schools are scientifically investigated.

Оқушылардың танымдық белсенділігін халық педагогикасының құралдары арқылы қалыптастыру мәселесінің философиялық, психологиялық - педагогикалық, мәдениеттанушылық, тарихи әдебиеттердегі және тәжірибедегі зерттелу жағдайына талдау жасалады; оқыту үдерісінде оқушылардың танымдық белсенділігін халық педагогикасының құралдары арқылы қалыптастыру мүмкіндіктері айқындалады; «оқыту үдерісінде оқушылардың танымдық белсенділігін халық педагогикасының құралдары арқылы қалыптастыру» ұғымының мәні ашылады; оқушылардың танымдық белсенділігін халық педагогикасының құралдары арқылы қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық моделі ұсынылады.

Осындай күрделі оқу іс-әрекетіне байланысты оқушылардың ойлау қабілеті қалыптасады. Ойлау — баланың танымдық іс-әрекетінің ең жоғары формасы. Ойлау арқылы оқушылар көзге көрінбейтін заттар мен құбылыстардың арасындағы күрделі себептік байланыстарды ұғады. Ойлау — сөйлеу әрекеті арқылы іске асады. Ойлау - нақты сұрақтар қоюдан, соларға жауап іздеуден басталады. Ойлау — белгілі міндетті, теориялық немесе практикалық мәселелерді шешуге бағытталады. Баланың ойлау әрекеті өзінен-өзі қалыптаспайды. Олардың ойлау әрекетін ойдағыдай дамыту үшін, тиімді тәсілдер қолданып, арнайы жұмыстар жүргізу қажет. Ойлау процесі өзіне тән логикалық амалдардан (операциялардан) тұрады: анализ, синтез, салыстыру, топтастыру, жалпылау және т.б. Ойлау үстінде адам бір ниеттен, екінші ниетке ауысып отырады. Бұл — процессуалдық құбылыс. Осындай бірінен соң бірі болып тұратын процестер негізінде адамда тапқырлық, ептілік қасиеттері дамиды.

Әл-Фарабидің еңбектерінде ақыл-ой қасиеттеріне байланысты мынадай құнды пікірлер айтылған: "Тек қана білімдіге тән болатын ақыл-парасат (түрі) әрекет үстінде жүзеге асыруға емес, танып-білуге жағдай туғызатын өнерлер арқылы ғана сол білімге ие болады. Ал білім мен әрекетке тән болатын ақыл-парасат (түрі) басқа да өнерлерге тән болады. Бұл өнерлердің де екі түрі болады. Мұның бірінші түрі арқылы біз тек ғылыммен ғана танысамыз. Екінші түрі арқылы біз не істеуге болатынын және соны істеуге қабілетіміздің бары-жоғын білеміз" [1].

"Жанның басты бөлшектері мен күштері бесеу: "нәрлендіру, түсіндіру, елестету, ұмтылу және ақыл-парасат".

"Ақыл-парасат күші — адамның ойлауына, пайдалануына, ғылым мен өнерді ұштастыруына және жақсы қылық пен жаман қылықты айыруына көмектесетін күш" [2].

"Ойлау күші — біз бір затты жасағымыз келгенде, оны жасауға бола ма, жоқ па, егер жасауға болса, бұл істі қалай орындауға тиісті болатынымызды білуімізге, оны ойша елестетуімізге көмектесетін күш" [3]. Ал ойлау процесінің сәтті болуы тікелей адамның интеллект деңгейіне байланысты.

Оқушылардың танымдық іс-әрекетін қалыптастырып, дамытуда мектептегі оқыту үрдісінің рөлі орасан зор.

Білімнің берік негізі мектепте, оның ішінде бастауыш сыныптарда қаланады. Бастауыш сыныптар — негіздердің негізі екені даусыз. Бастауыш мектеп, ең алдымен, оқуға үйретуі тиіс екенін тәжірибе дәлелдеп берді. Бұл туралы аса көрнекті педагогтар — Я.А. Коменский, К.Д. Ушинский, А. Дистервег, Ы Алтынсарин, А. Байтұрсынов жазған болатын. Мұны мұғалімдердің тәжірибесі дәлелдеп отыр. Бастауыш мектептің аса маңызды міндеті - оқушыларға берік білім мен дағдылардың белгілі бір дәрежесін беру. Оқуға дағдылану білімді меңгеруге байланысты бірқатар дағдыларды: оқу, жаза білу, қоршаған дүниені бақылау, ойлай білу, өз ойын сөзбен жеткізе білу дағдысын қамтиды.

Бастауыш мектептің міндеті — оқушылардың тек дене еңбегінде ғана емес, ақыл-ой еңбегінде де қиындықтарды жеңе білуге бірте-бірте үйрету. Балалар ақыл-ой еңбегі мәнінің өзін түсінетін болуы тиіс, ол мұның ақыл-ой, күш-жігерін жұмылдыра білуде заттардың, фактілердің, құбылыстардың әр алуан түрлі күрделі және нәзік жақтарына, детальдары мен қайшылықтарына көз жібере білуінде. Бәрі де оқушылар үшін оп-оңай болуына, баланың қиындық дегеннің не екенін білмейтін болуына әсте де жол беруге болмайды.

Бірқатар әдебиеттерді талдау жасау нәтижесінде байқағанымыз, философияда «таным» ұғымы жалпыадамзаттық шығармашылық, қабілеттілік ретінде қарастырылады.

Педагогика ғылымы үшін танымның логикалық, психологиялық, социологиялық, философиялық мағыналарының барлығы да маңызды болып табылады. Педагогикалық аспектіде қарастырғанда танымдық процесс ұғымын түрлі ғылымдардың интеграциялануы тұрғысынан қарау, пайдалану тиіс. Мұнда түрлі ғылымдардың барлығы да бұл мәселеге оқу-тәрбие процесінің негізгі мақсаты – жеке-дара ерекшеліктерін ескере отырып, мектеп оқушыларын жеке тұлға ретінде дамыту деп қарайды. Психологиялық, философиялық, педагогикалық әдебиеттерді талдау нәтижесінде, біз мектеп оқушыларының өзіндік санасын өз іс-әрекетінің субъектісі ретінде дамыту қажет деген қорытынды жасадық.

Оқушыға оның ойлауының мәнін ашып көрсетпей, оның қозғаушы күштерін түсіндірмей тұрып, оның өзінің жеке басының ақыл-ойын дамытудың субъектісі ретінде белсендіру мүмкін бе? Педагогикалық әдебиеттерде, білімді меңгеру – балалардың ойлау іс-әрекетін белсендіруді талап етеді де, ол оқушы дамуының басты шарты болып табылады, басқаша айтқанда, ойлау – оқып-үйренудің құралы және нәтижесі ретінде қарастырылады, бірақ оқушылар мұны аса саналы түрде сезіп, біле бермейді. Ал оқып-үйренудің өзі оқушылар мен педагогтардың бірлесе отырып, жүзеге асыратын, білім, білік және дағдыларды меңгеруге бағытталған іс-әрекеті ретінде анықталады.

Оқушылардың жеке басының жан-жақты дамуын қамтамасыз ететін ақыл-ой іс-әрекеті практикалық іс-әрекеттен ерекшеленбейді. Олардың ойлауы қажеттілігіне қарай индивидтің тұтас өмірінің сәті іспеттес болып шығады. А.П.Карповтың пікірінше, іс-әрекеттің іштей және сырттай жақындасуы, өзара бірінен екіншісіне ауысуы, олардың бірдей ортақ құрылымының болуына байланысты [4]. Алайда педагогикалық практикада, теориялық жұмыстарда бұл байланыс ескеріле бермейді, керісінше, теория практикаға қарама-қарсы қойылады.

Адамзат баласы іс-әрекетінің негізгі формуласы – танымдық іс-әрекет болып табылады да, соның нәтижесінде субъектінің объективті реалды дүниемен өзара әрекеттесуі жүзеге асырылады. Сондықтан педагогика үшін күрделі объектілермен алгоритмделмейтін іс-әрекеттерді философиялық, социологиялық, психологиялық тұрғыдан талдаудың нәтижелері өте маңызды. Мұндай іс-әрекеттерде объектімен өзара әрекеттесу процесіне басқа адамдармен қарым-қатынас та (мұғалімнің, оқушының іс-әрекеті) енген кезде адамның индивид, іс-әрекет субъектісі және тұлға ретіндегі мәнді қасиеттерінің барлығы да көрінеді.

Б.В.Бондаревский, М.Ф.Талызина сияқты психологтардың зерттеулері оқу іс-әрекетін мұғалімнің қажетті бағытқа бұруы мүмкін екендігін көрсетті. Оқу іс-әрекетінің әдістері мен тәсілдерін, сол сияқты іс-әрекет мотивтерін мұғалімдер сабақта сауатты пайдаланатын болса, онда олардың едәуір нәтижеге қол жеткізетіндігін дәлелдеді. Балалар үйге берілген тапсырмаларды дұрыс орындай білетін болады, оқу материалын жақсы меңгереді, оқып-үйренудің мотивациясы артады. Алайда, психологтар бастауыш сынып оқушыларында барлық іс-әрекеттерге қатысты оқу іс-әрекетін алып барушы ойлау қызметін басқаруға болады деген тұжырым жасайды. Дегенмен, мұның күнделікті өмірдегі, кәсіби іс-әрекеттегі ойлау қызметін қамтамасыз ететіндігіне кепілдік беруге болмайды.

Мектеп оқушыларының ерекшеліктерін тек қана біртұтас педагогикалық процес тұрғысынан және ондағы оқушылардың алатын орны тұрғысынан ғана зерттеу мүмкін.

Таным индивидтің біртұтас процесі ретінде:

- 1) өзінің объектісі болады;
- 2) индивид даму үстінде болады (таным объектісіне байланысты болады);

- 3) таным - әр уақытта субъективті (ол субъект танымның белсенділігіне тәуелді);
- 4) таным - әр уақытта мақсатты процес; танымның әртүрлі объектісінің мақсаты да әртүрлі;
- 5) таным динамикалық сипатта болады, яғни уақыт өткен сайын қозғалыста дамуда болады;
- 6) таным қарама-қайшылықтардан туындайды, танымның дамуына қарама-қайшылықтар ықпал етеді.
- 7) таным процесінің өз әдістері мен құралдары бар;
- 8) танымның шығармашылық бағыты бар;
- 9) танымның қоғамдық табиғаты бар.

Танымды қай уақытта іс-әрекет, қай уақытта процесс ретінде түсіну керек? Оны біртұтас танымдық процесінің жалпы құрылымымен салыстырып, қалай оған ендіруге болады?

Оқып-үйренуде танымдық актінің нәтижесі оның пәндік әрекетке сәйкестілігіне байланысты. В.Г.Бондаревский пәндік әрекеттерді қажетті деңгейде жүзеге асыру үшін әрекетті тікелей қызмет ететін тәсілдер, операциялар, дағдылар мен біліктер деп аталатын «құралдар мен аспаптардың» ең бір жарамды әрекетшіл топтамасы деп есептейді. А.П. Карповтың пікірінше, мектептегі оқушының танымдық іс-әрекеті – оны өмірге даярлаудағы қажетті кезең. Мектепте оқып жүрген жылдары жүйелі, үнемі оқып үйренуден қол үзген адамның санасы толыққанды бар мүмкіндігінше дамымайды, дүниені қабылдаудан, халықтың құндылықтарын игеруден құр алақан қалады [5].

Педагогтар мен психологтар шығармашылық қабілеттің адамның бүкіл өмірі бойында қалыптасатындығын дәлелдеді. Алайда, оның қалыптасу генезисінің онтогенінде оптималды, тиімді, сензитивтік жас шақтарына тәуелді кезеңдері бар.

Мектеп жасындағы кезең – балалардың шығармашылық дамуы үшін, сондай-ақ шығармашылық қабілеттерінің қалыптасуы үшін ең қолайлы кезең. Дәл осы кезеңде баланың шығармашылық іс-әрекетіне қажетті психологиялық негіз қаланады, баланың елестетуі мен қиялы, ойлауы дамиды, қызығушылығы тәрбиеленеді. Фактілер мен оқиғаларды, заттар мен құбылыстарды бақылау, талдау, салыстыру, фактілерді жалпылау, қорытындылар жасау, іс-әрекеттерді сыни тұрғыдан бағалау сияқты қабілеттіліктері қалыптасады. Дербестік, өздігінен іс-әрекетті жүзеге асыру қабілеті, белсенділік бастамашылдық сияқты қасиеттер тәрбиеленеді, қызығушылықпен бірқатар іс-әрекеттерге бейімділіктің қалыптасуы басталып, осы бағыт бөлініп шыға бастайды, іштей мұқтаждық қалыптасады.

М.А.Асылжанованың пікірінше, балалық шақта балалардың жас ерекшеліктері, әрі алғашқы қабілеттіліктерін қалыптасуы бастау алады. Баланың жеке басына тән ерекшеліктердің қалыптасуы оның жасына қарап даму барысында жүзеге асырылады, көп нәрсе әр түрлі жас кезеңдерінде ерекше дамиды қандай қасиеттерді бойда сақтап қоюға, қай жас кезеңіне тән ерекшеліктер мен белгілер интеллект белгілерінің қаншалықты дәрежеде ықпал ететіндігіне байланысты болады.

Мектеп оқушысының танымдық іс-әрекеті жас ұрпақтың міндетті түрде меңгеруге тиісті, үнемі жетілдіріп отыратын іс-әрекеті болып табылады. Г.Н.Щукина [6] танымдық іс-әрекеттің субъектісі оқушы болуға тиіс деп есептейді. Олай болса, әлеуметтік-педагогикалық негізі бар оқып-үйренудің де «қайнаған ортасында» оқушы, оның жеке басының тұлғасы, оның санасы, танылуға тиісті және танылу үстіндегі айнала қоршаған дүниеге қатынасы, таным процесіне қатынасы және танымдық іс-әрекетке қатысушыларға – оқушыларға, оқып-үйрену ісін ұйымдастырушы және бағыт беруші мұғалімдерге қатынасы, көз қарасы болады. Мектеп қабырғасындағы оқытудың оқып үйренудің ерекшелігінің өзі де осында. Әрі бұл оқып – үйренудің әлеуметтік мақсатқа, оны мұғалімнің ұйымдастыруы мен бағыт беруіне тәуелділікте болатындығын және соған қарамастан өзінің субъективтік – тұлғалық негізін жоғалтпайтындығын ұмытпауға тиіспіз.

Оқушының танымдық іс-әрекетінің екінші бір ерекшелігі, сол танымдық іс-әрекеттің өту сипаты болып табылады. Мектеп оқушыларының танымдық іс-әрекетінің мақсаты да, мазмұны да, тәсілдері де оқушының жүзеге асыратын оқып-үйрену процесінің бағдарламасына ендірілгендіктен, бұл оқып-үйрену процесі әртүрлі сипатта өтуі мүмкін, оған объектінің әртүрлі деңгейде күш салуы, әртүрлі дәрежедегі белсенділікпен қатысуы мүмкін, тіпті өз бетінше дербестігінің, іс-әрекетті өз бетінше орындауының дәрежесі де әртүрлі болуы мүмкін. Бір жағдайларда бұл процесі оқушылар басқаларға еліктей отырып, жүзеге асырса, яғни, бұл процесс репродуктивтік сипатта өтсе, екінші жағдайларда бұл процесс ізденушілік сипатқа ие болады, үшінші жағдайларда оқып-үйрену процесі шығармашылық деңгейге көтеріледі. В.Б.Бондаревскийдің пікірінше: «Іс-әрекеттің нақ осы сипаты оның соңғы нәтижесіне, яғни, алатын білімінің, білігінің, дағдыларының сипатына әсер етеді».

Іс-әрекеттің үйреткенді, көргенді, естігенді қайталау сипатында (жаңғырықтыру-репродуктивтік) өтуі оқушылардың жаңа ғана шамалы көлемде алған білімін есте сақтап қалуды

қамтамасыз етеді де, оқушының санасында түкпілікті терең өзгерістер жасамайды, оның танымға қатынасына өзгерістер әкелмейді. Оның іс-әрекеті бұл жағдайда мұғалімнен естігенін немесе кітаптан оқығанын есте сақтап қалуға негізделеді. Есте сақтау кезінде көбінесе оқығанды, естігенді қайта санадан өткізіп, пайымдау, талдау жүрмейді.

Оқушы іс-әрекетті өз бетінше жүзеге асырған кезде, өз бетінше ізденіс жүргізгенде немесе ол іс-әрекетті шығармашылықпен орындаған жағдайда оның іс-әрекеті басқаша сипатқа ие болады. Мұнда сезу, жобалау, ойлап табу, санасына жетіп, жаңаша түсіну, осы уақытқа дейін жинақтаған тәжірибесін, қалыптасқан ойын, көзқарасын, толғаныстарын қайта талдаудан өткізіп, салыстырып, пайдалану, оларды «іске қосу» жүзеге асырылады. Бұл жағдайларда ой мен сана, ерік пен жігер арқылы өткен білім мен білік, оқушы іс-әрекетіне, оның танымдық белсенділігінің артуына негіз болады.

Пайдаланған әдебиеттер

- 1 «Дамыта оқыту технологиялары» Б.А Тұрғынбаева «Алматы», 2000ж
- 2 «Бастауыш сыныпта оқыту» журналы №1 2006ж
- 3 Ушинский К.Д. «Избранные педагогические сочинения» Москва. 1969.
- 4 «Бастауыш мектеп» журналы №3,4 2010ж
- 5 «Мен және бәрі, бәрі, бәрі», Алматы «Аруна» 2006ж
- 6 Щукина Г.И. «Проблемы познавательного интереса в педагогике» Москва. 1971.

ӘӨЖ 37.013:372.41-057.874

ИНТЕРНЕТ ЖЕЛІСІНІҢ МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫНА ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ӘСЕР ЕТУ ЫҚПАЛЫ

Куралбаева Алия Абдукаримовна – PhD., аға оқытушы.
Науанова Карлыгаш Баракбаевна – магистрант

Академик А. Куатбеков атындағы Халықтар достығы университеті
E-mail: psixoloqiya16@mail.ru

Кілттік сөздер: ақпараттандыру, мемлекеттік бағдарлама, ақпараттық-коммуникациялық технологиялар, ақпараттық мәдениет, инноватция.

Ключевые слова: информатизация, государственная программа, информационно-коммуникационные технологии, информационная культура, инноватция.

Keywords: informatization, state program, information and communication technologies, information culture, innovation.

Резюме: В данной статье исследовано, что развитие умственной деятельности в информационный век неразрывно связано с компьютерными и современными средствами общения и самоокупаемость информацией оказывает фундаментальное влияние на деловую активность, образованность, культуру человека, а в целом на науку и мировоззрение, и в этом случае формирование информационной культуры будущих учителей будет направлено на повышение эффективности учебно-воспитательного процесса в целом.

Summary: This article examines that the development of mental activity in the information age is inextricably linked with computer and modern means of communication and the self-sufficiency of information has a fundamental impact on business activity, education, human culture, and in general on science and worldview, and in this case, the formation of the information culture of future teachers will be aimed at improving the effectiveness of the educational process as a whole.

Қоғамның дарынды адамдарға деген қажетін қанағаттандыру талабы оқыту, білім беру жүйесінің алдына баланың жеке қабілеті мен әлеуметтік белсенділігінің дамуына жол ашу, шығармашылық тұлға қалыптастыру міндетін қойып отыр.

Шығармашылық тұлға негізі бастауыш сыныпта қалыптасатыны анық. Осы жастағы балалар бойында шығармашылық қабілеттің бастаулары жатыр. Тек өмір тәжірибесінің, дара-дүниетаным,

дара-эстетикалық көзқарастың жетімсіздігінен олардың бойлырандағы шығармашылық қабілетті ашып көрсете алмайды. «Бұлақ көрсең, көзін аш» деген халқымыз. Жалпы шығармашылық туынды өмірге келгенге дейін ұстаз шәкірттің өнеге тұтар ақылшысы, пікірлес досы, бапкері болуға тиіс. Оқушы шығармашылығы үнемі ұстаз, сынып ұжымы, ата-аналар тәрбиесінен қолдау тауып отыруы керек.

Шығармашылық жұмыс істеуге үйренген оқушы жоғары сыныптарда шығармашылық жұмыстың қай түріне болсын бейім болады. Олар жаңа идеяға проблемаларды шешуге тырысады.

Баланың жастайынан шығармашылық қабілетін қалай қалыптастыру керек? Оның жолдары, әдіс-тәсілдері, мазмұны қандай?

Қазіргі таңдағы өзекті мәселенің бірі – осы. Психологтардың зерттеуі бойынша, әрбір жаста шығармашылыққа баулуға өзек болардай өзіндік ерекше қабілет, бейімділік бар екен.

Төменгі сынып оқушыларының дамуын бағыттап, бағдарламаса, онда жоғары сыныпқа келгенде, көбінің шығармашылық мүмкіндігі шектеліп, тоқырап қалады.

Сонымен төменгі сыныпта оқушыларды шығармашылыққа баулып, үйрету үшін қажетті жағдайлардың мазмұнына тоқталсақ:

- Мұғалім ең алдымен, сыныпта шығармашылық көңіл-күй тудыру үшін баланың назарын бір нәрсеге бағыттауы керек. Яғни оқушылардың назарын шығармашылық арнаға бұру үшін үнемі шығармашылық тапсырма – міндеттер, жаттығу, ойын түрлерін ұсынған жөн;

- Әрбір шығармашылық тапсырманы оқушыға ұсынудың жолын, әдіс-тәсілін білу керек;

- Шығармашылық жаттығу ойын тапсырмалардың мазмұны жеткіншектердің жас ерекшелігіне, қызығушылығына үйлесуі керек;

- Тапсырма – міндетпен танысқаннан кейін бала жұмысқа кіріседі.

Мұғалімнің ең үлкен міндеті: бала белгілі бір көркемдік шешім тауып, өз туындысын ұтымды аяқтап шыққанға дейін оны назарынан тыс қалдырмау, шығармашылық бағыт-бағдар беріп отыруы:

- шығармашылықпен жеке дара оқушы емес, сыныптың, мектептің бүкіл балалары ойлауы үшін жағдай, мүмкіндік туғызу керек. Сыныпта, ұжымда өзара шығармашылық қарым-қатынас, шығармашылық ахуал орнату;

- мұғалім – оқушы үшін қарапайым ғана жан. Ал егер ол оқиға, сурет құруға, образ жасауда жазушылық шеберлік танытса, оқушылар ерекше естиді. Өздерінің күшіне деген сенімі қалыптасады. Сондықтан мұғалімнің шығармашылықпен айналысуы және өзінің жазған дүниелері жөнінде балалармен пікір алмасуы заңды;

- шығармашылық үшін психологиялық қауіпсіздік, еркіндік, ашықтық, бостандықты қамтамасыз ету;

- Шығармашылықты тежейтін үш нәрсе бар: біреуі – қатерсіздікке ұшыраймын, қолымнан еш нәрсе келмейді деген тыс қорқыныш сезімі, екінші - өзіне-өзі тым риза болмаушылық сезімі (не жазса да өзі ұнатпайды, кейде өзін-өзі жек көріп кетеді), үшіншісі – жалқаулық. Ондай жағдайда баланы құтқарудың жолдарын табу;

- Оқушының шығармашылықпен айналысуына мектепте, сабақ үстінде, үйде қолайлы жағдай туғызу;

- Шығармашылық бағытқа баланы жүйелі, саналы түрде қалыптастырып отыру;

- Мұғалім көркем шығармашылық түрлеріне үйретіп, баулу үшін көркемдік өлшемдермен өзі де қарулануы керек. Көркем шығарманың, әдеби процестің механизмін түсінбейтін мұғалім оқушыны әдеби шығармашылыққа үйретіп баулымақ түгілі, оқушы жасаған дүниеге нақты, әділ бағасын беріп, көркемдік дәрежесін тани да алмайды [1].

Мұғалім оқушы шығармашылығын дамыту, бағыт-бағдар беру ісінде мыналарды ескеруі керек деп ойлаймын:

- шығармашылық тапсырмалардың мазмұн-түрін ойлап табу;

- шығармашылық міндеттерді оқушыға ұсынудың әдіс-тәсілін меңгеру;

- көркемдік шешім табу, оқиға құру, образ жасау үшін кілт боларлық жағдайларды тудыра білу;

- шығармашылық процесті фактілер мен мәліметтерге педагогикалық, әдістемелік тұрғыдан баға, қорытынды бере білу, теориялық, практикалық тұжырымдар жасау.

Бұның өзі шығармашылық сағаттарды жетілдіре түсуге мүмкіндік береді.

Енді осы қабілет, шығармашылық деген сөздердің мағынасын ашсақ. Қабілет дегеніміз не?

Қабілеттер (способности) – бір немесе бірнеше іс-әрекеттерді нәтижелі орындаудың шарты болып табылатын адамның жеке ерекшеліктері. Адамға кез-келген іс-әрекеттерді нәтижелі орындауға

мүмкіндік беретін қабілеттердің өзінше сапалық үйлесуді дарындылық деп аталады. Дарындылықтың жоғарғы дәрежесі – талант.

Қабілеттерді оқушыларды бұған дейінгі алған білімі және дағдылармен шектеуге болмайды. Білім, білік, дағдылардың жеңіл тез игеру қабілеттерге тәуелді болады. Екінші жағынан бұлардың игерілуі қабілеттердің дпмуына ықпал жасайды.

Білім мен біліктің болмауы, қабілеттердің дамуын тежейді. Қабілеттер оқушыға дайын түрінде берілмек емес, бұлар тәрбиелеу мен оқыту барысында әрдайым жүзеге асатын дамудың нәтижесі. Туа бітті тек нышандар, яғни айтқанда қабілеттер негізінде жататын анатомиялық-физиологиялық ерекшеліктер болуы мүмкін. Оқу, білім алу қабілеттерінің өзі оқушының нақты іс-әрекетінсіз пайда болуы мүмкін емес. Адамдардың барлық қабілеттері – азаматтық қатынастардың жемісі. Қатынастар деңгейі әр оқушыда әр түрлі болатындықтан қабілеттердің деңгейі әр түрлі болады.

Психологтардың айтуынша, қабілетті айқындау мақсатындағы зерттеулер XIX ғасырдан басталған. Бұл қасиеттің терең түбінде талант нышаны жатыр.

Қасиеттің тиімділігін дамыту тәрбие жұмысына және жас ерекшелігінің өзгеруіне де байланысты.

Шығармашылық деген не?

Шығармашылық сөзінің төркіні, этимологиясы шығару, нойлап табу дегенге келіп саяды. Демек, жаңа нәрсе ойлап табу, сол арқылы жетістікке қол жеткізу деп түсіну керек. Философиялық сөздікте: н... шығармашылық қайталанбайтын, тарихи-қоғамдық мәні бар, жоғары сападағы жаңалық ашатын іс-әрекет, - деп түсіндіріледі. Көрнекті психолог Л.С.Выготский шығармашылық деп жаңалық ашатын әрекетті атаған. Ал осы мәселені терең зерттеген психологтардың бірі Я.А.Пономарев оны ндамуң ұғымымен қатар қояды. Өйткені әрбір жаңалық, әсіресе интеллектуалдық тұрғыдағы болса, ол баланың психикасын жаңа сапалық деңгейге көтереді деп есептейді. Бұл пікір бүгінгі күнгі педагогиканың талаптарына сәйкес келуімен көңілге қонымды [2].

Зерттеле келе шығармашылыққа берілген анықтамалар да өзгере бастады. Соңғы жылдары шығармашылық сөзімен жаңалықпен қатар нбастамалылық, белсенділік ұғымдары астарлас қолданылып жүр.

Шығармашылық - өте күрделі психикалық процесс. Ол іс-әрекеттің түрі болғандықтан, тек адамға ғана тән.

Шығармашылық (творчество) - қоғамның материалдық және рухани өмірін жетілдіруде бұрын болмаған жаңа, соны заттар, шығармалар және т.б. өндіретін, адамның танымға және шындықты түрлендіруге бағытталған саналы, мақсатты белсенді іс-әрекеті. Әр түрлі іс-әрекетте (ғылымда, техникада, өнерде қоғамдық қатынастарда, қоғамдық сана түрлерінде, өндірісте, тұрмыста) адамдардың барлық жасағандары – шығармашылық күш –жігерінің нәтижесі.

Шығармашылық барысы негізгі белгілері тұрғысынан адамдардың кез-келген әрекеті үшін біртұтас болады. Ол өмірді мағыналық ұғынуды, жаңа шығармашылық жинақтау жасауды, жаңа идеялар көтерудегі зиялылық іс-әрекеті және оларды өмірге ендіруге дене еңбегі іс-әрекетін біріктіреді. Әртүрлі іс-әрекеттің өзіне тән ерекшеліктеріне сай, шығармашылық барасы да сан-қилы болады.

Мұғалімнің оқушылардың дүниеге көзқарасы, өмірге және еңбекке ұлықтық-талғамдық қатынасы сияқты күрделі тәрбиелік міндеттерін шешуде шығармашылықтың ерекше мәні бар. Мұғалім шығармашылығы теорияны терең білу, осы заманғы келелі мәселелерді мағыналы ұғыну болып табыдалды. Ол оқу –тәрбие міндеттерін жоғары тиімділікпен шешілуден, ойлаудың томаға- тұйық еместігін, өз ойын сауатты баяндау беруінен, зор сенімнен көрінеді, осылайша оқушы бойындағы қоғамдық белсенділікті оятады.

Ұзақ жылдар бойы шығармашылық барлық адамның қолынан келе бермейді деп қарастырылып келсе, қазіргі ғылым жетістіктері қабілеттің мұндай дәрежесіне белгілі бір шарттар орындалған жағдайда кез-келген баланы көтеруге болатындығы жайлы көп айтуда.

Шығармашылыққа деген қажеттілік күрделі рухани қажеттілік. Әзірге ол барлық адамдарда бірдей деуге болмайды. Ал қоғамда болып жатқан жаңару процестері әр адамнан күнделікті шығармашылық қайтарымды талап теіп отыр.

Шығармашылық - бүкіл болмыстың, қозғалыстың, дамудың, бір сөзбен айтқанда тіршіліктің көзі, табиғат, қоғам құбылыстарында жеке адамның ақыл санысында, іс-әрекетінде, ішкі жан дүниесінде шығармашылықтың табиғи процестері үздіксіз жүріп жатады. Бұл процесс белгілі бір жүйемен дамиды. Ішкі шығармашылық процестері табиғат өзі басқарады. Ал сыртқы факторларды басқару, реттеу жеке адамның ой –санасына, айналысатын ісіне байланысты.

Адамның шығармашылыққа деген жанданысы, оның өз жекелігін, өзқабілеттерін іске асыруға деген жолын ашады. Шығармашылықтың мәнін аша отырып, оның нәрекетің ұғымымен тығыз байланысты екенін анықтауға болады. Шығармашылық және әрекет диалектикалық біртұтастықты құрайды. Әрекетшіғармашылық тудырып, оны нақты болмысқа айналдырсы, ол шығармашылық әрекетті реттейді, оның амалдарын тиімділігін анықтайды.

Шығармашылық әрекеті оқушылардың бейімін, қызығушылығын дамытуды, олардың шығармашылық күшін дамытуды, олардың шығармашылық күшін жетілдіруді көздейді. Шығармашылық әрекетконцерттік қойылым, көркемөнерпаздар байқауы, көркемсөз оқу, қолөнер шеберлері және сурет көрмесінің байқауын ұйымдастыру формасында көрініс береді. Осындай әрекет барысында оқушылардың адамгершілік, әсерленушілік жіне ерік-жігер қасиеттерін тәрбиелеу міндеттері атқарылады.

Зерттеушілер шығармашылық әрекеттерге әр түрлі анықтамалар береді. Мысалы: И.Я.Лернер шығармашылық әрекет деп білім, білік, дағдыны жаңа жағдайға тасымалдай білуді, объектінің жаңа қызметін көре білуді, жаңа шешім табуды белгілейді.

А.Н.Лук шығармашылық әрекетті мәселені шешудегі көрегендікке, қырағылыққа балайды, идеяларды іске асыру болжай білу қабілеттерін атайды.

Шығармашылық ақбілеттер шығармашылық елес, шығармашылық ойлау арқылы қалыптасады. Ал шығармашылық ойлау деп ойдың жылдамдығын, икемдігі, тапқырлығы, дәлдігі алынады.

Шығармашылық әрекет арқылы шығармашылық қасиеттер қалыптасады, әрі қарай дамиды.

Қабілеттің шығармашылық деңгейге көтерілуі неге байланысты деген сұрақтар әрбір адамды мазалайды. Шығармашылық әрекет - өте күрделі процесс және ол адамға ғана тән. Шығармашылық - адам іс-әрекетінің түрі. Мұндай әрекеттің ерекшелігі даму деңгейі текәлеуметтік факторларға емес, табиғи биологиялық факторларға байланысты. Бүгінде шығармашылық қабілеттердің дамуы басты нысана болып, ол оқушыда шығармашылықтың белгілірінің болмауы үлкен проблемаға айналып, ойландыруға тиісті кезге жеткен сияқтымыз. Өйткені өмірдегі сан алуан қиыншылықтарды шешебілу, мемлекетімізді өркениетке жеткізу тек шығармашыл адамдардың ғана қолынан келмек. Тек шығармашылық қана адамға өмірдің мәнін түсінуге, бақытын сезінуге, мүмкіндік туғызады.

Мұндай күрделі мәселені шешуде үздіксіз білім беру ісінің алғашқы сатыларының бірі болып саналатынбастауыш мектептің алар орны ерекше. Өйткені бастауыш мектеп:

1. Оқушылардың интеллетуалдық рухани, табиғи нышандарын дамытуға - өзінің қызығушылықтары мен бейімділіктерін іске қосуға;
2. Жеке адамның сезімдерін қалыптастыруға;
3. ұжымдық және іс-әрекеттер тәсіліне үйретуге;
4. Балының еркін шығармашылықпен ойлауына, оның барлық қабілеттерін дамытуға, өз күшіне дегенсенімінің болуына жағдай жасауы керек [3].

Пайдаланған әдебиеттер

1. Бабаева Ю.Д., Войскунский А.Е., Смылова О.В. Интернет: воздействие на личность // Гуманитарные исследования в Интернете / Под ред. А.Е. Войскунского. – М., “МожайскТерра”, 2000, с. 11-40
2. Бабаева ЮМ., Войскунский А.Е. Одаренный ребенок за компьютером.М.,2003.
3. Войскунский А.Е. Психологические исследования феномена Интернет-аддикции // Тезисы докладов 2-й Россий

ЖАСӨСПІМДЕРМЕН ӘЛЕУМЕТТІК ЖҮРГІЗІЛГЕН ЖҰМЫСТАРҒА
ЭКСПЕРИМЕНТАЛДЫ ЗЕРТТЕУ

Куралбаева Алия Абдукаримовна – PhD., аға оқытушы.
Алиева Багила Куралбаевна – магистрант

Академик А. Куатбеков атындағы Халықтар достығы университеті
E-mail: psixoloqiya16@mail.ru

Кілттік сөздер: әлемдік жаһандану, ақпараттандыру, әлеуметтік реабилитация, идеалдық, нигилизмдік шектен шығу.

Ключевые слова: глобализация мира, информатизация, социальная реабилитация, идеальность, нигилизм.

Keywords: globalization of the world, informatization, social reablitation, ideality, nihilism.

Резюме: В этой статье сделан обзор общего состояния молодежи в Казахстане, полностью переосмыслена их личность и сделаны суждения. Рассмотрена технология социальной работы с молодежью, привлечен зарубежный опыт, представлены оригинальные идеи.

Summary: This article provides an overview of the general condition of young people in Kazakhstan, completely rethinking their personality and making judgments. The technology of social work with young people is considered, foreign experience is involved, original ideas are presented.

Ел басы өзінің жыл сайынғы Жолдауларында атап айтқандай, халықтың өмір сүру деңгейінің әлеуетін және шынайы қорын анықтауда экономикалық белсенділік маңызды фактор болып табылады. Ал жұмыспен қамтамасыз ету әлеуметтік саясаттың негізі болып қала береді.

Жастардың әлеуметтік жағдайы мен оларды қорғау туралы айтпас бұрын, бұл топтың жас ерекшелік шегін анықтап алуымыз қажет. Алайда, жастық шақ тек қана өмірлік циклдың кезеңі емес, жастық шақ – қызметтің әртүрлі негізгі түрлерімен байланысты адамның әлеуметтік статусы болып табылады. Қазыргі кезде ғалымдар жастарды қоғамның әлеуметтік-демографиялық тобы ретінде қарастыра отырып, олардың әлеуметтік жағдайын қоғамның әлеуметтік-экономикалық, мәдени даму, әлеуметтену ерекшелігімен тығыз байланыстырады. Экономикалық дағдарыс кезеңінде жастар көбінесе халықтың осал тобына қосылады. Расында, экономикалық өсім құлдырағанда, жастар дағдарыстың әсерін алғашқылардың бірі болып сезеді. Сонымен бірге, экономикалық қиын кезеңдерде жалпы жұртшылыққа қарағанда, әсіресе жастардың жұмысқа орналасуы оңайға соқпайды.

Жастардың өзіне тән ерекшеліктері бар, оның қайнар көзі объективтілік мәнділігінен бастау алады. Жастармен әлеуметтік жұмыс технологиясының маңыздылығы, жастардың әлеуметтік-демографиялық категория ретінде мәселелері кең көлемді және қиын жағдайда болғандықтан ғана емес, сонымен қатар ХХІ ғасырдың болашағы тек жастар. Жастар еліміздің 30% айтын қоғамның маңызды бөлігі, уақыт өте қоғамның экономика, саясат, әлеуметтік және рухани саласының алдыңғы қатарларын алатын болады.

Әлеуметтануда «жастар» деп жасерекшелік қасиеттеріне сай қызмет түрлері қалыптасатын қоғамдастық топтар жиынтығы. Тар мағынада «жастар» - бұл қоғамның әлеуметтік құрылымында жеке функциялары, спецификалық қызығушылықтары мен құндылықтары бар жасерекшелік негізіне қарай белгілі әлеуметтік орны қалыптасқан әлеуметтік-демографиялық топ. Жастардың әлеуметтік жағдайы мен қорғау жолдары туралы айтпас бұрын, олардың жасерекшелік шегін анықтап алу қажет. Мысалы, Ежелгі Қытайда жастарға 20 жасқа дейінгі тұлғалар жатып, 30 дейінгілер неке қию кезеңіндегі жастар деп есептелген. [1]

Бұл топтың шекарасы өзгермелі және әртүрлі. Жасерекшелік классификацияның шетелдік және отандық түрлері болады. Жалпы орташа жасерекшелік шекарасы 14-тен 30 жасқа дейін созылады. 14 жастан бастап физиологиялық ересектік басталып еңбек қызметіне жол ашылады, осыған негізделіп жасерекшелік шекарасы анықталады. Жасерекшеліктің жоғарғы шекарасына еңбектік және әлеуметтік тұрақтылыққа жеткен, отбасын құрған, балалы болған жастық кезең жатады (экономикалық дербестік, кәсіби өзін-өзі анықтау) [2]

Жастар көптеген қоғамдық ғылым салаларының пәніне айналған. Мысалы, әлеуметтану ғылымы жастардың қоғамдық топ ретіндегі мәнін әлеуметтік ерекшелігін, қоғамдағы рөлі мен орнын зерттейді; жасерекшелік шекарасын анықтайды; жастардың қоғамға әлеуметтенуін қарастырады. Әлеуметтену – бұл тұлғаның қалыптасу үрдісі, яғни индивидтің құндылықтарды, құрылғылар нормасын, белгілі бір қоғамға, әлеуметтік қоғамдастықтарға, топқа тән тәртіп үлгілерін оқу мен меңгеру болып табылады. Жастар ұғымына алғашқы анықтаманы 1968 ж. В.Т.Лисоковский берген: «Жастар – бұл ерте жастық шақта меңгеру, ересектік кезеңде білім, кәсіби және басқа да әлеуметтік функцияларға әлеуметтенген 16 мен 30 жас аралығындағы азаматтарды санаймыз» деп анықтама берген. Кейінірек толық анықтаманы И.С. Көн берген: «Жастар әлеуметтік және әлеуметтік-психологиялық қасиет ерекшеліктері бар, жасерекшелік жиынтық негізінде ерекшеленетін әлеуметтік-демографиялық топ [3].

Қазақстан Республикасында жастарды әлеуметтік қолдау мақсатын әлеуметтік қызметтер жүзеге асырады. Әлеуметтік қызметтің бағыттарына:

- Психолого-педагогикалық, медико-әлеуметтік, заңи көмек пен жасөспірімдерге көмек беру және жас азаматтардың басқа да өкілдеріне қызмет көрсету;
- физикалық ахуалдың салдарынан ерекше жағымсыз жағдайға тап болған тұлғаларға көмек көрсету;

- жас отбасыларға әлеуметтік көмек;

- еңбек және оқу ұжымдық кеңістікте жастарды құқықтық қорғау;

- кәмелетке толмаған қараусыз және панасыз азаматтарға, кәмелетке толмаған девиантты мінез-құлқы бар тұлғаларға әлеуметтік көмек;

- жастар арасындағы бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған, сондай-ақ арнаулы тәрбиелеу мекемелерінен оралған адамдарды, нашакорлықтан, уытқұмарлықтан, маскүнемдіктен емдеуден өткен адамдарды әлеуметтік қалпына келтіру;

- құқықтық насихат, жастардың жұмысқа орналасу, білім беру және кәсіптік даярлау, бос уақытын өткізу, туризм және спорт салаларындағы құқықтарын іске асыру мүмкіндігі туралы оларды хабардар ету;

- жастардың тұрғылықты жері бойынша бос уақытын мазмұнды өткізуін ұйымдастыру;

- жастардың жұмысқа орналасуына және жұмыспен қамтылуына жәрдемдесу болып табылады.

Мемлекеттің бірден-бір функциясына – еңбекпен қамтуды реттеу, жұмыссыздықтың негативті салдарын жою жатады. Әрбір қалада немесе ауданда төмендегідей қызмет көрсететін халықты еңбекпен қамту орталықтары құрылған: жұмыссыздық бойынша жәрдемақы төлеу, жұмыс табуға көмектесу, сұранысқа ие мамандықтарға қайта даярлау. Бұл орталықтарға сонымен қатар психологиялық көмек те көрсетіледі. Мемлекет, сонымен қоса, жаппай жұмыстан қысқартуды жоспарлап отырған кәсіпорындарға жұмыс орнын сақтау немесе модернизациялау мақсатында қаржылық қолдау көрсете алады. Бұдан басқа мемлекет кез-келген кәсіпорынға оның халықтың аз қорғалған топтарын (мүгедектер, әйелдер, жастар, көп балалы аналар) жұмысқа алғандығы үшін салықтық жеңілдік жасай алады.

Әрбір елдің жұмыссыздықпен күрес әдістерінің өз тұжырымдамасы болады. Пигу мен оның ізбасарлары зұлымдықтың түбірін жоғары жалақымен байланыстырып, төмендегіні ұсынады:

- жалақы деңгейін төмендетуге ықпал ету;

- жұмыссыздықтың өсуіне жалақының жоғарылауы әсер етеді деген қағиданы түсіндіру.

14-29 жас аралығындағы әрбір қазақстандық жас бала өмірінің маңызды бөлігін жұмыспен қамтылу мәселесі құрайды. Жоғарыда айтылып өткендей, өздерінің жас мөлшеріне байланысты жас адамдар қандай да бір салада үлкен тәжірибеге ие болмағанымен, ірі көлемді инновациялық және шығармашылық мүмкіндіктер, сондай-ақ жемісті еңбек етуге деген айрықша құлшынысқа ие [4]. Жоғарғы оқу орнын бітіріп, қолына диплом ұстаған әрбір жас түлек жұмысқа орналасу жайын ойлаумен болады, өйткені, елімізде жас мамандарды жұмыспен қамту мәселесі әлі де жүйелі шешілмеген. Әсіресе, тәжірибесі жоқтығын сылтау етіп, (ал, жаңа бітірген жас түлектің қайдан ғана тәжірибесі болуы мүмкін) жұмысқа қабылдаудан бас тартатындар жетіп артылады. Жасыратыны жоқ, жұмысқа орналасу таныс-тамырдың арқасында мүмкін болып жатады. Міне, жастар үшін бұл толғандырарлық мәселе болатыны да осыдан болар.

Жоғары оқу орындары түлектерінің жұмыспен қамтылу деңгейінің төмен болу себептері:

Біріншіден, жоғары оқу орындарына белгілі бір мамандықты оқуға түскен жастар еңбек нарығындағы ағымдағы сұранысқа назар аударады. Ал оқуларын аяқтаған жастар заман талабына сәйкес мамандықтарға деген сұраныстың да өзгеріп кеткенін түсінеді.

Екіншіден, техникалық мамандықтар, ақпараттық технологиялар саласындағы мамандар, сондай-ақ, био және нанотехнология салаларындағы мамандықтарға бөлінетін мемлекеттік гранттар санының арту үдерісіне қарамастан, білім беретін оқу ордаларының профессорлық-оқытушылық құрамы мүлдем өзгермейді, осыған байланысты, студенттерге берілетін білім нарықтағы жұмыс берушілердің талаптарына сай келмей, бұрынғы сабақтастығын сақтап қалады.

Айта кететін жайт, жоғары оқу орны түлектерінің оқу үрдісінде алатын теориялық білімі, іс жүзіндегі дағды мен ептілікті былай қойғанда, еңбек нарығындағы жұмыс берушілердің талаптарына мүлдем сәйкес келмей жататын жасырудың қажеті жоқ. Осылайша, Қазақстанның жоғары оқу орындарындағы студенттердің мамандану деңгейі шынайы өмір ағымы мен талаптарына жауап бермейді деуге толық негіз бар. Бұл университет қабырғаларында білім беретін профессорлық-оқытушылық құрамның өзгермеуі мен берілетін білімдердің бұрынғы сарынмен, жаңа үдерістерге сәйкес болмауына байланысты. Ағымдағы өмір көрсетіп отырғандай, жоғары оқу орындарының түлектері өз мамандықтары бойынша жұмыс таба алмай, басқа кәсіппен айналысады немесе сұранысқа ие мамандықты алу мақсатында қайта оқуға түсуге мәжбүр.

Мемлекет тарапынан бұл мәселеге назар аударылып, әртүрлі жобалар жасалынып жатқандығын да айта кеткен жөн. Мәселен, республика бойынша «Жастар тәжірибесі» жобасы жасалынып, бұл жоба жоғарғы оқу орындарын, колледждер мен өзге де орта кәсіптік оқу орындарын бітірген жас түлектерге мемлекеттік көмектің қосымша мөлшері болып табылады. Жас мамандар үшін бұл, ең алдымен, басқа да тәжірибелі мамандармен бәсекеге түсу үшін тәжірибе жинақтау мен жұмыс істеудің бастамасы болмақ.

Мемлекет басшысының «Жас Отан» Жастар қанатының І Съезінде мемлекеттік басқару, бизнес жүйесі және қоғамдық қызмет саласы үшін жастар кадрлық резервін қалыптастыру туралы тапсырмасына сәйкес, «Жастар кадрлық резерві» жобасы іске асырылуда. Жобаның мақсаты – 29 жасқа дейінгі қазақстандық және шетелдік жоғары оқу орындарын бітірген жас мамандар арасынан басқарушы кадрларды анықтау, іріктеу, даярлау және тәрбиелеу, әлеуметтік маңызды қызметке тарту жолдары арқылы Қазақстанның жастары арасынан кадрлық резерв қалыптастыру болып табылады. Сонымен қатар, «Нұр Отан» ХДП «Жас Отан» Жастар қанаты «Дипломмен ауылға!» жобасын әзірлеп, 2009 жылдың шілдесінен бастап жүзеге асырылуда. Бұл орайда мемлекет тарапынан ұйымдастырылған «Жасыл Ел» бағдарламасы студент-жастарды жазғы демалыс уақыттарында елімізді көгалдандыру мен абттандыру жұмыстарына, сонымен қатар, студенттік құрылыс жасақтарына тартып, жастар арасында қарым-қатынасты нығайтып, еңбексүйгіштік, өз ісіне жауапкершілікпен қарау қабілеттерін арттыруды мақсат етіп, мәселенің алдын алуға тырысуда.

«Жастар тәжірибесінің» негізгі мақсаты жұмыссыз жастардың кәсіби білімдерін меңгеру, еңбек нарығындағы бәсекеге қабілеттілігін жоғарылату, жұмысқа тұру мүмкіндіктерін кеңейту болып табылады. «Жастар тәжірибесі» оқу жұмыс орындарында ұйымдастырылып, қызмет ақысы бюджеттік есептен қаржыландырылады. Оқу жұмыс орны – жұмыс берушімен құрылған өндірістегі тәжірибелік жұмыстың кәсіби білімін, дағды мен біліктілігін меңгеруге негізделген қосымша уақытша жұмыс орны. Еңбек жұмысқа орналастыру және әлеуметтік қорғай органдары жұмыссыз жастарды жұмыс берушілерде бар вакантты жұмыс орындарына бағдарлай алады. Жұмысқа алушы оқу жұмыс орындарын жасап, және оған жұмыссыз жастарды жұмысқа алу барысында еңбек, жұмысқа орналастыру және әлеуметтік қорғау органдарымен келісім-шартқа отыру негізінде ғана жүзеге асырылады. Жастар тәжірибесіне оқу жұмыс орнына сәйкес келетін кәсіби (мамандығы) бар жұмыссыздар бағытталады. «Ауыл жастары» бағдарламасы бойынша, әрбіреуіне 70 айлық есептік көрсеткіш көлемінде көтерме жәрдемақы төленеді. Педагогика мамандары үшін жұмыс орындарын табу қиынға соқпағанымен, жас дәрігерлердің мәселесі сол ашық күйінде қалды. Жастардың ауылдық жерлерде жұмыс істеуден бас тартуының негізгі екі себебін атап көрсетуге болады: жалақысы жоғары жұмыс пен қазіргі заман талабына сай инфрақұрылымның жоқтығы. Оларға мемлекеттік қолдаумен қатар, жергілікті билік органдарының батыл әрекеттері ауадай қажет. Атап айтқанда, аудандық бюджеттерді бекіту кезінде жастарды ауылдық жерлерде үлкен сұранысқа ие мамандықтар бойынша оқыту үшін қосымша қаражаттың бөлінуін қарастыру қажет. Сонымен қатар, жас мамандарға жеңілдіктер бойынша тұрғын үй беру, мал мен жер телімдерін сатып алуда көмек көрсету, қажет жағдайда – жас мамандардың балаларының мектепке дейінгі мекемелерге орналастырылуын қамтамасыз ету сияқты механизмдерді қолданып, аудандық бюджеттерден қосымша қаражат бөлу қажет.

«Жас Отан» ЖҚ аясында «Жастар – Отанға» жобасы жастар арасындағы әлеуметтік маңызы бар жобаларды іске асыруға бағытталған. Осылайша, 2009 жылы билік органдары жастардың 50 әлеуметтік жобаларына қолдау көрсеткен болатын.

Осылайша, бүгінгі таңда Республика аумағында жүзеге асырылып жатқан жобалардың ішінде, 2009 жылғы көрсеткіш бойынша жоғары оқу орындарының жұмыспен қамтылу ісінде «Дипломмен ауылға» жобасы ең үлкен жетістіктерге жетті, ал оның аясында 6 582 маман жұмыспен қамтылды. Қалған жобалардың жұмысына қатысты жүргізілген сараптама көрсетіп отырғандай, олар жоғары оқу орындарының түлектерін кешенді жұмыспен қамту ісінде өз тиімділіктерін көрсете алмады. Жұмыспен қамтылған жас мамандардың саны бойынша екінші орын алатын жоба – «Жастар практикасы» болып отыр. 2009 жылдан бастап Ауылшаруашылығы министрлігінің бастамасымен «Нұр Отан» халықтық-демократиялық партиясының «Жас Отан» жастар қанатының бастама-қолдауымен «Дипломмен - ауылға!» жобасы қолға алынды. "Дипломмен ауылға" бағдарламасы Ауыл шаруашылығы министрлігі мен "жас отандықтардың" бастамасы бойынша, тікелей президенттің тапсырмасымен 2008 жылдың қаңтар айынан бастап іске асырыла бастаған болатын. Бұл жоба барлық жасерекшелік жастағы азаматтарға қолдана береді.

Пайдаланған әдебиеттер

1 Кебина Н.А. Молодое поколение Казахстана: сегодня и завтра. //Социология молодежи. 2005, № 2. 10с.

2 Ковалева А.И., Луков В.А. Социология молодежи: Теоретические вопросы. – М.: Социум, 1999. 59с.

3 Колков В.В., Колков С.В., Шахина Н.А. Государственная молодежная политика и социальная работа с молодежью: Учебное пособие. – М.:Социально-технический институт, 2000. 91с.

4 Концепция государственной социальной службы помощи населению: Семье и личности / Под ред. Л.С. Ржаницыной. М., 1992. 87с.

ӘӨЖ 37.013:372.41-057.874

ОҚЫТУ ПРОЦЕСІНДЕ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ТАНЫМДЫҚ БЕЛСЕНДІЛІГІН АРТТЫРУДА АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУДЫҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ШАРТТАРЫ

Тасова Асел Баймурзаевна – PhD., аға оқытушы.

Артықбай Жанар Дастанқызы – магистрант

Академик А. Куатбеков атындағы Халықтар достығы университеті

E-mail: psixologiya16@mail.ru

Кілттік сөздер: инновация, технология, ақпараттандыру, таным теориясы, ақпараттық-коммуникациялық технология, интеллектуал.

Ключевые слова: инновации, технологии, информатизация, теория познания, информационно-коммуникационные технологии, интеллектуал.

Keywords: innovations, technologies, informatization, theory of knowledge, information and communication technologies, intellectual.

Резюме: В данной статье исследовано, что использование на уроках новых информационных технологий приводит к развитию творческих, интеллектуальных способностей учащихся, формированию навыков использования своих знаний в жизни, оказывает благотворное влияние на использование дидактических возможностей компьютерной техники в педагогических целях, в определении содержания образования, совершенствовании форм и методов обучения.

Summary: This article studies that the use of new information technologies in the classroom leads to the development of creative, intellectual abilities of students, the formation of skills for using their knowledge in

life, has a beneficial effect on the use of didactic capabilities of computer technology for pedagogical purposes, in determining the content of education, improving the forms and methods of teaching.

Қазақстан Республикасының 2015 жылға дейінгі білім беруді дамыту тұжырымдамасының жобасында «Жоғары білімді дамытудың негізгі үрдісі мамандар даярлау сапасын арттыру, қарқынды ғылыми-зерттеу қызметімен ықпалдастырылған инновациялық қажеттіліктерімен тығыз байланысты білім беру және технологияларды жетілдіру көзі» деп атап көрсеткендей, қазіргі білім беру саласындағы басты мәселе: әлеуметтік педагогикалық ұйымдастыру тұрғысынан білім мазмұнына жаңалық енгізудің тиімді жаңа әдістерін іздестірумен және оларды жүзеге асыра алатын болашақ мамандарды даярлау болып отыр [1].

Қазіргі заман педагогтерінің негізгі мақсаты – білім алушылардың білімін сапалы ету, оның толыққанды жеке тұлға болып қалыптасуына мүмкіндік жасау. Осыған орай, соңғы кезде оқытудың әр түрлі педагогикалық технологиялары жасалып, мектеп өміріне енгізіліп қолдануда. Педагогика ғылымында баланы оқыту мен тәрбиелеудің міндеті жан-жақты дамыған жеке тұлғаны қалыптастыру болғандықтан, жаңа технология бойынша әдістемелік жүйенің басты бөлігі оқыту мақсаты болып қалады.

Бұл оқу құралда жаңа педагогикалық технологияны меңгерудің міндеттері, жолдары, қолданудың әдіс-тәсілдері, сонымен қатар педагогикалық технологияның түрлері оны оқу-үдерісінде қолданудың тиімділігі қарастырылады.

Жаңа педагогикалық технологияларды пайдалану

Бастауыш сынып мұғалімдерін даярлаудың қазіргі кездегі қалыптасқан жүйесі оның құрылымын, ұйымдастырылуын, мектеп практикасымен және білім беру жүйесіндегі инновациялық үрдістерімен өзара байланысын қайта қарауды талап етеді. Бұл жоғары оқу орнында мамандар даярлаудың сапасын арттыруда мұғалім тұлғасының өздігінен дамуына, оның шығармашылық қабілетінің артуына мүмкіндік жасауды және оқу-тәрбие үрдісін жетілдіруді қамтамасыз ететін жаңа педагогикалық технологияларды пайдалану көзделеді. Технологияны педагогикалық іс-әрекетті қайта құрудың жүйелі тұтас құралы ретінде тиімді пайдалану оқу-тәрбие үрдісінің сапасын жақсартуға, жеке тұлғаны дамыту міндеттерін шешуге септігін тигізеді.

Бүгінгі таңда педагогикалық технология мәселесі теориялық және ғылыми-қолданбалы бағыт тұрғысынан зерттеу арқауы болып отыр. Теориялық тұрғыдан алып қарағанда, педагогикалық технология - педагогиканың категориясы ретінде қарастырылады оның мәні мен құрылымы айқындалады, педагогикалық іс-әрекеттің әртүрлі саласындағы (дидактика, тәрбие, білім беруді басқару) педагогикалық технологияның ғылыми негіздерін оқып-үйренеді, педагогикалық технологияны жобалаудың әдіснамасы мен теориясы зерттеледі және педагогикалық технология теориясының негіздері ашып көрсетіледі. Ғылыми-педагогикалық зерттеулерге жасалынған талдау жаңа педагогикалық технологиялардың бірнеше түрлерін бөліп көрсетуге мүмкіндік берді. Енді солардың ішінен жоғары оқу орындарының оқу үрдісінде қолдануға ұсынылатын бірқатарына тоқталайық.

Бүгінгі таңда республикадағы және аймақтағы экономикалық нарықтық қатынастардың қалыптасу жағдайында еліміздің әлеуметтік-экономикалық дамуы қоғам өмірінің барлық саласында, оның ішінде мектепте оқыту мазмұны мен оқытудың қазіргі технологияларын жетілдіру өзекті мәселелердің бірі болып отыр.

Қазақстан Республикасының "Білім туралы" заңында (1999) білім беру саласындағы мемлекеттік саясаттың ұстанымдарының бірі - жеке адамды қалыптастыруға бағытталған рөлі және педагог қызметкерлер оқушылардың мемлекеттік білім беру стандартында көзделген деңгейден төмен емес білім, білік, дағды алуын қамтамасыз етуге, олардың жеке шығармашылық қабілеттерінің дамуы үшін жағдай жасау қажеттігі қарастырылған. Дәстүрлі оқыту технологиясының білімді мемлекеттік стандарт деңгейінде толық меңгеруіне кепілдік бермей отырғандығы оқушылардың білім жетістіктерінің нәтижелерінен көрініс табуда. Осыған орай оқу-тәрбие үрдісін жетілдірудің қазіргі технологияларын жетілдіріп, мектепте сабақ беруде қолдану арқылы білім сапасын жақсартуға болатындығына басым бағыт берілуде.

Қазіргі кезде мектептің оқу-тәрбие үрдісінде 50-ден астам педагогикалық технологиялардың қолданылып жүргені мәлім. Бұл технологиялардың бәрін бір сабақта қамту мүмкін емес. Сондықтан, мектептегі әрбір пәнді оқыту технологиясын таңдап, іріктеу және оны іс-әрекеттік тұрғыда жетілдіру арқылы оқушының білім жетістіктерін арттыруға болады. Мұнда оқушының әрекеті технологияны қабылдауы, ынтасы, құштарлығына көңіл бөлінуі тиіс.

Бастауыш сатыда "Математика" пәні бойынша оқушылардың оқу жетістіктерінің өлшеуіштер тәсілдері ретінде деңгейлік тапсырмалар жүйесін дайындауға болады. Оқушының дайындық деңгейін саралау оқушының жеке танымдық мүмкіндігін ескерудің басты тәсілі ретінде қарастырылуы тиіс. Тапсырмаларды білімді қабылдауға бағдарланған іс-әрекеттік модель ретінде қарастыруға болады. Оқытудан күтілетін нәтижелер тізбесін негізге ала отырып, әртүрлі деңгейдегі тапсырма түрлерін ауызша тексеру, жазбаша тексеру, тапсырма беру, жауапты талдау тапсырмалары, бір ғана дұрыс жауабы бар тапсырмалар, ашық және еркін жауабы бар тапсырмалар, түрлі практикалық сипаттағы тапсырмалар түрінде қарастыруға болады.

Тапсырмалардың мұндай түрлері оқушының іс-әрекеттік - компетенттік тәсілге (өз бетінше іздену, өз бетінше білім алу, өзін-өзі білім алуға тәрбиелеу, дамыту) бейімделуіне мүмкіндік береді. әртүрлі әдістерді қолдану және оқушылар бірін-бірі тексеру арқылы есептің дұрыстығына көз жеткізулеріне болады, дамыта оқыту технологиясы (Л.С.Выготский, Л.В.Занков, Д.Б.Эльकोин, В.В.Давыдов) дамыта оқыту жүйесі жеке тұлғаны жеделдете қарқынды, барлық сапалармен сәйкестікте жан-жақты дамытуға бағытталған, оқытудың модульдік технологиясы (В.М.Монохов) оқу үрдісін мақсатты жобалап, құруға болады [2].

Оқытудың компьютерлік технологиясы компьютермен жұмыс істеу техникасын меңгеру, сыныпта белсенділік көрсету, жеке жұмыс істеу, жекелеп көмек көрсету, проблемалық оқыту технологиясы, тірек сигналдары арқылы оқыту технологиясы (В.Ф.Шаталов) теория және практиканы блок түрінде топтау, тірек-схема, тірек-конспект түрінде берілген теориялық, материалдарды сыныпта меңгеру, үйде өз бетімен іздену, жұмыс істеу, түсіндіре басқарып – оза оқыту (С.Н.Лысенкова) алынатын білімнің алғашқы бөлігін алдын-ала оқыту, деңгейлеп саралап оқыту технологиясы бірнеше деңгейде тапсырма беру және т.б. Республикадағы ауыл мектептерінің оқу-тәрбие үрдісінде деңгейлеп оқыту технологиясы (Ж.Д.Қараев) жүйелік негізде оқыту технологиясы (Г.Г.Ғалиев), шоғырландырып-қарқынды оқыту технологиясы (Қ.А.Әбдіғалиев., Н.Н.Нурахметов), блоктық-модульдік технологиясы (М.Н.Жанпейсова) қолдау табуда. Ғалымдардың пікірінше шағын комплектілі мектептер жағдайында оқу-тәрбие үрдісін ұйымдастыруда жүйелік негізде оқыту мен шоғырландырып оқыту технологияларының оқыту сапасын арттыруда дидактикалық мүмкіндіктері мол [3].

Қазіргі ғаламдану және техниканың қарқынды даму кезінде оқу-тәрбие үрдісінде өзекті ізгілендіру өзекті мәселелердің бірі болып табылуда. Оқу-тәрбие үрдісін ізгілендіру - жеке тұлғаның еркін дамуы үшін оның бойында жалпы азаматтық құндылықтардың қалыптасуын қамтамасыз ететін дидактикалық ұстаным ретінде басшылыққа алынуы тиіс. Мектептің бастауыш сатысында оқу-тәрбие үрдісін оқушылардың өзара іс-әрекетпен мұғалім мен оқушының өзара қарым-қатынасын дұрыс ұйымдастыру арқылы оқушының ойлау белсенділігін арттыруға, сабақта интерактивтік әдісті тиімді пайдалануға болады. Мұнда негізгі және жетекші үрдіс - іс-әрекеттегі оқытуды ұйымдастыру. Бұл технологияның ерекшелігі - оқушылардың өздері ақпараттар жинап, өздері жаңалық ашуға ұмтылып, ізденіп, жауабын тауып, өзінің көзқарасын логикалық түрде дәлелдейді. Ол өз пікірін бір-біріне топта, сынып алдында айта алады. Мұнда жеке тұлғаның рухын тәрбиелеуге, адамның адамгершілік болмысын қалыптастыруға басты назар аударылуы тиіс. Білім мазмұнын меңгеруде оқушылардың жаңа процессуальдық біліктілігіне, ақпаратты алдын-ала болжау қабілеттерін және қойылған міндетті шығармашылықпен дамытуға көңіл бөлінеді.

Ақпараттық технологияны қолданудың теориялық мәнін айқындауы мен жинақтауы педагогикалық шарттар жүйесін құрастыруға жол ашты. Осы шарттар жүйесін құрастыру мақсатында біз тиісті педагогикалық заңдылықтар мен педагогикалық принциптерді анықтадық.

Жалпы біз ұсынып отырған психологиялық-педагогикалық шарттар жүйесін бірден ұсынған онша дұрыс емес болғандықтан, біз бірінші педагогикада белгілі заңдылықтарға сүйене отырып, олардың ішінен тек өзімізге қатыстысын ғана іріктеп алып, содан кейін сол заңдылықтар негізінде педагогикалық принциптерді ажыратуды жөн көрдік. Педагогикалық принциптер белгілі бір жүйеде, бір уақытта, тығыз байланысқан кешен түрінде, параллелді жүзеге асып отырады оларды белгілі бір ретпен немесе тізбекті түрде пайдалану мүмкін емес. Ал педагогикалық шарттарды белгілі бір тізбектілікте, белгілі бір жүйеде келтірдік, себебі жүйелі түрде ұсынылған оқу материалы негізінде ғана студенттердің іс қағаздарын жүргізуге оқыту бойынша білік, білік және дағдылары қалыптасады.

Бұл әрекетіміз ақпараттық технологиялар жүйесінің ғылыми дәйектілігін қамтамасыз етуге мүмкіндік тұғызды. Сонымен қатар зерттеліп отырған мәселе бойынша ғылыми-педагогикалық әдебиеттерді талдау барысында идеясы және зерттеуіміздің әдіснамалық негізі ретінде пәнаралық байланыстар принципі таңдалып алынды.

Жоғарыда көрсетілген ақпараттық технологиялардың психологиялық-педагогикалық шарттарын біртұтас жүйеге келтіру үшін, оларды ортақ мақсатқа бағыттадық. Бірақта, әрбір шарт бұл жүйеде өзіндік міндет атқарады.

Пәннің мазмұны келесі тақырыптарды қамтиды: ақпараттық технологияларды ұйымдастыру негіздері; ақпараттық технологиялар құрылымы; ұйымдастырушылық техника құралдары және оның жіктелуі; электронды офис концепциясы; желілік технологиялар негіздері және т.б.

Ұсынылған психологиялық-педагогикалық шарттар жүйесін жүзеге асырудың нәтижесін тексеру мақсатында арнайы өлшемдер жүйесі құрастырылды. Критерийлер мен көрсеткіштер үш компонент бойынша жіктелді: мотивациялық, танымдық және процессуалдық.

Төменгі деңгей болашақ маман иесіне жаңа білімді, білікті меңгеруге пассивті түрде қатысады, өз кәсіби қызметінің саймандарына немқұрайлы қарайды, кәсіби қызметтің ақпараттық процестеріне деген көзқарасы оң емес. Алдына нақты мақсат қоймайды және өз жұмысын жоспарламайды, себебі оқу-танымдық қызметте негізін ажыратпайды. Үнемі өзін-өзі бақылау жүйесін қолданылмайды.

Орташа деңгей болашақ қызметкер өз мамандығына оңтайлы қарайды және қызметін сайманмен қамтамасыз ету үшін жаңа ақпараттық технологияларды қолдану және енгізу идеяларын қабылдайды, компьютерді пайдалану бойынша шамалы білімі бар, бірақта оны білмегендіктен сирек қолданады. Жоғары деңгей өз ісімен қызыға айналысады, қызметі белсендене түседі. Кәсіби қызметті ұйымдастырудың тиімділік тәсілдерін меңгереді, ғылыми білімдер негізінде оны болжай және басқара алады, сонымен қатар ақпараттық технологияларды қолдануды меңгереді. Жұмыстың мақсаты мен міндеттеріне Алдымызға қойылған міндеттерді толығымен тексеру, шешу және ғылыми болжамның дұрыстығын тексеру мақсатында ғылыми аппаратта келтірілген мамандықтар бойынша эксперименттік жұмыс жүргізілді.

Жаңа технология – сапалы білім кепілі. Қазақстан Республикасының Білім туралы Заңында: «Білім беру жүйесінің басты міндеті- ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға және кәсіби шыңдауға бағытталған білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау; оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық ғаламдық коммуникациялық желілерге шығу» [4] - деп білім беру жүйесін одан әрі дамыту міндеттерін көздейді. Бұл міндеттерді шешу үшін, әрбір білім беру мекемедегі ұжымының, әрбір мұғалімнің күнделікті ізденісі арқылы, барлық жаңалықтар мен қайта құру, өзгерістерге батыл жол ашарлық жаңа практикаға, жаңа қарым-қатынасқа өту қажеттігі туындайды. Осы жайттарды ескере отырып қазіргідей жаһандану дәуірінде сабақ үдерісінде жаңа инновациялық технологияларды қолдана отырып сабақ өткізу оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттырады.

Қазіргі таңда үздіксіз білім беру жүйесінде білім беруді дамыту, дүниежүзілік білім беру кеңістігіне кіру мақсатында елімізде білім берудің жаңа жүйесі құрылып жатыр. Білім беруді дамыту негізінде жалпы оқыту үрдісіне жүктеліп отырған жаңаша талап, міндеттер жоғарғы оқу орны оқытушыларына да қойылуда. Сондықтан оқытушы іс-әрекетін жаңа талап тұрғысынан ұйымдастыру – бүгінгі күннің өзекті мәселесі.

«Технология» ұғымы соңғы кездері педагогикалық әдебиеттегі ең көп қолданылатын ұғымдардың біріне айналды. Технология ұғымының дидактикалық ұғымдармен байланысы сан алуан: оқытудың технологиясы, педагогикалық технология, білім беру технологиясы.

Осы тұрғыдан өзім жұмыс жасайтын Алға қаласындағы № 1 мектепте әр сабағымды түрлендіріп, деңгейлеп – саралап оқыту, сын тұрғысынан ойлау технологиясын қолдана отырып өткіземін. Ойын арқылы сабақты түрлендіре откізу тиімді деп ойлаймын. Төменгі сыныптарда сабақ қызықты өту үшін мынадай ойын түрлерін қолданамын.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. 2015 жылға дейінгі ҚР Білім беру тұжырымдамасы //Егемен қаз. 26.12.03
2. Білім сапасы – бәсекелестік кепілі. /Егемен Қазақстан. 2007ж. 25 мамыр.
3. Білім беруді дамытудың 2005-2010 ж-ға арналған мемлекеттік бағдарламасы. //Егемен қаз. 16 қараша 2004 ж.
4. Сейтказы П. Ұрпақ тәрбиесіндегі бұқаралық ақпарат құралдарының рөлі. Бастауыш мектеп, 2005, №5

ЖОҒАРЫ МЕКТЕПТЕ КӘСІБИ БІЛІМ БЕРУ МАЗМҰНЫН ІЗГІЛЕНДІРУ БОЙЫНША ТӘЖІРИБЕЛІК ЖҰМЫСТЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ

Тасова Асел Баймурзаевна – PhD., аға оқытушы.

Кан Наталья Маратовна – магистрант

Академик А. Куатбеков атындағы Халықтар достығы университеті

E-mail: psixoloqiya16@mail.ru

Кілттік сөздер: демократияландыру, жаһандандыру, аймақтандыру, полярландыру, маргиналдандыру, интериоризация, экстериоризация.

Ключевые слова: демократизация, глобализация, регионализация, поляризация, маргинализация, интериоризация, экстериоризация.

Keywords: democratization, globalization, regionalization, polarization, marginalization, interiorization, exteriorization.

Резюме: В данной статье исследовано, что использование на уроках новых информационных технологий приводит к развитию творческих, интеллектуальных способностей учащихся, формированию навыков использования своих знаний в жизни, оказывает благотворное влияние на использование дидактических возможностей компьютерной техники в педагогических целях, в определении содержания образования, совершенствовании форм и методов обучения.

Summary: This article studies that the use of new information technologies in the classroom leads to the development of creative, intellectual abilities of students, the formation of skills for using their knowledge in life, has a beneficial effect on the use of didactic capabilities of computer technology for pedagogical purposes, in determining the content of education, improving the forms and methods of teaching.

Педагогикалық білім беруді ізгілендіру мәселесін тарихи-теориялық контекстте зерттеу категориялық аппаратты дайындауды және негізгі түсініктерді қазіргі ұстанымдар тұрғысынан нақтылауды талап етті.

"Педагогикалық білім беруді ізгілендіру" атты зерттеудің басты ұғымы "ізгілік", "ізгілендіру", "ізгілікті" сияқты негізгі түсініктерді қамтиды.

Ізгілік - күрделі және жан-жақты құбылыс. "Ізгілік", кең мағынасында, адамның тұлға ретіндегі құндылығын, оның еркіндікке, бақытты болуға, оның өзінің қабілеттерін дамытуға деген құқығын мойындайтын, жақсылықты әлеуметтік институттарды бағалаудың өлшемі, ал теңдік, әділдік, адамгершілік принциптерін адамдар арасындағы қарым-қатынастың қажетті нормасы деп есептейтін тарихи өзгертін көзқарастар жүйесі ретінде қолданылады.

Соңғы жылдардағы іргелі ғылыми зерттеулер, Е.В.Бондаревская, И.Б.Котова, З.Г. Нигматов, Е.Н.Шиянов және т.б. жұмыстары "ізгілік" ұғымына анағұрлым нақты анықтама берулерімен, оның мәндік сипаттамаларының нақтылығымен және ғылыми ауқымдылығымен ерекшеленеді.

Осылайша, Е.Н.Шиянов ізгілікті "адамға жоғары құндылық ретіндегі қарым-қатынасты тұрақтандыратын, оның еркін, бақытты болуына, өзінің негізгі күштерін дамытуға деген құқығын мойындайтын, әлеуметтік құндылықты идеяларының жиынтығы" ретінде анықтайды. Ізгіліктілікті ол "адамға құндылық ретіндегі саналы қарым-қатынасты сипаттайтын адамгершілікті психологиялық қасиеттерінің жиынтығы, тұлғаның сапасы" ретінде қарастырады [1].

З.Г.Нигматов "ізгілік" ұғымын "адамның адамды пайдалануы мен мәжбүрлеуінің кез-келген түрін жоққа шығаратын, адамның жан-жақты, еркін дамуы үшін барлық жағдайларды жасауын, оған ең жоғары құндылық ретінде қарауын, оның қадір-қасиетін құрметтеуін, ізгілікті қоғамдық қарым-қатынастарды тағайындауын қарастыратын көзқарас принципі" ретінде анықтайды.

"Ізгілік" ұғымының этимологиялық талдауы оның "адамға тән", "адамгершілікті" деген түсініктерді білдіретіндігін көрсетеді. Шын мәнісінде де, анықтаманың өзінде де ең жоғары құндылық ретінде көрсететілетін "адам" бар, яғни ізгілік моральдық құндылықтар әлеміне жатады [2].

Ал, педагогтың ізгілігі оның оқушыға қандай да бір өмірлік бағдарларына, әлеуметтік көзқарастарына, моральдық құндылықтарына қарамастан, жеке тұлға ретінде қабылдауында көрініс табады. Сондықтан ізгілікті педагог балалардың оларға билік жүргізетін ойларға бағынуын талап

етпейді. Оқыту мен тәрбие беру тәжірибесінде мұндай қарым-қатынасты жүзеге асыру мұғалім тек ізгіліктің моральдық құндылықтарын қабылдағанда кезінде ғана емес, сонымен қатар олар оның іс-әрекетінің, қарым-қатынасының бағытын анықтап, моральдық құндылығына айналған кезінде де жүзеге асырылады.

З.Г.Нигматовтың анықтамасы бойынша "ізгілік - бұл жеке тұлғаның адамдық қадір-қасиетін терең құрметтеуде көрініс табатын адамдарға деген саналы және қамқор қарым-қатынас" [3]. Ізгіліктің өзіне тән сипаттамаларын жалпылай отырып, олардың ішіндегі анағұрлым маңыздылары мыналар болып табылады деуге болады:

- адамның ең жоғары капитал ретіндегі құндылығын мойындау;
- адамға деген қамқорлықты көрсету (сезімталдық, мейірімділік негізінде);
- кез-келген жауыздыққа, немқұрайлыққа жол бермеу.

Ізгілендіру "ізгілік" ұғымынан пайда болған түсінік ретінде қоғамдық өмірдің, адамдар арасындағы қарым-қатынастардың әлеуметтік-құндылықты және адамгершілік-психологиялық негізі болып табылады. Осыған байланысты ол білім берудің құндылықты параметрлерін қоғамдық құбылыс ретінде сипаттайды. Білім беруді ізгілендіру бір жағынан, аса маңызды әлеуметтік-педагогикалық принцип ретінде, ал екінші жағынан, білім беру жүйесін құру және қызмет етуінің ізгілікті қоғамдық тенденцияларын сипаттаушы ретінде қарастырыла алады.

Педагогикалық білім беруді ізгілендіру мәселелерін қарастыруда Г.Б.Корнетовтың, З.Г.Нигматовтың, В.А.Сластениннің, Е.Н.Шияновтың еңбектері назарға алынды. Аталмыш мәселенің аксиологиялық аспектілерін ашуда В.И.Додоновтың, Н.Д.Никандровтың, В.Г. Пряникованың, З.И. Равкиннің еңбектері қарастырылды.

Өзінің мақсаттық функциялары бойынша білім беруді ізгілендіру тұлғаның шығармашылық әлеуетін байытуға, негізгі күштері мен қабілеттерін жетілдіруге ықпалын тигізетін жеке тұлғаны үйлесімді дамытудың қазіргі тенденциясы болып табылады. Ол - тұлғаны шығармашылық іс-әрекет субъекті ретінде дамытуға бағытталған процесс. Білім беруді ізгілендіру педагогикалық процесте педагогтар мен тәрбиеленушілердің арасында шынайы адами (ізгілікті) қарым-қатынастардың қалыптасуын қарастыратын олардың өмір салтының аса маңызды сипаттамасын құрайды. Сонымен қатар ізгілендіру - білім беру процесінің көпсубъектілік мәнін орнықтыратын жаңа педагогикалық ойлаудың негізгі элементі. Бұл процестің негізгі мәні - сапасы мен өлшемі білім беру жүйесінің жұмыс көрсеткіші болып табылатын жеке тұлғаны дамыту процесі.

70-80-жылдардағы педагогикалық зерттеулер мектеп оқушыларын тәрбиелеудің тиімді құралдарын мен әдістерін іздестірумен сипатталады (М.А. Вейт, М.А. Гавриловен, А.В. Скиндер, Л.В. Стукач, Н.Н. Тарасевич және т.б.).

Ізгілікті педагогиканың негізгі бағыттарының жүйелі әзірленуі 80-ші жылдардың екінші жартысында басталады. Осы уақыттан бастап педагогикаға "білім беруді ізгілендіру" термині енгізіле бастады. XX ғасырдың соңғы онжылдығында ізгілендіру мәселесі бойынша В.П. Бездухов, М.Н. Борулава, З.Г. Нигматов, Е.Н.Шиянов және т.б. докторлық диссертацияларын қорғады. Монографиялық зерттеулерде (Ш.А. Амонашвили, И.А. Зимняя, Г.Б. Корнетов, И.Б. Котова) ізгілендіру - жаңа педагогикалық ойлаудың жаңа элементі екендігіне баса назар аударылады.

Ғылыми ебектерді мұқият зерделеу бізге педагогикалық жоғры оқу орындарындағы оқу-тәрбие процесін ізгілендіруді қамтамасыз ететін, ізгілікті бағдарланған оқу-тәрбие кеңістігін қалыптастыратын келесі педагогикалық-психологиялық шарттарды тұжырымдауға мүмкіндік берді:

- мұғалімнің кәсіби даярлығын, бір жағынан, педагогикалық білім берудің әлеуметтік берілген ізгілікті мақсатына, екінші жағынан - оның шығармашылық дербестігін дамытуға бағдарлау;
- мұғалім тұлғасының ізгілікті бағдарлануының мазмұнын құрайтын оның педагогикалық іс-әрекетке мотивациялық-құндылық қарым-қатынасын қалыптастыру;
- құндылықты тұрғыдан келу әдіснамасының аясында мәдениеттанушылық, тұлғалық-іс-әрекеттік, көпсубъектілік және дербестік-шығармашылық тұрғыдан келу принциптерінің табиғи үйлесімі;
- педагогикалық білім беру мазмұнын кеңінен ізгілендіру жағдайында тұлғаның жалпы мәдени, әлеуметтік-адамгершілік және кәсібидамуының бірлігі;
- мұғалімнің кәсіби даярлығын оның субъектілік ұстанымын дамытуды қамтамасыз етумен бірге демократизациялау, оның шығармашылық өзіндік іс-әрекеті, өзін-өзі ұйымдастыруы мен өзін-өзі басқаруы үшін жағдайлар жасау;
- педагогикалық жоғары оқу орнының оқу-тәрбие процесінде қарым-қатынасты ізгілендіру, оқу-кәсіби ынтымақтастықты ұйымдастыру.

XXI ғасыр әлеуметтік қайта құру процесінде оқытушылардың, студенттердің және жалпы жоғары мектептің рөлдерін үйлестіруге бағдарланған жаңа білім беру философиясын қалыптастыруды талап етеді. Осы әлеуметтік-мәдени өлшемде өмір сүретін және жұмыс істейтін отандық жоғары мектепке оны жаңалау мен жетілдірудің шынайы жолдарын табу қажет. Қазіргі уақытта жоғары мектепке оқыту мен тәрбиенің ізгілікті технологияларын ендіру қажеттілігі мен жоғары кәсіби білім беру жүйесінде ізгілікті парадигманы дамытудың тенденциялары мен принциптерінің жеткіліксіз дайындалуының арасындағы қарама-қайшылықтың болуы күмәнсіз.

Қазіргі әлемдік білім беру кеңістігінде негізгі бағыт- білім беруді ізгілендіру болып табылады. Бұл процесс көптеген себептерге байланысты пайда болды, дегенмен олардың ішіндегі аса маңыздысы - адамзаттың гуманистік құндылықтарға бет бұруы.

Гуманизм, адамның еркіндікке, бақытқа, өзінің қабілеттерін жан-жақты танытуға және дамытуға деген құқықтары мен қадір-қасиетін құрметтеуді сипаттайтын көзқарастардың жиынтығы ретінде қоғамдық дамудың негізгі принципі мен өлшемі болып табылады. Гуманистік идеялардың әсерімен қазіргі адамның басым тұлғалық сапалары туралы түсініктері өзгереді. XXI ғасырдың мақсаты - "мәдениет адамы".

Қазақстан Республикасының "Білім туралы" Заңында (2007) отандық білім беру жүйесінің негізгі принциптері - демократизациялау, гуманизациялау принциптері нормативті түрде бекітіліген.

Гуманизация білім беру жүйелерінің гуманистік құндылықтар негізінде қызмет етуге өтуі педагогика ғылымы мен практикасының өте көкейкесті мәселесі болып табылады. Гуманизацияның тиімділігі объективті және субъективті факторлардың кешеніне байланысты.

Білім беру жүйесін гуманизациялау, ең алдымен, оның жүйе құраушы элементі ретіндегі мектепті өзгерту арқылы жүзеге асырылады. Білім беру мекемелерін гуманизациялау - бұл әрбір адамның құқықтарын қорғауға, оның анағұрлым толық дамуына және өзін-өзі жүзеге асыруына арналған жағдайларды туындататын қасиеттерді меңгеру процесі.

Сонымен қатар білім мен тәрбие беру саласындағы гуманистік бағыт педагогика ғылымы мен практикасында жаңа болып табылмайды: ол ерте заманнан бері философиядағы гуманистік идеялардың пайда болуымен бірге дамып келеді. Педагогикадағы гуманистік дәстүрлердің дамуы жан-жақты, үйлесімді дамыған тұлға туралы идеяны ұсынған Қайта өрлеу дәуірінің ойшылдарынан (Т.Мор, Т.Кампанелла, Э.Роттердамский, М.Монтень және т.б.) XVII-XIX ғасырлардағы ғалымдар мен ойшылдардың еңбектеріндегі білім мен тәрбие берудегі нақты ұсыныстарға дейінгі кезеңдерді (Ф.Бэкон, Я.А. Коменский, Дж.Локк, Ж.-Ж.Руссо, К.А.Гельвеций, Д.Дидро, И.Песталоцци, А.Дистервег, Р.Оуэн, К.Д.Ушинский, Л.Н.Толстой) де қамтиды.

Гуманистік және императивтік көзқарастар мен идеялардың, теориялар мен жүйелердің айшықты түрде бір - біріне қарама қарсы тұруын XIX ғасырдың соңындағы педагогика ғылымында анық көрініс табады. Бұл кезеңдегі білім беру мен оқу мекемелері негізінен бала педагогикалық ықпалдардың объекті ретінде қабылданатын "басқару педагогикасын" құрған И.Ф.Герbartтың идеяларында дамыды [4]. Дәстүрлі императивтік білім беруге балама ретінде XIX ғасырдың соңында баланы дамыту мен тәрбие субъекті ретінде қарастыратын педагогикалық теориялар пайда болды.

XIX ғасырдың соңынан XX ғасырдың соңына дейінгі педагогикалық шығармаларға шолу жасау гуманизмнің негізгі принциптеріне үйлесетін (адам- даму еркіндігіне, субъект-субъектілік қарым-қатынастарға құқығы бар өмір субъекті) кең ауқымды идеялар панорамасын сипаттайды.

Антропоцентрикалық тұрғыдан келу гуманизмдегі философиялық-дүниетанымдық ілім ретіндегі негізгі идея болып табылады.

Педагогикалық теориялардағы балаға деген бетбұрыс өзіндік түсініктеме берілетін және нақтыланатын әртүрлі тұрғылардан келулерде көрініс табады. Жеке тұлғалық тұрғыдан келу идеясы XIX ғасырдың соңында Э.Линде, П.Наторп, Т.Цайгердің "тұлғалық педагогикаға" арналған зерттеулерінде дамытылады. Оларда гуманизм принциптеріне сәйкес бірқатар негізгі мынадай принциптер аталып көрсетіледі:

- оқыту мен тәрбиеде басты құрал - мұғалім тұлғасы, ал басты мақсат - оқушы тұлғасы;

- Э. Линденің пікірінше, оқытуда мұғалім тұлғасы жүзеге асырылатын болса, "білім берудің тәрбиелік күші болады";

- педагогтың тұлғасы өзіне "ұлттың барлық рухани жетістіктерін", сонымен қатар "мұғалімнің өзінің өмірін" қамтуы тиіс. Мұғалім негізімен біте қайнасқан білімдерді ғана ол "тәрбиеленушілердің өміріне табиғи түрде бере алады";

- материалды жеке өңдеу және бағалау педагогты "әрі суретші, әрі ақын, әрі шын сенетін уағыздаушы, әрі сенімді парламент шешені" ете алады;

- оқыту жеке тұлғаны тәрбиелеуші болуы керек. Ол үшін оқыту баланың табиғатына, оның ойнау қажеттілігіне сәйкес болуы қажет. Педагогтың басты мақсаты - баланың шығармашылыққа деген қажеттілігін жүзеге асыру.

- кез-келген білім берудің мақсаты - ғылымилық емес, өмірлік. "Педагогикалық тұрғыдан келу" жаңа педагогикалық теориялар мен жаңа педагогикалық практикалардың туындауы үшін негіз болған "жаңа тәрбие" қозғалысының негізі болып табылады.

Э.Кейдің «Баланың ғасыры» атты кітабы (1902) педагогикалық ғылым мен практикадағы еркін тәрбие идеясы дамуының қайнар көзі болды: Германияда - Х. Шарельман, Ф. Гансберг, М. Пауль, Р. Штейнер, Ресейде- К.Н. Вентцель, Л.Н. Толстой, Италияда — М. Монтессори, Францияда- С. Френе.

Ж.-Ж. Руссоның идеяларынан бастап еркін тәрбие теориясы қалыптаса бастады. Бұл педагогика мен психологиядағы баланың даму мүмкіндіктері туралы жаңа мәліметтер және Еуропа мен Америкадағы білім беру мекемелерінің императивті педагогикалық тәжірибесіне деген қарсылық сияқты екі фактормен байланысты.

Пайдаланған әдебиеттер

1 Шиянов Е.Н. Гуманистическая педагогика России: становление и развитие учителя / Е. Н. Шиянов. — М. : Народное образование: Илекса, 2003. -334 с.

2 Берулава М.Н. Гуманизация образования: проблемы и перспективы. - Бийск: НИЦ БиГПИ, 1995. - 31 с.

3 Нигматов З.Г. Принцип гуманизма и его развитие в истории советской школы: дис... док. пед. наук. -Казань, 1990. - 320 с.

4Гербарт И.Ф. Общая педагогика, выведенная из целей воспитания. - М.: Просвещение, 1954. — 132 с.

ӘӨЖ 37.013:372.41-057.874

ОҚЫТУ ПРОЦЕСІНДЕ ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯЛАР АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ЭТНОПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ТАНЫМДЫҚ БЕЛСЕНДІЛІГІН АРТТЫРУДЫҢ МАЗМҰНЫ, ФОРМАСЫ МЕН ӘДІСТЕРІ

Тасова Асел Баймурзаевна – PhD., аға оқытушы.
Нургожанова Айман Акановна – магистрант

Академик А. Куатбеков атындағы Халықтар достығы университеті
E-mail: psixoloqiya16@mail.ru

Кілттік сөздер: танымдық, дидактикалық, тұлғаның әлеуметтік белсенділігі, ынта-ықыласы, ойлау, қиялдау, есте сақтау.

Ключевые слова: познавательная, дидактическая, социальная активность личности, энтузиазм, мышление, воображение, память.

Keywords: cognitive, didactic, social activity of the individual, enthusiasm, thinking, imagination, memory.

Резюме: В данной статье исследовано, что использование на уроках новых информационных технологий приводит к развитию творческих, интеллектуальных способностей учащихся, формированию навыков использования своих знаний в жизни, оказывает благотворное влияние на использование дидактических возможностей компьютерной техники в педагогических целях, в определении содержания образования, совершенствовании форм и методов обучения.

Summary: This article studies that the use of new information technologies in the classroom leads to the development of creative, intellectual abilities of students, the formation of skills for using their knowledge in life, has a beneficial effect on the use of didactic capabilities of computer technology for pedagogical purposes, in determining the content of education, improving the forms and methods of teaching.

Оқытудың мақсаты тек оқушыларға білім, білік, дағды берумен ғана емес, сонымен қатар олардың жеке қасиеттерін қалыптастыру. Осындай қасиеттердің бірі - танымдық қызығушылықты

тұрақтандыруға бағытталған танымдық белсенділік, әрекет және ықылас арқылы білімді тиімді игеру болып табылады. Оқушылардың шығармашылық күштерінің, бейімділігін және қабілеттерін дамыту танымдық мағынасымен және қоғамдық маңыздылығы толтырылған, үздіксіз, жан-жақты әрекетті талап ететін күрделі жүйе. Бұл жүйеде маңызды орын танымдық қызығушылықтары беріледі. Танымдық қызығушылық барысында ықылас ерекше көрініс табады.

Танымдық ықылас жүйелі түрде бекітіліп және дамып, оқуға деген жағымды ынта негізін құрайды, оны біреулер «білімге деген құмарлық» деп қараса, басқалары «оқуға деген әуестік» деп топшылайды. Психолог мамандардың пікірінше, танымдық ықылас «ізденіс» сипатына ие болады. Оның әсерімен адамдар үнемі туындайтын сауалдарға жауаптарын өздері белсенді іздеп табады. Мұның барысында оқушының ізденістік әрекеті қызығушылықпеніске асырылып, оның эмоционалды көңіл-күйі көтеріліп, қуанышқа кенеледі.

Педагог және психологтардың арнайы зерттеулері айқындағандай, танымдық ықыласөзінің оңтайлы әсерін тек іс-әрекеттің жүйесіне және нәтижесіне ғана, психикалық жүйелерге де әсерін тигізеді: ойлау, қиялдау, есте сақтау, және танымдық ықылас ықпалмен ерекше белсенділік және бағыттылыққа ие болатын сезімдер. Танымдық ықылас- біз үшін оқушыларды оқытудың маңызды себебі. Оның ықпалы зор болып келеді. Танымдық ықылас ықпалмен, тіпті әлсіз оқушылардың да оқу жұмысы өте өнімді болады. Мұны Л.С. Славинаның зерттеулері дәлелдеген. Ол үлгерімі төмен оқушылармен жұмыс атқаруда тек оқытушының тапсырмаларын орындауды талап ететін әдеттегідей оқу жағдайын, өзіне ойын немесе жарыс элементтерін енгізген жағдайға өзгертті. Мұның нәтижесінде оқытушыларды таң қалдырған құбылыс орын алды: үлгерімі төмен және жалқау оқушылар қалыптасқан жаңа оқу жағдайларының ықпалымен оқуға белсенділік, байқағыштық, түсінгіштік танытып, бұрын қиын болып көрінетін мәселелерді өздері шешетін дәрежеге жетті. Танымдық ықылас ықпалмен, кез-келген оқу тапсырмаларын орындауда шығармашылық танытып, танымдық мәселені орындаудың тиімді, жаңа тәсілдерін іздейді. Олар оқытушыны сынып ішінде үнемі қолдап отырады: сабақтарда белсенділік танытады, күрделі қиын мәселелерді шешуге көмектеседі. Ал сыныптастарының ұжымы ішінде — білім алудың қосымша қайнары, қызықты және танымдық істердің бастаушылары болып табылады. Ықыласта интеллектуалдық жүйелер ерекше білдіріледі. Ықылас пәніне ұмтылыс сауал туғызады; оған жауап табу белсенді ойлау әрекетін білдіреді. Ықыласықпалмен ой жылдам жұмыс атқарады. К.Д. Ушинский оқуға деген ықыласты «ойға толы ықылас» деп атайтын. Танымдық ықылас оқушы тұлғасының бағалы тұрақты қасиеті ретінде қалыптастыру оқытушыдан жастан жасқа дейінгі қызығушылықтарының даму беталыстарын және оқушылардың жеке ұмтылыстарымен бейімділігін терең білуді талап етеді. Бірқатар зерттеулердің көрсетуінше, оқушылардың мүшелдік ерекшеліктерімен белгілі тәуелділікті болады. Бұл қызығушылықтың тұрақтылығы, мазмұнның тереңділігіне де байланысты болады. Оқушылардың танымдық қызығу-шылығын қолдау және бекітудің психологиялық ынтасы жетістік болып табылады. Жетістікке жету барысында, оқушының жүзі қуанышпен, қанағаттанарлықпен ерекшеленеді. Жетістікке жету қуанышына, бөленіп, оқушы басқа да, қиын істерді атқауға дайын болады [1].

К.Д. Ушинскийдің пікірінше, кез-келген әрекетте, әсіресе, білім алуда — оқушыны жетістікке келтіретін шарттарды қамсыздандыру маңызды. Оқушылардың танымдық іс-әрекетінің жемісті өтуін қамсыздандыратын және осыған байланысты талаптар:

- оқушыларды жетістікке жетуіне ұмтылдыру;
- сынып және әр оқушының жетістіктерін жүйелі көрсету, жеткен нәтижелер туралы қорытынды беру;
- мүмкін болған қиындықтарды есепке алу және олардың алдын- алуды қарастыру;
- «оқушы өз күштеріне сеніп, жетістікке жету қуанышын сезіну» іс-әрекетін ұйымдастыру.

Танымға деген бағытты арттыра отырып оқушылардың танымдық қызметін белсендіру қажет. Проблемалық тапсырмаларды орындау барысында әрекет субъектісі үшін жаңа, пайдалы нәрсе қалыптасады. Бұл мәндегі әрбір проблемалық тапсырма шығармашылық болып табылады. Жаңа туралы сөз қозғағанда, субъект үшін жаңа нәрсені назарға аламыз және бұл «жаңаны» оқушы өзіндік іздену әрекетінің нәтижесінде өзі үшін ашуға және жасауға міндетті. Мұндай әрекеттің механизмін қарастырайық: оқушылар жаңа білім меңгергені үшін жақсы баға алу арқылы бағытталған. Өзіндік жұмыс үрдісінде негізімен қатар, жаңа материалды еске түсіруі тағы бір неш түрі қосылады: көзбен көру, дыбыстау есіту, жолдасымен талдау қайталау.

Танымдық қабілетті арттыру үшін мұғалім оқу үрдісінің негізінде төменгі сынып оқушыларының мотивациясын арттыруға көңіл бөлсе ғана олардың өз бетімен жұмыс істеу

қабілеті, белсенділігі және тіліде дамып, логикалық ойлау қабілеті қажетті деңгейде дамиды, ал соның арқасында бастауыш мектептер орта білім көрсеткіштері едәуір көтеріле түсері сөзсіз.

Оқушыларда оқу-танымдық іс-әрекеттерді өз бетінше жүргізу дағдысын қалыптастыру-оқытудың аса маңызды мақсаттарының бірі. Мұны жүзеге асыру оқушылардың жинақтылыққа, өзін-өзі дұрыс басқаруға үйретеді, білімді саналы түрде игеріп, оның танымдық- шығармашылық және қарапайым есептерді шешуге дұрыс қолдана білуге жетелейді, білімін өз бетінше жетілдіру қабілетін дамытады. Өз бетінше оқып-үйрену үшін қажетті мінез-құлықтың, серік-жігер мен ақыл-ой қабілетінің даму дәрежесі, әсересе, жоғары сынып оқушылары мен төменгі курс студенттерімен жүргізілген жұмыстарда айқын білінеді. Сондықтан оқытушы оқушылар өзінің қызығуын толық түрде қанағаттандыратындай, өзінің танымдық белсенділігі мен дербестігін жүзеге асыратындай жағдай туғызуы тиіс.

Танымдық белсенділік жеке адамның орнықты қажеттілігіне, мінезіне айналу үшін оның бойында өз күші және білімі игеру қабілеті мен қатар дербес танымдық іс-әрекетке оң көзқарас қалыптастыру керек. Танымдық белсенділік немесе ізденімпаздық, оқушының берілген тапсырманы басқаның көмегінен орындауы мен ғана шектелмейді. Ол алдына саналы түрде мақсаттар қойып, соған сәйкес өзінің іс-әрекетін бағыттай отыру мүмкіндігіне ие болу керек. Оқушылардың танымдық белсенділігін қалыптастыру мәселесінің сан қырлылығын ескеріп және компьютерлік техниканың көмегімен оқу үрдісін жекелеуге мүмкіндік беретін, тұлға мен оқу іс-әрекет теориясының негізгі қағидаларына сүйене отырып біз оған мынадай анықтама береміз. Танымдық белсенділік деп мотивациялық-тұлғалық, мазмұндық-амалдық және процессуалды-жігерлік бөліктенінен тұратын тұлғаның интегралдық құрылымын, сипаттамасын айтамыз.

1. Мотивациялық-тұлғалық (өзін-өзі тану, өзіне-өзі сену, дамыту, өзінің танымдық қабілетін дамытуға және қызығуын қанағаттандыруға ұмтылу).

2. Мазмұндық-амалдық (тіректік білім, жалпы дидактикалық және арнайы дидактикалық дағдылар, білімін жетілдіру дағдысы).

3. Процессуалды-жігерлік (танымдық іс-әрекет үрдісінде кездесетін қиындықтарды жеңуге дайындық, өз бетінше жұмыс істей алу дәрежесі, танымдық белсенділікке ұмтылыс).

Көптеген авторлардың еңбектеріне жасалған талдаулар танымдық белсенділікті қалыптастырудың құрамы мен оның мазмұнын анықтауда ғылымдар әр түрлі ой-пікірлер ұстайтынын көрсетті. Біз зерттеу нысанын, оқушылардың өз іс-әрекетін басқару құрылымын, оларда қалыптасатын таымдық белсенділіктің құрамын анықтаудың негізі ретінде алдық.

Мотивациялық-тұлғалық бөлік оқушылардың оқу үрдісіне ынталылығын қамтамасыз ететін қажеттіліктен, қызығудан, ізденімпаздықтан құралады.

Мазмұндық-амалдық бөлік негізінде білім жүйесі мен жаңа білімді өз бетінше жетілдіру мүмкіндігін ашатын басты білімдер жүйесінен және оқу танымдық іс-әрекеттер тәсілдерінен құралады [3].

Процессуалды-жігерлік бөліктің негізін оқушыларда таным кезіндегі кездесетін қиыншылықтарды жеңу үшін жұмсалатын ерік-жігерін болуы және оның өзінің дербес іс-әрекетінде жүзеге асыру дайындығы құрайды.

Біздің жүргізген зертеулерге қатысты осы үш бөлік оқу үрдісінің барлық кезеңдерінде диалектикалық тұрғыда бір-бірімен өты тығыз байланысты болатындығы анықталды. Осы бағытта жүргізілген жұмыстарға жасалған талдаулар мен өз байқауларымыз: бізге танымдық белсенділіктің негізгі бөліктерін мынадай белгі-шарттар мен көрсеткіштердің жиыны арқылы анықтауға мүмкіндік береді.

Танымдық белсенділіктің әр бөлігі өзіне тән белгілі бір қызмет атқарады: *мотивациялық-тұлғалық* қызығуды тудырады, оқу-танымдық белсенділікті оятады. *Мазмұндық-амалдық* оны іске асыру үшін негіз жасайды және жүзеге асыруға мүмкіндік береді, *процессуалды-жігерлік* оның аяқталуын қамтамасыз етеді. Әр бөлік өз қызметі арқылы оқу-танымдық белсенділіктің белгілі бір кезеңін жүзеге асырады.

Егер: а) оқу-танымдық белсенділіктің мотивациясы тұрақты болып, қызығудан қажеттілікке ауысатын болса; ә) оқушылар негізгі интеллектуалды іс-әрекеттерді және өзіндік жұмыстарды жүзеге асыралатын болса; б) оқушының өзіндік танымдық іс-әрекетінің басқару сипаты сыртқыдан ішкі қажеттілікке ауысса; в) оқушылардың оқу- танымдық іс-әрекеті шығармашылық зерттеушілік сипатқа ие болса, онда олардың танымдық белсенділігі қалыптасты деп саналады.

Біз оқушылардың танымдық белсенділігін қалыптастырудың негізгі жолының бірі ретінде олардың сыныптық және сыныптан тыс дербес оқу-зерттеу жұмыстарында компьютердің мүмкіндігін

пайдалануды таңдадық. Сонымен қатар оқушылардың танымдық белсенділігін қалыптастыруда төмендегідей дидактикалық шарттар орындалуы тиіс деп есептейміз:

- оқытудың алдыңғы қатарлы әдіс-тәсілдерін қолдау арқылы қалыптасатын теориялық білімнің болуы;

- компьютерлік технология мен модельдеуді қолдану арқылы жүргізілетін оқу және оқудан тыс өзіндік жұмыстарының арнайы жүйесін жасауға оқушылардың белсенді араласуы;

- компьютерлік техниканың мүмкіндіктерін пайдалану арқылы оқушылардың оқу және оқудан тыс жұмыстарының жасалғаны үнемі қадағалануы, білім сапасының анықталуы.

Осы жасалған теориялық моделдің негізінде танымдық белсенділіктің қалыптасу деңгейлерінің сипаттамасын, оның бөліктерінің қалыптасу деңгейлерін жалпылау деп қарастыруға болады.

Мотивациялық-тұлғалық бөлік танымдық белсенділіктің қалыптасуын төмендегідей деңгейлеріне ие.

1. Танымға ұмтылу, негізінен, жаңа білім игеруге бағытталады. Игерілген негізгі білім жүйесі тек алған білімді қайта еске түсірумен шектеледі.

2. Танымға ұмтылыс білімін толықтыру тәсілдерін игеру және ол білімнің көзін табуға бағытталады. Негізгі білім жүйесі оны берілген алгоритм бойынша шығарылатын есептерді шешу деңгейінде игерілген.

3. Танымға ұмтылыс білім игеруге, оны толтыру тәсілдерін табуға және осы әдістерді жетілдіруге бағытталған. Негізгі білім жүйесі алған білімін еске түсірумен қатар оны шығармашылық түрде қолдана білетіндей деңгейде игеріледі.

Біздің пікіріміз бойынша, мазмұндық-амалдық бөлік танымдық белсенділіктің қалыптасуына мынадай деңгейлермен сипатталады.

1. Дағды онша маңызды емес мәліметтерді қабылдау және оны қайталау деңгейінде қалыптасады. Оқу-танымдық іс-әрекетінің мақсаты игерілетін тақырыптың мазмұнына сай келмейді, олар тапсырмалар мен есептеуде нақтыланбайды. Сондықтан жоспарлау қойылған мақсатқа сәйкес келмейді.

2. Дағды хабардың жалпы мазмұнының негізгі идеясы анықталмай тұрып, қабылдау мен еске түсіру деңгейінде қалыптасады. Оқу-танымдық белсенділіктің мақсаты тақырыпқа сай келгенімен, қойылған тапсырмаға сәйкес нақтыланбайды. Жоспарлау жұмыстың барлық кезеңін толық қамтымайды.

3. Дағды хабардың негізгі мазмұнын мен мақсатын танып, қабылдау деңгейінде қалыптасады. Оқу-танымдық іс-әрекеттің мақсаты анықталады және есептерді шешуге нақты айқындалады. Осыларды есепке ала отырып, жұмыстың нақты жоспары жасалынады.

Процессуалды-жігерлі бөлік танымдық белсенділіктің қалыптасуының келесі деңгейлерінен тұрады [4].

Төменгі деңгей белгілі бір көлемде теориялық білімнің толық еместігіне күрделі емес тапсырмаларды игеру дәрежесімен, үлгі бойынша тапсырмаларды орындауына өз бетінше жұмыс істеумен, оқушылардың оқуға тиісті көңіл қоймауымен сипатталады.

Пайдаланған әдебиеттер

1. Ушинский К.Д. Таңдамалы педагогикалық шығармалар. 2 том.,- М., 1953,-8б.
2. Сәулебекова М. Мектеп оқушысының танымдық іс-әрекетін белсендіру-оның тұлғалық дамуының негізі. Мектеп директоры 2002, №3 36 б.
3. Қоянбекова С. Танымдық іс-әрекетті белсендіру ерекшеліктері. Қазақстан мектебі 2003, №7 27 б.
4. Қайыпова Ш. Танымдық белсенділік тәсілдері. Қазақстан мектебі 2005, №2 34 б.

ПЕДАГОГ-ПСИХОЛОГТАРДЫҢ КӘСІБИ ҚЫЗМЕТКЕ ҚҰЗІРЕТІНІҢ ҚАЛЫПТАСҚАНДЫҒЫН ДИАГНОСТИКАЛАУ ЖӘНЕ ТРЕНИНГТЕРДІҢ ТИІМДІЛІГІН ЗЕРТТЕУ НӘТИЖЕЛЕРІ

Тасова Асел Баймурзаевна – PhD., аға оқытушы.
Баймолдигнова Айнур Бахытовна – магистрант

Академик А. Куатбеков атындағы Халықтар достығы университеті

E-mail: psixoloqiya16@mail.ru

Кілттік сөздер: кәсіби құзыреттілік, психодиагностика, іскерлік ойын, тренинг, психотехника, модернизациялау үдерісі, ақпараттық технология.

Ключевые слова: профессиональная компетентность, психодиагностика, деловая игра, тренинг, психотехника, процесс модернизации, информационные технологии.

Keywords: professional competence, psychodiagnostics, business game, training, psychotechnics, modernization process, information technology.

Резюме: В данной статье проанализированы обширные исследовательские работы, в которых показано, что эффективность использования психологических тренингов в рамках технологий формирования профессиональной компетентности будущего учителя связана с умением правильно организовать деятельность учащихся и в настоящее время рассматриваются пути повышения эффективности педагогической деятельности.

Summary: This article analyzes extensive research works, which show that the effectiveness of the use of psychological training in the framework of technologies for the formation of professional competence of the future teacher is associated with the ability to properly organize the activities of students and currently considers ways to improve the effectiveness of pedagogical activity.

Қазақстан Республикасының білім беру мен тәрбиелеу жүйесінің түбегейлі жаңару жағдайының негізіне, әлем сондай ақ қазақстан халқтарының ұрпақ тәрбиесіндегі ғасырлар бойы жинақталып, сараланған мол тәжірибесі алынып отыр. Бұл Қазақстан Республикасының президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан» атты 2007 жылғы халыққа Жолдауындағы шешілуі тиіс негізгі он басты міндеттердің алтыншы міндетінде - «осы заманғы білім берумен кәсіптік қайта даярлау, «парасатты экономиканың» негіздерін қалыптастыру, жаңа технологияларды, идеялар мен көзқарастарды пайдалану, инновациялық экономиканы дамыту. Әлемдік шаруашылық байланыстарына батыл кіріккен барлық осы заманғы байқуатты мемлекеттер «парасатты экономикаға» сүйенген болатын. Ондай экономика жасақтау үшін, ең алдымен, өз қарауымыздағы адами қазынамызды еселегеніміз парыз» [1] делінген. Себебі жас өспірімдердің ұлттық мәдениет пен дәстүрлердің адами қазыналар негіздерін меңгергенде ғана жалпы адамзаттық мұраларды игеріп, дүниеге көзқарасы, озық ойлау жүйесі қалыптасатыны белгілі. Халық мұрасындағы адамгершілік, эстетикалық тәрбие беру жеке тұлғаның қоршаған орта әсемдігін сезіну, тану, қабылдау қасиеттерін қалыптастырады және рухани мәдениетін дамытады.

Мемлекетіміздің тек саясат пен экономика емес, білім беру жүйесіне де үнемі назар аударуы еліміздің болашағы жайындағы кемел ойлардан туындап отырғаны түсінікті. Өйткені, ел байлығы тек мұнай мен газ емес, адам екені белгілі. Қай қоғамда болмасын шешуші фактор – адам және жеке тұлға болып қала бермек.

Еліміздегі әлеуметтік-экономикалық және саяси өзгерістер, республиканың әлемдік деңгейде білім беру жүйесіне жетуге жасаған қадамдары осы кезге дейін педагогика теориясы мен практикасында бекітілген білім беру парадигмаларын, жүйелерін, әдістерін, формаларын жетілдіру талабын қойды. Жоғары оқу орындарының үлкен жауапкершілікті сезініп, білікті, өз ісінің шебері, бәсекеге қабілетті, кең ауқымды, жан-жақты дамыған маман дайындауға ұмтылуы, өзінің әлеуметтік-экономикалық және рухани дамуының мазмұны мен сипаттарының өзгеруіне және еңбек сапасына талаптың жоғарылуына байланысты өз ісін жетік білетін, кәсіби білігі мол мамандарды қажет етеді.

Білім берудегі жаңа басымдықтар – ізгіліктік педагогика, студенттердің тұлғалық қабілетін анықтау және дамыту, әлеуметтік үдерістер мен тұлғааралық қарым-қатынастарды ұйымдастырудың

ерекше формасы ретінде танылатын оқыту үдерісінің тиімділігін арттыру болып отыр. Техникалық және кәсіптік білім беру жүйесіндегі білім беру мен тәрбие жұмыстарының талапқа сай жетілдірілуі студенттердің болашақ кәсіби құзыретті маман болып қалыптасуына зор ықпал етеді. Қазіргі таңда білікті маман даярлаушы техникалық және кәсіптік білім жүйесінде бәсекеге қабілетті маман қалыптастыру үшін, алдымен маманның кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру керек деген әр түрлі пікірлер жиі айтылуда.

Болашақ маман кәсіби құзыретті болып, осы ақпараттық қоғамнан қалыспай, жедел ойлаушы, жедел шешім қабылдаушы, ерекше ұйымдастырушылық қабілетті, нақты бағыт - бағдар беруші болып шығуы - бұл қазіргі заманның талабы. Құзыреттілік қалыптастыру дегеніміздің өзі болашақ кәсіби маманның - қазіргі студенттердің шығармашылық қабілеттерін дамыта отырып ойлаудың, интеллектуалдық белсенділіктің жоғары деңгейіне шығу, жаңаны түсіне білуге, білімнің жетіспеушілігін сезінуге үйрету арқылы ізденуге бағыттауды қалыптастырудағы күтілетін нәтижелер болып табылмай. Студенттердің кәсіби құзыреттілік мәселелері туралы пікірлер кәсіби маман даярлау мәселелерімен айналысып жүрген отандық және шетелдік ғалымдар, педагогтар, психологтар еңбектерінде көрініс табады.

«Құзыреттілік» түсінігі білім беру саласында 1960-1970 жылдардағы шетел әдебиеттерінде, ал 1980 жылдардың соңында отандық әдебиеттерде кездесті. «Кәсіби құзыреттілік, жете білушілік» ұғымын енгізудің қажеттілігі оның мазмұнының кеңдігімен, интегративтік сипатымен, «кәсіптілік», «біліктілік», «кәсіби мүмкіндіктер» және т.б. түсініктерді біріктіреді. Д.И.Ушаковтың редакциясымен жарық көрген түсіндірме сөздіктің авторлары «құзыреттілік» және «құзырет» сөздерінің арасындағы айырмашылықтарды дәлелдеуге тырысқан. «Құзыреттілік» – хабардар болушылық, абыройлық; «құзырет» – жеке тұлғаның кәсіби қасиеті және қызметтік сипаттардың нақты жиынтығы [2]. Кәсіби құзыреттілікті анықтау туралы мәселе педагог, философ, физиологтардың, арасында пікір қайшылықтары мен жаңа ойлар тудыруда. Тұлғаның кәсіби процесін көп жағдайда оның біліктілігімен, кәсіптік құзыреттілігімен байланыста қарастырады.

Ресей ғалымдары Н.В.Кузьмина, А.К.Маркова, В.А.Сластенин, Т.Ф.Лошакова [3], т.б. педагогикалық зерттеулерінде педагог кадрлардың кәсіби құзыреттілігі туралы мәселеге көп қызығушылық пайда болғанын айтады.

Құзыреттілік бірінші орынға білімгердің ақпаратты сауаттылығын емес, оның мәселені дұрыс шеше білу қасиетін қояды. Егер болашақ педагогтың құзыреттілігінің қалыптасуын орта кәсіби білім беру жүйесінің аумағында қарастырсақ, онда білім, білік, дағды мүмкіншілігі, яғни, бір сөзбен педагогикалық қызметке маманның қаншалықты дайын екендігі туралы айтуға болады. Кәсіби құзыреттілік деп педагогтың жеке бас сапалары мен оның психологиялық-педагогикалық және теориялық білімінің, кәсіби біліктілігі мен дағдысының, тәжірибесінің бір арнада тоғысуы деуге болады. Болашақ маман өз ісінің шебері, жақсы мұғалім болу үшін мамандығына қажетті қабілеттерді және жалпы әлемдік мәдениетті, өз елінің мәдениетін, қарым-қатынас мәдениетін, тіл мәдениетін игеріп, интеграциялық үрдістерді меңгеріп, әлемдік білім кеңістігінің өресінен шыға алуға талпынуы керек.

Ғалым С.М.Вешнякованың «Кәсіптік білім беру» сөздігінде: «Кәсіби құзыреттілік competens - қабілетті, белгілі бір саланың тұлғаларының білімінің, білігінің, тәжірибесінің сәйкестігінің мөлшері», - деген анықтама берілген [4].

Ғалым Дж. Равеннің «Қазіргі заманға қоғамдағы құзыреттілік» атты еңбегінде «кәсіби құзыреттілік» терминіне жеке тұлғаның көп қасиеттерін топтайтын ұғым деген анықтама беріледі [5].

Л. М. Митина «құзыреттілік» ұғымына «білім, дағды, білік, сонымен қатар практикада, тілдесімде, жеке тұлғаның өзін-өзі дамытуда қолданатын тәсілдері», - деген анықтама береді [18].

Г.Ж. Ниязова зерттеу жұмысында «құзыреттілік» ұғымына «Білім беру құзырлары - бұл студенттің мағыналық бағдарлары, білімдері, біліктіліктері мен тұлғалық және әлеуметтік іс-әрекетін жүзеге асыруына қажетті нақты анықталған объектілер шеңберіне қатысты тәжірибелерінің жиынтығы», - деп анықтама береді [6].

Б. Т. Кенжебеков құзыреттілік жөнінде: «Құзыреттіліктің бар-жоғын адам еңбегінің нәтижесіне қарап пайымдау қажет. Кез - келген қызметкер, өз әрекетімен кәсіби іс-әрекеттің түпкі нәтижесіне сай талаптарға жауап беретін жұмыстарды орындаса ғана, кәсіби құзыретті болып саналады», - деп анықтама береді [7].

Мұғалім қоғам талабына сай өзін-өзі үздіксіз тәрбиелеп отыратын, ортамен, адамдармен, балалармен, қарым-қатынасқа тез түсе алатын, ұйымдастырушылық қабілеті жоғары, тәжірибесі мол, т.б. қасиеттерді жинақтағанда ғана оның бойынан кәсіби құзыреттілігі анық байқалып тұрады.

Мұғалімнің кәсіби құзыреттілігін қалыптастыруда педагогикалық практика үлкен рөл атқарады. Педагогикалық практиканы өту кезінде студенттің педагогикалық іскерлігі мен дағдылары жылдам қалыптасады. Оның шығармашылық және педагогикалық құбылыстарды зерттеуге деген қабілеті дамиды, педагогикалық шеберліктің негіздері қаланады.

Кәсіби құзыреттілікті қалыптастыру жеке шығармашылық қабілетті дамытуды, педагогикалық инновацияларды дұрыс қабылдауы, күнделікті өзгеріп жататын педагогикалық ортаға тез бейімделуді қажет етеді. Ғалымдар жоғары оқу орнын бітірушілердің құзыреттіліктерінің құрылысын жалпы кәсіби құзыреттілік, арнайы кәсіби құзыреттілік деп бөліп саралайды. Жалпы кәсіби құзыреттілік студенттің жалпы кәсіптік білімі, дағдысы, қабілеті мен мамандығының дайындығы арқылы анықталады. Сонымен бірге құзыреттіліктің бұл түріне студенттің ғылыми-зерттеушілік, басқарушы-ұйымдастырушылық қабілеттері мен кәсіби және педагогикалық қызметі жатады.

Арнайы кәсіби құзыреттілік бітірушінің белгілі бір мамандық бойынша кәсіби қызметті атқарудағы дайындығы мен оған ұмтылуы арқылы айқындалады. Олардың мазмұны мемлекеттік классификациялармен анықталады. Е.А.Климов мамандық бойынша байланысты былайша жіктейді: адам – адам; адам – белгілер жүйесі; адам – көркем бейне; адам – техника; адам – табиғат.

Ал кәсіби құзыреттілікті коммуникативтік, ақпараттық, регулятивтік және интеллектуалды-педагогикалық құзыреттілік ретінде қарастырады. Педагогтың коммуникативтік құзыреттілігі – кәсіби интегративтік қасиет, оның негізгі бөліктеріне эмоционалдық тұрақтылық (ікемділікпен байланысты); экстраверсия (тағайындалған деңгейі мен эффе́ктивті жетекшілікті көрсетеді); тікелей және қайтарымды байланысты ұштастыру мүмкіншілігі; тілдік білімі; тыңдай білу қабілеті; марапаттай білуі; сыпайылық; жалпы қабілеті жатады.

Коммуникативтік құзыреттілік – біріншіден, жеке тұлғаның дамуы мен өзіндік дамуы процесіндегі мұғалімнің жеке тұлғалық қасиеті; екіншіден, ұстаздың педагогикалық қарым-қатынастық мақсаты, түйіні, құрылымы, құралы, ерекшелігі туралы хабардарлығының көрсеткіші; қажетті технологиялық деңгейін меңгеруі; маманның жеке психологиялық сапасы; коммуникативтік іс-әрекетін әрдайым жетілдіріп тұруға тырысуы; негізгі құндылық ретінде жеке адамның тұлғасына бейімделе білу, “бағдар ету”, сонымен қатар педагогикалық қарым-қатынас кезінде туындайтын міндеттерге шығармашылық, қапысыз шешім таба білу қабілеті.

Ақпараттық құзыреттілік өзі туралы оқушылар мен олардың ата-аналарының, басқа ұстаздардың жұмыс тәжірибесі жөнінде ақпаратты білу мөлшерін қамтиды.

Регулятивтік құзыреттілік оқытушының өз іс-әрекетін басқара білу мүмкіншілігін білдіреді. Оған мақсаттылық, жоспарлау, тұрақты белсенділік пен өзін көрсете білуі, рефлексия, іс-әрекетінің бағасы енеді. Іс-әрекеттің негізгі факторы – ізгілік, құндылық болып табылады.

Интеллектуалды-педагогикалық құзыреттілікті талдау, синтез, салыстыру, қорытындылау, нақтылау сияқты қарастыра білудің кешені, аналогия, қиял, ойлау қабілетінің ікемділігі мен сындылығы ретіндегі зерденің қасиеті түрінде қарастыруға болады. Болашақ маман дайындау мәселесі оның тұлғалық сапалары мен қасиеттерін қалыптастырудың мазызын көрсетеді. Тұлғалық-бағдарлық бағытта білім беру нәтижесі білім, біліктілік және дағды жүйесінде, шығармашылық іс-әрекет тәжірибесіне және эмоционалды көңіл-күйді көрсете білуге, ерікті қарым-қатынасқа педагогикалық бейімделген тұлғаны қалыптастыру ретінде түсіндіріледі.

Сондықтан маманның кәсіби құзыреттілігінің арнайы, әлеуметтік және тұлғалық түрлеріне ерекше мән беріледі. Арнайы - өзінің мамандығына сәйкес білімі, біліктілігі, дағдысы, жаңа білім мен білікті өз бетімен меңгеру, өз еңбегінің нәтижесін бағалау, біліктілігінің болуы. Әлеуметтік – тіл туралы білімінің, коммуникативті мәдениетінің, басқамен ынтымақтастыққа қабілеттілігінің, өзінің іс-әрекетінің нәтижесіне, қоршаған ортаға дайындығының болуы. Тұлғалық - өзін-өзі тану бойынша біліктілік, дағдысын жетілдіруге кәсіби іс-әрекет тұлғаның дамуына дайындығының болуы. Бұл үшін, біріншіден, ақпараттық қоғамда кез келген маманның іс-әрекеті күшейтіледі, екіншіден, білім парадигмасының өзгеруі кәсіби білім, біліктілік пен дағдыға маманның дайындығын қалыптастырудың, ойлаудың әдіснамасын дамытудың қажеттілігін көрсетеді, үшіншіден, ізгілікті және әлемдік интегративті үрдістер тенденциясы алдымен көпмәдениетті тұлғаны қалыптастырудың қажеттілігін айқындайды.

Қоғамдық-саяси даярлық болашақ мұғалімдерді қоршаған дүниені, табиғатты, қоғамдық өмірдің құбылыстарын тану әдіснамасына, әлеуметтік-экономикалық даму мәселелерін пайымдау, талдау, маңыздысын ажырата білуге, адамдармен қарым-қатынастағы жоғары мәдениеттілікке үйренуге мүмкіндік береді. Болашақ мұғалімді терең әдіснамалық және теориялық тұрғыда даярлау қай кезде де күн тәртібінен түспек емес. Олай болса, республика жоғары оқу орындарының алдында жан-жақты

дамыған, саяси сауатты, терең теориялық біліммен қаруланған, адамдармен қарым-қатынас мәдениетін меңгерген маман дайындау міндеті тұр. Сонымен, кәсіби құзыреттілік дегеніміз ең алдымен студенттің функционалдық сауаттылығы мен кез-келген мәселені дұрыс шеше білу қасиетінен көрініс табады. Студент қоғам талабына сай өзін-өзі үздіксіз жетілдіріп отыратын, кәсіби білімді, жаңа технологияларды меңгерген, ортамен қарым-қатынасқа тез бейімделе алатын, ұйымдастырушылық қабілеті жоғары, тәжірибесі мол, т.б. қасиеттерді жинақтағанда ғана кәсіби құзыретті маман бола алады.

Студенттің кәсіби құзыреттілігі кәсіби және жеке сапалардан құралады. Кәсіби құзыретті маман деп өзінің педагогикалық әрекетін жоғары дәрежеде жүргізе алатын, қарым-қатынасқа әрдайым дайын, педагогикалық үдерісте үнемі оң нәтижелерге қол жеткізіп отыратын маманды атауға болады.

Пайдаланған әдебиеттер

- 1 Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан» Қазақстан халқына Жолдауы. Астана 2007 жылғы 28 ақпан.
- 2 Ушаков А.А. Содержание и структура личностно-профессионального саморазвития педагога в интегративной образовательной среде. М.: 2012.
- 3 Кузьмина Н.В. Студенттердің кәсіптік құзырлығын қалыптастыру тәсілдері. Алматы: 2002.
- 4 Вешнякова С.М. Профессиональное образование. М.: 2010.
- 5 Равен Дж. Компетентность в современном обществе: выявление, развитие и реализация. М.: 2002
- 6 Митина М. Возможности коррекции модели профессиональной жизнедеятельности педагога. М.: 2010.
- 7 Кенжебеков Т. Профессиональная компетентность преподавателя высшей школы. Астана: 2012.

ӘӨЖ 37.013:372.41-057.874

ПЕДАГОГ-ПСИХОЛОГ МАМАННЫҢ САБАҚТАН ТЫС ТӘРБИЕЛІК ІС-ШАРАЛАР АРҚЫЛЫ ЖОҒАРЫ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫН ЖАН-ЖАҚТЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУ ЖОЛДАРЫ

Жумадиллаева Айгүл Аязбаевна – п.ғ.к., доцент.
Омаркулова Эльвира Асылбековна – магистрант

Академик А. Қуатбеков атындағы Халықтар достығы университеті
E-mail: psixoloqiya16@mail.ru

Кілттік сөздер: интеллектуалды, физикалық жан-жақты дамыған, білімпаз, шығармашылығы белсенді, тұрақты, ынталы, дағдысы қаланған.

Ключевые слова: интеллектуал, физически всестороннее развиты, образованны, креативны, устойчивы, мотивированы, обладают навыками.

Keywords: intellectual, physically well-rounded, educated, creative, stable, motivated, have skills.

Резюме: В данной статье рассмотрен ряд прогрессивных работ в независимой стране с целью решения любых жизненных проблем, закономерностью развития общества которых является всестороннее духовное, интеллектуальное и физическое развитие школьников, активное любознательное творчество, стремление к постоянному самообразованию и выработке навыков.

Summary: This article examines a number of progressive works in an independent country with the aim of solving any life problems, the regularity of the development of society is the comprehensive spiritual, intellectual and physical development of schoolchildren, active inquisitive creativity, the desire for constant self-education and the development of skills.

Бүгінгі таңда ұлттық мәдениет әдебиетінің, тілдің, әдет – ғұрып, дәстүр, салттың тағдыры мен болашағы мектептегі жас ұрпақ тәрбиесіне байланысты.

Тәрбиедегі басты бағыт: “Әрбір адам ең алдымен өз халқының президенті, өз отанының азаматы болу керек екенін, ұлттың болашағы тек өзіне байланысты болатынын есте ұстауға тиіс”.

Оның осындай тұжырымға тоқталуына ұлттық әдет – ғұрыптар мен дәстүрлер көптеп көмектеседі [1]. Солар арқылы ол жалпы адамзаттық әлемге аяқ басып, өз халқының игілігін басқа халықтарға жақын да түсінікті ете алады. Сондықтан әрбір, ұрпақ өз кезі мен өткеннің талаптары, объективті факторлар негізінде жеткіншек ұрпақты өмірге даярлап, оны жинақталған тәжірибе арқылы тәрбиелей отырып, өзінің ата бабаларының рухани мұрасын игере түсуі керек.

Блұ болса, кәсіби шеберлікпен ұйымдастырылатын мектептің тәрбие жүйесі арқылы жүзеге асады. Мектептің сыныптан тыс тәрбие жүйесі сол мектептің өзіндік ерекшелігі негізінде жасалған тәрбие тұжырымдамасы бойынша айқындалады.

Жеке тұлғаның қалыптастып дамуы үздіксіз сипатта болатыны бізге мәлім. Оның жүзеге асуы тек сабақ жүйесінде ғана емес, сабақтан тыс жүргізілетін әртүрлі тәрбиелік әрекеттермен ұштасады. Ол әдетте сыныптан тыс және мектептен тыс жұмыс болып бөлінеді.

Сыныптан тыс тәрбие жұмысы – тұлғаның әлеуметтік қалыптасуын қамтамасыз етуде оған жағдай туғызатын мұғалімдердің басшылығымен ұйымдастырылған сабақтың мақсатымен өзара байланысты болып келетін тәрбие жұмысының дербес түрі [2]. Ол әртүрлі тәрбие әрекеттерінің жиынтығы ретінде балаға кең көлемде тәрбиелік ықпал ете алады. *Біріншіден*, оқудан тыс әртарапты әрекет баланың сабақта мүмкін болмайтын жан-жақты дара қабілетін ашуға ықпал етеді.

Екіншіден, сыныптан тыс әр түрлі тәрбие жұмысының түрімен айналысу баланың жеке әлеуметтік тәжірибесін жандандырып, жетілдіреді, оның адамзат құндылықтарына негізделген білімдерін байытып, қажетті практикалық іскерлігі мен дағдысын қалыптастырады.

Үшіншіден, сыныптан тыс түрлі тәрбие жұмысы оқушыларда әрекеттің әртүріне қатысты қызығушылығының дамуына, оған белсенді қатысуға деген құлшынысын тәрбиелеуге нәтижелі ықпал етеді. Егерде балада еңбекке деген тұрақты қызығушылық және белгілі бір практикалық дағды қалыптасқан болса, онда ол өз бетінше тапсырманы нәтижелі орындауды қамтамасыз ете алады. Бүгінде бала өзінің бос уақытын қандай іске арнауды білмей жатса, соның негізінде жастар арасында қылмыстың көбеюіне әкеледі. Сондықтан бұл өте өзекті мәселеге айналуға.

Төртіншіден, сыныптан тыс әртүрлі тәрбие жұмысының формасы тек қана баланың өзіндік дара қабілетін ашуға ықпал етпейді, сонымен бірге оқушылар ұжымында өмір сүруге үйретеді. Яғни, оқу, еңбек әрекеттерінде және қоғамдық пайдалы істерді атқаруда өзара ынтымақтастыққа, бір-біріне қамқор болуға, өзін басқа жолдастарының орнына қоя білуге тәрбиелейді. Тіпті оқудан тыс әрекеттің қандай да бір түрі болмасын, танымдық, спорттық, еңбек, қоғамдық пайдалы, оқушылардың өзара ынтымақтастық тәжірибесін белгілі бір салада байытады, қорытындысында үлен тәрбиелік нәтижеге қол жеткізуге ықпал етеді. Мысалы, балалар бірігіп спектакль қойды делік, онда өзара қарым-қатынас тәжірибесін меңгереді. Сыныптың тазалығын ұжым болып атқарса, онда өзара міндеттерін бөлісу тәжірибесін меңгереді. Спорттық әрекетте балалар "бірі бәрі үшін, бәрі бірі үшін" деген қағиданың маңызын жете түсінеді т.с.с. *Бесіншіден*, сыныптан тыс тәрбие жұмысын ұйымдастыру мен өткізуде уақытқа қатысты қатаң шектеу болмайды. Сынып жетекшісі оның формалары мен әдістерін, құралдары мен мазмұнын және бағытын тандауда ерікті болады. Бұл, бір жағдайда оған өзінің көзқарасы және сенімі тұрғысында әрекет етуде мүмкіндік берсе, екінші жағдайда, оның жауапкершілігін арттырады. Бұған қосымша, оған шығармашылық белсенділікті талап етеді.

Алтыншіден, сыныптан тыс тәрбие жұмысының нәтижесіне күнделікті бақылау мүмкіндігінің болмауы. Себебі, онда тек жалпы жетістік пен оқушылардың жеке дара даму деңгейін бақылауға ғана мүмкіндік береді. Соған сәйкес қандай да бір форма немесе әдістің нәтижесін бірден анықтау өте қиындықты туғызады. Мұндай ерекшелік сынып жетекшісінен табиғи жағдайда жұмыс жасауды, балалармен қарым-қатынаста немқұрайлылыққа жол бермеуді және оның нәтижесін бағалауда оларда шиеленіскен жағдайды болмауын қажет етеді.

Жетіншіден, сыныптан тыс тәрбие жұмысы оқушылардың мүмкіндіктеріне сай қолдары бос уақытта (үзілісте, сабақтан кейін, мейрам немесе сенбі және жексенбі күндері, демалыстарында) ұйымдастырылады. Сонымен қатар оған кең көлемде ата-аналар мен жұртшылықтың өкілдері қатыстырылады. Сыныптан тыс тәрбие жұмысының мақсат және міндеттері тұтас педагогикалық процестің қызметіне ерекше сипат береді - білімділік, тәрбиелік және дамытушылық.

Білімділік қызметі оқу әрекеті секілді басымдылыққа ие бола алмайды. Ол сабақтан тыс тәрбие жұмысында тәрбиелік және дамытушылық қызметті нәтижелі іске асыруда көмекші рол атқарады. Соған орай сабақтан тыс тәрбие жұмысының білімділік қызметі ғылыми білімдер жүйесін және оқу біліктілігі мен дағдысын қалыптастыруды көздемейді, керісінше балаларда белгілі бір мінез-құлық дағдысын қалыптастыратын ұжымдық өмірді, қарым-қатынас мәдениетін т.б. үйретеді.

Сабақтан тыс тәрбие жұмысының дамытушылық қызметінің маңызы ерекше. Ол белгілі бір әрекетке байланысты оқушылардың психикалық процестерін, оқушыларды жеке-дара қабілеттерін дамытуды көздейді. Соған орай баланың жасырын қабілетін анықтау, бейімін, қызығушылығын дамытуды мақсат тұтады. Егерде оқушы бір нәрсеге қызығушылығы болса, онда мұғалім сол сұраққа қатысты қосымша қызықты мағлұмат беріп, оқуға қосымша әдебиет ұсынып, оған жағдай туғызып, сонымен бірге оны қызығушылығын арттырады.

Осындай жұмысты атқаруда белгілі бір нәтижеге қол жеткізу үшін оның мақсатын нақты анықтау қажет. Мысалы мұғалім "қонаққа барған жағдайда қандай мінез-құлық ережелерін сақтау" қажеттігі туралы оқушылармен әңгіме өткізуді жоспарлады делік. Ол үшін оның мақсатына баланың "мінез-құлық ережесі" туралы білімдерді кеңейтуді белгілейді. Бұл тәрбие жұмысының білімділік қызметін атқарады. Яғни балада қонаққа барған жағдайда белгілі бір мінез-құлық ережелерін ескеруді қалыптастыру; этикалық нормалары сақтауға үйрету; "мінез-құлық нормалары" деген этикалық ұғымды қалыптастыру; сол сыныптағы балаларда кездесіп қалатын "мінез-құлық нормаларына" қатысты кейбір келеңсіз әрекеттерін талқылауға арналған міндеттердің түрі белгілейді [3].

Осы бағыттағы жұмыстың мақсат, міндеттері және қызметін анықтау жұмыстары оның мазмұны мен формасы таңдауға ықпал етеді.

Тәрбие жұмысының мазмұны әлеуметтік тәжірибеге бейімделген адам баласы өмірінің әртүрлі саласындағы өзіндік тәжірибесіндегі: ғылымда өнерде, әдебиетте, техникада, өзара қарым қатынаста, моралдық бейнесінде бастан кешірген және жүзеге асырған жағдайларын қамтиды. Соған орай сабақтан тыс тәрбие жұмысының мазмұнының ерекшеліктері сипатталады.

- Біріншіден, сабақтан тыс тәрбие жұмысының мазмұны баланың сезіміне, әсерленуіне назар аударуды міндеттейді (сезімі арқылы ақыл ойына әсер етуді көздейді);
- Екіншіден, баланың практикалық әрекетін ұйымдастыруды (әртүрлі іскерлік пен дағдысын жетілдіруді) көздейді;
- Үшіншіден, жаңа мағлұматтарды іздеу, сабақтан тыс әртүрлі тәрбие жұмыстарын атқаруда өздігінен жұмыс істеу біліктілігін машықтандыру;
- Төртіншіден, коммуникативтік біліктілігі мен дағдысын тәрбиелеу (ұжымда өмір сүре білу, ұжым болып ауызбірлікте қоғамдық пайдалы істерді атқару т.с.с.);
- Бесіншіден, этикалық нормаларын сақтай білуге дағдыландыру;

Сыныптан тыс жұмыстардың ерекшелігін анықтауда Н.К. Крупская еңбектерінде жасалған оның негізгі принциптері және қазіргі жағдайда әрине, түзетуді қажет ететін тәрбиенің жалпы принциптері басшылыққа алынады. Тәрбиенің даму теориясының диалектикасы мынадай, ол балаларды тәрбиелеу мен мектеп тәжірибесі негізінде пайда болып, ол өзінің объектісі -тәрбиемен, оның барлық қазіргі әр түрлілігімен жүруі керек, тәрбиелеу мәселелерін кең ұғымда қамту, бір жағынан, бірнеше жаңа ғылыми-педагогикалық бағыттардың пайда болуына және ғылыми синтезге алып келу, екінші жағынан кең педагогикалық теорияның құрылуы қажет. Қоғамдық іс-әрекет ретінде пайда болған мектептен тыс жұмыс әрекеттің әр алуан түрінің және педагогикалық жетекшілердің өзгеше құралдарының арқасында әлеуметтік - педагогикалық мәртебеге ие болды.

Сыныптан тыс жұмыстарда оқушыларға ұлттық тәрбие беруде мынадай принциптер басшылыққа алынады.

- балалардың қызығушылығына қарай ерікті бірлесуі негізінде айналысудың жаппайлығы және көпшілікке қажеттілігі, олардың ынтасы мен әрекеттілігінің дамуы;

- әрекеттің қоғамдық пайдалы бағыттылығы: мектептен тыс жұмыстардың әр түрлі формасы; балалардың жас және дара ерекшеліктерінің есебі. Бұл принциптер сыныптан тыс жұмыстар қызметінде іске асыра отырып, сыныптан тыс жұмыстардың мынадай ерекше белгілерін сипаттайды: сыныптан тыс жұмыстарға балалардың жаппай және ерікті қатысуы; әрекеттің белгілі түріне қызығушылығы мен бағыттылығына қарай оқушылардың дифференциялануы; практикалық міндеттер мен әрекеттің жақын нәтижесін қою; қатынас пен қатысу саласының әр түрлілігі; уақытша сыныптан тыс ұжымның құрылымы, өзін -өзі тану, өзін -өзі іске асыру және өзін -өзі жетілдіру негізінде ересектер мен балалардың субъективті -объективті қарым -қатынасы, біздің қоғамымыздың әр түрлі мамандығы мен саласының өкілдерін, педагог мамандарын байланыстыратын ерекше педагогикалық ұжым, сыныптан тыс жұмыстардың әдістемелік бағыттылығы, дара және ұжымдық шығармашылықтың бірлігі.

Сыныптан тыс жұмыстарда педагогтар белгілі бір әлеуметтік мәдениетте балалардың қабілеті мен қызығушылығын дамыту ісін жасаса, әрі тәрбиеші ролінде өздерінің дүниетанымы, өз тәжірибесі және іскерлігі арқылы жасөспірімдерді әлеуметтік шығармашылық істерге араластырады,

белгілі әлеуметтік жағдайда өмір сүруге және еңбек етуге үйретеді, қоғамдық тәрбие мақсатын тұлғаның өзін өзі дамыту мақсаттарымен тығыз байланыстырады [4]. Осылайша, тұлғаны тәрбиелеудегі мақсат бір жағынан өзін дамыту жолында алдына қоғамды қоятын, екінші жағынан, қоғам өзінің әрбір мүшесінен күтетін міндет пен мақсаттан келіседі.

Мұндай жағдайда, өз қоғамының мәдени құндылықтарымен қаныққан және оның идеяларын қабылдаған азаматты тәрбиелеу нәтижесінде жеке тұлға мен қоғам арасындағы үйлесімділікті туғызады.

Бірақ өсіп келе жатқан тұлғаға мақсатты әсерлерді жүзеге асырушы әрбір тәрбиелеу институттары мына жағдайда ғана, егер бір жағынан, басқа институттармен өзара байланысқа түсетін болса, ал екінші жағынан - осы процесте тұлғаның өз белсенділігін арттыра білу шартына сай тұлғаны тұтастай жасап шығаруда маңызды жақтарын игеруде ғана тиімді нәтиже алады.

Сыныптан тыс жұмыстардың тәрбиелік қызметі-бұл жас балалар мен жас өспірімдерді ғылымның, техниканың, мәдениеттің, өндірістің түрлі салаларына дайындаудың қоғамдық қажеттілігіне негізделген кең және динамикалық жүйе. Ол көп жоспарлы, әрі көп қызметті, өз ерекшелігі және педагогикалық процестің екі субъектісі-тәрбиелеуші мен тәрбиеленушілердің өзара байланысы бар жүйе. Ол (жүйе) тәрбиеленушілердің өмір тіршілігін ұйымдастыруда олардың қоршаған ортаға белгілі қатынасын жасауда мақсатты бағытталған тәрбие әрекеттерінің жүйесіндегі шағын жүйе ретінде шығады. Оның негізгі компоненттері: қызмет субъектісі; қажеттілік, мақсаттылық, заттық-тәжірибелі бағыттылық; процестің нақты әрекетін ұйымдастыру мен қамтамасыздығы; нәтижелілік болып табылады.

В.В. Белова., Т.И. Шукиналардың зерттеулерінде жасөспірімдердің танымдық қызығушылықтарының даму сатысына байланысты әрекеттерді ұйымдастырудың бірнеше деңгейі көрсетілген: бірінші – репродуктивтік -еліктеу әрекеті, осының көмегімен жасөспірімдер үлгілерін меңгереді, осылайша өздеріне басқалардан тәжірибеден тәжірибе жинайды: екінші іздену орындау әрекеті мұнда жетекші есепті орындайды, ал жасөспірімдер оның шешу жолын өз бетінше іздейді; үшінші шығармашылық әрекеті мұнда жасөспірімдер анықтаған есепке сәйкес өзіндік шешімдері іске асырылады және жасөспірімдер үшін сапалы жаңа құндылықтар жасалады. М.Д. Виноградова, В.И. Масакова., И.Б. Первин т.б. оқушылардың шығармашылық даралығы бойынша зерттеулері тұлғаның шығармашылық потенциалын дамытудың жемістілігі әлеуметтік құнды дара шығармашылық мүмкіншіліктері мен тапсырмаларын шығармашылықты түрде орындаудың ең жақсы жолын таңдауда да және жаңасын жасауда да қабілеттілігі балалардың әр түрлі талаптарын тоқтату процесінде болатынын растады [5]. Сыныптан тыс жұмыстың қызмет шартында үйірменің ұжымдық әрекетінің шығармашылықпен қанықтыруды дайындықсыз балалардың өзінен қостау табады. Әр түрлі шығармашылық әрекет мектептен тыс ұжымда балалардың ролін және бағытын өзгертуге мүмкіндік жасайды.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

- 1 Құсайынов А.Қ. Қазақ ұлт мектебі // Егемен Қазақстан. – 2003. – 22 ақпан.
- 2 Қаленов О.Б. Қазақ мектебі – ауыл өмірінің айнасы // Ауыл мектебі дамуы, болашағы. Конф. материалдар жинағы. - Алматы, 2002. - 261 – 262 бб.
- 3 Құнанбаев А. Шығармалардың толық жинағы. – Алматы: Ғылым, 1987. – 2 т. – 280 б.
- 4 Лихачев Б.Т. Философия воспитания. Спецкурс: Учебное пособие для студентов высших учебных заведений. - М.: Прометай, 1996. – 282 с.
- 5 Лихачев Б.Т. Философия воспитания. Спецкурс: Учебное пособие для студентов высших учебных заведений. - М.: Прометай, 1996. – 282 с.

ОҚУШЫЛАРДЫҢ БІЛІМ САПАСЫН АРТТЫРУ ҮДЕРІСІНІҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ МЕН ПЕДОГОГИКАЛЫҚ АСПЕКТІЛЕРІ

Кураббаева Алия Абдукаримовна – PhD., аға оқытушы.

Телғозы Гүлмира Бөкейханқызы – магистрант

Академик А. Куатбеков атындағы Халықтар достығы университеті

E-mail: psixoloqiya16@mail.ru

Кілттік сөздер: Пәнаралық байланыс, көпкейіпкерлік белгілері, жүйелілік, жеделдік, икемділік, құзіреттілік.

Ключевые слова: Межпредметные связи, признаки многозадачности, системность, оперативность, гибкость, компетентность.

Keywords: Intersubject communication, signs of multitasking, consistency, efficiency, flexibility, competence.

Резюме: В данной статье рассмотрены особенности использования дидактических средств обучения для усиления качества знаний по учебному материалу предметов, так как состав и структура знаний учащихся и качество знаний рассматривались в предыдущей теме.

Summary: This article discusses the features of using didactic teaching tools to enhance the quality of knowledge on the educational material of subjects, since the composition and structure of students' knowledge and the quality of knowledge were considered in the previous topic.

Оқушылардың білімінің құрамы мен құрылымы және білім сапасы алдыңғы тақырыпта қарастырылуы себепті пәндердің оқу материалы бойынша білім сапасын күшейту үшін оқытудың дидактикалық құралдарын қолдану қарастырылады. Бастауыш сынып оқушыларының білім сапасын арттырудың дидактикалық құралдарының негізгілерінің бірі – пәнаралық байланыстар болып табылады.

Бастауыш білім беру жүйесіндегі пәнаралық байланыстар ұғымы біздің ойымызша «қазіргі ғылымның, техниканың, өндірістің интегралды үдерістерін көрсететін білім беру жүйесіндегі әртүрлі оқу пәндерінің жиынтық байланыстары» ретінде қарастырылады.

Жаңа жағдайда ақыл-ой қызметін оқушы тасымалдай алуды игеретін болса, онда білім сапасы жеткілікті қалыптасқан/меңгерілген деп саналады. Мұндайда өте қажеттісі тасымалдаудың кеңдігі болып табылады. Тәсілдерді кеңінен тасымалдауды қамтамасыз ету үшін білімді талдап қорытудың жоғары дәрежесін оқушылар игеруі қажет.

Оқытудағы пәнаралық байланыстар оқушы игеруі қажет зерделейтін іс-әрекет түрлерінің болмыстағы нақты байланыстарын көрсетеді. Оқу жоспарындағы пәнаралық байланыстар пәндік құрылымы басқа пәндерді зерделеу кезінде қалыптастырылатын дағды мен ептілік ерекшеліктерінен, бір оқу пәні беретін білім, ептілік және дағдының оқушының білім санасында оқшаулану қаупінен сақтандырады. Сондықтан білім беру мазмұны құрамындағы пәнаралық байланыстар міндетті элемент болып табылады.

Бастауыш сынып оқушыларының білім сапасын пәнаралық интеграциялау негізінде қалыптастыру қазіргі кезеңге дейінгі зерттеулердің нақты нысаны болмаған. Бірақ бастауыш сынып оқушыларының білім сапасын пәнаралық интеграциялау негізінде зерттеу, оны жетілдіру бойынша ғылыми-зерттеу жұмыстары жүргізілген.

Бастауыш сынып оқушысының тұлғасының қасиеттері, құзыреттері (білімі, іскерліктері мен дағдылары, жеке тұлғалық қасиеттері) негізінен мектеп қабырғасында пәндер кешенін оқу/зерделеу барысында тұтастай алғанда ғана қалыптасуы жүзеге асырылады. Бастауыш сыныпқа арналған бағдарламаларда «пәнаралық байланыс» деген арнайы бөлім берілген. Ондағы мақсат пәннен зерделенетін тақырыптардың басқа қай пәннің, қандай тақырыбымен, қай сыныпта байланысы барын көрсету. Бұл байланыстардың көпшілігі синхрондалған (пәннің логикасы бұзылмау үшін), ілгері-кейінді, қатар байланыспен қамтамасыз етіледі. Пәндерден алынған білімдер интеграцияланған сабақтар арқылы жүзеге асырылады.

Оқыту үдерісі үшін «пәнаралық байланыс», «пәнаралық іскерлік» ұғымдарының мәні мен маңызын дұрыс түсіну қажеттігі туындайды.

Білім берудегі пәнаралық байланыстың философиялық негізіне дүниедегі барлық заттың, құбылыстардың бірімен-бірінің өзара байланыстылығы, тұжырымдалған дүние туралы білімдер алынады. Объективті дүние белгілі заңдылықпен ұйымдасқан жүйе болғандықтан, оны танып білуде де ғылымдар арасындағы байланыстар қажет.

Пәнаралық байланыстың физиологиялық, психологиялық негізінің нәтижесі білімдер жүйесінің мида орналасуы адамның үнемі алға ұмтылушылығына жағдай туғызады да оның шығармашылық іс-әрекетіне дайын бола алатындығын дәлелдейді. И.П.Павлов мидың аналитикалық-синтетикалық қызметін зерттеп, оны үздіксіз дамуда, өзгерісте болатынын анықтады. Мида сыртқы дүниеден қабылданатын көптеген тітіркендіргіштер реттеліп жүйеге келетінін түсіндіреді. Сондықтан ойлау жүйке үдерістерінің күрделі динамикалық жүйесі болғандықтан, ол мидың анализ, синтез қызметімен орындалады. Бұл жүйеге әр пәннің өз ішіндегі және пәндер бірлестігіндегі білімдер жүйесі сәйкес келеді.

Пәнаралық байланыс мәселесімен бірқатар педагог ғалымдардың шұғылданғандығын көруге болады.

Р.Г.Лемберг пәнаралық байланысты оқушы дүниетанымын қалыптастырудың ең маңызды шарты, оқушылардың әлемнің тұтас бейнесін қабылдауын қамтамасыз етуге қабілетті педагогикалық категория ретінде қарастырады және оның пікірінше «пәнаралық байланысты құру оқушылардың ғылыми дүниетанымын қалыптастыратын табиғат, қоғамның жалпы заңдылықтарын, ғылыми білім жүйесін меңгеруге мүмкіндік туғызады. Пәндердің бөлшектенуін жою, оқу-танымдық көзқарасты қалыптастыру бағытында оқушылардың нәтижелі дамуына қажетті шарттың бірі» болып табылады [1].

М.Н.Скаткин мен М.А.Данилов жалпы білім беретін пәндерге қатысты өзара байланысты білімнің түрлеріне былайша баға береді. Негізгі ұғымдар мен терминдер; әртүрлі объектілер мен болмыс құбылыстары арасындағы байланыстарды және қатынастарды ашатын күнделікті болмыстық және ғылыми фактілер; берілген пәндік саланың құбылыстарын түсіндіру және болжау нысандары мен әдістерінің жиынтығын анықтау жөніндегі ғылыми білімдер жүйесін қамтитын теориялар; ғылыми және әлеуметтік идеялар; іс-әрекет тәсілдері, таным әдістері және білімді алу тарихы, ғылым тарихы жөніндегі білімдер; қоғамдағы белгіленген өмірлік әртүрлі құбылыстарға қатысты нормалар жөніндегі білімдер деп танып, қарастырады [2].

В.Скакун өз жұмысында пәнаралық байланыстарды: зерделейтін оқу материалдары мазмұны; оқушыларда қалыптастырылатын жалпы оқу іскерліктері, оқыту әдістері мен құралдары, оқушыларды тәрбиелеу мен дамыту әдістері мен құралдары бойынша деп ажыратады. Осы ажырату бойынша пәнаралық байланыстардың оқушы жеке тұлғасын, іс-әрекетін дамыту міндеттерін шешудегі әлеуметтік-педагогикалық аспектісін ескеру қажет [3].

В.Скакун мұғалім мен оқушы тарапынан орындалатын іс-әрекет сипаты бойынша пәнаралық байланыс түрлерін төмендегіше етіп топтастырады:

- зерделетін оқу материалдары мазмұны бойынша пәнаралық байланыстар. Бұл байланыс түрінде оқу материалдарын іріктеуден бастап пәнаралық байланыстарды белгілеу, басқа пәндерді зерделеу барысында өндірістік және өмірлік тәжірибеде алған білімдерді оқушылардың берілген пәнді зерделеуі үшін пайдалану, барлық пәндерде кездесетін терминді бірыңғай ғылыми көзқарас тұрғысынан пайдалану, әртүрлі пәндерді зерделеу барысында оқушылардың алған білім мен іскерліктерді кешенді пайдалану жүзеге асырылуы тиіс;

- оқушылардың жалпы оқу іскерліктерін қалыптастыру кезіндегі пәнаралық байланыстар. Бұл байланыс түрінің сипатына оқушылардың кітаппен жұмыс жасау іскерліктері, оқушыларда жоспарлау іскерліктерін қалыптастыру, пәнаралық сипаттағы интеллектуалдық іскерлікті қалыптастыру, тәжірибелік және ұйымдастырушылық (жұмыстағы тәртіптілік, жұмыс орнын тиімді ұйымдастыру, өзіндік бақылау, еңбек қауіпсіздік ережелерін сақтау) іскерліктерді қалыптастыру тән;

- оқыту әдістері мен құралдары бойынша пәнаралық байланыстар. Мұнда әртүрлі оқу материалдарын пайдаланып үй тапсырмасын орындау, пәнаралық сипаттағы білімдерді дамытуға әңгімелер өткізу, басқа пәндер бойынша деректі фильмдерді, үзінділерді, көрнекі құралдарды қолдану, сандық және танымдық тапсырмаларды, пәнаралық мазмұндағы кроссвордтарды шешу, т.б. іс-әрекеттер жүзеге асырылуы тиіс.

- оқушыларды тәрбиелеу және дамыту әдістері мен құралдары бойынша пәнаралық байланыстар. Бұл байланыста әрбір пәннің дүниетанымдық идеясын ашу, қоғамдық құрылыстың өмірмен байланысы, еңбекке шығармашылық қатынасты, оқушылардың танымдық белсенділігін және өз бетінше жұмыс жасай алатынын дамыту. Сонымен қатар барлық педагогтар тарапынан оқушыларға

қойылатын бірыңғай педагогикалық талап, оқушылардың ұжымшылдығын, өзара көмектесулерін дамыту, педагогтің өзінің жеке үлгісі өнеге ретінде жүзеге асырылуы қажет.

И.Д.Зверев пәнаралық байланыстарды толықтай көлемде жүзеге асыру тәсілдерінің сипатынсыз, олардың білім беру, дамыту және тәрбиелеу функциясының өзара байланыстарын ашпайынша бұл мәселені елестету мүмкін еместігін айтқан. Пәнаралық байланыстардың жалпы білім беретін функциялары оқушыларда материя қозғалысының әртүрлі формаларының өзара байланысын көрсететін дүние жөніндегі жалпы білімдер жүйесін қалыптастыруды қарастырады. Пәнаралық байланыстардың тәрбиелеу функциясы оқушыларда диалектикалық-материалистік дүниетанымды, өнегелік-эстетикалық идеяларды, жеке тұлғаның эмоциональдық-еріктік қасиеттерін қалыптастыруды көрсетеді.

И.П.Петрова пәнаралық байланыстардың әдебиеттерде сипатталу негізіне сәйкес әртүрлі жіктелік түрлерге:

- уақыт критерийіне негізделген (алдын-ала, сәйкес, кейінгі);
- жекелеген пәндердегі жалпы ақпараттық мәні бар (фактілі, ұғымдық, теориялық);
- білім түрі мен іс-әрекеттер түрі бойынша;
- жалпыланған түрдегі (мазмұндық-ақпараттық, операциялық-іс-әрекеттік, ұйымдастыру-әдістемелік) және т.б. бөлуге болатынын көрсетеді.

В.Т.Фоменко пәнаралық байланыс мәселесін ғылыми тұрғыдан талдай келіп, кіріктіру үдерісін зерттеу барысында кіріктірудің төменгі және жоғарғы деңгейін бөліп көрсеткен. Интеграциялаудың ең төменгі деңгейі – бұл фрагменттік пәнаралық байланыстар деңгейі, мазмұны әртүрлі сипаттағы жүйелердің өзара кірігуі. Интеграциялаудың жоғарғы деңгейі мазмұны әр текті және айтарлықтай ірі бөлімдердің өзара кірігуі деп көрсетеді.

В.Н.Янцен пәнаралық байланыстарды – диалектикалық-материалистік дүниетанымды қалыптастырудың әдісі, ақыл-ой іс-әрекетінің түрлі тәсілдерін қалыптастырудың құралы деп дәлелдейді [4].

В.Н.Максимова пәнаралық байланыс оқушылардың санасына барлық пәндердің жалпылығын жеткізуге және әрбір оқу пәніндегі ғылымның әдістері мен мазмұнының өзгешелігін көрсетуге арналған деп сипаттап, пәнаралық байланыс оқыту мазмұнының ғылымилық ұстанымын жүзеге асыруға ықпал етеді деп есептейді.

Сонымен, «...мектептің оқу-тәрбие процесінің пәнаралық байланыс негізінде ұйымдастырылуы, ғылымдар жүйесінің бір арнаға тоғысуы, адамның интеллектуальдық өрісін байытумен бірге, бүкіл адамзаттық құндылықтар көзінің де бірлігін, жалпы ақиқат дүниенің біртұтас жүйе екендігі туралы ғылыми көзқарастың қалыптасуына мүмкіндік береді».

И.К.Фоменко, И.В.Кошмина т.б. педагогтар пәндер арасындағы интеграция мәселелеріне байланысты зерттеулерінде пәнаралық байланыстың вертикальды және горизонтальды типтерін, олардың өзіндік сипаты мен мазмұнын қарастырады. Олар оқушылардың танымдық қабілетінің дамуына, түсініктерінің мазмұнды қалыптасуына пәндер арасындағы кіріктірудің тигізер оң ықпалын, біртұтас ойлауы мен дүниені тануына көмектесетіндігін тұжырымдайды.

А.А.Бейсенбаева оқушылардың танымдық дүниесінің қалыптасуы оқу үдерісін ұйымдастырудағы пәнаралық байланыстардың нәтижелілігіне тікелей сүйенетіндігін және оларға әрбір пәнді оқытуда басқа пәндер, ғылымдардың қажетті элементтері, материалдары бірлесе игерілетіндігін көрсетті. Ол пәнаралық байланыс ұғымының өз ішінде бөліктерін үшке бөліп қарастырады, яғни: пәнаралық байланыс құрамы; пәнаралық байланыс амалы; пәнаралық байланыстың бағыттылығы [5].

Н.А.Оразақынова пәнаралық байланыстар білім беру, дамыту, тәрбиелік мәндерге ие, осыған орай ол пәнаралық байланыстар қазақ тілін оқытуда оқушылардың дербестігін, танымдық белсенділігін дамытуға ықпал етеді. Қазақ мектептеріндегі қазақ тілі пәні бойынша жүргізілетін сыныптан тыс жұмыстар оқушылардың пәнаралық байланыс арқылы мақсатты ұйымдастырылған дербес іс-әрекеті оқу материалдарын терең түсінуге, әр пәннен алған білімдерін жүйелеп тиянақтауға көмектеседі, оқушының ғылыми дүниетанымын, жанжақты жетілуін қалыптастырады деп көрсетсе, Р.Б.Башаров пен Ә.Б.Түркменбаев пәнаралық байланыстың орнығуы мен іске асырылуы оқушылардың білімін терең меңгеруге, ғылыми ұғымдар мен заңдардың қалыптасуына, оқу-тәрбие үдерісін жетілдіруге және оны қолайлы түрде ұйымдастыруға, ғылыми дүниетанымның қалыптасуына, материалдық әлемнің біртұтастығын сезінуге, табиғаттағы құбылыстар мен қоғамдағы құбылыстардың өзара байланысын тереңірек меңгеруге ықпал етеді. Сонымен қатар, олар оқушылардың білімдерінің ғылыми деңгейінің жоғарылауына, логикалық ойлау, шығармашылық қабілетінің дамуына мүмкіндік

жасайды деп тұжырымдайды. Ал, Г.К.Шолпанқұлова болса, пәнаралық байланыс негізінде оқушылардың гумандық қарым-қатынасын қалыптастыру мәселесі, пәнаралық байланыстың дамуы төрт кезеңге бөлініп, жүйелілік, сабақтастық, біртұтастық, әлем кеңістігіндегі кіріктіру деп сипаттап көрсетеді. Д.С.Байғожанова өз зерттеуінде кіші мектеп оқушыларын пәнаралық байланыс негізінде информатика элементтеріне үйретудің бағдарламасын, құралдарын және әдістемелік негіздерін жасап, білім беру үдерісіндегі кіріктіру әртүрлі пәндер арасындағы тұрақты байланыстарды нығайту және мектептен тыс ішараларда да бұрын алған білімдерімен байланыстыру мақсатымен жүйелі түрде жүзеге асырылатын үдеріс деп қарастырады.

Пәнаралық байланыстар негізінде оқу-тәрбие үдерісін ұйымдастыру – мектептік пәндердің бүтін бір жүйе екендігін сипаттайды. Жүйе белгілі бүтіндік түзетін, өзара байланысты және қатынастағы көптеген элементтер бірлігі. Мұндағы элементтер – оқу пәндері элементтері. Оқу пәндері оқу элементтерінен тұрады. Оқу элементтері – танып білу субъектісіне байланыссыз және өмір сүруші қоршаған дүние заттары мен құбылыстары, адамның таныпбілуі, олардың қасиеттері, байланыстары мен қатынастары түріндегі, ғылыми ұғымдар, теория түріндегі, сондай-ақ пайдаланатын тәсілдер мен әдістер, яғни адамның нақты іс-әрекетінің әдістері. Оқу элементтерінен оқыту мазмұны түзіледі.

Пайдаланған әдебиеттер

- 1 Лемберг Р.Г. Дидактические очерки. – Алма-Ата: Казучпедгиз, 1998. - 195 с.
- 2 Дидактика средней школы / под ред. М.А.Данилова и М.Н.Скаткина. – М.: Просв., 1995. - 103 с.
- 3 Скакун В.А. Преподавание общетехнических и специальных предметов в училищах профтехобразования. - М.: Высшая школа, 2000. - 232 с.
- 4 Янцен В.Н. Межпредметные связи в задачах по физике: – Куйбышев: КГПИ, 2007. - 117 с.
- 5 Бейсенбаева А.А. Пәнаралық байланыс негізінде оқу процесін ұйымдастыру: жоғары оқу орындарының студенттеріне арналған оқу құралы. – Алматы: РБК, 2005. - 117 б.

ӘОЖ 37.013:372.41-057.874

ИННОВАЦИЯЛЫҚ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР НЕГІЗІНДЕ ОҚИТУДЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ТЕОРИЯСЫ

Тасова Асел Баймурзаевна – PhD., аға оқытушы.

Рақым Жаңлысай Абытқызы – магистрант

Академик А. Қуатбеков атындағы Халықтар достығы университеті

E-mail: psixoloqiya16@mail.ru

Кілттік сөздер: инновация, жаңару, жаңалық, өзгеру, модификациялық, комбинаторлық, радикалдық, инновациялық технология.

Ключевые слова: инновация, обновление, новизна, трансформация, модификация, комбинаторная, радикальная, инновационная технология.

Keywords: innovation, renewal, novelty, transformation, modification, combinatorial, radical, innovative technology.

Резюме: В данной статье исследовано, что единственным условием осознанного и качественного получения образования современным молодым поколением является внедрение новых инновационных технологий в образовательный процесс в учебных заведениях.

Summary: This article examines that the only condition for the conscious and high-quality education of the modern young generation is the introduction of new innovative technologies in the educational process in educational institutions.

Кез келген елдің рухани - мәдени дамуы экономикалық дамуы сол елдегі оқыған білімді индивидумдар деңгейімен анықталады. Ал жеке тұлғалардың білімділігі кеңінен ойлану анализдей білу мектеп қабырғасында алатын біліміне тікелей байланысты. Яғни мектеп сол болашақ деп аталатын үлкен құрылыстың кішкене кірпіштерін дайындап шығарып жатқан фабрика сияқты.

Әр күні көптеген ғылыми жаңалықтарға терең әлеуметтік өзгерістерге толы қазіргі кезеңде оқушыларға берілетін информация көлемі кеңейуде. Ал оны игеруге бөлінетін уақыт өзгеріссіз қалуда. Сондықтан білім берудің сапасын жақсарту, білім берудің әдістемелік негізін өзгерту заман талабына сәйкес туындап отырған қажеттілік.

Бұрынғы әдетке айналған оқу үрдісінде мұғалім басты рөл атқарған болса, қазіргі оқу үрдісінде оқушы белсенділік көрсетуге тиіс, яғни мұғалім көбіне кеңесші, бағдарлаушы рөл атқаруға тиіс. Қазіргі кезеңде оқытудың басты мақсаты өз бетінше дами алатын, жеке шығармашылық тұлғаларды қалыптастыру болғандықтан мектеп қабырғасында оқушылар өз бетінше танымдық әрекет етудің әдістері мен дағдыларын игеруге тиіс.

Жалпы білім беру саласындағы жаңа саяси ұстанымның біртіндеп іс жүзіне асуы егемен еліміздің өркендеу бейнесінің бір көрінісі. өркениетті елдермен тереземіз тең болу үшін әлемдік білім аясына кірігуді мақсат тұтқан еліміздің білім беру саясаты оқытуды демократиялау, ізгілендіру арқылы жаңа сапалы деңгейге көтеруді көздейді. Осыған байланысты білім берудегі бірыңғайлықтан бас тартып, көп нұсқалы білім алу жүйесіне бет бұрып тұрған жағдайда оқушылардың топтық ерекшеліктерімен қоса жеке танымдық ерекшеліктерін ескеріп - оңтайлы оқытуды ұйымдастыру - бүгінгі өзекті мәселе. Осы тұрғыдан зерттеуді қажет ететін мәселелердің бірі - оңтайлы оқыту мүмкіндіктерін ашу.

Қазіргі кездегі жаңа педагогикалық технологияларды оқу процесіне енгізу осы проблемаларды шешуге маңызды рөл атқарады. Оқу процесінде қолдану үшін ұсынылып жатқан технология түрлері өте көп.

Соңғы мәліметтерге қарағанда бес бағыттан бағдарланған 50 - ге жуық технологиялар ғылыми түрде негізделген. Сондықтан осындай жаңартылған технологиялардың ішінен өз қажеттісін таңдап алу - әр мұғалім үшін жауапкершілікті қажет ететін іс. В. Кодикованың "Саралап оқыту" - оқуының жан - жақты мүмкіндігін ескере отырып оқыту әдісі. Бұл дегеніміз - оқуға берілетін көмекті саралау, әрбір оқушы ең жоғары нәтижеге жету үшін мұғалімнің істейтін іс - әрекеттерінің жиынтығы [1].

Саралап оқытудың ең басты шарты - оқушыларды үш топқа бөлу. Бірінші топқа мынадай оқушылар топтастырылады: қабілеті жоғары, білім, білік дағдылары қалыптасқан, өз бетімен ойлау қабілеті бар, сабаққа деген белсенділігі күшті, мұғалім көмегін қажет етпейтін топ. Бұл топта жүргізілетін жұмыстың мақсаты - оқушы бойында ғылыми бағытта ойлау қабілетін қалыптастыру.

Т.Ғалиевтің жүйелі оқыту технологиясына көңіл бөлу белгілі бір жүйеге қалыптастырып, танымдық белсенділіктерін арттырады, өз беттерінше ізденуге, шығармашылықпен жұмыс істеуге дағдыландырады. Сонымен қатар оқушылар өз ойын, ой пікірлерін еркін жеткізіп, талдау жасауға, қорытынды шығаруға үйренеді. Белгілі бір сызба кестелер бойынша кез - келген заңдылықтарды жүйелі түрде айтуға, оларды сапалы түрде қолдана білуге дағдыландырады.

Оқу барысында оқушылардың танымдық белсенділігін қалыптастыруда талмай еңбек ететін - бұл пән мұғалімі болып саналады. Т. Ғалиевтің құрған педагогикалық технологиясын негізге ала отырып кәсіпке оқыту бойынша әр сабақтың мазмұнын анықтап, оқушылардың міндетті түрде білуге тиісті материалды жаңа үлгіде сызба түрінде жасап, сол бойынша жұмыс жасаған [2].

М. Жанпейісова "Модульдік оқыту" - белгілі бір жүйенің, құрылымның өз бетінше бола алатын бөлшегі. Модульдік оқыту сабақтар барысында оқушы мұғалімнен нені есте сақтау, нені жазу, нені қайдан табу, қалай тиімді әрекет ету, нені білу керектігі туралы жазбаша нұсқау алады. Мұғалім оқу элементтерінің мазмұнын, көлемін, ретін, олардың әрқайсысына кететін уақытты, жұмыс түрін анықтайды. Оқушылар үшін модуль соңында нені біліп, нені оқу керектігін көрсететін біріктірілген мақсаттар айқындалады. Тапсырмаларды орындау барысы мен модульдік игеру барысын тексеретін әр түрлі бақылау жұмыстары орындалады [3].

Оқытуды оңтайландыру тәсілдерінің жүйесі. Оқытуды оңтайландыру деп оқушылар мен мұғалімнің уақыт шығынын аз жұмсап, білім алудың, тәрбиелеудің және дамытудың қорытындыларын ең үлкен мүмкіндігінше жеткізетін оқу процесін жоспарлау мен ұйымдастыру жүйесін айтады.

Оқытуды оңтайландырудың әдістемелік негізі, оқу процесін басқарудың диалектикалық - материалистік жүйесімен әдіс - амалын таба біліп, оның нақты жағдайлардағы ең жақсы нұсқаларын таңдау. Бұндай таңдаулар нақты шындықтың әдістемелік сапалылығына жүгінеді. Мұғалім оқытудың заңдылықтары мен принциптеріне сүйеніп, нақты педагогикалық жағдайларды және ғылым негіздерін талдауды үйреніп, оқу процесінің қорытындылық және үнемділік тұрғысынан ең жақсы нұсқасын таңдайды.

Оқытудың жан - жақты ең жақсы нұсқасын негіздеуді, тек қана бүтіндей жүйені әдіс -амалдар қолданумен іске асады. Оңтайландыру еңбекті ғылыми ұйымдастырудың маңызды принципі болып

табылады. Мұғалім оқу процесін, оңтайландыру ептілігін меңгермеген болса, онда педагогикалық еңбекті ғылыми ұйымдастырудың сыртқы белгілерімен ғана шектеліп қалады. Олар - приборлар орналасуын жақсарту, техникалық құралдарды қолдану, дидактикалық материалдарды жетілдіру. Міне, сондықтан да мұғалім еңбегінің ғылыми ұйымдастырылуы оңтайландырусыз мүмкін емес.

Оқытудың оңтайлы нұсқаларын құрастыру кезінде оқыту технологиясының негізгі принциптері есепке алынады. Оқыту "жақындағы даму қарқынына" қалыптасуы керек, оқушылардың дара ерекшеліктерін ескеріп ұйымдастырылуы, бірақ оларға бейімделумен емес, ал оқушылардың жаңа іс - әрекеті мен жаңа даму деңгейлерін жоспарлау жолымен іске асуы керек. Оқыту мен білім беру, іс - әрекетті және операцияларды меңгерумен шектеліп қалмай, оқушылардың тұлғалық қасиетін қалыптастыруға басты мән беріп, оның өзін ұстау қасиеттерін дамыту. Дамытушы мен тәрбиелеуші тиімділіктерді барлығы бере бермейді, тек оқу іс - әрекетін қалыптастырумен іске асады. Оқытуды жоспарлауда оқушылардың уақытпен және үдемелі қарқындылық пен оқу жұмысына қабілетті тәуелділігі туралы мектептің гигиеналық зерттеу қорытындысын есепке алу керек. Сонымен қатар, мектепте оқитын оқушылардың әрбір жастарына және сыныбына берілетін, сынып және үй жұмыстарын орындауға кететін уақыт шығындарын мөлшерлейтін гигиенашылардың қорытындыларын негізге алу керек.

Оқытуды оңтайландырудың теориясы мен әдістемесі жоғарыда аталған заңдылықтармен және дидактикалық, психологиялық, мектеп гигиенасы принциптерімен тұрақты шектелмей, мұғалімнің жүйеленген және өзара байланысқан іс - әрекет, тәсілдерін ашып көрсетеді.

Мұғалімнің күші мен уақыт шығын мөлшерінің жоғарылауын ескертетін және тәрбиелеу тиімділігін жоғарылатуға апаратын мұғалімнің негізгі іс - әрекет тәсілдерінің қатарына жататындар:

Оқыту міндеттерін таңдау мен шешуге, оның мазмұнын, әдістерін, іс - әрекет құралдары мен түрлеріне кешенді ықпал ету.

Бар шарттар мен мүмкіндіктерді ескеріп, мұғалім іс - әрекетінің міндетін, мазмұнын, әдістерін, құралдарын, түрлерін нақтылау.

Іс - әрекеттің міндетін, мазмұнын, түрлерін, әдістерін жоспарлау кезінде басты мәнді анықтау.

Оқытудың әртүрлі әдістер, құралдар, мазмұндар, түрлер нұсқаларын салыстырмалы бағалау, оның мақсаты шартты өлшеміне сәйкес ең жақсысын таңдау.

Оқушылардың жеке топ ерекшеліктерін ескеріп, оқытудың міндетін, мазмұнын, әдістерін, түрлерін таңдауға дифференциалдық ықпал жасау.

Оқытуға қажетті шарттар тудыру. Оқытуды өзгермелі шарттар мен мүмкіндіктерге байланысты жылдам түзеу. Оқыту процесінде уақытты, күшті, құралдарды үнемдеуді ұйымдастыру. Оқытуды оңтайландырудың жалпы тәсілдерін қысқаша түрде міндетті, нақтылаудың, топтап қорытуды, салыстырмалы бағаны және нұсқаларды таңдауды, бөлшектеп бөлуді, жылдам түзетуді, оқу процесінің барлық құрылымын үнемдеуді кешенді жоспарлау деп атауға болады.

Міндетті кешенді жоспарлаудың оңтайландыру тәсілі ретіндегі маңызы - оқушыларды білім беру, тәрбиелеу мен дамытумен қатар бүгіндегі үлкен міндеттерді жүйелі кешенді түрде шешуді қарастырады. Тек осы кешенді жоспарлаумен оңтайлы қорытындыға жету мүмкін емес. Оқытуға қатысты нақты жағдайлар мен мүмкіндіктерді ескеруіміз керек.

Оқу процесінің барлық құрылымын нақтылауды жүзеге асыру. Оңтайландырудың бұл тәсілі оқытудың заңдылықтарына сүйеніп, оқушылардың мүмкіндіктеріне, оқу - материалдық базасына, гигиенасына, адамгершілік психологиясына және сезімдік шарттары мен мұғалімдердің өздерінің мүмкіндіктеріне тәуелді болады.

Оңтайландырудың келесі тәсілі басты мәнді анықтау болып табылады. Басты мәнді анықтаумен біз оқу процесінің негізгі міндеттерін шешуді қамтамасыз етіп қоймай, мұғалім мен оқушылардың уақыты мен күшін үнемдейміз. Оқу процесінің мазмұнын талдауда, әрбір тақырыптың басты түсінігін, заңдарын, теориялық негіздері мен фактілерін анықтайды.

Оңтайландырудың ең басты тәсілі оқытудың әр түрлі нұсқаларын салыстырмалы бағалау, оның мақсаты нақты жағдайға байланысты ең жақсысын таңдау.

Мұғалім нұсқаларды салыстырып, ең жақсысын таңдауды үйрену үшін, оқытудың бар байлығын - мазмұнын, әдістерін, құралдарын, ұйымдастыру түрлерін жақсы меңгеру керек.

Оқытудың әртүрлі нұсқаларының тиімділігін салыстыру кезінде (әдістерді, құралдарды, түрлері және т.б.) мынаны есте сақтау керек, яғни тиімділікті әдетте іс - әрекеттің соңғы қорытынды мақсатымен сәйкестену дәрежесімен есептейді. Тиімділікті іс - әрекеттің соңында бағалайды, ал оны салыстыруды іс - әрекеттің алдында өткізеді. Салыстыру кезінде алдымен іске аспайтын жақтарын алып тастайды, содан соң нұсқаларын екіден бірге дейін тарылтып, екі нұсқаның біреуін нақты жағдайда іске асатынын таңдайды.

Барлығы жоспарланған әдіс - тәсілдердің барлығы оқу процесін көзделген дәрежеде өткізбеуі де мүмкін. Мысалы, ол оқушылардың көбісі үй тапсырмасын орындауда бірдей қателер жіберген, соның себебін түсіндіруге уақыт кетуіне байланысты жоспарланған уақыт өзгеріп кетеді. Бұндай кезде оқытудың әдістерін, құралдарын және түрлерін жылдам түзету тәсілі қолданылады. Бұл тәсіл жоспарланғанды тез арада түзетулер енгізіп, көзделген мақсатқа толық жете білуін қамтамасыз етеді.

Оңтайландыруды іске асырудың жалпы тәсілі (қажетті аз шығын жұмсап, мүмкін ең көп қорытындыларға жету) оқытуда уақыт, күш және құрал шығындарын үнемдеуге қалыптасу болып табылады. Бұл тәсіл біріншіден алдын көрсетілген барлық тәсілдердің көмегімен іске асады, яғни міндетті кешенді шешу, оларды нақтылау, басты мәнді анықтау, оқытуды бөлшектерге бөлу, оқытудың мүмкін нұсқаларын салыстырмалы бағалау және екіншіден мұғалімдердің қолданатын арнайы әдіс - амалдары (оқытуға кететін уақыт, күш және құралдарды үнемдеу үшін) арқылы приборларды тиімді орналастырумен, оларды блокты сақтап және арнайы таратпаларда таратып беру, автоматты қараңғылау мен дауысты жарықты техникалық құралдарды қолдану, баспаханалық дидактикалық таратпа материалдар қолдану, лабораториялық бөлмелерге оқушылар тобынан лаборанттар дайындап, оларды лабораториялық жұмыс кезінде пайдалану, оқу фильмдерінің орнына ауқымды кино үзінділер жүргізу және т.б. [4].

Алғаш арттерапияны оқу, талдау, қолдану ХХ ғасырдың 20-шы жылдарында Принцхорнның, Германия, Австрия, Швейцария, Жапония ауруханаларында жан ауруына ұшырағандардың творчестволық жұмыстарына анализ жасауға негізделген фундаментальды жұмыстарынан басталады (Prinzhorn, Н.,1922). Кейін келе Крепелин, Блейлер, Бумке, Кречмер сияқты атақты психиатрлар психикалық ауруға ұшырағандардың творчестволық еңбектеріне талдау жасай бастады. 1926 жылы Ресейде осы тақырыпқа орай Карповтың кітабы, алғаш монографиясы шықты, ол “Жан ауруына ұшырағандардың шығармашылықтары және оның ғылым мен техника дамуына тигізер әсері” [5] - деп аталды. Карпов сурет салудың емдік әсері бар екендігін көргендердің алғашқыларының бірі болды.

Бейнелеу өнерінің көмегімен терапия жүргізудің теоритикалық негізі – Зигмунд Фрейдтің психоаналитикалық көзқарасынан шығады, бірақ Фрейдтің өзі арттерапияның психотерапиялық мүмкіндіктеріне қызығып, айналыспаған; Юнгтың аналитикалық психологиясынан, ол өзінің суреттерін жеке және әмбебап символдардың идеясын нақтылауға қолданған. Сонымен қатар, Наумбургтың терапиялық көмек көрсетуде өзін-өзі графикалық бейнелеудің динамикалық теориясынан, оны АҚШ-та арттерапияның пионері деп санайды. Кейін келе арттерапияның дамуына гуманистік бағыттағы психотерапевтердің үлестері де тиді.

Пайдаланған әдебиеттер

1. Кобдикова Ж.У. Педагогическое технология уровневой дифференциаций обучения в средней школе. Алматы, 2001.
2. Теоретические и прикладные проблемы практической психологии. Часть 2/ Под ред. С.М. Джакупова – Алматы, 2002 –157с.
3. Жанпейісова М.М. Технология модульного обучения. – Ақтөбе: РИПК:СО, 1999ж.
4. Теоретические и прикладные проблемы практической психологии. Часть 2/ Под ред. С.М. Джакупова – Алматы, 2002 –157с.
5. Көшімбетова С. “Оқыту тиімділігі – озық технологияларда”. // Қазақстан мектебі. № 7. 2005 ж. 16-17 б.

ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРЕТІН МЕКТЕПТЕРДЕГІ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ОҚУ МӘДЕНИЕТІН ҚАЛЫПТАСТЫРУЫНЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

Жумадиллаева Айгүл Аязбаевна – п.ғ.к., доцент.

Баратова Макпал Мамыровна – магистрант

Академик А. Куатбеков атындағы Халықтар достығы университеті

E-mail: psixoloqiya16@mail.ru

Кілттік сөздер: қарым-қатынас мәдениеті, тұлғааралық қатынас, диагностикалау, педагогика, эмоционалдық автономия, әлеуметтік перцепция, идентификация.

Ключевые слова: культура общения, межличностные отношения, диагностика, педагогика, эмоциональная автономия, социальная перцепция, идентификация.

Keywords: communication culture, interpersonal relations, diagnostics, pedagogy, emotional autonomy, social perception, identification.

Резюме: В данной статье, наряду с применением подавляющего большинства методов и приемов, сложившихся в социальной психологии к изучению культуры общения учащихся, изучены личностные особенности каждого ребенка. Проанализировано, что при применении методик к изучению детей школьного возраста существует множество рациональных мест проведения исследования классным коллективом.

Summary: In this article, along with the application of the vast majority of methods and techniques that have developed in social psychology to the study of the communication culture of students, the personal characteristics of each child are studied. It is analyzed that when applying methods to the study of school-age children, there are many rational places for conducting research by a class team.

Мектеп психологиялық қызметі үшін балалардың қарым-қатынас ерекшеліктерін зерттеу және оны өңдеу көкейкесті проблема болып табылады. Өйткені бала өзін-өзі анықтаудың күрделі проблемаларын жалғыз өзі шешпейді, ата-анасының, құрбы-құрдастарының, мұғалімдердің қолдауымен шешеді. Дегенмен бала жеткіншек жас шағынан бастап өзінің есеюін сезіне бастағанымен байланысты үлкендердің қамқорлығын теріс бағалау феномені орын ала бастайды. Олар ата-аналарынан және басқа үлкендерден қарым-қатынасты теңдік негізінде жүргізуді талап етеді. Бұл тенденция жеткіншектік жас кезеңінде де жалғасады.

Қарым-қатынас проблемасының әртүрлі аспектілерін Б.Г.Ананьев, А.Б.Добрович, Я.Л.Коломинский, И.С.Кон, Г.М.Андреева, Дж. Брунер, Э.Фром, Л.А.Петровская, В.В.Столин, Н.И.Шеврандин т.б. ғалымдар зерттеген. Қарым-қатынастың бұзылу себептерін анықтап оны түзету жолдарын ұсынғандар Э.Фромм, Дж.Морено, Д.Карнеги [1]. Олар әлеуметтік ортаға адамның икемделуіне негіз болатын себептер және факторларды анықтап, қарым-қатынас функциялары мен түрлерін сыныптастырып жүйеге келтірген. Е.Мелибурданың тұжырымы бойынша балалық шағында қарым-қатынасы дұрыс қалыптаспаған балаларда жалғыздық сезімі орын алып, оның жалпы дамуына бұл сезім теріс әсерін тигізеді.

Көп жағдайда адамдардың бір-бірімен қабылдануы «әлеуметтік перцепция» ретінде белгіленеді. Бұл сөз дәлме-дәл қолданылмаған. «Әлеуметтік перцепция» термині алғаш рет 1947 жылы Дж. Брунер «мен» қабылдауға «жаңа көз қарасты» (New Look) зерттеу барысында енгізген [2].

Жеткіншектік жас кезеңінде «ұрпақтар дау-дамайын» туғызатын кездер аз болмайды. Әкелер мен балалар арасындағы түсінбеушілік олардың өзара қарым-қатынасының қалыптаспағанын және бала өміріндегі әлеуметтік өзгерістерді үлкендердің ескермегенінен туып отырады. Қалыптасып келе жадамның өз ұмтылыс-талаптарына себепсіз тежеу қою, авторитарлық жүйеде қарым-қатынас құру отбасында дау-жанжалдар туғызады.

Есейген балалардың өз өмірінде орын алған мәселелердің басым көпшілігін үлкен адамдарға тәуелсіз шешу қажеттілігі орын алатындығы психологияда дәлелденген. М.И.Лисина т.б. ғалымдардың зерттеулерінде бұл мәселені автономия қажеттілігі және оның түрлері деп белгілейді [3]. Жеткіншектерде көрініс беретін автономия сезімінің келесі түрлері анықталған:

- мінез-құлқ автономиясы (жеткіншектердің жеке өзіне қатысты мәселелерді өзі дербес шешкісі келетіні және оған праволылығы);
- эмоционалдық автономия (тек педагогтар мен ата-анасының дегенімен ғана емес, өз проблемаларының біршамасын тәуелсіз өзі шешуге құқықтылығы және оны қажетсіну);
- моралдық және құндылық автономиясы (өз көзқарастарының болуына құқығы мен қажеттілігі және осындай көзқарастарының шын мәнінде болуы).

Эмоционалдық автономияның баланың болашағына тигізетін үлкен теріс әсері бар. Жеткіншектер ата-аналарының бала өмірінде болып жатқан өзгерістерді байқамаған, немесе байқағысы келмеген болып көрінеді. Сондықтан олар кей кездерде қырсық мінез көрсетіп, болмашы нәрсеге ашуланып, ешкімге сырын айтпай ұзақ уақыт түйіліп қалуы, немесе басқа қырсық мінездер көрсетуге де баруы мүмкін. И.С.Конның айтуынша осындай жағдайлар мұғалімдер мен оқушылар арасында немесе оқушылардың құрбы-құрдастары арасында орын алуы мүмкін [4].

Тәртіп тұрғысынан жеткіншектік кез қиын жас кезеңіне жатады. Бұл жас кезеңінде балаға әкеден гөрі шешесі жақынырақ болып, әкемен қарым-қатынас күрделіленіп кетулері жиі кездесетінін көптеген зерттеулер көрсетеді. Ақыл айту, моралдық нұсқаулар мен құндылық бағдарлар құруға үлкендердің араласуы саласында жеткіншектер өздерінің автономиялы болу правосын барынша қорғайды. Кейде ерекше болсам деген талабын тиянақтай түсу үшін әдейі ұшқары көзқарастар айтады.

Қанша бас бостандықты іздегенімен, балалар өз бетімен күн көруге мүмкіншілігі жоқ болғандықтан іс жүзінде ата-анасының ықпалы бұл кезде басым болып қала береді. Балалардың осы кездегі барлық үлкендердің айтқан сөздерін електен өткізгендей сынап, мінеп отыруы, өзінің ересек болғанын дәлелдегісі келгенінен. Сән, талғам, көңіл көтеру тәсілдері секілді бірсыпыра жеңіл-желпі мәселелерде балалар мен үлкендер арасындағы айырмашылық әжептеуір болады. Сондықтан осы кезде үлкендер балаларды сынағанда олардың киімінің фасоны, опа-далаптарды пайдалануы, жүріс-тұрысы туралы өткір сөздер айтылады. Дегенмен күрделі проблемалар бойынша ой-пікір құрғанда ата-аналардың сөздері, олардың ақылы достарының, құрбы-құрдастарының ықпалын жеңіп кетеді.

Оқушылар жеткіншектік кезеңде оқытушылардың білімін, киінуін, олардың басқалармен қарым-қатынасын үлкен сынға бөлеп отырады. Дегенмен олардың өздерінің алдында тұрған барлық проблемаларға терең саяси көзқарастары, дүниетанымының молдығы, кәсіби шеберлігі, оқушыларға дер кезінде қажетті көмек көрсетуге даярлығы мұғалімдердің беделді болуын қамтамасыз етеді.

Осы кезде мектеп психологиялық қызметі үшін балалардың қарым-қатынас ерекшеліктерін зерттеу және оны өңдеу көкейкесті проблема болып табылады. Өйткені бала өзін анықтау, қарым-қатынас ерекшеліктерін меңгеріп алу, басқа балалар ортасында абыройлы болу, үлкендермен қарым-қатынас жасау барысында қалыптасады. Басқаларға әсерлі болудың қыр-сырын әлі түсінбеген бала оны дөрекілікпен, немесе ерекше қылжындықпен көрсеткісі келеді. Мінез-құлқ мәдениетін меңгерудің қажеттілігін түсінгенімен ол қандай болуы керек және оны қалай сақтау керек екенін әлі түсіне алмағандығынан балалар көптеген қателіктер жібереді. Сондықтан қарым-қатынас құруда сауатсыздықты жоюға бірінші көмекші болатын адам - мектеп психологі.

Әлеуметтік ортадағы күнделікті қатынаста болып жүрген адамдарды топ мүшелерінің қабылдауы немесе қабылдамауы әлеуметтік перцепция мен бағаланады. Әлеуметтік перцепцияны адамның сыртқы белгілерін қабылдау, оларды оның жекелік мінездемелерімен ара қатынасын белгілеу, осының негізінде оның қылықтарын интерпретациялау және болжау ретінде анықтайды. Әлеуметтік перцепцияда міндетті түрде басқа адамның бағасы және эмоционалды, жүріс-тұрыстық тұрғыда оған деген қатынастың қалыптасуы қатысады. Жүріс-тұрыстың сыртқы жағының негізінде бір адамның ішкі дүниесін «оқимыз», оны түсінуге және де қабылданушыға өзінің эмоционалды қатынасты тудыруға тырысамыз. Әлеуметтік перцепцияның барысында мыналар іске асырылады: басқа адамның эмоционалды бағасы, оның қылықтарының себептерін түсінуге және оның жүріс-тұрысын болжамдауға әрекеттену, жүріс-тұрыстың өз стратегиясын күру.

Қарым-қатынас барысында бір адам (бақылаушы) басқа адамды (бақылданушыны) қабылдау процесі жалпы түрде қалай өрістеу ерекшеліктерін қарастырушылар оны келесіше түсіндіреді. Бақылданушыны қабылдауда біз тек сыртқы белгілеріне қол жеткізе аламыз. Олардың ішінде ең мағұлматтысы сыртқы кейіпі (физикалық сапалар мен сыртқы келбетінің безендірулуі) және жүріс-тұрысы (істеп тұрған әрекеттерімен экспрессивті реакциялары) болып табылады. Бұл сапаларды қабылдай отырып. Бақылаушы белгілі амалмен оларды бағалайды және қарым-қатынастағы партнердің ішкі психологиялық қасиеттері жайлы кейбір ой тұжырымдарын жасайды(көп жағдайда санасыз түрде). Бақылданушыға тіркеген қасиеттердің жалпы саны, өз кезегінде оған белгілі қатынасты қалыптастыру адамға мүмкіндік береді (бұл қатынас көбінесе эмоционалды сипатта болады және

«ұнайды-ұнамайды» деген континуумның шегінде орналасады). Жоғарыда атап өткен феномендер әлеуметтік перцепцияға жатқызылады.

Зерттеушілер әлеуметтік перцепцияның төрт негізгі қызметтерін анықтаған:

1. Өзін тану;
2. Қарым-қатынастағы партнерді тану;
3. Өзара түсінушіліктің негізінде бірлескен іс-әрекетті ұйымдастыру;
4. Эмоционалды қатынастарды құру.

Қарым-қатынастың перцептивті жағы бір адамның басқа адамды жеке адам аралық қабылдау процесін қосады. Басқа адам жайлы елестер өзіндік сана-сезімнің даму деңгейіне, өзінің «Мені» жайлы елестеріне (Мен- концепциясы) байланысты. Басқа адам арқылы өзін жете түсінудің екі жағы бар: идентификация (өзін басқа адамға ұқсату) және рефлексия (адам өзін қарым-қатынастағы партнермен қалай қабылданатындығын ұғынуы). А.С.Золотнякова жеке адамаралық перцепцияны зерттегенде қарым-қатынастың маңызды (қабылдаудың субъекті мен объектінің сипаттамалары, олардың қасиеттері және т.с.с.) және процессуалды (қабылдау механизмдарі мен эффектілерінің анализі) құрамдарын бөліп зерттеруді ұсынады. Бірінші жағдайда бір-біріне әр түрлі ерекшеліктерін қосып жазуды (атрибуциялар), қарым - қатынастағы партнердің жүріс-тұрысының себептерін, бірінші әсердің қалыптасуында нұсқаудың ролі және т.с.с. зерттеледі. Екіншіде, адамдар бір-бірін қабылдауда пайда болатын әр түрлі эффектілері зерттеледі. Мысалы, ореол, проекция, орта қате, тәртіп және т.с.с. эффектілер.

Басқаша айтқанда, жеке адам аралық перцепция процесін зерттеудің екі негізгі аспекті бөлініп көрсетіледі. Біріншісі, қабылдау субъектімен объектінің психологиялық және әлеуметтік ерекшеліктерін зерттеумен байланысты, ал екіншісі жеке адам аралық бейнелеудің механизмдерімен эффектілерінің анализімен байланысты.

Қабылдау объектінің психологиялық қасиеттері зерттеу келесі сұрақтарға жауап беруге әрекеттену болып табылады:

Бақыланушының психологиялық және басқа қасиеттерінің қайсысы бақылаушымен оны тану процесіне маңызды әрі мағлұматты болып табылады?

Қарым-қатынастағы партнерді бағалай отырып, ең алдымен адамдар неге көңіл аударады?

Бақыланушының маңызды қасиеттеріне мыналарды жатқызуға болады: оның бет - әлпетінің көріністері (мимика), сезімдерді көрсету тәсілдері (экспрессия), жесттері мен дене тұрысы, жүрісі, сыртқы көрінісі (киімі, сәнді шашы), дауысы мен сөйлеуінің ережеліктері. Еуропалық мәдениетте әмбебап баян етуі бар экспрессивті жесттердің үлгілерін көрсетуге болады:

- саусақтардың ұштары бір-бірімен біріккен - ұят, көңілсіздік, мойындау;
- саусақты басқа қолдың алақанында қысу - өзін-өзі жігерлендіру;
- басты түрліше «қасыну» - батылсыздық, дайын еместік.

Перцепцияны зерттеу қабылдау процесінің өзін және басқа адамды бағалауды қамтамасыз ететін, сыртқы қабылдаудан бағалауға, қатынасқа және болжамға өтуді жүзеге асыруға мүмкіндік беретін бір қатар әмбебап психологиялық механизмдерді бөлуге болатынын көрсетеді.

Жеке адам аралық перцепцияларының механизмдеріне төмендегілер жатқызылады: Адамдардың бір-бірін тану және түсіну (идентификация, эмпатия, аттракция). Идентификация - бұл басқа адамды тану тәсілі. Мұнда басқа адамның ішкі жағдайы жайлы болжау қарым-қатынастағы партнердің орнына өзін қоюға әрекеттенулердің негізінде құрылады. Яғни, өзін басқа адамға ұқсату пайда болады. Басқа адаммен идентификациясында оның нормалары, құндылықтары, жүріс -тұрысы, мәнері мен әдеттері танылады.

Эмпатия дегеніміз басқа адамға эмоционалды сезіну немесе уайымдау. Эмоционалды үн қату арқылы біз басқа адамның ішкі жағдайын түсінеміз. Эмпатия басқа адамның ішінде не болып жатқанын, нені бастан кешіріп жатқанын өзінің көз алдына дұрыс елестету ептілігіне негізделеді. Эмпатия жоғары болған сайын, адам бірдей жағдайларды әр түрлі адамдармен қабылданатынын өзінің көз алдына елестету қабілеті жоғарылай түседі және де осы әр түрлі көз қарастардың болу құқығын түсінуге ол қабілетті болады.

Аттракция (сөзбе-сөз аударғанда - тарту) басқа адамға тұрақты позитивтік сезімнің қалыптасуына негізделген басқа адамды тану формасы болып саналады. Тап осы жағдайда, қарым-қатынастағы партнердің түсінуі оған деген әбден беріліп кетудің, достық немесе шексіз интимді - жекелік қатынастардың қалыптасуы арқасында пайда болады.

1. Рефлексия - қарым-қатынас процесінде өзін-өзі тану механизмі болып табылады. Оның негізінде адам өзін қарым-қатынастағы серігімен қалай қабылданатыны жайлы пікірінің қалыптасқандығы, өзінің әсерін болжамдау, елестету қабілеті жатады.

2. Қарым-қатынастағы партнердің жүріс-тұрысын болжамдау (каузалды аттрибуция).

Каузальды аттрибуция (себептер жүйесі) - басқа адамның қылықтары мен сезімдерін өзінше түсіндіру, интерпретациялау механизмі (каузалды аттрибуция дегеніміз адамның іс-әрекетінің сәтті немесе сәтсіз болғанының себептерін анықтауы). Каузальды аттрибуцияны ерттеушілердің айтуы бойынша, әрбір адамда өзін ұнайтын себептер үлгілері бар. Ол бірнеше түрде болады. Осы түрлерін топтастырып келесідей етіп көрсетеміз.

Пайдаланған әдебиеттер

1 Р.С.Омарова. Білім берудің жаңа парадигмасы жағдайында оқушылардың шығармашылық қызығушылық қалыптастырудың дидактикалық негіздері. Түркістан 2008

2 «12 жылдық білім беруде оқушылардың шығармашылық дербестігін қалыптастырудың дидактикалық негіздері» Р.С.Омарова, Г.Е.Нұрмұханова. Ақтөбе, 2007ж.

3 Д.Рахымбек Оқушылардың логика методологиялық білімдерін жетілдіру. Алматы РКБ 1998

4 Е.Бекболғанов Ойлау қабілетін қалыптастырудың дидактикалық аспектілері. Қазақстан мектебі №6 2005

ӘӨЖ 37.013:372.41-057.874

ОҚУШЫЛАРДЫҢ ЖАС ЕРЕКШЕЛІКТЕРІНЕ САЙ ҚҰҚЫҚТЫҚ ТӘРБИЕНІ ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

Жумадиллаева Айгүл Аязбаевна – п.ғ.к., доцент.

Сабинова Саидам Гожахметовна – магистрант

Академик А. Куатбеков атындағы Халықтар достығы университеті

E-mail: psixoloqiya16@mail.ru

Кілттік сөздер: құқықтық тәрбие, әлеуметтік педагогика, әлеуметтендіру, тұлғалық-бағыттылық, мінез-құлықтағы қиындық.

Ключевые слова: правовое воспитание, социальная педагогика, социализация, личностно-ориентированность, трудности в поведении.

Keywords: legal education, social pedagogy, socialization, personality orientation, difficulties in behavior.

Резюме: В этой статье научно обосновано, что перевоспитание детей, трудных в социально педагогическом плане, позволяет через пути вернуть их в общество и убедить, что они будущие граждане нашего общества.

Summary: In this article, it is scientifically proved that the re-education of children who are difficult in socio-pedagogical terms allows them to return to society through ways and convince them that they are future citizens of our society.

Қазіргі ХХІ ғасыр табалдырығын аттап отырған кезеңде «қиын балалар» мәселесі бізді әлі де ойландыруда.

Ахмет Байтұрсынұлы айтқандай, «балам дейтін жұрт болмаса, жұртым дейтін бала қайдан болсын». «Қиын балалар» ұғымы 1920-1930 жылдарда тәрбие мәселесінде пайдаланып жүрді. Бара-бара бұл 1950-1960 жылдары қайтадан қолданысқа енді. Қазір бұл мәселе ғылымда нақты орын алып отыр. Әрине, бұл мәселемен көптеген ғалымдар айналысқан, қиын балалар мінезін, өмірін жан-жақты зерттеген. Қазір де мұндай жасөспірімдер көп.

Қиын балалар қайдан шығады?- деген сұраққа былай жауап берсе де болады. Ең басты себеп отбасы тәрбиесінде жатыр: ата-ананың ішімдікке салынуы немесе екеуінің біреуі болмауы. Осының бәрі баланың мінез-құлқына, ішкі жан дүниесіне әсер етеді.

Кейбір тәрбиесі, мәдениеті өте төмен ата-ана баласын ұрып-соғып, жаман сөзбен балағаттап, тіпті баласына қайыр-садақа сұратқызады. Мұнда бала ертеңгі күні кекшіл, жасқаншақ, төбелескіш келеді. Сонда оның тағдыры, болашағы қандай болмақ.

А.Макаренконың мына бір сөзіне көңіл қою артық болмас еді. «Бала тәрбиесі біздің өміріміздің саласы. Біздің балаларымыз мемлекетіміз бен әлемнің болашақ азаматтары. Олар ертеңгі әке мен шеше, олар да өз балаларын тәрбиелейтін болады. Біздің балаларымыз тамаша азамат, жақсы әке, жақсы шеше болып өсуі керек. Бірақ мұнымен де бітпейді. Біздің балаларымыз – біздің қартайған шағымыз. Дұрыс тәрбие - бұл бақытты қарттығымыз, бұл біздің көз жасымыз, бұл біздің басқа адамдармен бүкіл ел алдындағы кінәміз» [1].

Қазіргі уақытта мінез-құлықтың бұзылу себебі түбегейлі түрде зерттеліп, жаңа сипатқа ие болуда және әлеуметтік-психологиялық, клиникалық, криминалогиялық тұрғыда қарастырылуда.

Мінез-құлықтағы қиындық – бұл шексіз ұғым, тәрбиелік және әлеуметтік педагогтік әсерге қиындықпен көнетін, қайталанбайтын психологиялық ерекшелік. Мұндай жасөспірімдер өсе келе ауыр қылмыстық істер жасауға бет бұрады. Егер талдау жасап, жасөспірімдер қылмысын тізе берсек, тізім созыла береді. Ал балалардың сол қылмысқа бару себебін іздеп, қиын балалар қалай шығатынын зерттесек, біріншіден, баланың қарны тойып тамақтануы, үйде жанжал шыққан күннің ертесінде мектепке бару, бармау мәселелері тұрады. Осы және тағы басқа мәселелерді реттеу, шешу жолдары тиісті адамдар тарапынан ұсынылған. Бала – біздің болашағымыз, елді өсіретін де, өшіретін де, осы келешек ұрпақ.

Мінез-құлықтағы қиындық және қиын балалар ұғымын зерттеу және бақылау 1920-30 жылдары пайда бола бастады. Бастапқы ғылым саласында емес, күнделікті өмірде қолданылып жүрді. Біраз уақыт қолданысталған ғылым ұмтылып, 1950-60 жылдардың басында қайтадан қолданысқа енді. Қазірде бұл терминдер ғылыми сөздіктерде нақты орын алып отыр.

Сөз етіп отырған бұл мәселе әрдайым социолог, психолог, әлеуметтік педагог, заңгер, дәрігер, педагог мамандарының зейінін өзіне аударып, оларды алаңдатып отыратын үлкен мәселе екенін айтып өту керек.

Ең алғаш осы мәселе бойынша зерттеу жүргізген П.П.Бельский (1917ж., 1924ж.) болды, ол өз мінез-құлқы шамасынан ауытқыған, кәмелетке жасы толмаған балаларды қарастырды. П.П.Бельский өзінің 30 жыл уақытын заң бұзушы балалар мен жасөспірімдердің ішкі әлемін зерттеуге арнады. Бірақ та оның теориялық позициясы жеткіліксіз болды. Ол Л.И.Петражицкийдің теориясына сүйенеді (1908), З.Фрейд пен К.Левиннен, сонымен қатар, Ч.Ломбрододан да бірталай мағлұматтар алды.

Осы қиын балалар мәселесі бойынша, жоғарыда аталған ғалымдарымыздың ішінде А.С.Макаренконың қиын балалар мен жасөспірімдерге арналған еңбектері отандық педагогикалық алтын қорына енді.

П.О.Эфрусси мінез-құлықтағы қиындық табиғатын жүйке жүйесіндегі ерекшеліктері қозғаушылық, көңіл-күйдің аумалы-төкпелігімен, жұмысқа қабілеттіліктің нашарлауымен түсіндіруге әрекет жасады, сонымен бірге ол психологиялық себептерді физиологиямен ұшырастырды. Оның зертеуінің құндылығы мынада, ол кейбір жекелік ерекшеліктерді талдауға, соның ішінде оқушылардың өзін-өзі қалыптастыру әдетін анықтауға көп септігін тигізеді.

Қиын балалардың жекелік ерекшеліктерін өмір жағадайымен, тәрбиемен өзара әрекеттестігін есепке алып, кешенді құрама түрінде зерттеп, іске асырған П.П.Блонский (1986ж) болды. Оның зерттеуінің негізгі мақсаты – қиын балалардың өмірін нақтылау. П.П.Блонский қиын балалардың мінез-құлық тарихын мектеп, отбасы арқылы ашып көрсетеді. Ол қиын балаларға әлеуметтік педагогтің қатынасы арқылы «қиын оқушы» терминін нақтылауды жөн көрді. Бұл балаларға былайша мінездеме берді: «Объективті көзқараспен қарағанда қиын оқушы – мынадай, ол әлеуметтік педагогтің жұмысының жемісті еместігіне байланысты. Субъективті көзқараспен қарағанда қиын оқушы – мынадай, онымен әлеуметтік педагогқа жұмыс істеу өте қиын, әлеуметтік педагогтен көп жұмыс істеуді талап ететін оқушы» [2]. «Істі білдіруші» оқушыларға толыққанды мінездеме бере отырып, П.П.Блонский өз жұмыстарында мектепті, сыныпты ұйымдастыруға баса көңіл бөлінеді. Блонскийдің пікірі бойынша қайта тәрбиелеудің нағыз тура жолы, тәртіп бұзушыларды мәдениетсіз ортадан мәдениетті балалар ұжымына біртіндеп әкелу болып табылады.

Көп жылдық оқу мен бақылау негізінде И.А.Невский қиындықпен тәрбиелететін баланың пайда болуын, балалармен отбасына, мектепте жүргізілетін оқу тәрбие жұмыстарының жеткіліксіздігінен, кемеліне жетпеген педагогикалық практика нәтижесінен деп түсіндірді. Ары қарай ол өз ойын бойлай көрсетеді. Бұл қыңыр құбылыспен күресу бағытының шешімі әлеуметтік

педагогтің тиімді әдістерді меңгеру қабілетін қарай емес, сол әдістерді дұрыс қолданып, дұрыс игеруіне негізделеді. Ал бұл негіз ең біріншіден әлеуметтік педагогтің жеке қасиетіне, қабілетіне, оқушымен қарым-қатынасына, олардың әрекеттерін дұрыс ұйымдастыруына қарай құрылады.

Баланың психикасы көп факторлы, әлеуметтік өмір жағдайына қоғам дамуына тәуелді екенін қарастырды.

Ғалымдардың бірқатары баланың дамуындағы кідіріске, қоғамға бейімделудің қиындылығына себепші болып отыратын қолайсыз әлеуметтік-биологиялық факторларды анықтады.

Балалар мен жасөспірімдердің асоциалды мінез-құлық мәселесімен бірқатар қазақстандық педагог зерттеушілер жұмыс жасады. (Мысалы, А.Байсымақ, В.Г.Баженов, Р.А.Дебагян, А.Жұмабаев, К.А.Жүкенова, А.М.Қарабаева, Л.К.Кермиов, В.П.Кривошеев, Л.В.Лысенко, М.Ф.Назаров, В.А.Парфенов, В.А.Трифонов, В.П.Шевченко, Э.И.Шнибекова, Г.А.Уманов). Бұл зерттеушілер қиын

балалардың қиқарлық сияқты жағымсыз қасиеттерінің қалыптасуына әлеуметтік-педагогикалық факторлардың әсер ететіндігін зерттеді. Бастауыш мектеп оқушылары мен жасөспірімдердің асоциалды мінез-құлықтарын, спорт, өзіндік және жеке жұмыстарды ұйымдастыру, мектепке деген ықпалды күшейту, отбасындағы белсенділікті арттыру, ұжымдағы әрекеттерге балаларды қатыстыру арқылы жеңудің әр түрлі жолдарын көрсетті.

В.В.Трифонов зерттеулерінде «қиын оқушы» анықтамасы – бұл күнделікті педагогикалық әсерге көне бермейтін, өзіне үнемі қосымша уақыт бөліп қаруды, әлеуметтік педагогтің ерік-жігерін, күшін, қажырлы педагогикалық еңбегін қажетсінетін оқушы. Бұл шексіз ұғым. Ол жеке адамның өзгеру құбылысын жинақтаушы. Осы категориядағы балалардың жалпы адамдық және өзге ешкімде қайталанбайтын қасиеттері, әлеуметтік және биологиялық факторлардың ықпалымен қамтамасыз етіледі.

Біраз зерттеулер (М.А.Алемаскин, Л.М.Зюбин, Д.В.Колесов, В.Н.Кудрявцев, Г.М.Минковский, И.Ф.Мягков және тағы басқа) «қиын балалардың» басым көпшілігі – бұлар мектеп бағдарламасын дұрыс меңгере алмайтындар, сондықтан да оқушылар ұжымынан тысқары шығып қалатын балалар, - деп атап көрсетті. Ұжымдағы жағымды позициядан қалыс қалу оларды теріс мінез-құлыққа, айналасындағы адамдармен, әсіресе бірге оқитын құрбы-құрдастарымен дұрыс қарым-қатынас жасауына кедергі келтіреді.

«Қиын балалар», «мінез-құлықтағы қиындық» ұғымынан басқа, «қиындықпен тәриелену» ұғымы де кеңінен қолданылады.

«Қиындықпен тәриелену» - баланың теріс мінез-құлқы, дау-жанжал Кейде бұл қайшылық табиғи түрде, тек бір-бірін түсінбеуден шығатын дау-жанжал екеніні айтуға болады. Ал мұндай да кейде онша қауіпті емес және ол қиындықсыз жойылуы мүмкін.

«Қиындықпен тәриелену» мәселесі Г.А.Фортунатовтың (1935 ж) еңбектерінде зерттеген. Өзінің зерттеулерінде «қиын бала» ұғымына былайша түсінік беріп, оларға үлгермеушілер мен тәрбие ықпалына көнбейтін балаларды жатқызады. «Қиын балаларға» ол психикалық бұзылудан жапа шеккендерді жатқызады. Г.А.Фортунатов қиын балаларға тек анықтама беріп қана қоймай, ондай балалардың пайда болуының себептеріне түсіндіреді және осындай себептің екі тобын табады. Бірінші топқа ол ескінің әсерін, ал екіншіге оларды қиналатын ішкі дау-жанжалдарды жатқызады. Дау-жанжалдардың тууы негізінде балаларда көбінесе мынадай мінез-бітістер: қозушылық, ұстамдылық, кейде ақылға сыймайтын қасарғыштық, кекшілдік, мейірімсіздік тағы басқа пайда болады.

«Қиын балалар» намысқой келеді, олар бір нәрсеге өзінің жарамсыз екенін сезіп тұрады және сол себептен қиянат жасауға физикалық күшін жұмсап, «маған бәрі жоғарыдан төмен қарайды, мені адам екен деп санамайды, мен оларға көрсетімін»(8.), - деп саналы түрде ой тұжырымдап өзін-өзі сендіреді.

Ұзақ мерзімді дау-жанжал баланы қиын атандырып ғана қоймайды, сонымен бірге оның жүйке-жүйесінің бұзылуына себепші болуы мүмкін (психоневроз). Балаларда ішкі дау-жанжалдың ықпалынан сыртқы дүниеге, қоршаған ортаға деген сенімсіз, тіпті жауластық сияқты қатынастар пайда болады.

Л.С.Выготский «қиындықпен тәрбиеленумен» күресудің нақты жолын анықтап берді. Өзінің «Қиын балалық шақтың педагогикалық клиникасы және дамудың диагностикасы» (1936ж.) еңбегінде ол былай жазады : «Жеке адамның күйзелісімен күресу, оның себептерін жою жолымен, білім бірлігімен, дамуына жағдай жасау арқылы» [3] да нәтижеге жетуге болады. Л.С.Выготский жеке адам тәрбиесі психологиясының маңызды бір мәселесі – аффектілі-қажеттілік ортасымен сананың байланысын көтерді.

Мінез-құлықтың ауытқушылығы (тәртіпсіздігі) мәселесіне ең алғаш көңіл бөліп қараған жаңа автор Л.С.Славина болды. Мұндай мінезге ол аффектілі (жан – күйзелісі, қайғыру). Психологиялық ерекшелігін алды және бұл саладағы баларды екі топқа бөлді. Бірінші топ балаларының тәртіпсіздігінің себебі мінез-құлықтың дұрыс жағдайда қалыптаспауы салдарынан, өте күшті эмоционалды қайғыру және жан-күйзелісінен болады. Л.С.Славина екінші топ балаларының тәртіпсіздігінің себебіне мінез-құлық ережелерімен санаспау, бұл ережелерді білмеу, өзінің мінезін көп жағдай да меңгермеуді жатқызады [4].

Құқықтық тәрбие және балалар мен жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылықтың алдын-алу, әрбір адамның өмірде толыққанды тұлға болып қалыптасуында құқықтық тәрбиенің алар орны ерекше. Тәрбиенің санқырын қарастырсақта құқықтық тәрбие, құқықтық сауаттылық кош ілгері болмақ. Қазіргі қоғамның алдында тұрған басты міндеттердің бірі - балалар мен жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылықтың алдын-алу, кәмелетке толмағандар арасындағы қылмыстың өсуіне жол бермеу. Бұл мәселе бүгінде көкейтесті мәселелердің біріне айналып отыр. Өрімдей жастардың қылмыс жасауы көз үйренген көрініске айналып, елді елең қылуда. Тәртібі қиын бала есейген сайын қылмыстың ауыр түрлерін жасауға бейімі арта беретінін ескерсек, бұл аса өткір мәселе екенін мойындауға мәжбүрміз.

Жасөспірімдердің қылмыс жасауының себептерін қарастыра болсақ; кейбір ата-аналардың бала тағдырына алаңдамауынан, оларды өз беттерінше қалдырып, мектептен тыс бос уақыттарында немен шұғылданып жүргендерін қадағаламауынан орын алады. «Ел болам десең, бесігіңді түзе» деп атамыз қазақ айтқандай, әр-бір ата-ана өз баласының тәртібі мен тәрбиесіне аса мән беріп, бос уақытта немен айналысатынына қатаң бақылау жасаса, жасөспірімдер арасында құқықбұзушылық пен қылмыстың төмендеуіне көп септігін тигізеді.

Жалпы құқық тәртібін бұзуға бейім балалар, қоғамдық тәртіпті бұзған, қылмыс жасап ішкі істер бөлімдерінде есепте тұрған балалардың басым бөлігі жайсыз отбасылардан шыққан. Жасөспірімдердің қылмысқа баруының жолдарын қарастыра болсақ - бала жүрегіне қатігездікті дарытуға себеп болатын адамды қинау мен азаптап өлтірудің эпизоттарын қамтитын компьютерлік ойындар мен мультфильмдер. Онымен қоса сан ғасырдан бері дертке айналған арақ-шарап, есірткі, темекі, түнгі ойынханалар, маскүнемдікке салынған ата-ана, толық емес отбасы тағы да бар.

Отбасында толассыз ұрыс-керістен көз ашпаған жасөспірімдер қылмысқа жақын болып келеді. Олар ата-ана қамқорлығынсыз қалады.

Отбасында балаға дер кезінде қадағалау болып, ата-ана мен бала арасында сенімділік, достық сынды адами құндылықтар орнаса бала қылмыстық істерге бармасы анық. Отбасында жасөспірімдердің қылмысқа бармауын қадағалау жұмыстары басым болуы керек. Қадағалаудың екі түрі бар. Біріншісі; тікелей қадағалау-бұл сыртқы болып табылады, бұған шектеулер мен жазалаулар жатады. Тек шектеулер мен жазалаудың ар жігін ажыратып, саналы түрде қолдану керек.

Жас жеткіншектердің қылмысқа бой ұру мәселесі тек құқық қорғау органдарының ғана емес, ата-ананың, мектеп, арнаулы оқу орындарымен басқа да мемлекеттік және үкіметтік емес ұйымдардың қадағалауын талап етеді. Себебі психолог мамандардың зерттеуіне сенсек, жас баланың саналы азамат болып қалыптасуында оның жанұяда, мектеп қабырғасында, көшеде көргендері ерекше орын алады. Ал сабақтан тыс уақыттарда, каникул кездерінде демалыс маусымдарының дұрыс ұйымдастырылмауы, көшедегі келеңсіз оқиғалардың көптігі жасөспірімдердің қылмыс жасауына әкеп соқтыруы анық.

Пайдаланған әдебиеттер

1. Макаренко А.С. «Ата-аналар», кітабы. 1988.
2. Рамазанова П. «Қиын» балалардың тағдыры қинап тұр», Шымкент келбеті, 3 желтоқсан, 2004.
- 3 Л.С. Выготский. Психология развития человека. — М.: Изд-во Смысл; Эксмо, 2005. — 1136 с.
- 5 Сағымбекова А. «Қиын бала» мәселесі әлі де қиын», Тәрбие құралы, №3, 2004.

ЖАҒАНДАУ ЖАҒДАЙЫНДА БОЛАШАҚ МҰҒАЛІМДЕРДІҢ КӘСІБИ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Куралбаева Алия Абдукаримовна – PhD., аға оқытушы.
Ергеш Меруерт Сейітқасымқызы – магистрант

Академик А. Куатбеков атындағы Халықтар достығы университеті
E-mail: psixoloqiya16@mail.ru

Кілттік сөздер: жаһандану, жаһандық білім, құзыреттілік, танымдық, коммуникативтік, мотивация.

Ключевые слова: глобализация, глобальное образование, компетентность, познавательность, коммуникативная, мотивация.

Keywords: globalization, global education, competence, cognitive, communicative, motivation.

Резюме: В данной статье научно исследовано, что в глобальном образовании является одним из перспективных направлений развития педагогической теории и практики, и что это направление позволяет осуществлять подготовку студентов к адаптации к сложному и быстро меняющемуся современному миру, в котором много политических, экономических, социальных и других проблем.

Summary: In this article, it is scientifically investigated that in global education is one of the promising directions of the development of pedagogical theory and practice, and that this direction allows students to prepare for adaptation to the complex and rapidly changing modern world, in which there are many political, economic, social and other problems.

Бүгінгі күні жаһандық білім беру педагогикалық теория мен тәжірибенің дамуының болашақ бағыттарының бірі болып табылады, бұл бағыт студенттерді көптеген саяси, экономикалық, әлеуметтік және басқа да мәселелері толып жатқан күрделі әрі тез өзгертін қазіргі әлемге бейімделу дайындығын жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Жеке тұлғаның өзін өзі айқындау мен оның әлемдік қауымдастықтың теңдей мүшесі болуының тиімділігі оның білімділігінің деңгейімен анықталады, мұндағы білімділік дегенді білімді игеру деп қана емес, сондай-ақ, дүниетанымының, руханилігінің қалыптасуы, кросс-мәдени сауатының өсуі деп түсінеміз. Мәдениетті жеткізудің дәстүрлі формаларының мүмкіндігін төмендететін әлеуметтік-мәдени өзгерістердің перманенттік сипаты ғылыми-техникалық төңкеріс дәуірінде қоғамның адамгершілік потенциалының қажет етілмеуі. Қойылған мақсатқа жету ақиқатты қабылдаудың оқушылар санасында әлемнің концептуалды, біртұтас бейнесінің қалыптасуына ықпал ететін түбегейлі басқа жүйесін құру жағдайында жүзеге асады. Оқыту процесінің жаһандық болашағын қамтамасыз ететін мәдени әмбебаптылықты айқындау мен қабылдау жаңа педагогикалық ойдың негізін құрайтын гуманизация мен білім беруді гуманитарлау идеяларымен тығыз байланысты.

Жаһандану мәселесін Б.Пядышев былай тұжырымдайды: жаһандану -жалпы саяси экономикалық, басқа да әлемдік дамудың алдағы кезеңі, өндірістік дамудың жоғары сатысы, толығырақ айтсақ, капиталистік, саяси, әлеуметтік, философиялық қоршаған орта болып табылады – дейді [1].

Таным теориясы немесе гносеология философияның алғашқы даму кезеңдерінен келе жатыр (гр. gnosis-таным, logos-ұғым, ілім). Гносеология-адамның танымдық ізденістерінің табиғатын, білімнің шындыққа қатынасын, оның мәдениет және қатынастар-байланыстар жүйесінде алатын орнының, даму шарттарын, ақиқат өлшемін және сонымен қатар, шынайы білімдерге жету заңдылықтары мен әдіс-тәсілдерін қарастырады.

Танымның объектісіне материалдық және рухани құбылыстар, сондай-ақ субъектінің өзі де кіреді. Танымның субъектісі мен объектісі бір-бірінің себебі болып табылады, өйткені субъектісіз объект жоқ, объектісіз субъектінің де болуы мүмкін емес. Таным үдерісінде субъект және объект бір-біріне едәуір әсерін тигізеді. Таным объектісін тандауының өзі субъектінің болуын қажет етеді. Ал бұл тандау адамның іс-әрекеттер мінезімен және оның рухани қажеттіліктерімен айқындалады: біреуге өнер туындысы эстетикалық сезімдер объектісі болса, екіншісіне ол өнертанымдық анализ жасау объектісі.

Таным үдерісінде маңызды орынды сезімдік және рационалдың өзара қатынасы мәселесі

алады. Бұл мәселемен байланысты екі қарама қарсы пікірлер қалыптасты: сенсуалистер - танымда сезімдік формалардың маңыздылығын арттыра бағалайды; ал рационалистер -керісінше абстрактілі ойлау формаларына шешуші орын береді. Ал соңғы кездері бұл танымның екі түрлеріде маңызды екенін, екеуінде бір-бірінен бөліп қарастыруға, ажыратуға болмайтының дәлелдеді, өйткені олар бірі-бірінен өтіп жатады. Адамға дүниенің ішкі мәнін үңілуге, табиғаттың, қоғамның, тухани өмірдің даму заңдылықтарың білуге, адам санасының ең жоғары бейнелеу формасы- ғылыми абстракциялық, теориялық ойлауға көмектеседі.

XXI ғасырда кәсіби еңбектің интеллектуализациялау тенденциясы белгіленіп, университеттік білім берудің маңыздылығы көтерілді. Өйткені қазіргі кезде әлеуметтік-экономикалық құрылымдағы, іскерлік, экономикалық, әлеуметтік қатынастары жүйесінде қоғам болашақ маманды дайындаудың сапасына жоғары талап қоюда. Осыған орай жаңаша ойлайтын маманды қалыптастыруға бағытталған университеттік дайындаудың жаңа парадигмасы өзекті болып келеді де, яғни қоғамның осы кездегі қалыптасуының талаптарына жауап беретіндей жоғары оқу орындарындағы білім беру студент тұлғасы дамуының жоғарғы деңгейін жеткілікті түрде қамтамасыз ету қажеттілігі туындайды. Қоғамның жаңа типін құру барысында, жаңа құндылықтар жүйесіне бағытталған, білім берудің негізгі мақсаты жоғары шығармашылық мүмкіншілігі бар болашақ маман тұлғасын қалыптастыру болып табылады. Бұл сонымен бірге педагогикалық кадрларды дайындаудың проблемасын одан әрі өзекті етеді. Біздің қоғамымызда адамдық қатынастардың жалпы гуманизациясының, жаңа ұрпақтың рухани қалыптасуының, білім берудің түбегейлі жаңаруының бағдарламаларының жүзеге асуы көп жағдайда мұғалім тұлғасымен байланысты болатыны баршамызға мәлім. Соның ішінде педагогикалық іс-әрекетте тұлғалық фактор жетекші болады, өйткені «адам-адам» жүйесінде әсер етудің эффектісі әсер етудің өзіндік мүмкіншілігі бар адамды жетілдірудің деңгейімен анықталады. Қазіргі кездегі педагог егер жоғары оқу орнында оқыту үрдісі барысында онда үнемі өзін-өзі дамыту қажеттілігі қалыптасқан болса алдына қойылған міндеттерді іске асырады. Сондықтан да, классикалық университеттік білім беру жағдайларында болашақ педагогикалық кадрларының кәсіби өзін-өзі дамытуды қалыптастыру проблемасына ерекше назар аударылады [2].

Әлемдік білім беру кеңістігіне кіруге бағытталған білім берудің жаңа жүйесінің қалыптасу процесі білім беру парадигмасының ауысуымен сипатталады: дәстүрлі субъект-объектіліктен гуманистікке, тұлғаға бағытталған субъект-субъектілікке. Осыған байланысты айтатынымыз, XX ғасыр соңынан бастап білім беру жүйесі білім берудің гуманистік парадигмасына сәйкес дамиды. Онда маңызды құндылығы болып адамның тұлғасы қарастырылады, яғни оның барлық потенциалды мүмкіншілігін дамыту болып табылады. Осы тұрғысынан қазіргі маманның білім беру сферасында үздіксіз білім алуға, шығармашылық тұрғысынан өзін-өзі жетілдіруге дайындығын айтамыз.

Сондықтан да болашақ маманның өзін-өзі дамытуын зерттеу жұмысы адам дамуының негізгі философиялық, психологиялық, педагогикалық теорияларын талдауды айқындайды. Зерттеудің екінші маңызды жағы – белгілі бір методологиялық ұстаным мен тұлғаның өзін-өзі дамытудың зерттеу әдістемесін таңдау. Болашақ маманның өзін-өзі дамытудың проблемасы үш тұрғыдан қарастырылуы керек, оларда оның мағынасы ашылуы тиіс: философиялық, психологиялық, педагогикалық. Философиялық зерттеулерде осы проблема адамды дамыту тұрғысынан қарастырылады. Психологиялық зерттеулерде тұлғаның дамуы мен өзін-өзі дамыту тұрғысынан зерттеледі. Педагогикалық зерттеулерде болашақ маманның кәсіби дамуы тұрғысынан қаралады. Философиялық, психологиялық, педагогикалық зерттеулерде қарастырудың келесі бір негізі - болашақ маман-педагог адам ретінде, тұлға ретінде, маман ретінде кәсіби өзін-өзі дамытудың субъектісі ретінде болуы.

Қазіргі зерттеулерде қоғамның кәсіби дәрежелі мамандарды талап ету және олардың тұлғасына ерекше талап қою арасында; дағдыларын өздігінен дамыту қажеттілігі мен маманның жеке қасиеттерін дамыту ретінде өзін-өзі дамыту және тәжірибеде осы қасиеттерді қалыптастыру стратегиясының болмауы арасындағы қарама-қайшылық туындап отыр. Негізгі қарама- қайшылықтың мәні тұлғаның өзін-өзі дамуы белгілі бір жағдайда өзін-өзі ұсынудың объективті үдерісі ретінде қаралуында болады екен. Бірақ тұлғаның өзін-өзі дамуының ерікті процесі басталуы үшін белгілі бір қажетті жағдайлардың болуы маңызды және оған басшылық ету керек. Осы іс-әрекеттің мәні ғылымда да, тәжірибеде қарастырылмаған. Сонымен осы зерттеудің өзектілігі бір жағынан тәжірибе талаптарына жауап беруімен байланысты болады және екінші жағынан осындай іс-әрекеттің теориялық негізін анықтау деп қарастырамыз. Осы қарама-қайшылықтың шешілуінің тиімді жолдары мен тәсілдерін іздестіру барысында зерттеуіміздің тақырыбын таңдауға мүмкіндік берді [3].

Сонымен қатар алғаш рет зерттеліп отырғандықтан оның барлық қырларын бір ғылыми жұмыста қамту мүмкін емес. Болашақта бұл бағыттағы ізденістер болашақта педагогтарды

дайындауда интеграциялық үдерістерді жетілдіру, ғаламдық азаматтар тәрбиелеудің психологиялық астарларын зерттеу тұрғысында өзінің жалғасын табуы тиіс деп санаймыз.

Ғылымның және технологияның қазіргі жағдайын бейнелейтін іргелі білім беру болашақ мамандардың тек тәжірибені белсенді қабылдауды ғана емес, сонымен бірге интеллектуалдық шығармашылық қабілеттілігін анықтайды. Білім берудің осындай түріне қазіргі жоғары оқу орындары бағытталған. Болашақ мамандардың, яғни студенттердің зерттеу біліктерін меңгеру қажеттілігі, бір жағынан, Мемлекеттік стандарттың талаптарымен айқындалады, онда бітірушің осы кәсіби аспектісі нақты анықталған; екінші жағынан, қазіргі мамандардың кәсіби іс-әрекетімен айқындалады. Мысалы, педагогтардан болашақ мамандарды дайындауда іс-әрекеттің шығармашылық табиғатына сәйкес соның ішінде оны ұйымдастырудың мәселесіне ғылыми тұрғыдан қарауға білім беру үрдісін зерттеу білігін талап етеді. Сондықтан да жоғары оқу орындарының студенттерін зерттеу жұмысы процедурасымен таныстыру керек, оны өткізудің дағдыларын қалыптастыру маңызды. Мысалға, оқыту барысында зерттеушілік білігін қалыптастыру. Ол кафедраның ғылыми-зерттеу жұмысына студенттің қатысуы барысында қалыптасады. Соңғысына студенттерді бағыттары мен кафедра педагогтарының ғылыми жұмысы ерекшеліктері тақырыпшасымен кеңінен таныстыру ықпал етеді, оларды проблемалық топтарға қатыстыру, табысты зерттеу жұмысын жүргізетін оқытушыларға 1-ші курстан бастап «бекіту» ретінде анықтаймыз.

Осы бағыттағы тиімді жұмысты қамтамасыз етудің бірінші шарты ретінде бүкіл кәсіби дайындықтың жүйесін асыру барысындағы зерттеушілік білімдердің тиімді қалыптасу процесінің үздіксіздігі мен тұтастығын ерекше айтамыз. Оған аудиториялық сабақ пен студенттің өзбетінше жұмысы (студенттің оқу-зерттеу жұмысы мен ғылыми-зерттеу жұмысы), аталған біліктерді саналы және шығармашылық меңгерудегі түрлі әдістер мен тәсілдерді пайдаланумен байланысты тәжірибе жатады.

Зерттеу біліктерін қалыптастырудың маңызды шарты ретінде зерттеу іс-әрекетінің мотивациясы болып табылады: қызығушылықтарын қалыптастыру, зерттеу жұмысы қажеттілігін, кәсіби өсу үшін зерттеу біліктер жүйесін меңгерудің маңыздылығын негіздеу. Мысалға, осы жұмыстың бастамасы ретінде 1-ші курстан бастап, «Мамандыққа кіріспе» деп аталатын курс ұйымдастырылады, оның барысында кәсіби іс-әрекеттің ерекшелігі мен шығармашылық сипатын ашуға болады. Практикалық сабақтарда өзін-өзі тану, өзіндік қызығушылықтары мен қабілеттерін талдау, олардың таңдаған кәсіпке сәйкестілігін анықтау үшін жағдайлар жасалынады. Конференцияға рефераттарды дайындау барысында студенттер жаңашыл-зерттеушілердің жетістіктерімен танысады, шартты түрде айтқанда, «өзіне салып көреді» шеберге лайықты кәсіби біліктер мен тұлғалық қасиеттерді дамытады. Оның барысында келесідей зерттеу біліктерін меңгеру қажеттілігін саналы түрде ұғынады, бар тәжірибені талдау, проблеманы тұжырымдау, өз жұмысының нәтижесін жүйелеу сияқты білігі.

Өйткені жаңа жағдайда педагог алдында жалпыадамзаттық демократиялық және гуманистік құндылықтар негізінде бір адамнан өз елінің білімді, саналы азаматын және әлем азаматын тәрбиелеу міндеті тұр. Мұндай тұлға интеллектуалды, дүниетанымы кең, жаңаша ойлау қабілеті жоғары, білімге құштар, отансүйгіштік қасиеті қалыптасқан, бәсекеге қабілетті болуымен қатар, ел экономикасын, мәдениетін алға тартатын, ұтқыр күш, әлеует ретінде қалыптасуы тиіс.

Біздің тілімізде: ғаламдану, жаһандасу, ғаламшарлану түрінде қолданылып жүрген «жаһандану» дегеніміз қандай да болсын үдерістің, іс-әрекет барысының немесе мәдени-әлеуметтік феноменнің, құбылыстың бір ғана ұлт, халық, мәдениет, өркениет немесе құрлық шеңберімен шектелмей, бүкіл планеталық, жұмыр жерлік, бүкіл әлемдік деңгейде көрініс тауып, маңызға ие болуын танытатын ұғым. Жаһандану – үдеріс, орын алып отырған, әлі өз мәресіне жетпеген, аяқталмаған іс. «Жаһандану» бүкіл жер жүзінде жайылу, таралу деген мағынаны да, әлемдік елдердің біртұтас адамзаттық мәдениет қалыптастыру екпініне ілесу дегенді де білдіреді [4].

Қазақ қоғамы қазір қарқынды түрде жүріп жатқан жаһандану үдерісінің ықпалынан, өзі қаламаса да, оқшау бола алмайтындығы белгілі. Жаһандануды әрбір ұлт, әрбір этнос, әрбір мемлекет өзінің болмысына бейімдеп сіңіре алғанда ғана осынау қауіптілеу болып көрінетін құбылыстың игілігін көреді.

Еліміз енген Болонья жүйесі бойынша педагогтарды кәсіби дайындау үдерісі де осы мәселенің бізде таралуының көрінісі. Бұл ретте оқытудың барлық деңгейінде білім мазмұнының қайта қаралып, технологияларының жаңғыртылуы сапаға бағытталу мен нәтижеге қол жеткізудің бірден – бір жолы.

Пайдаланған әдебиеттер

- 1 Кукушкин В.С. Общие основы педагогики.- М.: Ростов-на-Дону, 2006. - 224 с.
- 2 Устав Организации Объединенных наций по вопросам образования, науки и культуры. Ассоциированные школы ЮНЕСКО и международное образование. - М.: Этносфера, 2004. - С. 21-24.
- 3 Мацуура Коитиро. Глобализация – это также культурный процесс // Международная жизнь. - 2000. - №9. – С. 27-32.
- 4 Щевелева Г.М. Образовательное пространство. Современный взгляд. подходы к формированию. - Воронеж, 2001. - 104 с

ӘӨЖ 37.013:372.41-057.874

ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУ ЖАҒДАЙЫНДА ЕРЕКШЕ БІЛІМ БЕРУ ҚАЖЕТТІЛІКТЕРІ БАР ОҚУШЫЛАРДЫ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҚОЛДАУ

Тасова Асел Баймурзаевна – PhD., аға оқытушы.
Мейірбекқызы Динара – магистрант

Академик А. Куатбеков атындағы Халықтар достығы университеті
E-mail: psixoloqiya16@mail.ru

Кілттік сөздер: *инклюзивті білім беру, психикалық, интеллектуалдық, мәдени, этникалық, тұлғалық, әлеуметтік.*

Ключевые слова: *инклюзивное образование, психическое, интеллектуальное, культурное, этническое, личностное, социальное.*

Keywords: *inclusive education, mental, intellectual, cultural, ethnic, personal, social.*

Резюме: В данной статье научно исследовано, что в условиях инклюзивного образования важную роль играет психолого-педагогическое сопровождение учащихся с особыми образовательными потребностями.

Summary: In this article, it is scientifically investigated that in the conditions of inclusive education, psychological and pedagogical support of students with special educational needs plays an important role.

Инклюзивті білім беру дегеніміз – балалардың жынысына, жас ерекшеліктеріне, географиялық тұратын жеріне, қимыл-қозғалыстық және ақыл-есінің жағдайына, әлеуметтік-экономикалық жағдайына қарамастан, сапалы білім алу және өздерінің потенциалдық дамыту мүмкіндігіне ие болу.

Инклюзивті оқыту – барлық балалардың мұқтаждықтарын ескеретін, ерекше қажеттіліктері бар балалардың білім алуын қамтамасыз ететін жалпы білім үрдісінің дамуы. Инклюзивті оқыту балалардың оқу үрдісіндегі қажеттіліктерін қанағаттандырып, оқыту мен сабақ берудің жаңа бағытын өңдеуге талпынады. Егер инклюзивті оқытудың оқыту мен сабақ беруге енгізілген өзгерістері тиімді болса, онда ерекше қажеттіліктері бар балалардың жағдайлары да өзгереді. Инклюзивті оқытуды ашқан мектептерде оқыған балалар адам құқығы туралы білім алуға мүмкіншілік алады, өйткені олар бір - бірімен қарым - қатынас жасауға, танып білуге, қабылдауға үйренеді.

Инклюзивтік білім беру - барлық балаларды жалпы білім үрдісіне толық енгізу және әлеуметтік бейімдеуге, жынысына, шығу тегіне, дініне, жағдайына қарамай, балаларды айыратын кедергілерді жоюға, ата - аналарын белсенділікке шақыруға, баланың түзеу - педагогикалық және әлеуметтік қажеттіліктерін арнайы қолдау, қоршаған ортаның балаларды жас ерекшеліктеріне және білімдік қажеттіліктеріне бейімделуіне жағдай қалыптастыру, яғни, жалпы білім беру сапасы сақталған тиімді оқытуға бағытталған мемлекеттік саясат.

Психикалық дамуының негізгі бұзылыстары интеллектуалды даму деңгейі, яғни, зейіні, есте сақтауы, ойлауы, кеңістікті бағдарлауы төмен болып келеді.

Жүргізілген зерттеулердің нәтижесінде авторлармен мектеп оқушыларын 4 типологиялық топқа бөлетін оқушылардың білім алу мүмкіндіктері бойынша оқушылардың педагогикалық жіктемесі

жасалды. Егер мұғалім бұл оқушыларды пәндік-практикалық қызметтерге үнемі үйретсе, болып жатқан шынайы әрекеттердің, өзгерістердің мағынасын, мәнін түсінікті түрде жеткізсе оқыту нәтижелі болады. Инклюзивті білім беру жағдайында ерекше білім алу қажеттіліктері бар оқушылардың оқудағы жетістіктерін критериалды бағалау жүйесі мұны ескеруі және оқушыларды тиімді ынталандыруы тиіс.

Бірінші типологиялық топты жаппай оқу процесінде бағдарламалық материалды анағұрлым сәтті меңгеретін оқушылар құрайды. Олар оқу материалын өз бетінше орындауға қабілетті, өзгерген тапсырманы орындауда үлкен қиыншылық көрмейді, жаңа жұмысты орындау барысында бар тәжірибесін негізінде дұрыс қолданады. Бұл балалар есептеу тәсілдерін, есептерді шығару амалдарын, жылдам есінде сақтап, пәндік көрнекілікті сирек қажет етеді. Әдетте оларға белгілі бақылауға, құбылысқа сөзбен ауызша сілтегеннің өзі жеткілікті. Олардың алған білімдерінің жеткілікті дәрежеде берік және икемді болуын атауға болады. Бұл мектеп оқушылары сөз өрбітудің кері жүрісін игеруге қабілетті. Олардың сөз саптау қолданысында сөйлемдер қалыптасқан, олар өз әрекеттерін еркін түсіндіреді, келешек жұмысын, тапсырма орындау тәсілдерін жоспарлай алады. Бұл топтың оқушылары үшін өзіне қойылған баға не үшін, қандай критерилер бойынша қойылғанын білу маңызды.

Отправной точкой формирования новой маркетинговой парадигмы являются успехи когнитивной психологии, изучающей взаимосвязь психических процессов и поведения. Когнитивный подход в маркетинге основан на изучении поведения потребителя, его познавательных процессов и мышления, определяющих особенности принятия решений на рынке. Метод БОС позволяет оценивать и тренировать когнитивные способности учащихся. В настоящее время метод биологической обратной связи в образовании широко используется в следующих случаях:

- изучение адаптации студентов к обучению;
- исследование психофизиологического состояния учащихся в учебном процессе;
- снятие тревожности у студентов во время сессии, релаксация и настрой на успех, коррекция речи;
- оптимизация физической или умственной деятельности (общее оздоровления и улучшение работы нервной и сердечно-сосудистой систем);
- учет психофизиологических особенностей учащихся при разработке учебных курсов и программ.

Результаты исследований, проведенных в рамках междисциплинарного сотрудничества между двумя ВУЗами Санкт-Петербурга по оценке эмоционального состояния студентов в условиях применения различных образовательных технологий: излагаемого преподавателем и при самостоятельном изучении, с применением методики БОС свидетельствуют о том, что самостоятельная работа над учебным материалом способствует повышению эмоционального спокойствия, подвижности психических процессов, практичности мышления и содействует укреплению резерва психической и синдромологической адаптивности, снимает возбужденность состояния.

Выявленные, по методике ZMET, образы, эмоции и ассоциации позволяют корректировать маркетинговые коммуникации образовательной организации. Результаты таких исследований можно использовать для формирования и продвижения бренда ВУЗа или реализации рекламной кампании, построения взаимодействия с обучающимися, реализации образовательного процесса, совершенствования обстановки получения образовательной услуги [9].

Таким образом, использование когнитивных методов исследований в рамках образовательного маркетинга на основе междисциплинарного сотрудничества будет востребовано образованием будущего в качестве инструментов реализации образовательного процесса и оценки его эффективности.

Список литературы

1. Государственная программа развития образования и науки Республики Казахстан на 2020 - 2025 годы, утвержденная постановлением Правительства Республики Казахстан от 27 декабря 2019 года № 988.
2. Статистика образования на 15.02.21г. // Бюро национальной статистики (БНС) Агентства по стратегическому планированию и реформам Республики Казахстан.
3. Е. Садыков. Интервью журналистам // Электронный ресурс: inform.kz. <https://www.inform.kz/ru/vuzy-kazahstana-v-2021>.
4. Шемятихина Л.Ю. Маркетинг в образовании // УМК, ГОУ ВПО «УрГПУ». – Екатеринбург, 2007. – 80 с.
5. Электронный ресурс: Проверка контрагента <https://pk.uchet.kz/>
6. Борбасова З.Н., Улаков С.Н., Осик Ю.И. Маркетинговые исследования // учебник.: Караганда, 2015. – 338 с.
7. Накипова Г.Е., д.э.н. Образовательный маркетинг: теория и практика: статья // Карагандинский экономический университет/ Электронный ресурс: <https://rep.keu.kz/bitstream>
8. Стандарты и руководства для обеспечения качества высшего образования в Европейском пространстве высшего образования (ESG)- Ереван, 2015.
9. Абабкова М.Ю. Когнитивный маркетинг в образовании: новая парадигма в контексте нейрорисследований // Вестник Алтайской академии экономики и права №2-2019 -9 с.

ӘӨЖ 81/133

ҚЫТАЙ ТІЛІН ОҚЫТУДЫҢ КЕЗЕҢДЕРІ

Сабырданқызы Г, аға оқытушы
Кебекбаев М.Ә, аға оқытушы
Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті
Алматы қ.
E-mail: Sabyrdankyzy@gmail.com
E-mail: marat7709@mail.ru

Кілттік сөздер: Қытай тілі, Қытай таңбалары, Тіл дыстары, Лексика, Мәтін.

Ключевые слова: Китайский язык, Китайские знаки, Звучание языка, Лексика, Тексты.

Keywords: Chinese language, Chinese signs, Language sound, Vocabulary, Texts.

Резюме: В процессе обучения китайскому языку, прежде всего, через формирование интереса студентов, развитие способностей студентов к китайскому языку и языковому общению.

Summary: In the process of teaching the Chinese language, first of all, through the formation of students' interest, the development of students' abilities to the Chinese language and language communication.

Қытай тілін оқытуда студенттерді бейімділігіне сай оқыту үшін әр түрлі оқыту әдістерін қолдану керек болады. Төменде түрлі оқыту объектісіне сәйкес түрлі әдістер талқыланады. Қытай тілін шет тілі немесе екінші шет тілі ретінде оқытудың өзіндік ерекшеліктері мен талаптары бар, қытай тілін үйрену үшін белгі қажетті шарт – жағдай негізінде сапалы түрде меңгерту процесі мен әдістері арқылы жүзеге асады. Қытай тілін үйренуді алғашқы деңгейден бастағандар үшін олар қытай таңбаларымен мүлдем таныс болмағандықтан, алғаш рет қытай таңбаларымен кездескенде, жазу мен оқудан қыйындықтарға кездесесі анық, сондықтан алдымен олардың қызығушылықтарын дамыту керек. Қытай таңбаларын оқыту тәжірибесінде студенттердің пиктографиялық кесінділерден бастап игерген сөздер негізінде белгілі бір сөзден сөз тіркесін, сөз тіркесіне, белгілі бір сөйлем құрап жазуға үйрету керек. осылайша біртіндеп олардың қызығушылықтарын дамытуға болады. Қытай тілін оқыту барысында төмендегідей нақты басқыштарды басып өту керек.

Қытай тілін оқыту барындағы ең қиын түйін – фонетиканы оқыту. Үйткені студенттерге қытай тілін үйрету барысында тіл дыбыстарын дұрыс дыбыстау өте маңызды. Тіл дыбыстарын дұрыс айтуға машықтану арқылы ғана қытай таңбаларын есте сақтау қабілетін күшейтуге болады. Қытай тілінде бір буында оған сәйкес келетін бірнеше қытай таңбасы көп кездеседі. тіпті таңбалардың оқилуы да, тон белгілері де бірдей болып келуі мүмкін. Мысалы 克ке, 课ке, 客ке мұндай сөздерді түсіндіру барысында осы сөздердің мағналық жақтан қолданылуын қатаң ескеру керек. Мұндай таңбалар басқа буындармен бірігіп келу арқылы да басқа мағналы сөздер құрай алады. Сондықтан сабаққа байланысты түрлі жаттыулар ұйымдаструға көңіл бөлу керек. Сабақ барысында суреттерді, карточкаларды, дене тілін(түрлі дене қимыл ишаралар), және мультимедиа т.б құралдарды қолдану керек. Қытай фонетикасын оқытудың мақсаты – студенттердің тіл дыбыстарын дұрыс дыбыстау мен дыбыстық дағдыларды, соның ішінде шыңмулар 声母(дауызсыз дыбыстар), юнмулар 韵母 (дауысты дыбыстарды), тонды және тондардағы өзгерістер, жеңіл тондарды т.б. қолдана білуге тәрбиелеу. Әр бір студенттердің өзіне тән ұқсамаған ерекшеліктеріне байланысты қытай тілін сезіну, түсіну деңгейі де әр түрлі болады. шыңмулар (дауызсыз дыбыстар), иүнмулар (дауысты дыбыстарды), тонды және тондардағы өзгерістер, жеңіл тондар бұлар қытай тілін оқытудағы қиын түйін болып есептеледі. сондықтан оқытушылар сабақ барысында алдымен әр - бір студенттің бейімділігіне байланысты қиын түйіндерді дұрыс түсіндіріп,соған орай бейімдеп оқыту керек, ең басты тіл дыбыстарын дұрыс дыбыстауды назардан қалдырмай салыстырмалы әдіс пен графикалық әдісті қолдану керек.

Қытай таңбаларын яғни иероглифті оқытудың нақты барысында белгілі бір оқыту әдістерін қолдану қажет. Жалпы жазу тұрғысынан келгенде қытай таңбаларымен басқа тілдердегі белгілі бір ұқсастықтармен салыстырмалы түрде айтуға болады. Мысалы, қытай таңбаларының жан бөліктерін (偏旁) басқа тілдердегі белгілі бір әріпке, ал қытай таңбаларын (汉字) басқа тілдердегі белгілі бір сөздеріне, ал қытай тіліндегі күрделі сөздерді (көп буыды сөздерді) басқа тілдердегі белгілі бір сөз тіркесі ретінде салыстырып түсіндіруге болады. Қытай таңбаларын жазуды қытай мәдениеті жағынан түсіндіру біршама жеңіл болады, мысалы қытай каллиграфиясын оқытуда қолданар болсақ оны көп адамдар ұнатады, сондықтан олар жазуды үйрену барысында оның қиындығын сезінбейді.

Қытай таңбалары идеографиялық жүйеге жатады. Сөздер тек бір таңбамен бейнеленеді. Фонетикалық жүйе сөздеді дыбыстық жақтан бейнелесе, фонетикалық таңбалар немесе пининдер буынға, кейде алфавитке ие болады. ал қытай таңбалары белгілі пиктографиялық кесінділер арқылы қытай таңбаларының өзіндік жазылу ережелеріне сай белгілі бір құрлым болып шығады. Қытай таңбарлы бір буынды немесе бірнеше буынды белгілі бір мағнаға ие сөздер болып табылады. Кейде қытай таңбарлардың сыртқы түрінен оның мағнасын білу мүмкін болмайды. Қытай таңбаларын жазып үйренуде Пиктографиялық бейнелеу әдісін, және осыған ұқсас таңбаларды салыстыру әдісін қолдануға болады

Қытай тілін оқытуда лексиканы қалай оқыту керек? Фонетика, лексика және грамматика - тілдің үш элементі. Грамматика - таңбаларды сөзге, сөздерді сөйлемге, сөйлемдерді белгілі мәтіндерге біріктірудің заңдылығы мен ережелері болып табылады. Сөйлемдер белгілі идеяларлар мен ақпаратты беру процесінде маңызды рөл атқарады, төменгі курстарда лексиканы оқытуда негізінен жаңа сөздерді үйрету керек болады. яғни студенттерге ең жиі қолданылатын сөздер топтамасынның негізгі мағынасы мен қолданысын игеруді үйрету. алдымен студенттерге сөздердің негізгі семантикасын және оның мәтіндегі семантикасын дәл түсінуіне дағдыландыру керек, екіншіден, студенттерге сөздің негізгі

қолданысын және сөздің қолданысын игеруді үйрету керек; үшінші, студенттердің сабаққа қатысаты функционалдық элементтердің көрінісін айқындау үшін жаңа сөздердегі белгілі сөздер мен кілт сөздерді икемді қолдана алуға үйрету және студенттердің сөздік қорын ұлғайту арқылы сөздердің мағынасын түсіну қабілетін нығайту керек.

Алғашқы деңгейде грамматиканы оқытуда негізінен сөйлемнің негізгі үлгілерін үйрету маңызды. Грамматиканы оқытуда сөйлем үлгісін көрсету, түсіндіру және практикалық жаттығулар көп орындау өте қажет болады. грамматиканы оқытуда алғашқы кіріспе бөлімі болу керек. Қытай тілі грамматикасы жәйлі кіріспе жасау арқылы студенттердің назарын аударуға болады, сонымен қатар, формула әдісі мен ауыстыру әдісі қытай грамматикасын оқытудың салыстырмалы түрде жақсы әдістері болып табылады.

Қытай тілін оқытуда мәтінмен жұмыс – қытай тілін үйретудегі материалдардың ең маңызды бөлігі. бұл жаңа сөздер мен грамматиканы жан-жақты қолдану кезеңі. студенттерге тілдік сезімді дамытуға және жаңадан үйренгендерін өзгертіп қолдануға көмектеседі. тілдік білім мен дағдылардан коммуникативті құзыреттілікке өтетін түйін болып табылады Мәтінді оқыту үдерісі дәріс немесе жаттығуларды қолдану және т.б. мен жүргізіледі.

Аудио жазбадағы мәтінді тыңдату арқылы студенттердің тыңдау мен түсіну қабілетін дамытып, дыбыс пен мағына арасындағы байланысты түсінуге бейімдеу керек. ал оқу жаттығулары арқылы жазба мәтіндерді түсіну қабілетін дамытып, қаріп пен мағына арасындағы байланысты түсінуді тереңдетеуге болады. бұл екі әдіс те мәтінмен жұмыс жасауда өте маңызды. Мәтіндерді қайта – қайта оқыту- студенттердің мәтіндерді түсіну мен есте сақтауда жиі қолданылатын тілдік жаттығулардың бірі. Қайта әңгімелеу студенттердің тілдік экспрессиясының келісімділігі мен толықтығын жаттықтыра алады, абзацтармен өрнектеу қабілетін жақсартады және студенттердің тілдік сезімін тәрбиелейді. Мәтіннің мазмұны бойынша қайта құрудың әр түрлі формалары бар. мысалы, жекелеген сөздерге қайта құрап айту, мәтіндегі туындаған сұрақтарға сәйкес қайталап айту, есте сақтау арқылы мәтінді қаталап айтып беру және т.б.

Жалпы қытай тілін оқытуда оқытушылар жан-жақты білімді болуы керек, қытай тілін оқыту үшін, қытай тілі оқытушыларынан көптеген пәндерді игеруі талап етіледі, мысалы, қазіргі қытай тілі (普通话), мәдениетаралық білім, қытай мәдениеті, педагогика, психология және т.б. осылайша студенттер қытай тілінде жақсы сөйлесе алтынтытай, таңбаларының мағынасын толық біле алатын болу үшін оқытушылардан шеберлікті, жоғары білімділікті және әр студенттің жағдайына сәйкес әр түрлі оқыту әдістерін қолдана білуді талап етеді.

Падаланған әдебиеттер

1. «Новый практический курс китайского языка». Бейжың тіл унмвеситеті баспасы.2014ж
2. 《汉语听说》
Хуажоң педагогикалық университеті баспасы 2015ж
3. 《汉语读写》
Хуажоң педагогикалық университеті баспасы 2015ж
4. 《大众汉语》
Шинжаң оқу-ағарту баспасы 2014ж
5. «Қазіргі заман қытай тілі грамматикасы»
Хунан педагогикалық университеті баспасы 2009ж

Капиллярлық электрофорез әдісін судың тұздық құрамын зерттеуде пайдалану

Г.Б. Тулемисова¹, А.Ж. Жолдаскалиева¹, Н. Н. Қайратова¹*Х. Досмухамедов атындағы Атырау университеті¹, Атырау, Қазақстан
(E-mail: tulemisova62@mail.ru)***Кілттік сөздер:** Жайық өзені, ауыз су, тұздық құрамы, капиллярлық электрофорез жүйесі.**Ключевые слова:** р. Жайык, питьевая вода, солевой состав, система капиллярного электрофореза.**Key words:** r. Zhaiyk, drinking water, salt composition, capillary electrophoresis system.

Резюме: Гидрохимические исследования водоемов обычно включали в себя изучения солевого состава, для определения степени минерализации поверхностных вод. В комплекс параметров входили следующие ионы: анионы-хлориды, сульфаты, нитриты, нитраты, фосфаты, из катионов - аммоний, калий, натрий, кальций, магний и барий. Гидрохимические анализы выполнялись по общепринятым в гидрохимии методикам, но некоторые ионы рассчитывались по суммации. Это представляло некоторые трудности и неточности. Разработка современных методов анализа анионов и катионов дало возможность с большой точностью и экспрессностью определить эти ионы в воде при анализе содержания солей. Изучение возможностей метода капиллярного электрофореза при определении неорганических анионов и катионов в воде дал новый виток в развитии анализа солевого состава раствора. Вода в реке Жайык характеризуется повышенным показателем катионно - анионного состава, хотя не превышает предельно допустимые концентрации. В свою очередь увеличению степени минерализации вод бассейна способствуют рост содержания этих солей. Важно отметить, что загрязнение рек усиливает антропогенный демпинг в Северо-восточную часть Каспийского моря.

Summary: Hydrochemical studies of water bodies usually included the study of the salt composition to determine the degree of mineralization of surface waters. The set of parameters included the following ions: chloride anions, sulfates, nitrites, nitrates, phosphates, and from cations, ammonium, potassium, sodium, calcium, magnesium and barium. Hydrochemical analyzes were carried out according to generally accepted hydrochemistry methods, but some ions were calculated from summation. This presented some difficulties and inaccuracies. The development of modern methods for the analysis of anions and cations made it possible to determine these ions in water with high accuracy and rapidity when analyzing the salt content. The study of the possibilities of the method of capillary electrophoresis in the determination of inorganic anions and cations in water gave a new round in the development of the analysis of the salt composition of a solution. It was revealed that the water in the Zhaiyk River is characterized by an increased indicator of the cationic - anionic composition, although it does not exceed the maximum permissible concentration.

Су объектілерін гидрохимиялық зерттеулерге, әдетте, жер үсті суларының тұздану дәрежесін анықтау үшін, тұздың құрамын зерттеу кіреді. Параметрлер жиынтығына келесі иондар кіреді: аниондар-хлоридтер, сульфаттар, нитриттер, нитраттар, фосфаттар және катиондардан аммоний, калий, натрий, кальций, магний және барий. Гидрохимиялық талдаулар жалпы қабылданған гидрохимия әдістері бойынша жүргізіледі, бірақ кейбір иондар мөлшері қосындыдан есептеледі. Бұл кейбір қиындықтар мен дәлсіздіктерді тудырады. Аниондар мен катиондарды талдаудың заманауи әдістерінің дамуы, тұздың құрамын талдау кезінде судағы осы иондарды жоғары дәлдікпен және жылдамдықпен анықтауға мүмкіндік берді. Судағы бейорганикалық аниондар мен катиондарды анықтауда капиллярлық электрофорез әдісінің мүмкіндіктерін зерттеу ерітіндінің тұз құрамын талдауда жаңа бетбұрыс жасады. Жайық өзеніндегі судың катионды-анионды құрамының мөлшері жоғары мәнімен сипатталатыны байқалған, бірақ ол рұқсат етілген концентрациядан аспайды. Өз кезегінде, бассейндік сулардың минералдану дәрежесінің жоғарылауына осы тұздар құрамының көбеюі ықпал етеді. Өзендердің ластануы Каспий теңізінің Солтүстік- шығыс бөлігіне антропогенді демпингті арттыратынын атап өткен жөн.

Капиллярлық электрофорез әдісі қолданылатын электр өрісінің әсерінен кварц капиллярындағы күрделі қоспаның зарядталған компоненттерін бөлуге негізделген. Талданатын ерітіндінің микроөлшемін (~ 2 нл) алдын-ала қолайлы буфер -электролитпен толтырылған кварц

капиллярына енгізіледі. Капиллярдың ұштарына жоғары кернеу (30 кВ дейін) берілгеннен кейін қоспаның компоненттері әр түрлі жылдамдықпен қозғала бастайды, бұл ең алдымен заряд пен массаға (дәлірек айтсақ, иондық радиустың шамасына) байланысты және сәйкесінше, анықтау аймағына да әр түрлі уақытта жетеді. Алынған шыңдар тізбегі электрофорограмма деп аталады; заттың сапалық сипаттамасы бұл - миграция уақыты, ал сандық сипаттамасы - заттың концентрациясына пропорционалды болатын шыңның биіктігі немесе ауданы болып табылады[1].

► Толқын ұзындығы бекітілген детекторлар: сызықтық спектрі бар жарық көздері (сынап шамы (254 нм), кадмий шамы (229 нм) және мырыш шамы (214 нм). «Капел-104» құрылғыларында фотометриялық детектор 254 нм (қатаң түрде 253,7) толқын ұзындығында жұмыс істейді, сондықтан детектордың реакциясы анықталатын компоненттің белгіленген толқын ұзындығында айтарлықтай жұтылуы болған жағдайда ғана байқалады.

► Толқын ұзындығы өзгеретін детекторлар: жарық көздері дейтерий және вольфрам шамдары болып табылады (жұмыс толқынының диапазоны сәйкесінше 190-350 нм және 340-850 нм). Қажетті спектрлік тандау монохроматорларды немесе тар жолақты жарық сүзгілерін қолдану арқылы жүзеге асырылады[2].


Капиллярлық электрофорезде нәтижелерді өңдеу. Сапалық және сандық талдау

Кез-келген талдаудың мақсаты - сұрақтарға жауап алу: талданатын үлгіде қандай компоненттер бар және олардың концентрациясының мәні қандай? Сұрақтардың біріншісі - сапалы, екіншісі – сандық талдаудың міндеті. Капиллярлық электрофорезде екі мәселені де шешу үшін үлгіні талдамас бұрын жүйені сапалық және сандық құрамы белгілі бір немесе бірнеше қоспаны өлшеу арқылы калибрлеу керек. Калибрлеудің нәтижесі компо-ненттер кестесін қалыптастыру (миграция уақыты мен анықталған компоненттердің ата-уын қамтиды) және калибрлеу тәуелділігін құру болып табылады (детектор сигналының заттың концентрациясына / құрамына тәуелділігін көрсетеді).

Капиллярлық электрофорезде газ хроматографиясы мен жоғары өнімді сұйық хроматография сияқты интеграциялау принциптері, калибрлеу әдістері және есеп беру әдістері қолданылады. Жоғары өнімді сұйық хроматографияның ұқсастығы бойынша капиллярлық электрофорездегі детекторлардың көпшілігі концентрация детекторлары болып табылады, олар үшін шыңның биіктігі немесе ауданы шыңды құрайтын зат концентрациясына тура пропорционалды.

Сапалық талдау, әдетте, бірдей жағдайда өлшенген стандарт пен үлгі үшін алынған миграция уақытын (капиллярлық аймақтық электрофорез жағдайында) немесе ұстап қалу уақытын (мицеллярлық электрокинетикалық хроматография жағдайында) салыстырудан тұрады. Егер бұл уақыттар көрсетілген дәлдікпен сәйкес келсе (әдетте сәйкестендіру 5% -дан аспайды), онда сынамадан ізделінді зат табылды деп есептейді және сандық талдауға көшеді. Алайда затты анықтаудың бұл әдісі әрдайым сенімді бола бермейді, әсіресе күрделі матрицасы бар сынамаларды талдау кезінде.

Капиллярлық электрофорез әдісінде өлшеуді жүргізу және алынған мәліметтерді талдауда компьютерлік «Мультихром» бағдарламасы пайдаланады, зерттеу нәтижелері дайын күйінде беріледі(Сурет 1).



Сурет 1- «Мультихром» бағдарламасын пайдаланып мәліметтерді өңдеу

Капиллярлық электрофорездің жоғары бөлу күшіне қарамастан, жақын орналасқан шыңдарды сапалық талдау кейбір қиындықтарды тудыруы мүмкін. Бұл жағдайда қоспаларды қосу әдісін қолдануға болады. Талданатын затты анықтау қиынға түскен үлгіге қоспа затты қосып, қайта талдау жүргізеді. Егер электрофореграммада жаңа шың пайда болса, бұл талданған компонент бұрын үлгіде болмағанын білдіреді. Егер бұрынғы шыңдардың бірінің биіктігі (ауданы) ұлғайған болса, онда бұл талданып отырған компоненттің өзі деп айтуға болады. Қосылатын қоспаның мөлшері әдетте бізге қажетте шыңның биіктігі (ауданы) 2-3 еседен аспайтындай етіп таңдалады[3].

Көбінесе компоненттің миграция уақыты бір талдаудан екінші талдауға дейін тұрақты емес болатын жағдайлар кездеседі, бұл электроосмотық ағынның тұрақсыздығымен байланысты. Мұның бірнеше себептері бар: капиллярдың шартты күйінің жеткіліксіз болуынан, капиллярдың ішкі бетін өзгерту (модификациялау) немесе буферлік электролит құрамына қоспаларды енгізуден бастап, температура әсері және матрица мен онымен байланысты компоненттердің әсеріне дейін. Мұндай жағдайларда электроосмотикалық ағынның маркерін (мысалы, ацетонды) стандартты ерітіндіде де, сынамада да қолдану талданатын заттың миграция уақытының айырмашылығы мен электроосмотикалық ағынның белгілері болып табылатын түзетілген миграция уақытын есептеуге мүмкіндік береді.

Талданатын компоненттің сәйкестілігін арттырудың тағы бір нұсқасы - стандартты ерітінді мен маркер сынамасының ерітіндісіне ішкі стандарт енгізу болып табылады. Бұл талданатын үлгілерде жоқ, бірақ анықталатын затпен физика-химиялық қасиеттері ұқсас зат болуы керек. Стандарт пен сынама үшін салыстырмалы миграция уақыты есептеледі және сынамада сандық мәні бойынша жақын нәтижелер табылады.

Бүгінгі таңда заттың ең толық және дұрыс анықталуын диод-матрицалық детекторды қолдану арқылы анықтауға болады, ол бір талдаудың нәтижесінде мынадай ақпарат бере алады:

-сынамадағы және стандартты ерітіндідегі заттың миграция уақыты мен оның спектрін салыстыру (бұл ретте сынама шыңының тазалығына қосымша баға беріледі, мысалы, үш шың нүктесінде алынған спектрлерді қабаттастыру арқылы беріледі: екі беткейде де, максимумда да);

-стандарт пен үлгі үшін алынған екі түрлі толқын ұзындығындағы шыңдардың шамаларының (мысалы, аудан) қатынасы туралы;


Бір зат үшін екі түрлі толқын ұзындығында тұрақты миграция уақытында стандартты ерітінді мен сынама ерітіндісіндегі аудандардың қатынасы тұрақты болуы керек. Толқын ұзындықтарын компоненттің жұтылу мөлшері әр түрлі болатындай етіп таңдалады, яғни екі түрлі толқын ұзындығындағы шыңның биіктігі немесе ауданы әр түрлі болады.

Талдау нәтижелерін сандық өңдеу

Сандық талдау, мысалы, фотометриялық және флуориметриялық детекторлар сияқты концентрациялық детекторларды қолдану кезінде шыңның биіктігінің (ауданының) заттың концентрациясына тікелей пропорционалды тәуелділігіне негізделген(Сурет 2).

Сандық анықтаудың мәні келесіде: біріншіден, градуирлеу әдісі (сыртқы стандарт (абсолютті градуирлеу), ішкі стандарт, қоспаларды қосу әдісі және т.б.) таңдалады; детектор көрсеткішінің қандай шамасы - шыңның биіктігі немесе шыңның ауданы - қолданылатыны анықталады; содан кейін концентрациясы белгілі стандартты ерітінділер талданады және әр компонентке детектор шамасының заттың концентрациясына градуирлеу тәуелділігі салынады; содан кейін құрамы белгісіз сынаманы талдайды және градуирлеу графигіне сәйкес анықталған заттардың концентрациясын табады.

Градуирлеудің негізгі әдісі сыртқы стандарт (абсолютті градуирлеу) әдісі болып табылады, ол үшін мемлекеттік стандартты үлгілер немесе барлық анықталатын компоненттердің химиялық таза стандарттары болуы қажет. Градуирлеу бір нүктелі және көп нүктелі болуы мүмкін. Бір нүктелі градуирлеуде компонентті градуирлеу үшін тек бір градуирлеуші ерітінді пайдаланады, тәуелділік сызықтық сипатқа ие, және ол, әдетте, координата басынан шығады. Бұл көп нүктелі градуирлеудің ерекше жағдайы, оны құру үшін концентрация бойынша арнайы таңдалған бірнеше градуирлеу ерітінділері талданады, содан кейін ең аз квадраттар әдісін қолдана отырып, эксперименттік деректерді жақсы сипаттайтын түзу коэффициенттері есептеледі. Градуирлеуді дәл және мұқият жүргізу сандық талдау нәтижелерінің дәлдігінің алғышарты болып табылады.



Сурет 2- Судағы аниондарды капиллярлық электрофорез әдісімен анықтау

а) Градуирлеу ерітіндісінің электрофореграммасы. Әрбір анионның концентрациясы (гидрокарбонаттан басқа) – 2 мг/дм^3 : 1 – хлорид; 2 – нитрит; 3 – сульфат; 4 – нитрат; 5 – фторид; 6 – гидрофосфат; 7 – гидрокарбонат; б) Құбыр суының электрофореграммасы: 1 – хлорид ($4,9 \text{ мг/дм}^3$); 2 – сульфат ($18,1 \text{ мг/дм}^3$); 3 – нитрат ($1,4 \text{ мг/дм}^3$); 4 – фторид ($<0,25 \text{ мг/дм}^3$); 5 – гидрокарбонат. Жұмыстық кернеу $U = -17 \text{ кВ}$

Капиллярлық электрофорез әдісін қолданудың негізгі бағыттар:

- қоршаған орта объектілерін талдау: табиғи, ауыз су, ағынды сулар мен топырақ (аниондар, катиондар, гербицидтер).
- Тамақ өнімдері мен тамақ шикізаттарының сапасын бақылау: (бейорганикалық катиондар мен аниондар, консерванттар, органикалық қышқылдар, тәттілендіргіштер, синтетикалық түстер, антиоксиданттар, аминқышқылдар, витаминдер, көмірсулар, ақуыздар).
- Жемшөптің, құрама жемнің және оларды өндіруге арналған шикізаттың сапа көрсеткіштерін талдау: (аминқышқылдары, белоктар, витаминдер).
- Фармация: дайын дәрілік формаларды технологиялық бақылау және талдау, оптикалық изомерлерді бөлу.
- Клиникалық биохимия: бейорганикалық катиондар мен аниондарды, амин қышқылдарын, биологиялық сұйықтықтағы белоктарды анықтау, дәрілік заттардың фармакокинетикасын анықтау.
- Сот-медициналық сараптама: жарылғыш заттардың қалдық мөлшерін анықтау, есірткіні талдау.
- Химия өнеркәсібі: технологиялық бақылау, шикізат пен аралық өнімдердің құрамын анықтау.

Пайдаланған әдебиеттер

1 Хомов Ю.А., Фомин А.Н. Капиллярный электрофорез как высокоэффективный аналитический метод. //Современные проблемы науки и образования. -2012. -№5. С. 802-810. DOI: 10.17513/spno.2012.5

2 Комарова Н.В. Практическое руководство по использованию систем капиллярного электрофореза «КАПЕЛЬ», - СПб.: ООО «Веда», 2006. -212 с.

3 ГОСТ 31869-2012.Вода. Методы определения содержания катионов (аммония, бария, калия, кальция, лития, магния, натрия, стронция) с использованием капиллярного электрофореза. - Москва: Стандаринформ, 2013. -17с.

ӘӨЖ 94 (470+574)

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ҚОНЫС АУДАРУ САЯСАТЫНЫҢ ОРЫСТАНДЫРУ ІСІМЕН БАЙЛАНЫСТЫРЫЛУЫ

Шолпанқұлова Қарлығаш Амангельдыевна

М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті, Тараз қ.

E-mail: karlugash-21.10.80@mail.ru

Кілт сөздер: Қазақстан, саясат, қавзақ, отарлау, қоныстандыру.

Ключевые слова: Казахстан, политика, Казахстан, колонизация, расселение.

Keywords: Kazakhstan, politics, Kazakhstan, colonization, settlement.

Резюме: Переселение русских крестьян в Казахстан Российской империей было главным способом политики русификации. Национальная идеология империи формировалась на основе колониальной идеологии царской власти, направленной на изменение сознания, мышления, менталитета казахского народа, постепенную духовную интеграцию и русификацию.

Summary: The resettlement of Russian peasants to Kazakhstan by the Russian Empire was the main method of Russification policy. The national ideology of the empire was formed on the basis of the colonial ideology of the tsarist government, aimed at changing the consciousness, thinking, mentality of the Kazakh people, gradual spiritual integration and Russification.

XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың басында Оңтүстік Қазақстанға орыстар өз еркімен және мемлекеттің тікелей қамқорлығымен қоныс аударды. Ресей империясының орыс шаруаларын қазақ еліне көптеп қоныстандыруы- орыстандыру саясатының басты тәсілдерінің бірі еді. Отар әкімшілігі қазақтармен орыс келімсектерінің тығыз қарым-қатынас жасап, православ діні мен тілін терең таралуына және оның насихатталуына толық сенім артты. Оңтүстік Қазақстан өңірінде Қазақстанның басқа аймақтарымен салыстырғанда орыстандыру саясаты баяу жүргізілгеніне қарамастан, бұл өңірге қоныс аударған орыс келімсектерінің саны көп болмаса аз бола қойған жоқ. Бұл бөлімде орыс шаруалары мен келімсектерді қоныстандыру саясаты қарастырылады. Басты назар мұрағат құжаттарына сүйене отырып, көптеп орыс деревнялары мен қоныс орталықтарының пайда болу тарихына аударылды. Сонымен қатар Оңтүстік Қазақстандағы жергілікті тұрғындар мен орыс қоныстанушылардың ара-қатынасына көңіл бөлінді. Бұл өңірдің ерекшеліктері есептеліп, орыс шаруаларының жерді пайдалану мәселесі де зерттеуден тыс қалмады. Келімсектердің қазақ даласына келіп қоныстануының салдарын бірнеше кезеңдерге бөлуге болады. Біріншіден - Қазақстан жеріне миграцияның баяу қарқынмен жүруі яғни ХҮІІІ ғасыр мен ХІХ ғасырдың ортасы. Екіншіден- ХІХ ғасырдың екінші жартысынан бастап Оңтүстік Қазақстанға қарай орыстардың ағыла қоныстануы. Үшінші кезеңде - XX ғасырдың басында орыс келімсектерінің қоныстану үрдісі төтенше қарқынмен жүргізілді. Ал XX ғасырдың 20 жылдары орыстар қазақ даласына тереңдей ене бастады. 1858 жылы қазақ даласында 38, 6 мың келімсек орыс шаруалары тұрса, 1870 жылы бұл көрсеткіш 52, 6 мыңға дейін жетіп артылды [1]. Бұратаналарды орыс шаруаларымен араластыра қоныстандыру, олардың санын жыл сайын арттыра отырып, орыстандыру мен шоқындыру саясатының жаңа айла-тәсілі орын алды. Бұл тәсілді жергілікті халықтың тұрмыс тіршілігін жан-жақты егжей-тегжейлі зерттеген генерал-

губернаторлар мен орыс миссионерлері білікті түрде іс-жүзіне асырды. П.Г. Галузо “бұл саясат- патша өкіметінің ойластырып келген дәстүрлі әдісі”- деп өз еңбегінде баса көрсеткен.

Ресми отарлау кезеңі- қазақтарды Ресей империясының қол астына кірген мезгілден кейін басталды. Ал қазақ жерін талаған, қазақ даласына көптеген зиян тигізген осы ресми отарлау болып табылады. Ресми отарлау жылдарында орыстандыру саясаты қарқынды түрде жүргізілді. Бұл дәуірде патша өкіметі қазақ жерін казактардың түрлі қызметтегі адамдары үшін талап, оларды талан-таражға салумен келді. Өкімет қазақ жерін казак пайдасына шаруашылық жұмыстарын жүргізу үшін бөліп берді, яғни оның өзіндік экономикалық себептері болды. Қазақ жерін талаудың түп тамыры экономикалық талаппен бастау алып, соңы саяси талаппен сабақтасты. Ресей империясының көздеген мақсаты Қазақстан жерін өз құрамына алып, ол халықты орыстандыру арқылы біртұтас орыс еліне айналдыруды мұрат тұтты. Осының салдарынан Ресейдің ішкі саясатындағы полицейлік мақсаттар сыртқы саясатқа да үстемдігін жүргізді.

XIX ғ. екінші жартысынан бастап, Түркістан өңірінде ресми отарлау процесі жүргізілді. 1886 жылы шыққан “Түркістан өңіріне православ дінділерді ғана көшіру” заңы келімсектердің Сырдарияның солтүстігі, Әулиеата, Шымкент, Ташкент уездері мен Жетісу облысына қоныстануына жағдай жасап, миссионерлік саясатпен қазақтардың шұрайлы жерлерінен ығыстырылуына ықпалын тигізді. Түркістан өңірін келімсектермен толтыру үрдісі 1875 жылдан басталып, Әулиеата уезінде алғашқы орыс қонысы пайда болды. Бір жылдан кейін Жетісу мен Ташкент қаласын байланыстыратын 100 отбасыдан құралған Шалдовар қонысы құрылды. Дегенмен Оңтүстік Қазақстан өңіріне орыс шаруаларын қоныстандыру саясаты 1875-1888 жылдар аралығында баяу жүргізілді. 1888 жылдан бастап орыс шаруаларын қоныстандыру үрдісі интенсивті жолға түсіп, сол жылы 2000 отбасыдан тұратын жаңа үш қоныс пайда болды. Олар, Әулиеата мен Шымкент уездеріне көптеп қоныстанып, “бос жатқан жерлерді” иемденген. Мұндай саясат жергілікті халықтың жайылымдық жерлерін мейлінше тарылта бастады. Ол жөнінде қоныстандыру комитетінің есебінен анық көруге болады: “С 1892 года в пределы края под влиянием недорода в европейских губерниях империи, пришло свыше 2000 семейств переселенцев для устройства быта которых туземное население Аулиеатинского, Чимкентского и Ташкентского уездов уступало годных для культуры земель около 20 000 десятин, что дало возможность без расходов на орошение и отчуждения земли устроить 22 новых русских селения”.

Патша өкіметі қазақ жерінде үстемдік етіп қана қоймай, бұратана халықты бір-біріне айдап салып, араздастырып қол шоқпар ретінде пайдаланды. Өкімет “елді жауластырсаң билейсің” деген ұстанымын қатаң қадағалап, қазақтар мен басқа да түркі тектес халықтарды бір-біріне айдап салу арқылы өзінің қараңғы істерін жасырып, бүркемеледі. Казактар керек кезінде қазақтарға қарсы патша өкіметінің дауын даулап шоқпарын соқты, сауда капиталының даму жолында болған кедергілерді де жойып отырды. Өкіметтің бұл бағыттағы басты мақсаты- қазақ жерін казактарға алып беріп, талан-таражға салу болды.

Қазақстанның көптеген аймақтарына христиан дінінің миссионерлері келіп, сол аймақтарда дәрігер ретінде христиан дінін уағыздады. Олар жергілікті халықты шоқынұға шақырып, мұсылмандықты жамандауда аса шеберлік танытты. Соған қоса, қазақ балаларын орыс оқу орындарына шақырып, сауаттылықпен өркениеттің шыңына тек христиандықты және орыс тілін меңгерген жағдайда ғана жете алатынына сендіріп отырды.

Орыс әкімшілігінің отарлаған аймақтардағы мұсылмандықтың қуаттылығы жөнінде мәлімет жинағандары да жәйдан-жәй оқиға емес. Себебі, миссионерлік әрекетті орыс әкімшілігі қай жерде қалай жүргізу керектігін сараптап отырған. Мәселен, Қазақстанның солтүстік аймақтарына қарағанда, оңтүстік өңірде мұсылмандық ұстанымдары басымырақ болған. Сол үшін К.П. Кауфманның Түркістан өңірін орыстандыру саясатын мейлінше сақтықпен жүргізуге шақырған [2].

Қазақ тарихын зерттеуде мәні зор орыс өкіметінің қазақты жуасыту, айтқанын істету, өз аранын толтыруды іске асыру, оның құпиялы беттерін ашу арқылы ғана көз жеткізе аламыз. Елді казактар мен орыстарды толтыруды көздеген патша өкіметінің басты мақсаты- қазақ жерінде қазақтың пайыздық мөлшерін төмендету арқылы әскер орналастырып, орыс шаруаларына жер беруді қажет етті.

Орыс шаруалары 1890 жылдан бастап келіп қоныстанғаннан кейін, Оңтүстік Қазақстанда 18 орыс селосын құрды, шаруашылықпен айналыса бастады және жергілікті әкімшіліктен орыс оқу орнының ашылуымен қатар шіркеулер құрылысын бастау үшін көмектесуін талап етті. Келешекте ашылған бұл шіркеулер орыстандыру үрдісінің қарқынмен жүргізілуіне септігін тигізді. Орыс шаруаларының әлеуметтік тұрмыстары жақсы еді. Орыс әкімшілігі оларға материалдық көмек көрсетуімен қатар жермен, малмен қамтамасыз етті. Мұны мұрағат қорларынан табылған құжаттар дәлелдейді. Осыған қарамастан орыс отбасылары әлеуметтік жағдайларынан қанағатсыз еді. Мұрағат

құжаттарында қоныстанған орыс отбасыларының жергілікті халықтан мал тартып алғандары жөнінде тіркелген. Мысалы, мына кестеден әрбір отбасының малмен қамтамасыз етілгендігі туралы және жалпы орыс шаруаларының әлеуметтік тұрмысының дәрежесін көруге болады [3].

Оңтүстік Қазақстанға қоныс аударған орыс отбасыларына қосымша көмек те көрсетілді, әр ай басында оларға 200 сом көлемінде материалдық көмек берілді. Балалары болса, уақытша әскери міндеттемелерден босатылған еді. Сондай-ақ, генерал-губернаторлық тарапынан көрсетілген көмектерден тыс, орыс шаруаларына орталық Ресейден 1893 жылы шілде айында 15 мың сом ақшалай көмек жіберілді.

Ендігі жерде патша өкіметі қазақ жеріне орыс мұжықтарын орналастыруға айрықша көңіл бөле бастады, себебі, бұл ұстаным, әкімшіліктің бұратаналар арасындағы сенімін арттырып, біржола отарлаудың тереңдеуіне көмектесетін-ді. Бұл мәселе заң жүзінде 1886 жылдың 2 маусымында “Түркістан өлкесін басқару жөніндегі ережеде” тиянақты қарастырылған еді.

Оңтүстік Қазақстан өңіріне орыс шаруаларының ағыла қоныстану үрдісі 1889 жылы “Село тұрғындары мен мешандардың өз еркімен қоныс аудару” туралы ережесі қабылданғаннан соң басталды. Себебі, патша өкіметі қоныс аудару қозғалысын ішінара ашып беріп, аграрлық саясаттың өз дәрежесінде жүргізілуіне елеулі ықпал етті.

1886 жылы 12 шілдеде Түркістан генерал-губернаторлығын басқару ережесінде қоныстанушыларды орналастыру туралы жаңа қағидалар қамтылған еді. Онда православ орыс шаруаларының келіп қоныстануына шексіз рұқсат беріліп, қазақтардың төл жерінің есебінен әрбір адамға шаққанда 10 десятинадан жер бөліп беру мәселелері қарастырылды. Сонымен қатар, оларды алғашқы бес жылда түрлі салықтардан толық босатса, кейінгі бес жылда ішінәра алым-салықтардан босату секілді жеңілдіктер жасалды. Бұл енгізілген ереже Оңтүстік Қазақстан өңірін отарлау үрдісін нығайта түсірді.

Патша өкіметі Оңтүстік Қазақстан өңіріне орыс шаруаларымен қатар басқа да ұлт өкілдерін қоныстандыру арқылы жергілікті халықтың ассимиляциялау уақытын қысқартуды көздеген және бұл халықтарды араластырып, кез келген бас көтерушілерді басып отыруды мақсат еткен болатын.

XX ғасырдың басында қазақ даласын тонау үрдісі дами түсті, халық арасында күйзеліске ұшырағандардың саны күрт артып, олар жұмысқа жалдануға мәжбүр болды. “Өз елінде өзге халық” дәрежесіне түскен халық енгізілген заңдар салдарынан өз тағдырларын шешу мүмкіндігінен айрылды. Себебі, патшалық Ресейдің отар аймақтарында жүргізген саяси-рухани езгі өте ауыр соққы болып, полицейлік бақылау тәртібі күшіне мінді.

Орыс шаруалары мен түрлі мұжықтардың Қазақстан жеріне көшірілуі миссионерлікке өз ықпалын тигізді. Бұл саясат патшалық Ресей үстем тап өкілдерінің тікелей араласумен жүзеге асты. Отар әкімшілігі қоныстандыру үрдісімен қазақтардың рухын таптайтынына, олардың құнарлы жерлерін тартып алуға және орыс мәдениетін ел арасына насихаттайтынына сенім артты. Сондықтан, қоныстандыру үрдісінің басты мақсаты- тілге қысым жасай отырып, қазақтарды надандықпен теңеп, құқығына шектеу жасады.

Ресей империясының отаршылдық саясаты жергілікті халыққа ауыр тигенін және патшаның жер саясатының негативті салдары жөнінде С. Асфендияров өз зерттеулерінде нақты көрсеткен. Ол орыс шаруаларының қоныстану саясатын зерттеп, қазақтардың екі ауыр жүктің астында қалғанын жазған. Біріншісі - ол патша өкіметінің талауы, жақсы жерлерді келімсектерге беріп, шөл және шөлейт жерлерге байырғы халықтың ығыстырылуы. Екіншісі - байлардың қолтығына су бүркіп, кедейлерден жерлерін тартып алуы болды [4].

Жаңа поселкелер мен деревнялардың пайда болуымен қатар, сол мекенді жерлерде базар орталықтары мен діни мейрамдарды өткізетін шіркеулер ашылған. Базарлардың көптеп ашылуының астарында- орыстар мен жергілікті халықтың араласып, сауда-саттық жасау арқылы орыс тілін үйренетін құйтырқы ниеті жатқан. Сондықтан, отар әкімшілігінің кезекті орыстандыру әдісінің бірі- елді мекендерде базар жәрмеңкелерін ашу болды. Бұл жәрмеңкелер- тек сауда орталықтары қызметін атқарып қоймай, түрлі ұлттардың, діни өкілдердің жиналатын орталығына айналған. Ал жәрмеңкелердегі мұндай жиындарын христиан діни өкілдері миссионерлік мақсатта пайдаланатын. Сондықтан, жәрмеңкелерде миссионерлік жұмыстар атқарылғанын атап өткен жөн [5].

Осылайша, Ресей империясы түрлі айла-тәсілдерін пайдалана отырып, жергілікті халықтың ерекшеліктерін елеп- елшеп, таразылап әр аймаққа өзіндік саясат жүргізіп, асықпай-саспай өздерінің негізгі мақсаттарына жетіп отырды. Орыстандыру мен шоқындыру саясаты бірте-бірте сақтықпен жергілікті халықтың санасына сіңе берді.

Жетпіс жыл бойы отандық тарих ғылымы кеңестік маркстік-лениндік методология құрсауында дамып келді. Көптеген тарихи мәселелердің шынайы беті ашылмай біржақты қаралды. Қазақстан тарихы басқа түркі халықтарының тарихынан бөлек зерттеліп, "қызыл империяның" тұншықтырушы идеологиясы аясында ұзақ жылдар бойы бұрмаланып дамыды. Империяны басқарып отырған коммунистік партия басшылары қазақ халқының тарихына екінші дәрежелі сипат беріп, "прогрессивті даму тек орыс халқының арасында ғана болды" деген ұғымды енгізді де халықтың солай түсінуіне мәжбүр етті. Партиялық принциптер негізінде жасалған бұл тар ұғым, халық санасына жоспарлы түрде бірте-бірте сіңісіп келді.

Революцияға дейінгі орыс және кеңестік тарихнамада қазақ халқының өз бетінше даму мүмкіндігі болмаған деп тұжырымдалып, олардың көшпелі шаруашылық мәдениеті әшкерленді. Революцияға дейінгі мұсылмандық сауаттылық есептелмей, қазақтардың небәрі 2 % ғана сауатты деген түсінік басым болды. Осылайша Қазақ халқының мұсылмандық сауаттылығы мен ұлттық білім саласының шынайы тарихы да бұрмаланды. Ұлттық сана-сезім Ресей империясының "ағайындық" идеологиясының көлеңкесіне айналды.

Империяның ұлттық идеологиясы патша өкіметінің отарлық идеологиясы негізінде қалыптасып, қазақ халқының сана-сезімін, ой-өрісін, ділін өзгертуге, біртіндеп рухани кіріптар етіп, орыстандыруға бағыттады. Сондықтан да ХІХ ғасырдың екінші жартысы мен ХХ ғасырдың басында қазақ өлкесінде жүргізілген орыстандыру саясатын жан-жақты зерттеу, тарихтың "ақтандақ" беттерінің шынайы көзін аша түсетініне күмән жоқ.

Қазіргі таңда егеменді еліміздің халықаралық қауымдастықта өз орнын табуы, бізге отандық тарихымызды қайтадан ой елегінен өткізуге мүмкіндік береді. Сол үшін шындығы айтылмаған немесе осы күнге дейін ашылмаған тарихи құбылыстарды зерде елегінен өткізіп, оған тарихи принцип негізінде объективті түрде баға беру үлкен жауапкершілік жүгін арттыра түседі.

Пайдаланған әдебиеттер

1. Галузо П.Г. Вооружение русских переселенцев в Средней Азии. Ташкент, 1926. - С. 6.
2. Асылбеков М., Абжанов Х. Әрекеттер Қазақстандағы демографиялық процес тарихы мен ақтандақтар // Қазақстан коммунисті. 1990. - № б. 10, 54.
3. Батырханов Ғ.К. Патшалық Ресейдің Қазақстанда жүргізген миссионерлік саясаты (ХІХ ғасырдың екінші жартысы- ХХ ғасырдың басы): т.ғ.к. авторефераты. - Алматы, 1997.
4. Мырзахметов М. Қазақ қалай орыстандырылды. - Алматы: Атамұра-Қазақстан, 1993. -128 б.
5. Бекназаров Р. Оңтүстік Қазақстан тарихының очеркі (ХҮІІІ-ХІХ ғ.ғ.). - Алматы, 1976. - 303 б.

ӘӨЖ 004, 346.33

ЖЕР КАДАСТРЫ ҮШІН ҮЛКЕН ДЕРЕКТЕРДІҢ ҚАУІПСІЗДІГІНІҢ КҮШЕЙТУ

Жұмабекова А.Т. оқытушы, докторант, Дуйсебекова К.С. ф-м.ғ.к., доцент.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Алматы қ.

E-mail: zhumabekova2702@gmail.com

Ключевые слова: большие данные, информационная безопасность, земельный кадастр, технология блокчейн, хэш.

Keywords: big data, information security, secure infrastructure, land registry, blockchain technology, hash.

Кілттік сөздер: үлкен деректер, ақпараттық қауіпсіздік, жер кадастры, блокчейн технологиясы, хэш

Резюме: Управление земельными ресурсами страны, их безопасность, организация их эффективного использования требуют их комплексного изучения в системе земельного кадастра. Поэтому роль земельного кадастра в народном хозяйстве очень высока и является государственной мерой. Использование технологии блокчейн для повышения его безопасности становится все более важным.

Summary: Land management of the country, their protection, organization of their effective use require their comprehensive study in the land cadastre system. Therefore, the role of the land cadastre in the national

economy is very high and is a state measure. The use of blockchain technology to improve its security is becoming very important.

I. Кіріспе

Қазіргі жаһандану кезеңде бүкіл әлемді цифрлы технологиялар қоршап тұр. Күнделікті тұрмыс-тіршілігімізге еніп, шығындарды азайту, уақытты үнемдеу мен қоғамдық мәселелерді де реттеуге интернеттің қауқарлы екені жиі айтылуда. Заманынан қалмай, дамыған елдермен бірге даму мақсатында цифрлы технологияларды пайдалану еліміз үшін маңызы зор. Жаңа инновациялық бетбұрысты интернеттің дамыған жаңа сатысы – блокчейн технологиясымен байланыстыруда. Блокчейн қолданушылары ақпараттарға кез келген уақытта қол жеткізе алады және осы блокчейн технологиясы жер кадастры ісін ілгерілетудің тиімді әрі қауіпсіз құралы екені зерттелуде.

Мемлекеттік жер кадастрында Қазақстан Республикасы жерінің шаруашылық және табиғи жағдайы, жер учаскелерінің орналасқан орны, нысаналы әрі ұтымды пайдаланылуы, мөлшері мен шекарасы, олардың сапалық сипаттамасы туралы, жер пайдаланудың есепке алынуы мен жер учаскелерінің кадастрлық құны туралы мәліметтер, сонымен қатар өзге де қажетті ақпараттардан тұратын үлкен деректер қоймасы. Жемқорлықтың жолын кесу, бюрократияға бөгет жасау сияқты түрлі күрделі мәселелердің алдын алу мақсатында осындай үлкен деректердің қауіпсіздігін күшейтудің маңызы өте зор.

Мақсатымыз – үлкен деректердің құпиялылыққа байланысты түрлі қауіп-қатерлері, сонымен бірге ұйымдар, жеке адамдар және жалпы қоғам үшін үлкен мәліметтердің, соның ішінде жер кадастры үшін үлкен деректердің артықшылықтарымен бірге қарастырылуын қамтамасыз ету. Үлкен деректердің жаңа артықшылықтары деректерді қорғаудың негізгі принциптері мен шараларын қолдана отырып қолдау табатынына сенімдіміз.

Ұсынылған мақалада жер кадастры туралы ілім, мемлекет үшін маңызы зор жер регистрі үшін деректерді қорғалуы, блокчейн технологиясын қолданылу зерттеледі. Үлкен деректердің құпиялығы мен ашықтығын зерттеп, қауіпсіздігін қамтамасыз ету әдістеріне зерттеу жүргізіледі. Блокчейн технологиясын қолданумен жерді сату, сатып алу үдерісіне талдау жүргізіп, жемқорлықтың алдын алуын талқылау.

II. Мемлекеттік жер кадастрын жүргізудің қағидалары

Жерді басқарудың жүйесі меншік құқығына және оны қорғауға кепілдік береді, жерге және жылжымайтын мүлікке салық салуды қолдайды, несиеге кепілдік береді, жер нарығын дамытады және бақылайды, жер ресурстарын қорғайды, жалпыға ортақ пайдаланылатын жерлердің жерге орналастырылуына ықпал етеді, жер дауларын азайтады, қала құрылысын және инфрақұрылымды дамытуды жетілдіреді және жоғары деңгейде тиімді басқаруға көмектесетін статистиканы ұсынады. Ол қолжетімді және барлық пайдаланушылар үшін қажеттіліктерді қанағаттандыратын ашық және тұрақты болуы керек. Жер кадастры – бұл бастапқы, заңды түрде біртектес жер учаскелері негізінде құрылған, осы учаскелердің әр түрлі құқықтық, экономикалық және кеңістіктік сипаттамалары, координаттары, жер учаскелері мен аудандары, құқықтары, жер және басқа жылжымайтын мүлікке шектеулер мен міндеттемелер, жер құны және т.б. Жеке елдердің жер кадастрлары бір-бірінен мазмұнымен, сондай-ақ оларды жүргізу техникасымен және ұйымдастырылуымен ерекшеленеді, бұл көбінесе олардың тарихи қалыптасу ерекшеліктеріне байланысты [1].

Кадастрда әрбір жер учаскесі үшін оны кеңістікте біркәнді түрде ажыратуға, оның мөлшері мен орналасуын, сондай-ақ шығындар сметасын (жер бағасы) анықтауға мүмкіндік беретін физикалық сипаттамалар жазылады. Мемлекеттік жер кадастры мемлекеттік органдарды, жеке тұлғаларды жер учаскелері туралы ақпаратпен қамтамасыз ету мақсатында жүргізіледі. Кадастрды жүргізу қызметі мемлекеттік жер кадастрын жүргізетін "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы қызмет етеді. «Жер кодексінде» жер ресурстарын тиімді пайдалануды қамтамасыз ету мақсатында жердің табиғи, экономикалық және құқықтық мәртебесі туралы сенімді және қажетті деректер жиынтығы бар мемлекеттік жер кадастры енгізілгені айтылған. Еліміздің бүкіл аумағында жер кадастрын жүргізу тәртібі бірыңғай жүйе бойынша іске асырылады. Ол жер учаскелері туралы мәліметтерді жинау, құжаттау, мәліметті өңдеу, есеп жүргізу және оны сақтау сияқты іс-қимылдар болып табылады. Мемлекет оның мақсатын, міндеттерін, мазмұнын, компоненттерін және оны өткізу тәртібін анықтайды. Ол жер-кадастрлық мәліметтер мен құжаттаманың мазмұнын, кадастрлық есептіліктің нысандары мен мазмұнын, жер кадастрын жүргізуге бақылауды және кадастрлық жұмысты ұйымдастыруды белгілейді [2].

Кадастрды жүргізудің маңызды шарты координаттардың, биіктіктердің, картографиялық проекциялардың, бірыңғай жіктеуіштердің, кодтардың, енгізу және шығару форматтарының бірыңғай мемлекеттік жүйесін қолдану арқылы ақпараттың өзара үйлесімділігі принципін қамтамасыз ету болып табылады. Мәліметтерді жинақтау тиісті әкімшілік аудандар деңгейінде жүзеге асырылады, онда жер учаскесінің кадастрлық нөмірі, жеке немесе заңды тұлғаның атауы – жер учаскесіне құқық субъектісі, актілер туралы мәліметтер жазылады және сақталады.

III. Жер кадастры үшін блокчейн технологиясы

Бүгінгі таңда Қазақстанда да блокчейнді дамытуға үлкен пейіл танытып отыр. Блокчейн күнделікті өмірімізбен біте қайнасып кеткен интернеттің болашақтағы, тіпті қазіргі кескіні ретінде біраз жүйенің ескіргенін көрсетіп, бірқатар қызмет түрлерін ығыстыруы әбден мүмкін. Инновациялық тұжырымдамамыз – бұл жер учаскелерін тіркеу секторында блокчейн технологиясын қолдану. Блокчейн технологиясын қолдану жер кадастры үшін үлкен деректердің қауіпсіздігін күшейтуге, мәміле жасау үдерісінен делдалдарды жоюға, шығындарды төмендетуге, уақытты үнемдеуге және өңдеу тиімділігін арттыруға әкелуі тиіс. Қазіргі уақытта бұл шешім бірқатар елдерде тестіленуде. Тақырыпты кеңінен тарқату үшін алдымен осы блокчейн ұғымына тоқталып өтсек [4]. Блокчейн – белгілі бір ережелерге сәйкес салынған ақпараттардан тұратын блоктардың үздіксіз тізбегі. Блокчейн терминін ағылшын тілінен аударғанда «блоктар тізбегі» деген мағынаны білдіреді. Ақпараттар белгілі бір үлкен қоймада емес, бірнеше компьютер базаларында бірдей сақталады, ақпараттарға кез келген уақытта оңай қол жеткізуге болады. Қолданушылар өзара тауар, ақпарат, қызмет түрлерін үшінші тапатың қатысуынсыз ұсына алады. Ал, транзакция дегеніміз – оны бір күйден екінші күйге ауыстыратын мәліметтер базасындағы әрекет. Мәліметтер базасын басқару жүйелері транзакциялар тарихын құрайды [5].



1-сурет. Блокчейн технологиясы қолданумен жерді сату, сатып алу үдерісі

Одной из основных задач современной казахстанской школы является формирование у учащихся потребности и способности к самостоятельному приобретению знаний. Как средство достижения этой цели можно рассматривать исследовательскую деятельность учащихся, которую мы рассматриваем как активную, целенаправленную учебно-познавательную деятельность, направленную на открытие новых знаний об объекте исследования, способе или средстве деятельности. Целью, которой является развитие способностей анализировать, обобщать, делать выводы, в результате чего формируются исследовательские умения. Формирование умения рассматривается нами как целенаправленная работа по усвоению совокупности действий, составляющих структуру данной деятельности [1].

Одним из средств формирования исследовательских умений являются практико-ориентированные задачи. Основным результатом исследовательской деятельности является интеллектуальный, творческий продукт, устанавливающий ту или иную истину в результате процедуры исследования и представленный в стандартном виде. Исследовательская деятельность является одной из форм учебно-познавательной деятельности, поэтому её стоит рассматривать в качестве составной части проблемы развития способностей учащихся.

Приобщение обучающихся к исследовательской деятельности можно реализовать путём решения задач, текст которых создаёт ситуации и отражает реальные условия, допускающие не только непосредственное применение теоретических знаний, имеющихся в распоряжении учащихся, а где необходимо принимать решения, выполнять определённые действия. Овладение навыками решения таких задач способствует формированию такого вида исследовательской деятельности, как постановка проблемы, так как по ходу их решения создаётся математическая модель задачи.

Предлагаемые задачи позволяют организовывать работу по освоению действий анализа, классификации и систематизации информации, что формирует аналитические умения. Также планирование своих действий в ходе решения вышеуказанных задач формирует проективные умения.

Обучая исследованию математическими средствами построенной модели и дальнейшей интерпретации, формируем умение доказывать и защищать свои идеи, то есть совершенствуются коммуникативные и конструктивные умения. Обсуждение и оценка результатов задачи, видение их дальнейшего применения в реальной жизни позволяет развить прогностические и рефлексивные умения. Овладение комплексом указанных умений развивает способности обучаемых.

Однако следует заметить, что у некоторых учащихся возникают определённые трудности, в частности, в правильной постановке вопросов, в поиске аналогий, в построении математической модели. Для устранения этих трудностей мы первоначально предлагаем более простые задачи более простые задачи на отработку методов научного познания: анализа, синтеза, аналогии, классификации и т.п. Эту работу мы рекомендуем целенаправленно и систематически начинать проводить в классах среднего звена. А практико-ориентированные задачи предлагать учащимся после изучения соответствующего материала, но возможно их рассмотрение и в качестве проблемных задач, здесь необходим индивидуальный подход. Отметим, что большая часть учащихся выполняет практико-ориентированные задачи с интересом.

Приведём примеры задач, решение которых является составляющей структурой исследовательской деятельности учащихся.

Задача 1. (Алгебра. 9 класс. Раздел: Системы уравнений как математические модели реальных ситуаций). В колледже для проведения письменного экзамена по математике было заготовлено 400 листов бумаги. На экзаменах по предыдущим предметам отсеялось 20 человек, поэтому каждому

абитуриенту смогли дать на 1 лист больше бумаги, чем предполагалось. Сколько человек сдавало экзамен по математике?

Решение. x – планируемое число экзаменуемых,

y – количество листов на одного абитуриента.

Тогда $(x - 20)$ – фактическое число, пришедших на экзамен,

$(y + 1)$ – количество листов.

$$\begin{cases} xy = 400 \\ (x - 20)(y + 1) = 400 \end{cases} \Rightarrow \begin{cases} x = \frac{400}{y} \\ (x - 20)(y + 1) = 400 \end{cases} \Rightarrow \left(\frac{400}{y} - 20\right)(y + 1) = 400$$

$$y^2 + y - 20 = 0 \rightarrow D = b^2 - 4ac = 1 + 80 = 81$$

$y_1 = \frac{-b - \sqrt{D}}{2a} = \frac{-1 - 9}{2} = -5$ это посторонний корень, так как количество листов не может быть

отрицательным; $y_2 = \frac{-b + \sqrt{D}}{2a} = \frac{-1 + 9}{2} = 4$

$x = \frac{400}{y} = \frac{400}{4} = 100 \rightarrow x - 20 = 100 - 20 = 80$ – количество экзаменуемых

Ответ. 80 человек

Задача 2. (Алгебра. 9 класс. Раздел: Системы уравнений как математические модели реальных ситуаций). Аквариум объёмом 54 м^3 заполняется при помощи двух кранов. При этом первый кран работает 3 ч, а второй – 2 ч. Какова пропускная способность первого крана, если 1 м^3 он заполняет на 1 мин медленнее, чем второй?

Решение. x и y – пропускные способности первого и второго кранов.

$$\begin{cases} \frac{1}{x} - \frac{1}{60} = \frac{1}{y} \\ 3x + 2y = 54 \end{cases} \Rightarrow \begin{cases} \frac{60 - x}{60x} = \frac{1}{y} \\ 2y = 54 - 3x \end{cases} \Rightarrow \begin{cases} (60 - x)y = 60x \\ y = \frac{54 - 3x}{2} \end{cases} \Rightarrow \frac{(60 - x)(54 - 3x)}{2} = 60x$$

$$x^2 - 118x + 1080 = 0 \rightarrow D = b^2 - 4ac = 13924 - 4320 = 9604 = 98^2$$

$$x_1 = \frac{-b - \sqrt{D}}{2a} = \frac{118 - 98}{2} = 10; x_2 = \frac{-b + \sqrt{D}}{2a} = \frac{118 + 98}{2} = 108$$

$y_1 = \frac{54 - 3x}{2} = \frac{54 - 3 \cdot 10}{2} = 12; y_2 = \frac{54 - 3 \cdot 108}{2} = -135$ это посторонний корень, так как пропускная

способность не может быть отрицательной. Значит, $x = x_1 = 10$

Ответ. $10 \text{ м}^3/\text{ч}$

Задача 3. (Алгебра. 9 класс. Раздел: Системы уравнений как математические модели реальных ситуаций). На участке однопутной железной дороги длиной 10 км надо уложить рельсы (две полосы). Для укладки имеются рельсы длиной 25 м и 12,5 м. Если уложить все рельсы длиной 25 м, то надо будет израсходовать половину имеющегося количества рельсов длиной 12,5 м. Если же уложить все имеющиеся рельсы длиной 12,5 м, то рельсов длиной 25 м надо уложить $\frac{2}{3}$ их количества.

Определите общее количество имеющихся рельсов.

Решение. x – количество рельс 25 м, y – количество рельс 12,5 м.

$$\begin{cases} 25x + 0,5 \cdot 12,5y = 10000 \cdot 2 \\ 12,5y + \frac{2}{3} \cdot 25x = 10000 \cdot 2 \end{cases} \Rightarrow \begin{cases} 100x + 25y = 80000 \\ 75y + 4x \cdot 25 = 120000 \end{cases} \Rightarrow -50y = -40000$$

$$\rightarrow y = 800 \rightarrow 100x + 25y = 80000 \rightarrow x = \frac{80000 - 25y}{100} = \frac{80000 - 25 \cdot 800}{100} = 600$$

$x + y = 600 + 800 = 1400$ общее количество рельс.

Ответ. 1400 штук

Задача 4. (Алгебра. 9 класс. Раздел: Системы уравнений как математические модели реальных ситуаций). В январе 2018 г. на счёт в банке была положена некоторая сумма денег. В конце 2018 г. проценты по вкладу составили 12000 тенге. Добавив в январе 2019 г. на свой счёт ещё 108000 тенге, вкладчик пришёл в банк закрыть счёт в декабре 2019 г. и получил 264000 тенге. Какая сумма была положена на счёт первоначально и сколько процентов в год начисляет банк?

Решение. x – сумма, которую первоначально положили на счёт,

y – количество процентов.

$$\begin{cases} y = \frac{12000}{x} \\ (x + 12000 + 108000) + (x + 12000 + 108000) \cdot y = 264000 \end{cases}$$

$$(x + 12000 + 108000) + (x + 12000 + 108000) \cdot \frac{12000}{x} = 264000$$

$$x^2 - 132000 + 240000000 = 0$$

По теореме Виета: $x_1 = 12000$ и $x_2 = 120000$

$$y_1 = \frac{12000}{12000} = 1 - \text{посторонний корень, так как процент по вкладу не может составлять } 100\%$$

$$y_2 = \frac{12000}{120000} = 0,1. \text{ Значит, } x = 120000 \text{ и } y = 0,1 = 10\%$$

Ответ. 120000тенге и 10%

Задача 5. (Алгебра. 9 класс. Раздел: Системы уравнений как математические модели реальных ситуаций). Суммарный доход двух предприятий возрастёт втрое, если доход первого предприятия останется неизменным, а доход второго увеличится в 4 раза. Во сколько раз надо увеличить доход первого предприятия, оставляя неизменным доход второго, чтобы их суммарный доход вырос в 4 раза?

Решение. x – доход первого предприятия, y – доход второго предприятия,

z – увеличение дохода первого предприятия

$$\begin{cases} x + 4y = 3(x + y) \\ ax + y = 4(x + y) \end{cases} \Rightarrow \begin{cases} x + 4y = 3x + 3y \\ ax + y = 4x + 4y \end{cases} \Rightarrow \begin{cases} y = 2x \\ ax = 3y + 4x \end{cases} \Rightarrow ax = 6x + 4x \rightarrow ax - 10x = 0 \rightarrow$$

$\rightarrow x(a - 10) = 0 \rightarrow x = 0$ – посторонний корень, так как доход не может быть равен нулю. $a = 10$.

Значит, $a = 10$

Ответ. в 10 раз

Задача 6. (Алгебра. 9 класс. Раздел: Системы уравнений как математические модели реальных ситуаций). При смешивании 40%-го раствора соли с 10%-м раствором получили 800 г раствора с концентрацией соли 21,25%. Сколько граммов каждого раствора было для этого взято?

Решение. x – масса 40% раствора соли, y – масса 10% раствора соли.

$$x + y = 800 \quad x = 800 - y \quad 0,4 \cdot (800 - y) + 0,1y$$

$$\left\{ \frac{0,4x + 0,1y}{x + y} = 0,2125 \Rightarrow \frac{0,4x + 0,1y}{x + y} = 0,2125 \Rightarrow \frac{0,4 \cdot (800 - y) + 0,1y}{800 - y + y} = 0,2125 \right.$$

$$320 - 0,3y = 170 \rightarrow y = 500 \rightarrow x = 800 - 500 = 300$$

Ответ. 300г и 500г

Задача 7. (Алгебра. 10-11 класс. Раздел: Применение производной для нахождения наименьших и наибольших значений величин). Нужно огородить участок прямоугольной формы забором длиной 200 м. Каковы должны быть размеры этого прямоугольника, чтобы его площадь была наибольшей?

Решение. a и b – стороны участка, $l = 2a + 2b = 200$ – длина забора,

$S_{max} = a \cdot b$ – площадь прямоугольника.

$$\begin{cases} 2a + 2b = 200 \\ S_{max} = a \cdot b \end{cases} \Rightarrow \begin{cases} a = 100 - b \\ S_{max} = (100 - b) \cdot b \end{cases} \Rightarrow S_{max} = (100 - b) \cdot b = 100b - b^2$$

$$(100b - b^2)' = 100 - 2b \rightarrow 100 - 2b = 0 \rightarrow b = 50 \rightarrow a = 100 - b = 100 - 50 = 50$$

Ответ. 50; 50

Задача 8. (Алгебра. 10-11 класс. Раздел: Применение производной для нахождения наименьших и наибольших значений величин). Открытый металлический бак с квадратным основанием должен вмещать 32 л воды. При каких размерах на его изготовление уйдёт наименьшее количество материала?

Решение. a – длина стороны основания бака, b – высота бака,

$$S = 4ab + a^2 \text{ – площадь поверхности бака, } V = a^2 \cdot b = 32 \text{ – объём бака.}$$

$$-\frac{128a^2}{a^2} + 2a = 0 \rightarrow \frac{128}{a^3} = 64 \rightarrow a = 4 \rightarrow b = \frac{32}{a^2} = \frac{32}{4^2} = 2. \text{ Значит, размеры бака } 4 \times 4 \times 2 \text{ дм}$$

Ответ. $4 \times 4 \times 2$ дм

Задача 9. (Алгебра. 10-11 класс. Раздел: Применение производной для нахождения наименьших и наибольших значений величин). База находится в лесу в 5 км от дороги, а в 13 км от базы на этой дороге есть железнодорожная станция. Пешеход по дороге идёт со скоростью 5 км/ч, а по лесу – 3 км/ч. За какое минимальное время пешеход может добраться от базы до станции?

Решение.



B – база, S – станция, AS – расстояние от базы до дороги.

$$AS = \sqrt{BS^2 - AB^2} = \sqrt{13^2 - 5^2} = 12 \text{ км}$$

SK – расстояние по дороге, KB – расстояние по лесу,

$$t = \frac{SK}{5} + \frac{KB}{3} - \text{время, затраченное на путь}$$

Если $SK = d$, тогда $KB^2 = AB^2 + AK^2 = 5^2 + (12 - d)^2 \rightarrow$

$$\rightarrow t = \frac{d}{5} + \frac{\sqrt{25 + (12 - d)^2}}{3}$$

$$\rightarrow t = \left(\frac{d}{5} + \frac{\sqrt{25 + (12 - d)^2}}{3} \right) = \frac{1}{5} + \frac{1}{3} \cdot \frac{2(12 - d)}{2\sqrt{25 + (12 - d)^2}} \rightarrow$$

$$\rightarrow \frac{1}{5} + \frac{1}{3} \cdot \frac{2(12 - d)}{2\sqrt{25 + (12 - d)^2}} = 0 \rightarrow d = 8,25 \rightarrow SK = 8,25 \rightarrow KB = \sqrt{5^2 + (12 - 8,25)^2} = 6,25$$

$$t = \frac{SK}{5} + \frac{KB}{3} = \frac{8,25}{5} + \frac{6,25}{3} = 3 \frac{44}{60} \text{ ч} - \text{минимальное время}$$

Ответ. 3 ч 44 мин

Задача 10. (Алгебра. 10-11 класс. Раздел: Элементы математической статистики, комбинаторики и теории вероятностей). Карточка лотереи «Бинго» содержит 49 чисел. В итоге тиража выигрывают какие-то 6 чисел. Какова (в процентах) вероятность того, что на вашей карточке, где отмечены 6 чисел, верно угадано ровно 3 числа?

Решение. $P = \frac{C_6^{43}}{C_6^{49}} = \frac{6 \cdot 5 \cdot 4 \cdot 3 \cdot 2 \cdot 1}{1 \cdot 2 \cdot 3 \cdot 4 \cdot 5 \cdot 6} \approx 0,0177 \rightarrow p_3 = 1,77\%$

Ответ. 1,77%

Задача 11. (Алгебра. 10-11 класс. Раздел: Системы уравнений). Три бригады, работая вместе, выполняют норму по изготовлению подшипников за некоторое время. Если бы первые две бригады работали в 2 раза медленнее, а третья бригада – в 4 раза быстрее, чем обычно, то норма была бы выполнена за то же время. Известно, что первая и вторая бригада при совместной работе выполняют норму в 2 раза быстрее, чем вторая бригада совместно с третьей. Во сколько раз первая бригада производит подшипников за 1 ч больше, чем третья?

Решение. n_1, n_2, n_3 – количество подшипников за 1 час для 1-ой, 2-ой и 3-ей бригад


$$\begin{cases} \frac{n_1}{2} + \frac{n_2}{2} + n_3 = n + n + n & n_1 = 2n - n_2 \\ n_1 + n_2 = 2(n_2 + n_3) & n_2 = n_1 - 2n_3 \end{cases} \Rightarrow \begin{cases} n_1 = 2n - n_2 \\ n_2 = n_1 - 2n_3 \end{cases} \Rightarrow 6n_3 - n_1 = n_1 - 2n_3 \rightarrow 8n_3 = 2n_1 \rightarrow \frac{n_1}{n_3} = 4.$$

Значит, первая бригада производит в 4 раза больше подшипников, чем третья

Ответ. в 4 раза

Задача 12. (Алгебра. 10-11 класс. Раздел: Исчисление II. Определённый интеграл). В 2050 году, в некотором городе, архитекторы собираются построить здание «Plaza» (конструкция в 100 этажей), параметры которого заданы на следующих чертежах ниже. Вычислите площадь основания и объем здания «Plaza».

Решение.



$$1) a = 0, b = 5, f(x) = \frac{1}{5}x^2, g(x) = \sqrt{5x} \Rightarrow S_{\text{осн.}} = 4 \int_a^b (g(x) - f(x)) dx =$$

$$= 4 \int_0^5 \left(\sqrt{5x} - \frac{1}{5}x^2 \right) dx = 4 \cdot \left(\sqrt{5} \cdot \frac{x^{\frac{1}{2}+1}}{\frac{1}{2}+1} - \frac{1}{5} \cdot \frac{x^{2+1}}{2+1} \right) \Big|_0^5 = 4 \cdot \left(\frac{2\sqrt{5}}{3} x^{\frac{3}{2}} - \frac{x^3}{15} \right) \Big|_0^5 =$$

$$= 4 \cdot \left(\frac{2\sqrt{5}}{3} \cdot 5^{\frac{3}{2}} - \frac{5^3}{15} \right) = 4 \cdot \left(\frac{50}{3} - \frac{25}{3} \right) = 4 \cdot \frac{25}{3} = \frac{100}{3} (\text{ед}^2).$$

$$2) S_{\text{осн.}} = \frac{100}{3} \text{ед}^2, H = 24 \text{ ед} \Rightarrow V_{\text{здания}} = S_{\text{осн.}} \cdot H = \frac{100}{3} \cdot 24 = 800 (\text{ед}^3).$$

$$S_{\text{осн.}} = \frac{100}{3} (\text{ед}^2), \quad V_{\text{здания}} = 800 (\text{ед}^3).$$

Ответ.

Таким образом, обучение с использованием практико-ориентированных заданий приводит к более прочному усвоению информации, так как возникают ассоциации с конкретными действиями и событиями. Особенности этих заданий (креативная подача, связь с жизнью, межпредметная интеграция) вызывают повышенный интерес учащихся к поиску, развивают их способности и учебную активность.

Список литературы

1. Кучугурова, Н. Д. Контроль учебно-познавательной деятельности обучающихся (технология формирования умения). Монография. М.: ООО «АБЛ Принт», 2006. – 128 с.
2. Дышинский, А. Б. Методические этюды в задачах. Роль и место задач в обучении математике. М., 1974. – Выпуск 2. - с. 29-39.
3. Волович, М. Б. Наука обучать: технология преподавания математики. М.: LINKA-PRESS, 1995. – 280 с.
4. Мордкович А. Г. и др. Алгебра. 9 класс. В 2 ч. Ч. 2. Задачник для уч-ся ОШ. Мнемозина, 2010. – 223 с.
5. Мордкович А. Г. и др. Алгебра и начала математического анализа. 10-11 классы. В 2 ч. Ч. 2. Задачник для уч-ся ОШ. Мнемозина, 2013. – 271 с.

ӘӨЖ 57.03

АЗЫҚ-ТҮЛІК ҚАУІПСІЗДІГІ – ДЕНСАУЛЫҚ КЕПІЛІ

Солтанбек Қасенов,
Шет тілдер және іскерлік карьера университеті, Алматы,
E-mail: s.k.kasenov@mail.ru
Мұратбек Қасенов, Әсел Әуденова
Тана мырза орта мектебі, Тарбағатай ауданы, ШҚО

Кілттік сөздер: Адами капитал, Азық-түлік қауіпсіздігі, Халал стандарты, Генетикалық модификация.

Ключевые слова: Человеческий капитал, Продовольственная безопасность, Стандарт Халаль, Генетическая модификация.

Keywords: Human capital, Food security, Halal standard, Genetic modification.

Резюме: В эпоху глобализации современного общества главной проблемой, стоящей перед человечеством, является качество повседневного питания, в частности, продовольственная безопасность. Продовольственная безопасность – ключевой вопрос в обеспечении национальной безопасности каждой страны.

Summary: In the era of globalization of modern society, the main problem facing humanity is the quality food, in particular, food security. Food security is a key issue in ensuring the national security of each country.

XXI ғасырда адамның қоғамдық орны мен атқаратын қызметі сапалық жаңа деңгейге көтеріліп, елдің әлеуметтік-экономикалық әлеуетінің қарыштап дамуы адамның интеллектуалды капиталына тәуелділігі онан ары артуда. Сондықтан әр елдің әлеуметтік-экономикалық даму деңгейінің басты көрсеткіші ретінде адами капитал саналып, өркениетті елдерде адамның рухани және материалдық тұрғыда дамуы қоғамның басты басымдылықтары болып табылады. Себебі, адам қоғамның материалдық және рухани байлықтарының тек тұтынушысы ғана емес, сол байлықтарды өндіріп-

өндеуші, инновациялық идеялар мен жаңа технологиялардың негізін қалап, оны жүзеге асырушы болып саналады.

1974 жылы БҰҰ-ның «Әлемдегі азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша халықаралық міндеттемелер» резолюциясы дайындалған болатын. Онда азық-түлік қауіпсіздігін басқару деңгейлерін төмендегідей санаттарға бөліп қарастырады:

- жаһандық деңгей;
- мемлекетаралық деңгей;
- ұлттық деңгей;
- аймақтық деңгей;
- үй шаруашылығы деңгейі;
- жеке бас деңгейі[1].

Заманауи қоғамның жаһандануы кезеңінде адамзат баласы алдында тұрған басты проблема – күнделікті тамақ сапасы, атап айтқанда, азық-түлік қауіпсіздігі мәселесі. Азық-түлік қауіпсіздігі – әр мемлекеттің дамуында ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз ететін басты мәселе болып табылады. Бүгінде әлемнің дамыған елдері халқының ас мәзірін сапалы өніммен қамтамасыз етуге барын салуда.

Соңғы жылдары әлем экономикасында «Халал стандарты» дейтін жүйе пайда болып, бұл үдерістен Қазақстан да қалыспай, халал ас деген ұғым санамызға терең сіңді.

«Халал стандарты» дегеніміз – өндірілген кез-келген өнім түрінің шарифат үкімдеріне сай болуы. Халал – тек тағамға ғана тән десек қателесеміз. Халал индустриясының қолдану аясы өте кең, оған – тамақ өнеркәсібі өнімдері (ет, сүт, нан, сусын, кондитер); жеңіл өнеркәсіп өнімдері (былғары-тері бұйымдары мен барлық киім-кешек түрлері); білім беру жүйесі (балабақша, мектеп, жоғары оқу орындары); денсаулық саласы (дәрі-дәрмектің барлық түрлері мен перзентхана, акушерлік қызмет, мәйітхана); мәдени орындар (музейлер мен театрлар, демалыс орындары, қонақүйлер); даяшы-аспаздық қызмет (асхана, хауыз, кемпингмотел, турзим) барлығы жатады.

Дүниежүзілік сауда ұйымының құрамында құрылтайшысы – Малайзия мемлекеті болып саналатын «Total Global Halal industries» атты құрылым бар. Малайзия – әлемде өндірілетін өнімінің 95 пайызы халал стандарты талабына сай мемлекет. Бұл күнде әлемдік нарықта халал өнімге деген сұраныс өте жоғары. Халықаралық экономикалық қатынастарды зерттеу ұйымының мәліметіне жүгінсек, бүгінгі таңда бұндай өнімді 122 мемлекетте өмір сүретін 1,5 миллиард адам тұтынады екен[2].

Елімізде азық-түлік қауіпсіздігіне қойылатын талаптардың құқықтық заңдылығын арттыру күн тәртібіндегі өзекті мәселе. Өкінішке орай, соңғы кездері, ішкі нарықты гендік модификацияға (ГМО) түскен өнімдер кеңінен басуда. Генетик ғалымдар мәліметінше, қазір әлем бойынша 2000-нан астам өсімдік өндіріле бастаған. Әлем бойынша, соя, қызанақ, қияр, жүгері арахис, бидай, картоп, сәбіз тәрізді өнімдерді химиялық екпе жолымен өсіріп, түсімін көбейтіп алу жиілеп барады. Табиғи жолмен өнім алу мәселесі қазір көкейкесті болып отыр.

Азық-түлік қауіпсіздігі дегенде химиялық синтездеуден өтіп, гармон егілген, гендік модификацияға түскен өнімдердің адам ағзасында түрлі дерттерді қоздыратыны анық. Қазір адамдар арасында шектен тыс семіріп кетуі, артық салмақтықты, түрлі аллергиялық аурудың көбеюі, тыныс жолдары ауруының өсім беруі барлығы осы «химикаттарды» тұтынғандықтан белең алып отыр. Соңғы уақытта генетикалық модификацияланған өсімдіктерден өндірілген өнімдерді тамаққа пайдалануға байланысты биологиялық қауіпсіздік маңызды рөл атқара бастады.

Бүгінде Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы адамдар арасындағы артық салмақтықты, яғни, семіздікті «XXI ғасырдың инфекциялық емес эпидемиясы» деп танып, әлемнің 1,7 миллиард адамы артық салмақтан зардап шегіп отырғанын айтады. Бұған қоса 250 миллион адам семіздік салдарынан пайда болатын түрлі ауруларға шалдыққаны туралы мәлімет таратқан. «Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының мәліметтеріне сүйенсек, Қазақстандағы 20 жастан жоғары ересек адамдардың 55,6%-ы артық салмаққа ие болса, оның 23,7%-ы семіздіктен зардап шегеді екен[3].

Кәсіби мамандардың кеңесі бойынша әр адам өз денсаулығына, әсіресе, күнделікті тамақтану әдетіне ерекше көңіл бөлуі керек. Денінің сау, санасының сергек болып, ағзасының қалыпты дамуы, табиғи таза өніммен тамақтануға байланысты екендігі белгілі. Әсіресе, жастардың күнделікті тамақтануы – бүгінгі қоғамдағы өзекті мәселе болуда.

Өткен жылы Алматылық студент жастар арасында күнделікті тамақтану әдетіне, оның ішінде тамақ сапасына байланысты әлеуметтік зерттеу жүргізілген. Нәтижесінде жастардың күнделікті тамақтану барысында тамақ сапасына қаншалықты мән беретіндігі туралы маңызды деректерді байқауға болады.

Сауалнамаға қатынасқан студенттердің он тоғыз пайызы дұрыс тамақтанатындықтарын айтса, он алты пайызы кері пікір білдірген. Елу сегіз пайызы дұрыс тамақтануға мүмкіншілігі бар екенін айтса, жеті пайызы жауап беруге қиналған. Сауалнама барысында студенттердің 56 пайызы дұрыс тамақтануға қаражаттың жетіспеушілігі кедергі келтіретіндігін айтса, 22 пайызы уақыттың тапшылығын алға тартқан.

Қайда тамақтанғанды қалайсыз деген сұраққа студенттердің отыз төрт пайызы университеттің тамақтану орындарын қалайтындықтарын айтса, он пайызы кафеде және жиырма пайызы үйде, қалған отыз алты пайызы жағдайға байланысты екендігін мәлімдеген. Сауалнама нәтижесінен студенттердің жартысына жуығы дұрыс тамақтанбайтындығын аңғару қиын емес[4].

Халықтың азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету – заманауи күрделі жаһандық мәселе және Қазақстан Республикасы үшін де ұлттық қауіпсіздігін нығайтуда, оның ішінде, демографиялық ахуалды жақсартуда маңызы ерекше. Демография – мемлекет дамуының стратегиялық маңызы бар мәселелерінің қатарына жататыны, әлеуметтік-экономикалық дамуы адам капиталына тікелей тәуелді екені айқын.

Елімізде бұл бағытта кешенді шаралар жүзеге асырылуда, атап айтқанда, елімізде тамақ өнімдерінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында «Тамақ өнімдерінің қауіпсіздігі туралы» арнайы Заң қабылданған[5]. Бұл заң адам өмірі мен денсаулығын, тұтынушылар мүдделерін қорғайды.

Пайдаланған әдебиеттер

1. Декларация Всемирного Саммита по продовольственной безопасности: Всемирный саммит по продовольственной безопасности Рим, 16-18 ноября 2009 года Продовольственная и сельскохозяйственная организация Объединённых Наций // <ftp.fao.org/docrep/fao/Meeting/018/k6050r.pdf>. Документы ООН / Организация Объединённых Наций — <http://www.un.org/ru/documents/>.

2. Егемен Қазақстан газеті, 24.01.2020 ж.

3. Калтаева С.А. Жаһандану жағдайында азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етудің шетелдік тәжірибелері // Молодой ученый. -2019. -№17.1(255.1). –С10-12.

4. Білімді Ел газеті, 02.03.2020 ж.

5. Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 21 шілдедегі № 301 Заңы.

ӘӨЖ433

ҚАЗАҚТЫҢ ЖЫЛ МЕЗГІЛДЕРІНІҢ АЛМАСУЫ ТУРАЛЫ ДҮНИЕТАНЫМЫ

Аскербекова М., 6В01601 Тарих білім бағдарламасының 1-курс студенті,
Шет тілдер және іскерлік карьера университеті, Алматы қаласы,
E-mail: askerbekovamaral@gmail.com

Кілттік сөздер: Табиғат құбылыстары, санамақ, жыл мезгілдері, алты ай жаз, алты ай қыс, көрісу.

Ключевые слова: природные явления, счет, времена года, шесть месяцев лета, шесть месяцев зимы.

Keywords: natural phenomena, counting, seasons, six months of summer, six months of winter.

Резюме: В данной статье описывается древнее мировоззрение казахов о смене времен года

Summary: This article describes the ancient worldview of the Kazakhs about the change of seasons.

Қазіргі уақытта жас ұрпақтың халықтық зерденің асыл мұрасы сырларын табиғи жаратылыс тұрғысынан түсінуінің жетімсіздігі байқалады.

Бүгінгідей халқымыздың ұлт ретінде рухани қайта өркендеуі жағдайында төл тарихымыз бен мәдениетіміздің ұмытылған тұстарын жас жеткіншек санасына сіңірудің маңызы зор. Себебі, ол жас өскіннің ұлт өкілі ретінде өзін - өзі тануына, ой - санасын дамытуға және сол арқылы табиғат сырларын тануына түрткі болады. Бұл мәселенің Еліміз дамуындағы стратегиялық маңызы туралы Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев өзінің Егемен Қазақстан газетінде жариялаған мақаласында: «Ұлттық болмысымыздан, төл мәдениетіміз бен салт-дәстүрімізден ажырап қалмау – барлық өркениеттер мидай араласқан аласапыранда жұтылып кетпеудің бірден бір кепілі»

деп

атап

көрсетті[1].

Қазақтың табиғат және оның алуан түрлі құбылыстары жайындағы дүние танымдық көзқарасы – жас жеткіншектің ұлттық рухани сезімін, адамгершілік қасиетімен мінез – құлығын қалыптастырып қоймай, табиғатқа деген сүйіспеншілігін оятады.

Бала тәрбиесіне ерекше мән беріп, арнайы көңіл бөлген қазақ халқының алғашқы хисабтық білімі тілі жаңа шыға бастаған балаға санауды үйретуден бастап, санау құралының міндетін қол саусақтары атқарған. Олар-бас бармақ, сұқ саусақ, ортан қол, аты жоқ саусақ, шынашақ, жаттауға жеңіл, ойға оралымды, көңілге қонымды әрі тәрбиелік мәні бар. Санамақ- баланың есте сақтау қабілетін дамытатын ойын - өлең түрі.

Ежелден көшпелі мал шаруашылығымен айналысып, барлық тіршілік-болмысы ашық аспан астындағы тікелей табиғат аясында өткен ата-бабаларымыз табиғаттың сан-алуан құпия-сырларын бақылай отырып, терең ойлы қорытындылар жасаған.

Халқымыздың ұлттық дүниетанымында ұзақ заманалар бойы көшпелі өмір салтымен қойындасқан, сонымен үйлесім тапқан салт-сананың, әдет-ғұрыптың, талғам-түйсіктің, наным-сенімнің айқын сипатты белгілері сараланған. Белгілі философ Д. Кішібеков: «Сан ғасырлар бойы халқымыз табиғат аясында тіршілік етіп, тұрмыс құра жүріп, оның сан-алуан құпия сырларына көңіл бөлді және қазақ халқының мінез-құлқы, оны қоршаған ортаға – кең далалық кеңістікке, географиялық жағдайға, баққан малға, оның шаруашылығына байланысты қалыптасты» - дейді [2].

Кезінде қазіргідей тұсбағдар мен сағатты пайдаланып көрмеген халық ай мен күнге, аспан шырақтарының жылжуына қарай айналасын бағдарлап, тәулік пен жыл мезгілдерін анықтай білген. Халық арасында аспан денелерінің қозғалысы мен табиғат құбылыстарына бақылау жасайтын адамдар болған.

Бұл жөнінде Шоқан: «Алдын-ала ауа райының құбылысын, жұлдыздарға байланысты астрономиялық білгірлік танытатын адамдарды «есепші» деп атайды»- дейді[3].

Халықтың табиғат құбылыстарын көп жылдық бақылауы нәтижесінде жинақталған астрономиялық түсініктері мен білімдерін байырғы қазақ күнтізбесі пайда болды. Ежелгі есеп бойынша он екі ай – бір жыл, он екі жыл – бір мүшел болып алынған. Үш айды бір тоқсанға есептеген, яғни ай ішіндегі күн саны орташа есеппен, отыз тәулікпен қарастырылып, жылдың төрт мезгілі үш айдан – тоқсан тәуліктен тұрады.

Сондай-ақ, әр жыл мен айға және апта күндеріне өз атауын берді. Халқымыздың байырғы астрономиялық түсінігі бойынша бір жыл алты ай жаз бен алты ай қысқа бөлінген. Бұл жерде есепшілер көктемгі және күзгі күн теңелулерін болжай білген, мұның біріншісі, наурыздың 21-інде күн мен түн ұзақтығы теңесіп, бұдан кейін күн ұзарып, жылынады.


Күннің ұзарып, жылына бастағаны – жазға айналғаны. Екіншісі, қыркүйектің 23-іне сәйкес келеді, бұл кезде керісінше құбылыс байқалады. Халық есепшілері Үркер «жерге түсіп» көрінбей кеткен уақытты қыс айларына жатқызады.

Тіліміздегі «алты ай жаз бойы», «алты айдың жазында», «алты ай қыстай» және т.б. сөздер осындай түсініктерден туған болар.

Уақыт өлшемдері арасындағы үлкен бір бөлігі – жыл. Ғылыми тілмен айтқанда, жыл – жердің күн маңын толық айналып шығуына кететін уақыты. Ғылыми есеп бойынша бір жыл 365 тәулікке тең. Жердің күн маңын жылдық айналуы нәтижесінде күн сәулесінің жер бетіне түсу бұрышы мен түсу ұзақтығы өзгеріп отырады.

Жалпы халқымыздың шығу тарихы жағынан тереңге кетіп, бүгінгі күнге дейін жеткен ежелгі жәдігерлерінің қай-қайсысының да пайда болуы мен пайдалануында белгілі бір негіз, адам мен табиғат арасындағы тығыз байланысын тани білуден туған білімпаздық бар.

Халық табиғаттың кез-келген тылсым құбылысын түсіндіру үшін оны нақты бір бейнеге келтіреді. Соның бір көрінісі – колдың (сұқ саусақ, ортан қол, аты жоқ саусақ және шынашақ) төрт саусағы арқылы жыл мезгілдерін бейнелеуі (1-сурет).



Төрт саусақтағы буындар саны- он екі. Бұл бір жылдағы ай сандарының көрсеткіші. Демек, төрт саусақ- жылдың төрт мезгілі яғни, сұқ саусақ – наурыз, сәуір, мамыр (көктем); ортан қол-маусым, шілде, тамыз (жаз); аты жоқ саусақ- қыркүйек, қазан, қараша (күз); шынашақ – желтоқсан, қаңтар, ақпан (қыс).

Күн сәулесінің белгілі бір жыл мезгілі мен айындағы ұзақтығын саусақ пен буынның салыстырмалы ұзындығынан білуге болады. Наурыз бен қыркүйекте күн мен түн теңеледі (22-наурыз, 23-қыркүйек), олай болса, сұқ саусақ пен аты жоқ саусақтың және олардың бірінші буындарының ұзындықтары біріне - бірі шамалас.

Күн мен түн теңелгенде бүкіл аспан денелерінің бәрі бастапқы орындарына келіп, айналадағы тіршілік атаулының бәрі жаңарады деп есептеген.

Көктің тынысын тыңдап, жердің тамырын басқан, тұрмыс-тіршілігі табиғат-анамен тығыз байланысты халқымыз жыл басы Наурызды қараңғының - жарыққа, ызғардың – жылыға, қараның – аққа, жоқтың – барға ауысатын табалдырығы деп таныған. Бар табиғат еміреніп, жан-жануарлар түлеп, жапан дала жаңғыра бастағанда онымен бірге жасарып, бірге қуанған адамзат баласы да ұлыстың ұлы күнін ақ жарқын мерекеге айналдырып, ағайын-туыс төс түйістіріп, бір-бірімен құшақтасып, жаңа жасымен құттықтаған.

Бұл күні қытымыр қыстан аман шыққан халық өздерінің бастарының өткен жақсылы –жаманды оқиғаларды ортаға салып, барға - берекет, жоққа салауат айтысқан. Сондай-ақ, осы күні алақан жайып, ғибадат қылу, тілек тілеу, бата беру де халық тіршілігінің көк аспанмен байланыстылығын көрсетеді. Қазақтың жыл мезгілдерінің алмасуы туралы дүниетанымдық көзқарасында ел арасында мүлде ұмытылып, тек батыс өлке қазақтары арасында сақталған «Амал» немесе «Көрісу» дәстүрі де қайта оралып, жыл сайын кеңінен аталуда.

Жалпы халқымыздың ғасырдан бойы жинақтаған рухани мол мұрасы қазіргідей тәуелсіздік әліппесін енді оқи бастаған кезде жас ұрпақтың санасына нұр, сәуле құйып, өмірге биік талғам мен дұрыс көзқарас қалыптастыруға жол ашады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қ.Тоқаев, Тәуелсіздік бәрінен қымбат, Егемен Қазақстан 5-қаңтар, 2021ж.
2. Д.Кішібеков Қазақ менталитеті: кеше, бүгін, ертең. –Алматы: Ғылым, 1999
3. Ш.Уәлиханов Шығармалар жинағы, Алматы, 1985, 159 бет.

ЦИФРЛЫҚ БІЛІМ БЕРУ-ЗАМАНАУИ ОҚЫТУДЫҢ КІЛТІ

Икласова Назерке Икласовна

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті
1-курс магистранты Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу

Кілттік сөздер: мектепке дейінгі білім беру ұйымдарын цифрландыру, Сандық білім беру ресурстары

Ключевые слова: цифрализация дошкольных образовательных организаций, Цифровые образовательные ресурсы

Keywords: цифрализация дошкольных образовательных организаций, Цифровые образовательные ресурсы

Түйіндеме: Современный ребенок живет в мире электронной культуры. Поэтому, чтобы общаться с ребенком на одном языке, педагогу необходимо владеть современными методами и новыми образовательными технологиями. Педагогам необходимо использовать цифровые образовательные ресурсы, прежде всего, в образовательном процессе, а не различные стратегии обучения детей.

Summary: The modern child lives in the world of electronic culture. Therefore, in order to communicate with a child in the same language, a teacher needs to be familiar with modern methods and new educational technologies. Teachers need to use digital educational resources, first of all, in the educational process, and not various strategies for teaching children.

XXI ғасыр — жоғары компьютерлік технологиялар ғасыры. Заманауи бала электрондық мәдениет әлемінде өмір сүреді. Демек, баламен бір тілде сөйлесу үшін тәрбиешіге қазіргі заманғы әдістемелер мен жаңа білім беру технологияларын меңгеру қажет. Тәрбиешілер балаларға әр түрлі оқыту стратегияларын емес, ең алдымен, оқу-тәрбие процесінде цифрлық білімдік ресурстарын пайдалануы қажет.

Бүгінгі таңда тұжырымдамалық түрде білім беру жүйесі негізгі үш бағыт бойынша жүргізілуде: білім беру үдерісін цифрландыру, цифрлық білім беру контенті, білім беруді басқаруды цифрландыру. Қазақстанда мектепке дейінгі білім ұйымдарын цифрландыру оны реформалау үрдісіндегі басты тенденциялардың бірі болып табылады.

Мектепке дейінгі білім ұйымдарын цифрландыру осы үрдіске қатысатын барлық: балаларға, олардың ата-аналарына, тәрбиешілерге, білім беру жүйесінің әкімшіліктеріне ыңғайлы және тиімді құралдарды жасауды білдіреді. Сонымен қатар, оқу үдерісін цифрландыру, адамның адамдық қарым-қатынасының оңтайлы теңгерімі және виртуалды ортада нақты және цифрлы әлемді синтездеудің бір түрі болып табылатыны маңызды[1].

Цифрландырудағы негізгі мақсат – бәсекеге қабілеттілікті арттыру, халықтың өмір сүру сапасын жақсарту, оқу-тәрбие процесін жеделдету және жеңілдету, балаларға, тәрбиешілерге, ата-аналарға жүктемені азайту. Ең бастысы – білім беру сапасын арттыру. Біздің балаларымыз халықаралық деңгейде әртүрлі салаларда, оның ішінде жасанды интеллект және ауқымды деректер жасау саласында бәсекеге қабілетті болуға тиіс. Мемлекет басшысы атап көрсеткендей, елді цифрландыру – бұл мақсат емес, бұл – Қазақстанның абсолюттік артықшылыққа қол жеткізу құралы. Бүкіл процесс жүйелілікті, реттілікті және кешенді тәсілді талап етеді.

Цифрлық білімдік ресурстардың құрамдас бөліктері өзіндік бірліктер ретінде дидактикалық мақсаттарға сәйкес сабақтың әр түрлі кезеңінде: жаңа материалды түсіндіру кезінде, өзіндік жұмысты бекіту кезінде, қорытынды қайталау кезінде және т.б. пайдаланылатын болады.

Бір сабақта барлық 4 құрамдас бөлікті пайдалану тіпті міндетті емес: тәрбиеші цифрлық білімдік ресурстарды пайдалануға байыпты түрде қарауы және оларды сабақтың нақты мақсатын, дидактикалық міндеттерін, нақты топтың дайындық ерекшеліктерін ескеріп қолдануы тиіс.

Цифрлық білімдік ресурстарды қолдану да тәрбиеші

- сабақта уақытты үнемдеу;
- материал тереңдігін үйрету;
- жоғары мотивациялық оқыту;
- әр түрлі іс-әрекет түрлеріне тарту: ойлау, пікірталас, талқылау;

• Бір мезгілде аудио, видео, мультимедиалық материалдарды пайдалану мүмкіндігіне ие болды. Цифрлық білім беру ресурстарын пайдалана отырып, сабақтарды қызықты, ойластырылған түрде өткізуге мүмкіндік береді. Сабаққа кез келген материалды энциклопедиялар, репродукциялар, аудио сүйемелдеулерді пайдаланып, көп дайындалудың қажеті жоқ, іс жүзінде барлығы алдын ала дайындалған шағын С^ сақталады[2].

Цифрлық білімдік ресурстар бүгінгі күннің талаптарына сай — ақпараттық қоғамда өмір сүруге, сондай-ақ, ақпараттық оқу-әдістемелік кешендерінің талаптарына сәйкес, білім беру саласындағы басымдықтарға өзгерістер енгізуді ұсынады, ең бастысы: дайын білімнің үлкен жиынтығын есте сақтамауға, керісінше пайдалануға меңгерту, олардың жүйесін бағдарлауға, өз-өзінің білімі мен дағдысын кеңейте және қолдана отырып, өмірде туындаған міндеттерді, қажетіне қарай шешуге, т.б. оқыту үрдісінде маңызды функционалды сауатты тұлғаны қалыптастыру; - барлығын қатарынан оқымай, керісінше маңыздысын және ең қызықтысын таңдап оқуға, мұндай білім минимум принципін қалыптастыруға көмектеседі, соған сәйкес барлығына міндетті білімдер ретінде (ең аз дегенде), оқу материалдарын қамтиды, сондай-ақ балаларға алдын-ала артық білімді (максимум) игеруге таңдау жасау; - дайын жауаптарды қайталамау және іздемеу, өздігінен жаңасын ашуға, қорытынды жасап, проблемалық-диалогтік технологиясын пайдалана отырып, жауапкершілікті өз мойнына алу және шешім қабылдау. Бұл білім алушылардың мотивациясын құруды қамтамасыз етеді, ең бастысы, туындайтын проблемаларды өз бетінше шешуге, мүмкіндік береді, өмірдегі жағдайларға байланысты, алынған білім мен іскерліктерді қашанда пайдалануға тура келеді. Дайындық тобтың оқу-тәрбие процесіндегі цифрлық білімдік ресурстардың ең қажетті бірнеше тәсілдерін пайдалануды да айта кету керек. Электрондық оқулық жаңа материалды түсіндіру немесе өткенді бекіту кезінде тікелей қолданылады. Әсіресе дайындық тобта электрондық оқыту материалдарын қолдану аз уақыт ішінде көрнекі құралдарды жасауға, сабақтың визуализациясын арттыру үшін көрнекілік ретінде мультимедиялық элементтерді пайдалануға болатындығы, алайда мультимедиялық элементтердің плакаттардан айырмашылығы, кез келген сәтте өзгертіп, түзетуге мүмкіндік береді. Сонымен қатар айтарлықтай маңызды факт, мұндай көрнекі құралдар электронды түрде сақталады және көп орын қажет етпейді. Сондай-ақ, цифрлық білімдік ресурстар әрдайым дерлік үлестірмелі материалдар дайындау кезінде уақыт процесі жеткілікті болып табылатыны пайдалы болуы мүмкін. Мұндай жұмыс режимінде цифрлық білімдік ресурстарды пайдаланудың анимациялық және бейнеклиптер, дыбыстық файлдарды ойнату да пайдасы мол. Цифрлық білімдік ресурстар бойынша тапсырмаларды орындау кезінде жобалау әдісі талап етілуі мүмкін. Бұл жерде анимация, бейне, дыбыстық сүйемелдеу, интерактивтік компоненттер, суреттер, кестелер, графиктер, диаграммалар, тіпті қарапайым мәтіндер, барлығы оқу материалдарының пайдалы кешені болып табылады. Атап өту қажет, цифрлық білімдік ресурстарында мұндай әдісті пайдалану балалардың таңдаған тақырыбына және пәнге деген үлкен қызығушылығын арттырады, ал тәрбиешіге ең тиімді әдіс пәнаралық байланысты іске асыруға мүмкіндік береді.

Оқыту кезінде компьютерді пайдалану ақпараттық ортаны құруға, баланы ынталандыратын қызығушылығы мен әуестенушілігін тудыруға мүмкіндік береді. Компьютер тәрбиеші мен оқушы арасындағы электрондық делдалға айналады. Ол оқыту процесін неғұрлым қарқынды, жарқын және айқын жасауға, әрбір бала үшін жеке-жеке қарқынмен оқытуды үйретуге мүмкіндік береді:

- Цифрлық білімдік ресурстар балалардың пән бойынша үлгерімінің артуына септігін тигізеді;
- Цифрлық білімдік ресурстар дербес өнімді іс-әрекет дағдыларын қалыптастырады;
- Цифрлық білімдік ресурстар әр балаға табысқа жету үшін ықпал жасайды;
- сабақтарды қызықты және мотивациясын дамытады.
- балалар ерекше шығармашылықпен жұмыс жасап, өз-өздеріне сенімді бола бастайды[2, 56б].

Қорытындылай келе, Қазіргі қоғам біртіндеп «цифрлық» болып келеді. Қоғам мен қоғамдық қатынастардың қазіргі даму кезеңінде адамзат цифрлық дәуір деп аталатын өз дамуының жаңа кезеңіне кірді. Мектепке дейінгі білім беру ұйымында цифрлық түрде берілген ақпарат пен белгілі бір білімді құрумен, қайта өңдеумен тығыз байланысты.

Пайдаланған әдебиеттер

1. Новые педагогические и информационные технологии в системе образования: Учеб. пособие для студ. пед. вузов и системы повыш. квалиф. пед. кадров / Е.С.Полат, М. Ю. Бухаркина,
2. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың цифрлық контентін әзірлеу саласындағы шетел тәжірибесіне сараптамалық шолу. - Алматы: «ҰАО» АО, 2012. - 56 б.

ИНСУЛИН МЕН ЭСТРОГЕН МЫСАЛДАРЫНДА ГОРМОНДАРДЫҢ НЫСАНА- ЖАСУШАЛАРҒА ӘСЕР ЕТУ МЕХАНИЗМІ

Қоныс Назгүл Ғабитқызы, Туганбаева Қарлығаш Леспәевна
Жамбыл облысы, Байзақ ауданы, Н. Гоголь орта мектебі,
биология пәні мұғалімі
E-mail: qonys.nazgul@mail.ru

Кілттік сөздер: жаңартылған білім, гормон, сабақ жоспары, АКТ, оқулықтар.

Ключевые слова: актуальные знания, гормоны, планы уроков, ИКТ, учебники.

Key words: actual knowledge, hormones, lesson plans, ICT, textbooks.


Резюме: В статье представлен сокращенный план урока «Механизмы действия гормонов на клетки-мишени на примерах инсулина и эстрогенов» в соответствии с обновленным содержанием знаний.

Summary: The article presents an abbreviated lesson plan "The mechanisms of action of hormones on target cells on the examples of insulin and estrogens" in accordance with the updated content of knowledge.

«Жаңартылған білім мазмұны бұл- мүлде жаңа бағдарлама, оқулықтар, стандарттар және кадрлар» (Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндігі атты Қазақстан халқына жолдауынан).

Жаратылыстану пәндеріне арналған оқу бағдарламаларындағы оқу мақсаттары оқушылардан шынайы проблемаларды анықтап зерттей білуді талап етеді. Негізінен жаңартылған білім жүйесі құзыреттілікке және сапаға бағытталған бағдарлама. Жаңартылған білім берудің маңыздылығы – оқушы тұлғасының үйлесімді қолайлы білім беру ортасын құра отырып сын тұрғысынан ойлау, зерттеу жұмыстарын жүргізу, тәжірибе жасау, АКТ –ны қолдану, коммуникативті қарым-қатынасқа түсу, жеке, жұппен, топта жұмыс жасай білу. Жаңа білім беру бағдарламасы сыни тұрғыдан ойлауға, шығармашылықты қолдана білуді және оны тиімді жүзеге асыру үшін қажетті тиімді оқыту әдіс-тәсілдерді (бірлескен оқу, модельдеу, бағалау жүйесі, бағалаудың тиімді стратегиялары) үйретеді. Жаңартылған білім беру бағдарламасының ерекшелігі спиральді қағидатпен берілуі. Оған оқу мақсаттарын зерделей отыра тапсырмаларды қысқа мерзімді сабақ жоспары барысында көз жеткіздік.

Ұзақ мерзімді жоспар бөлімі:	Николай Гоголь атындағы орта мектеп
11.2А Координация және реттелу	
Мерзімі: 25.11.2020ж	Мұғалімнің аты-жөні: Туганбаева К.Л. Қоныс Н. Ғ.
Сыныбы: 11 «Ә»	Сабаққа қатысқандар: 14 қатыспағандар:
Сабақтың тақырыбы	Инсулин мен эстроген мысалдарында гормондардың нысана-жасушаларға әсер ету механизмі
Осы сабақта қол жеткізілетін оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтеме)	11.1.7.2 - гормондардың әсер ету механизмін түсіндіру
Сабақ мақсаттары	Оқушылар орындай алады: <ul style="list-style-type: none"> • биологиядағы басқару жүйесін сипаттау; • оң және теріс кері байланыс түрлерін салыстырады.
Бағалау критерийлері	<ol style="list-style-type: none"> 1. басқару жүйесінің негізгі компоненттерін сипаттау. 2. кері байланыс механизмін сипаттайды (теріс және оң кері байланыс). 3. кері байланыстың 2 түрін салыстырады. 4. кері байланыстың 2 түріне мысалдар келтіреді 5. биологиядағы басқару жүйесінің ролін анықтайды.

<p>Тілдік мақсаттар</p>	<p>Оқушылар орындай алады: терминологияны қолдана отырып, ауызша және жазбаша түрде басқару жүйесінің негізгі компоненттерін сипаттау, кері байланыстың 2 түрін салыстыру.</p> <p>Пәнге қатысты лексика мен терминология: гомеостаз, теріс кері байланыс, реттеуші механизмдер, белгілі бір жол, қайтару, өзгеру, ауытқу, оң кері байланыс</p> <p>Диалог құруға /жазылымға қажетті сөздер топтамасы: Қалыпты деңгейден кез-келген ауытқу мынадай жолмен анықталады ... Өзгерістер анықталған сәтте, реттеуші механизмдер мынадай деңгейге қайтіп қайтарады ... Теріс кері байланыс шамамен бірқалып деңгейді ұстап тұрады, алайда бұл көрсеткіш өзгеруі мүмкін ... Оң кері байланыс... әкеледі.</p>																															
<p>Құндылықтарды дарыту</p>	<p>Аталған сабақ академиялық шындықтың құндылықтарын дамытуға, ауыз біршілікке және топта жұмыс жасауға, жауаптылыққа және көшбасшы болуға бағытталған.</p>																															
<p>Пәнаралық байланыстар</p>	<p>Химия: гормондардың, метаболиттердің түзілуінің химиялық үдерістері Физика: реттеуші жүйелер</p>																															
<p>Бастапқы білім</p>	<p>Эндокриндік бездердің орналасуы (8 класс). Гомеостаз тұжырымдамасы (8 класс). Гомеостазға байланысы бар гормондардың мысалдары (8 класс)</p>																															
<p>Сабақ барысы</p>																																
<p>Сабақтың жоспарланған кезеңдері</p>	<p>Сабақтағы жоспарланған іс-әрекет</p>	<p>Ресурстар</p>																														
<p>Сабақтың басы 0-9 9-11 11-13</p>	<p>Эндокриндік бездердің гормондары</p>  <p>Терминология</p> <table border="1" data-bbox="395 1630 1114 1966"> <thead> <tr> <th>Қазақша</th> <th>Орысша</th> <th>Ағылшынша</th> </tr> </thead> <tbody> <tr> <td>Гомеостаз</td> <td>Гомеостаз</td> <td>Homeostasis</td> </tr> <tr> <td>Гормондар</td> <td>Гормоны</td> <td>Hormones</td> </tr> <tr> <td>Эндокриндік бездер</td> <td>Эндокринные железы</td> <td>Endocrine glands</td> </tr> <tr> <td>Адреналин</td> <td>Адреналин</td> <td>Adrenalin</td> </tr> <tr> <td>Бүйрекүсті безі</td> <td>Надпочечники</td> <td>Adrenal glands</td> </tr> <tr> <td>Гликоген</td> <td>Гликоген</td> <td>Glycogen</td> </tr> <tr> <td>Глюкоза</td> <td>Глюкоза</td> <td>Glucose</td> </tr> <tr> <td>Бірінші реттік мессенджер</td> <td>Первичный мессенджер</td> <td>First messenger</td> </tr> <tr> <td>Екінші реттік мессенджер</td> <td>Вторичный мессенджер</td> <td>Second messenger</td> </tr> </tbody> </table> <p>«Таза тақта» стратегиясы</p>	Қазақша	Орысша	Ағылшынша	Гомеостаз	Гомеостаз	Homeostasis	Гормондар	Гормоны	Hormones	Эндокриндік бездер	Эндокринные железы	Endocrine glands	Адреналин	Адреналин	Adrenalin	Бүйрекүсті безі	Надпочечники	Adrenal glands	Гликоген	Гликоген	Glycogen	Глюкоза	Глюкоза	Glucose	Бірінші реттік мессенджер	Первичный мессенджер	First messenger	Екінші реттік мессенджер	Вторичный мессенджер	Second messenger	<p>Презентация</p>
Қазақша	Орысша	Ағылшынша																														
Гомеостаз	Гомеостаз	Homeostasis																														
Гормондар	Гормоны	Hormones																														
Эндокриндік бездер	Эндокринные железы	Endocrine glands																														
Адреналин	Адреналин	Adrenalin																														
Бүйрекүсті безі	Надпочечники	Adrenal glands																														
Гликоген	Гликоген	Glycogen																														
Глюкоза	Глюкоза	Glucose																														
Бірінші реттік мессенджер	Первичный мессенджер	First messenger																														
Екінші реттік мессенджер	Вторичный мессенджер	Second messenger																														

А	В	Х	А	Т	И	И	Ш
П	Е	П	С	И	Н	П	Д
С	Б	Ю	М	Т	С	И	Г
И	А	О	М	Р	У	В	О
Т	А	П	А	Ч	Л	Н	Р
М	Т	Е	Д	У	И	Л	М
Ж	И	П	Б	Ф	Н	Д	О
Э	С	Т	Р	О	Г	Е	Н

Оқушыар сабақтың тақырыбы мен мақсатын анықтайды.

Сабақтың ортасы
13 -16

16-21

1 Пептидті және нәруызды гормондар — гипофиздің алдыңғы және ортаңғы бөліктері мен ұйқы безі гормондары (инсулин, глюкагон), т.б.;


2 Стероидты гормондар — холестериннің туындылары (кортикостероидтер, тестостерон, прогестерон және эстрогендер);

3 Аминқышқылдық (аминдік) гормондар - гидрофильдік қасиеті бар гормондар (адреналин, норадреналин, тироксин, трийодтиронин)


4 Май қышқылдық гормондар - простагландиндер

Әрбір гормонның өздерінің меншікті рецепторлары болады. Нысана-жасушаның бірнеше мың рецептор-нәруызы бар. Мысалы, стероидты гормондарға 10000 шамасындай рецептор арналады. Әр рецептор гормонның бір молекуласын қайтымды байланыстыра алады.

СТЕРОИД ГОРМОНДАРДЫҢ ӘСЕР ЕТУ



ПЕПТИД ГОРМОНДАРДЫҢ ӘСЕР ЕТУ



Бейне фильм

<https://www.youtube.com/watch?v=OoSeNhcAbx4>

22-25

26-30

Презентация

Қосымша 1
Конверт термин сөздермен/сұрақтармен

Қосымша 2

Қосымша 3

Қосымша 4

Қосымша 5

30-38

ТАПСЫРМА №1
Тек стероидты гормондарды анықтап, олардың ағзада түзілетін орнымен сәйкестендіріңіз

№	Гормон		Түзілетін орны
1	вазопрессин	A	аналық без
2	тироксин	B	аталық без
3	адреналин	C	калқанша безі
4	тестостерон	D	ұйқы безі
5	соматотропин	E	бүйрекүсті безінің миды қабаты
6	эстроген	F	гипофиз




ТАПСЫРМА №2

2.1 суреттегі аминқышқылды (аминдік) гормондарды бөлетін бездерді атауып, олардың салып, атауып және бөлетін гормондарын жазыңыз



ТАПСЫРМА №3 Венна диаграммасын толтыру.

«Инсулин мен эстроген нысана-жасушаларға әсер ету механизмдеріндегі ұқсастықтар мен айырмашылықтар».



Сабақтың соңы
38-40

8.Рефлексия.

Мұғалім сабақтың мақсаттарына қайта оралып, олардың жетістік деңгейлерін талқылайды. Келесі сабақты жоспарлау үшін оқушыларға сұрақтар қойылады:
- не білді, неге үйренді;
- түсініксіз болып қалған зат;
- не істеу керек.
Сұрақтар ауызша немесе жазбаша түрде талқылануы мүмкін.

Стикер

Саралау - қалай қосымша қолдау көрсетуді жоспарлап отырсыз? Неғұрлым қабілетті оқушыларға қандай міндеттер қоюды жоспарлап отырсыз?

Бағалау – оқушылардың материалды меңгеру деңгейін қалай тексеруді жоспарлайсыз?

Денсаулық және қауіпсіздік техникасының сақталуы

Материалды зерделеу және жинақтау кезеңінде оқушылар өз қалауына қарай бөлінеді, оған сәйкес келетін білім беру ақпаратын көбейту деңгейін таңдайды: білім, түсіну және қолдану, талдау. Шоғырландыру кезеңінде қабілеті төмен оқушыларға әртүрлі кезеңдер ұсынылады.

Проксимальды даму аймағын анықтай отырып, шақыру сатысында диагностикалық бағалау
Бағалау критерийлері негізінде тексеру жұмыстары.

Тақтада топтық жұмыс кезінде оқушыларды сыныптағы кезінде қауіпсіздік ережелерін сақтау.

Қорытындылай келе, жаңартылған білім беру бағдарламасы бойынша менің көкейге түйгенім: алдымызға бір мақсат қоя отырып, сол мақсатқа жету жолында шәкірттердің жүрегіне жол тауып, әрекеттендіре білу шеберлігіне жетсек, егемен елдің ұл-қыздары білімді де білікті болып шықпақ. Соның арқасында біз бәсекеге қабілетті, іргесі мықты ел боламыз.

Пайдаланған әдебиеттер

1. Мұғалімдердің біліктілігін арттыру бағдарламасы, «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығы, 2016
2. Оқу бағдарламалары 7-9 сыныптар, 2018

ӘӨЖ 910.1

ГЕОГРАФИЯ КУРСЫНДА КАРТАМЕН ЖҰМЫС ІСТЕУ ӘДІСТЕРІ

Изекенова Л.Е., География мамандығының 4 курс студенті
М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті, Тараз қ.,
E-mail: izekenova.l@mail.ru

Сағымбай С.Н., География мамандығының 4 курс студенті
М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті, Тараз қ.,
E-mail: Sagymbay.s@mail.ru

Бахтыбекова Ш.М., п.ғ.к., доцент м.а.
М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті, Тараз қ.,
E-mail: shynar803@mail.ru

Кілттік сөздер: *Карта, план, масштаб, картаны оқи білу, кескін.*

Ключевые слова: *Карта, план, масштаб, умение читать карту, изображение.*

Keywords: *map, plan, scale, ability to read the map, image.*

Резюме: В этой статье описывается, как определить и описать методологические приемы работы с картами, которые могут обеспечить получение новых знаний в процессе географии.

Summary: This article describes how to identify and describe methodological methods of working with maps that can provide the acquisition of new knowledge in the course of geography.

Карта – адамзаттың ойлап тапқан зор табысы. Географиялық карта – жер бетінің жазықтықта кішірейтіліп, жинақталып кескінделуі, географиялық объектілер онда шартты белгілер арқылы көрсетіледі. Географиялық карталарда тұтас мемлекет, кейде бірнеше мемлекет, тіпті бүкіл жер шары да кескінделеді.

Географиялық карталар мен план – адамның табиғатты зерттеп, шаруашылықты жүргізудегі сенімді көмекшілері. Олар елді қорғауда да, туризм үшін, жалпы алғанда, өз елің мен бүкіл дүние жүзін танып білу үшін де қажет болады. Сондай-ақ, ауыл шаруашылығында, өнеркәсіпте, құрылыста, әуе қатынасында, ғылыми зерттеулер жүргізгенде, күнделікті өмір сүру жағдайларында географиялық карталар мен пландардың алатын орны ерекше[1].

География мен картографияның ғылыми зерттеулері орыс ғалым дары А.Никитин, Ф.Беллинсгаузен, М.Лазарев, Н.М.Пржевальский, И.П.Герасимов, А.Е.Бибик, Н.К.Семакин, А.И. Соловьев, Н.Н.Баранский есімдерімен тығыз байланысты.

Қазақстандағы географ – ғалымдар К.Мамырова, О.Мазбаев, А.Ф.Кушимова, А.А.Сайыповтың есімдерімен тығыз байланысты.

География карталары оқушыларға жер бетіндегі елдерді, басқа да территорияларды зерттеуге және оларды көз алдына елестетуге көмектеседі. Бұл жағдайда, оқушылардың кеңістікті елестету қабілеті дамиды. Картамен жұмыс істеу қабілетін оқушылар мектеп бітірген соң картографиялық әдістер бойынша құбылыстарды зерттеуге көмектеседі. Картаны талдай және салыстыра отырып, оқушылар логикалық сезім қабілеттерін пайдаланып дамытады: құбылыстарды байланыстырады,

салыстырады, себеп-салдар байланыстарын анықтайды т.б.. Оқушылардың көптеген өзіндік, сондай-ақ творчестволық жұмыстары картамен байланысты.


Географиялық карталарды, оқыту барысында функциясы бойынша бөлуге болады. Бұл жүйе тек қана оқу географиялық карталарына тән. Жүйе бойынша карталар екіге бөлінеді: қабырғаға ілінетін және күнделікте қолданатын. Ал кесте карталары оқу процесінде ерекше орын алады[2].

Қабырғаға ілінетін карталар-бұл кабинетте ілініп, мазмұны бірнеше метрден көрініп, барлық оқушылар қабылдай алатын карталар. Сондықтан қабырғадағы карталардың шартты белгілері жеке жұмыстарға арналған карталардан ірі болып келеді. Бұл карталар үлкен көлемді болғасын, оларға көптеген белгілерді енгізуге болады. Олардың әр қайсысы бір ғана сабақта емес, бүкіл тарауды өткенде қолданады. Сондықтан олардың арасында көптеген карталардың мазмұны да күрделі болып келеді: жалпы географиялық, физикалық, жалпы экономикалық географиялық т.б.

Күнделікте қолданатын карталарды оқушы жеке жұмысты орындағанда қолданады, сондықтан әр оқушының өз картасы болуы міндетті. Мектеп бағдарламасы бойынша мұндай карталар көп емес. Олардың көпшілігі оқулықтың ішінде және оқу атластарында жинақталған.

Барлық карта түрінің ортақ ерекшеліктері бар. Олардың тақырыбы мен маңыздары мектептегі география пәнінің бағдарламасына сай келді. Басқа карталарға қарағанда кесте карталары көбінесе практикалық, бақылау сабақтарында пайдаланады. Бұл карталар бойынша оқушылардың білімдерін тексеруге болады[3].

Кесте 1. Географиялық картамен жұмыс істеу мақсаттары



Географиялық картаны түсіну қабілет алғашқы 6 сыныпта қалыптасады. Бұл курста оқушы картаның жеке қасиеттерімен танысады. 7 сыныпта карта туралы түсінік кеңейеді: картаның территория және масштаб бойынша жүйеленуімен танысады. Сондай-ақ, 8 сыныпта оқушылардың карта туралы көптеген түсініктері қалыптасады, ал 9 және 10 сыныптарда жаңа түсініктер енгізілмесе де, бірақ картаны білу қабілеттері арттырады. Көптеген географиялық түсініктерді білу үшін бөлшекті-ізденіс және зерттеу әдістерін қолданған жөн болады.

Карта деп жер бетінің едәуір территориясының Жердің қисықтығын еске ала отырып, картографиялық проекцияда салынған жазықтықтағы кішірейген кескіні. Карта арқылы шешілетін міндеттердің сан алуандығы, мазмұны жағынан да, олардың масштабтары жағынан да әр түрлі карталардың қажеттігін тудырады. Мазмұны жағынан географиялық карталар жалпы географиялық және тақырыптық болып бөлінеді.

Жалпы географиялық карталарда жер беті туралы физикалық-географиялық мәліметтер (бедер, топырақ, өсімдік, гидрография және т.б.) адам қызметімен байланысты объектілер (елді мекендер, өнер кәсіптік кәсіпорындар, жол торабы және т.б.) кескінделеді.

1:10 000 - 1:1 000 000 масштабтағы жалпы географиялық карталар топографиялық карталар деп аталады. Олар ірі масштабты – 1:500; 1:1000; 1:2000; 1:5000; 1:10 000; 1:25 000; 1:50 000; орта масштабты-1:100 000; 1:200 000; ұсақ масштабты - 1:500 000; 1: 1000 000 болып бөлінеді.

1:500; 1:1000; 1:2000 және 1:5000 масштабтағы топографиялық карталар топографиялық пландар деп аталады. Жер бетінің шектеулі учаскесі бедерінің контурлары мен пішіндерін горизонталь

проекцияда қағаз бетінде кішірейтіп және осы сияқты кескіндеуді (жер қисықтығы ескерілмейді) топографиялық план деп атайды[4].

Ұсақ масштабтағы карталарды халық шаруашылығының дамуында негізгі жобалау кезінде жерді жалпы зерттеу мен су кеңістігі, еліміздің қорғаныс мүддесіне, күрделі инженерлік объектілерді алдын-ала жобалауға, жер бетінің қорларын есепке алуға арналған.

Орта масштабты карталар егжей-тегжейлі мазмұнға және неғұрлым жоғары дәлдікке ие болады; олар ауыл шаруашылығында егжей-тегжейлі жобалауға, жолдарды, трассаларды, электр жеткізу желісін жобалауға селолық елді мекендерді алдын ала жоспарлау және салуға, пайдалы қазбалардың қорын барлау және іздестіруге арналған.

Ірі масштабты карталар мен пландар әр алуан жұмыстарды неғұрлым дәл егжей-тегжейлі жобалауға, атап айтқанда суландыруға, құрғатуға, көгалдандыруға, қалалардың басты жоспарларын жасауға, инженерлік тораптарды және коммуникацияларды жобалауға арналған.

Тақырыптық арнайы карталар жалпы географиялық карталардың негізінде жасалады, бірақ олардың элементтерінің бірі ғана барынша толық ашылады (топырақ карталары, орман, сортандану, дымқылдану геологиялық карталар және т.б.)

Қазіргі уақытта пайдалы қазбалар кенін барлау және игеру кезінде жердің үлкен ауданын мелиорациялау және игеру жөніндегі шараларды жүзеге асыруда, жолды салуда, айналадағы ортаны қорғауда және халық шаруашылығының басқа мақсаттарында арнайы салалық карталар жасалынады[5].

Географиялық карталарда бүкіл Жер бетін және оның үлкен бөліктері - елдерді, материктерді, мұхиттарды бейнелейді. Қағаз парағына үлкен территориялардың бейнесі сыйып орналасуы үшін, оларды өте кішірейтіп көрсетуге тура келеді. Географиялық карталардың масштабтары ұсақ: 1см-де ондаған және жүздеген км болады.

Карта деп біз жер бетінің жазық, өте кішірейтілген бейнесін атаймыз, картада географиялық объектілер шартты белгілер арқылы көрсетіледі.

Географиялық карталардың масштабы ұсақ болғандықтан, олар тек жер бетіндегі ең үлкен және маңызды заттарды көрсетеді, мысалы, басты салалармен қоса үлкен өзендерді, ірі қалаларды аса маңызды жолдарды бейнелейді. Материктер, мұхиттар мен теңіздер, аралдар, өзендер, көлдер және т.б. табиғат объектілері бейнеленген географиялық карталарды физикалық карталар деп аталады.

Жарты шарлардың физикалық карталары. Шығыс және батыс жарты шарлардың физикалық карталарынан бүкіл Жер бетін бірден көруге болады, ал глобустан оны көре алмаймыз. Бұл карталардың масштабы ұсақ болады. Оларға қарап, мысалы, әрбір материк пен мұхиттың пішіні мен көлемін, материктерде қандай жазықтар мен таулы елдер бар екенін, олар арқылы қандай ірі өзендер ағып өтетінін және көлдердің қайда орналасқанын білуге болады.

Кескін карталар - географиялық карталардың ерекше түрі. Олар оқып білетін географиялық объектілерді белгілеудің негізі болып табылады. Бұларға да объектілерді баспадан шыққан географиялық карталардағыдай, дәл ірі ұқыпты бейнелеу керек.

Географиялық карталар мен план - адамның табиғатты зеттеп, шаруашылықты жүргізудегі сенімді көмекшілері. Олар елді қорғауда да, туризм үшін, жалпы алғанда, өз елің мен бүкіл дүние жүзін танып білу үшін де қажет болады.

Картаны оқи білу – бұл картаның бетінде бейнеленген жерді шын мәнінде қандай болса, сол күйінде көре білу деген сөз. Атластағы қарталардан басқа карталар да бар - ол климат картасы. Онда шартты белгілермен жер шарының әрбір түпкірлеріндегі шілде мен қаңтардың орташа температуралары, жазғы және қысқы басым желдер, орташа жылдық жауын-шашын мөлшері, ең жоғарғы және ең төмен температуралар, қар жамылғысының қалыңдығы көрсетіледі. Экономикалық-географиялық карталарда алуан түрлі пайдалы қазбалардың қайда өндірілетіні және қай жерде өңделетіні, қалаларда қандай өнеркәсіп дамығаны, жер шарының қандай болсын белгілі бір ауданында қандай ауыл шаруашылық дақылдары өсірілетіні көрсетіледі. Сонымен қатар басқа да көптеген карталар бар, олармен оқушылар жоғары сыныптар да танысып, оны оқи білетін болады. Оқушылардың әрқайсысы картаны оқи және түсіне білуге үйренулері керек, өйткені картаны білмей тұрып, географияны оқуға болмайды[6].

Пайдаланған әдебиеттер

1. Картаны жобалау және құрастыру : оқу құралы / Ә. Ғ. Көшім. — Алматы : Казахский национальный университет им. аль-Фараби, 2014. — 140 с. — ISBN 978-601-04-0918-7.

2. Географиялық картографиялау. Табиғат карталары : оқу құралы / Ә. Ғ. Көшім. — Алматы : Казахский национальный университет им. аль-Фараби, 2014. — 108 с. — ISBN 978-601-04-0823-4.
3. "Географияны оқыту әдістемесі" пәнінен дәрістік оқу курсы [Электрондық ресурс] : Оқу құралы / Э.Б. Ахметова [et al.]. - Қостанай : ҚМПИ, 2013. - 170б.
4. Алаев Э.Б. «Социально–экономическая: Понятийно– терминологический словарь» Москва 1984г.
5. Андреева Е.Н., Машбиц Я.Г., Шлихтер С.Б. «Мелкомасштабные карты хозяйственной освоенности территории (концепция, содержания, легенда). Пути совершенствования картографического изучения природной среды и ресурсов мира и континентов» М,ИГАН, 1987г. Стр.39 – 52.
6. Берлянт А.М. «Картографический метод исследования» Москва 1988г.

ӘӨЖ .37.1174.

ИНТЕРБЕЛСЕНДІ ОҚЫТУДА ПӘНАРАЛЫҚ БАЙЛАНЫСТЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ МЕН ОҚУШЫЛАРДЫҢ ТАНЫМ ҒЫЛЫМЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Коньсбекова К.К., магистр, аға оқытушы
М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті, Тараз қ.
E-mail: kimbatik-777@mail.ru

Кілттік сөздер: *интербелсенді оқыту, ұлттық модель, догматикалық тәсіл, графикалық тәсіл, имитациялық модельдеу, рольдік ойындар.*

Ключевые слова: *интерактивное обучение, национальная модель, догматический подход, графический подход, имитационное моделирование, ролевые игры.*

Keywords: *interactive learning, national model, dogmatic approach, graphic approach, simulation modeling, role-playing games.*

Резюме: В статье рассмотрены возможности и значение использования интерактивных методов и приемов на уроках географии. Показать специфику применения новых интерактивных методов обучения, внедряемых в современном обновленном образовательном процессе. Одним из таких методов является эффективность интерактивного обучения в Связном преподавании предметов. Использование интерактивных методов в обучении географии базируется на развитии речи учащихся, совершенствовании логического мышления, формировании их познания.

Summary: The article discusses the possibilities and significance of using interactive methods in geography lessons. To show the specifics of using new interactive teaching methods, which are currently being implemented in the updated educational process. One of these methods shows the effectiveness of interactive learning in the combined study of subjects. The use of interactive methods in teaching geography is based on the development of students' language, improvement of logical thinking, and the formation of cognition.

Егеменді еліміздің бүгінгі таңдағы жаңартылған білім беру жүйесінде әлемдік деңгейге жету үшін жасалынып жатқан талпыныстар, қазіргі кезде кең өріс ала бастаған оқытудың әр түрлі әдіс-тәсілдерін пайдалана отырып білім беруді ізгілендіру бағыты, ең алдымен мәдениеттегі, рухани мұрадағы, тарихымыздағы жалпы адамзаттық құндылықты бағалауға баса назар аударуды қажет етеді.

Осыған сәйкес бүгінгі таңда мектептегі барлық пәндердің мазмұнын интеграциялауды қамтамасыз ету арқылы оның ғылыми деңгейін арттыру, тұтастай алғанда оқушылардың оқу-танымдық әрекетіне тән дағдыларды қалыптастыру міндеті күн тәртібіне қойылып отыр. Осыған байланысты келешек ұрпаққа білім берудегі күрделі мәселелердің бірі – біртұтас педагогикалық үрдіс кезіндегі сабақтарда интегративтік оқытуды жүзеге асыру.

Интербелсенді оқыту соңғы жылдарда жаңартылған оқу үрдісінде педагог ғалымдар мен әдіскер, мұғалімдердің назарын аударып жүрген үлкен мәселелердің бірі. Өйткені педагогтар мектептегі оқу пәндерін интербелсенді әдістер арқылы оқушылардың танымдық белсенділігін қалыптастыру бағытында ізденіс жұмыстарын жүргізуде.

Интербелсенді оқыту – білім беру үдерісіне қатысушылардың өзара әрекетінің диалогтық формасына негізделген танымдық тәсіл. Бұл оқыту барысында оқушылардың бірлескен әрекет дағдылары қалыптасады [1]. Интербелсенді оқыту үрдісінің маңыздылығы мынадай жағдайлардан көрінеді:

- оқушы өзін қоршаған орта туралы білімді тұтастай қабылдайды;
- тіршілік пен қоршаған орта арасындағы терең байланысты және қарама-қайшылықты түсінеді;
- интербелсенді оқыту үрдісінің нәтижелері оқушылардың ойлау қызметінің дамуы арқылы көрінеді.

Мектептегі оқу пәндерін интеграциялау бірнеше мақсатты көздейді:

- оқушылардың оқып-үйренуге қажетті оқу материалдары ықшамдалады;
- қоршаған орта туралы білімдер жүйесінің тұтастығы нәтижесінде оқу үрдісінің тиімділігі артады;

- оқу үрдісінің жандануына себеп болатын педагогикалық-психологиялық ахуал орнайды;

- оқушылардың танымдық ойлау белсенділігі артады;

- оқушылар кез-келген құбылысты, нысанды тұтастай қабылдау қабілетіне ие болады.

Пәндерді байланыстырудың мынадай екі тобын бөліп көрсетуге болады. Біріншісіне бағдарлама бойынша оқытылатын мазмұндас пәндер (математика мен физика, биология мен география және т.б.) арасындағы байланыстар жатады. Мұндай байланыстар тиісті пәндердің мұғалімдері үшін түсінікті болғандықтан ондай байланыстар орнату аса қиындық туғызбайды. Екіншісіне мектепте оқытылатын мағыналары бір-бірінен алшақ жатқан пәндерді (математика мен география, география мен тарих, география мен сызу) байланыстыру мәселесі жатады, ал пән мұғалімдеріне тұтас жүйелі білімді қалыптастыру үшін пәннің мазмұнын пәнаралық байланысты анықтау қажет. Мұндай пәндерге қатысты, негізінен жекелеген, қарапайым эпизодтық байланыстар орнатылады. Ал, осындай түрдегі пәнаралық байланыстар оқушылардың әр бір пән бойынша оқу-танымдық белсенділігін елеулі түрде арттыруға мүмкіндік береді.

Пәнаралық байланыс негізінде оқушылардың икемділігі мен дағдылары белсенділігі мен танымдық ынтасы анағұрлым жақсы дамидынығын педагог-ғалымдар дәлелдеген. С.Смаилов:

«Пәндерді сабақтастыра оқыту арқылы оқушының танымдық ынтасын арттыру – олардың шығармашылық қабілетін жетілдіру деп көрсетті» [2].

Бұл тұрғыда оқушылардың бойында географиялық білімдер мен біліктіліктерді мақсатты түрде қалыптастыруда пәнаралық байланысты қамтамасыз ететін картографиялық білім кешенді мысал бола алады.

Картаны білу және осы аса құнды таным құралын біліктілікпен пайдалана алу оқушыларға жалпы білім берудің маңызды қыры болып табылады. Іс жүзінде карта қолданылмайтын қызмет саласын кездестірмеу мүмкін емес. Әсіресе, бүгінгі күні ғылым мен техниканың заманында ауқымды аймақтарды игеру жүріп жатқан кезде оның маңызы арта түсуде. Осыған байланысты география пәні бойынша оқушылардың картографиялық даярлығын анағұрлым жоғары деңгейге көтеру керек. Ол үшін оқушылардың картографиялық даярлығын пәнаралық байланыстар арқылы қамтамасыз ету қажет.

Соған қарамастан картографиялық білімнің география пәні мен бірқатар басқа пәндердің бірінші кезекте тарих, сызу, математика пәндерін байланыстыра оқытуда табысты игерілетіні анықталып отыр.

Қарастырылып отырған тұрғыда география пәні мен математика пәнін байланыстыру ерекше мәнге ие болады. Олар бірінші кезекте оқушылардың карталардың математикалық бөліктері мен олардағы өлшемдерді анағұрлым толық игерулері үшін қажет. Атап айтқанда, мұнда масштаб пен оның қолданылуының мәні туралы мәселені мысалға келтіруге болады.

Бұл мәселе туралы география пәнінде де, математика пәнінде де айтылатынына қарамастан жоғары сынып оқушыларының масштаб туралы түсініктері іс жүзінде төменгі деңгейде қалады. Оның негізгі себебі – мәселенің география мен математика оқулықтарында дербес және әр түрлі баяндалуы, білім берудің түрлі кезеңінде алынған білімді дамытудың және қолданудың болмауы.

Мәселен, материктер мен мұхиттар географиясы бойынша материктердің, жартышарлардың, әсіресе, әлемдік карталарында көрсетілген масштабының өзгерістер салдарынан белгілі бір жерлерінде ғана сақталатыны қарастырылған. Басқа жерлерінде масштабтар одан үлкен немесе кіші болады. Әрине мұндай жай оқушылардың санасында қалыптасатын карта аумағындағы масштаб тұрақты деген әдеттегі ұғымды өзгертпей қоймайды. Осыған орай материктер географиясында картографиялық бейненің алуанмасштабтылығы туралы білім енгізілген.

Масштабтың мәні туралы осындай нақтылау мектеп математикасында да қолдау табуы тиіс. Бірақ оқушылардың математика сабақтарында бұрын да өзгермелі көлемдерді бірнеше мәрте пайдаланатындарына қарамастан, масштаб туралы сөз болатын бесінші және одан кейінгі сыныптардың математика курстарында масштаб бұрынғысынша тұрақты көлем ретінде қарастырылады.

Географияның сызумен байланысы бірінші кезекте екі пәннің мұғалімдерінің оқушылардың проекцияның және контурлық карталарды, профильдерді тағы басқаларды безендіру мәдениетін енгізудегі оның бір түрі ретінде географиялық проекцияның біртұтас әдістемесін меңгеруінде әріптестігі қажет [3].

География және тарих пәндері мұғалімдерінің әріптестігінің негізгі мақсаты – оқушылардың екі курста да қолданылатын карталар жүйесін, оларды келісіп пайдалану тәсілдерін меңгерулеріне қол жеткізу.

География пәнінде тарих пәніндегі сияқты оқушылар негізінен майда масштабты карталарды пайдаланады, ал оларда құбылыстары алуан нақты жерлер барынша жинақталған. Нәтижесінде, оқушылар майда масштабты картаны пайдалана отырып, ол карталарға ірі масштабты карталардан, жоспарлардан алған түсініктерін ауыстырып, онда бейнеленген шындықты қарапайым, кейде тіпті қатты қателесіп қабылдайды. Сонымен қатар оқушылар майда масштабты, әсіресе әлемдік карталармен жұмыс істеу барысында географиялық нысандардың өлшемдері мен сұлбаларын қате қабылдауы мүмкін. Мұндай қателіктерге жол бермес үшін пайдаланылатын картаның мазмұнын қабылдауды ағымдағы оқу материалымен байланыстыра отырып, олар туралы оқушыларға ескерту керек. Ал, бұл түрлі география курстарын оқытуда және оның оқушылар майда масштабты карталарды пайдаланатын басқа пәндермен (тарих, астрономия, биология) байланысында жалғастықтың болуын талап етеді [4].

Жоғарыда аталған байланыстар курсаралықпен өзектесе отырып бірқатар басқа пәндермен (әдебиет, шет тілі) байланыстырыла толықтырылады. Сонымен қатар тарих, математика, сызу курстарында пайдалы картографиялық білім мен білікті географиямен үйлесімді бекіту мүмкіндіктері елеулі мәнге ие болады. Осындай пәнаралық байланыстарды жүзеге асыруға кешенді келу тұрғысында оқушылар бойында картографиялық білімді қалыптастыру маңызды. Бұл орайда оқушылардың түрлі картографиялық көздерді пайдалана отырып оларда бейнеленген құбылыстырды нақты өмірге сай қабылдауына қол жеткізу міндеті тұр. Сондықтан интербелсенді әдістерді оқытуда пайдалану өмірлік жағдаяттарды модельдеуді, рольдік ойындарды пайдалануды, мәселені бірлесе шешуді көздейді.

Пайдаланған әдебиеттер

1. Жайлауова М.К. Мектепте интербелсенді оқытудың әдістері мен формалары мен әдістері//Молодой ученый. – 2015.-№8.2. (88.2)-25-27 бб.- URL: <http://moluch.ru/archive/88/17452/>(19.04.2021)
2. Смаилов С. Дидактикалық материалдарды қолдану және студенттер мен оқушылардың танымдық белсенділігін арттыру. Алматы, 2004.
3. Загурская Е.Л. Использование активных форм и методов обучения в работе с младшими школьниками – Мозырь, 2006. – 58 б.
4. Кашлев С.С. Интерактивные методы обучения педагогике.- Минск, 2008.

ӘӨЖ.37.1174

ГЕОГРАФИЯ САБАҒЫНДА МУЛЬТИМЕДИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУ

Байсеркеева Л.С., Кунтубаева Д.К., аға оқытушы.
М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті, Тараз қ.
E-mail: Kuntubayeva@mail.ru

Кілттік сөздер: мультимедиялық технологиялар, ақпараттық коммуникация, ұлттық модель, электронды оқулық.

Ключевые слова: мультимедийные технологии, информационные коммуникации, национальная модель, электронный учебник.

Keywords: multimedia technologies, Information Communications, national model, electronic textbook.

Резюме: В статье рассмотрены возможности и значение использования мультимедийных технологий на уроках географии. Одной из особенностей социального и экономического развития современной эпохи можно назвать наличие автоматизированных и информационных технологий. Технологии обучения, в том числе мультимедийные, требуют всестороннего анализа и систематизации.

Summary: The article discusses the possibilities and significance of using multimedia technologies in geography lessons. One of the features of social and economic development of the modern era is the development of automated and information technologies. Learning technologies, including multimedia technologies, require comprehensive analysis and systematization.

География сабағында мультимедиялық технологияларды қолданудың маңызы өте жоғары. Ол оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттырып қана қоймай, мұғалім мен оқушы арасында тығыз қарым-қатынасты орнатуға көп әсерін тигізеді. География сабағындағы мультимедиялық технологияларды қолданудың жолдары көп, олардың ішіндегі негізгілері:

1. Жаңа тақырыпты түсіндіру барысында слайд-дәрістерді қолдану.
2. Оқушылардың шығармашылық жұмыстарын тұсаукесер бағдарламасы арқылы орындауға болады.
3. Тақырыпқа байланысты фильмдер пайдалану. Кинодәріс (кинолекция) түріндегі сабақты тек қана бейнетаспамен көрсетіп түсіндіру ғана емес, сол бейнетаспаны көрсету сәтінде түрлі сұрақтар қойып, оқушылардың ойлау қабілетін дамытып отыру керек. Лектор ең қажетті, өз бетімен оқығанда түсінуге қиын болады - ау деген мәселелерді қамтуға күш салады.

Жаңартылған білім берудің ұлттық моделіне көшкен қазіргі мектепке ойшыл, зерттеуші, тәжірибелік қызметте педагогикалық үйлестіруді шебер меңгерген іскер мұғалім қажет екендігі аз айтылып жүрген жоқ. Қазір заман да, қоғам да өзгерген. Бүгінгі балалардың мақсаттары да, құндылықтары да, идеялары да бұрынғыдан мүлде басқаша. Өйткені олар – өзінің болашағына тиімділік тұрғысынан қарайтын, іскерлікке бейім, жоғары талап қоя білетін адамдар.

Олай болса, бұл қоғам кез келген педагогтан өз пәнінің терең білгірі ғана болу емес, теориялық, нормативтік – құқықтық, психологиялық – педагогикалық, дидактикалық әдістемелік тұрғыдан сауатты және ақпараттық компьютерлік технология құралдарының мүмкіндіктерін жан – жақты игерген ақпараттық құзырлығы қалыптасқан маман болуын талап етіп отыр [1].

Компьютер оқушы үшін қоршаған әлемді танудың табиғи құралы болып табылады. Олай болса барлық сабақтарды компьютердің қуаттануымен жүргізуді үйрену – бүгінгі күннің кезек күттірмейтін өзекті мәселелерінің бірі. Жаратылыстану және математика пәндерін оқыту құралы ретінде компьютерді қолдану – оқу үрдісін белсендіруге, оқытуды жекешелендіруге, оқушының өзін-өзі бақылауына мүмкіндік туғызады.

Білім беру жүйесін ақпараттандыру дегеніміз – берілетін білім сапасын көтеруді жүзеге асыруға бағытталған процесс, яғни еліміздің ұлттық білім жүйесінің барлық түрлерінде кәдімгі технологияларды тиімді жаңа комплекстік ақпараттандыру технологияларына алмастыру, оларды сүйемелдеу және дамыту болып табылады.

Ақпараттық коммуникациялық технология электрондық есептеуіш технологиясымен жұмыс істеуге, оқу барысында компьютерді пайдалануға, модельдеуге, электрондық оқулықтарды, интерактивті құралдарды қолдануға, интернетте жұмыс істеуге, компьютерлік оқыту бағдарламасына негізделеді. Ақпараттық әдістемелік материалдар коммуникациялық байланыс құралдарын пайдалану арқылы білім беруді жетілдіруді көздейді. Интерактивті тақтаның мүмкіндіктері мұғалімдерге баланы оқытуда бейне және ойын бағдарламаларын тиімді пайдалануға мүмкіндік береді.

Ақпараттық қоғамның негізгі талабы – оқушыларға ақпараттық білім негіздерін беру, логикалық – құрылымдық ойлау қабілеттерін дамыту, ақпараттық технологияны өзіндік даму мен оны іске асыру құралы ретінде пайдалану дағдыларын қалыптастырып, ақпараттық қоғамға бейімдеу. Демек, ақпараттық бірліктердің білімге айналуы әлемнің жүйелік – ақпараттық бейнесін оқушылардың шығармашылық қабілеттері мен құндылық бағдарларын дамыту арқылы қалыптастыруды көздейтін, адамның дүниетанымының құрамдас бөлігі болып табылатын интеллектуалды дамуды қалыптастырудың бір жолы.

Қазіргі білім беру жүйесі ақпараттық технологиялар мен компьютерлік коммуникацияларды белсенді қолдануда. Әсіресе қашықтан оқыту жүйесі жедел қарқынмен дамуда, бұған бірнеше

факторлар, ең бастысы – білім беру мекемелерінің қуатты компьютер техникасымен қамтылуы, оқу пәндерінің барлық бағыттары бойынша электрондық оқулықтар құрылуы және Интернеттің дамуы мысал бола алады.

Бүгінгі таңда білім беруді ақпараттандыру формалары мен құралдары өте көп. Оқу процесінде ақпараттық және телекоммуникациялық құралдар мүмкіндігін комплексті түрде қолдануды жүзеге асыру көп функционалды электрондық оқу құралдарын құру және қолдану кезінде ғана мүмкін болады. Осындай электрондық оқулықтарды оқытуда пайдаланудың негізгі дидактикалық мақсаты білім беру, білімді бекіту, дағды мен іскерліктер қалыптастыру, меңгеру деңгейін бақылау.

4. Оқушылардың білімдерін тесттер бағдарламасы арқылы бағалау

5. География сабақтарында мультимедианы қолданудың төмендегідей жолдарын атауға болады:

- ✚ Мультимедианы мұғалімнің қолдануы кезінде дыбысты тоқтатып, оқушыға көрсетіліп тұрған үрдісті сипаттап беру тапсырмасын ұсыну немесе кадрдың басын көрсетіп, соны не болатынына болжам жасату.
- ✚ Оқушылардың компьютерді қолдануы: мәтіндік материалды меңгеру кезінде кесте толтыру, қысқаша конспект, сұраққа жауап жазу.
- ✚ Білімді тексеру: өзін-өзі тексеру бағдарламасы бар тест жүйесін қолдану;
- ✚ Оқушылардың мультимедиялық презентациямен жасалған шығармашылық жұмыстары, баяндамалары, рефераттары, ізденіс жинақтары. Мұндай жұмыс оқушының ойлау қабілетін, еске сақтауын дамытып, қорытынды жасауға, нақтылауға, негізгісін анықтауға, логикалық байланыстарды орнатуға үйретеді.

Алайда, мұндай жұмыстарды оқыту үрдісіне ендіру бірден жүзеге аспайтыны есепке алынуы тиіс [2].

Электронды оқулықта кітапта жоқ қосымша материалдар беріледі. Электрондық оқулық арқылы оқушы білім көзіне өзі жетеді. Электрондық оқулықтар ара-қашықтықтан оқыту формасына негізделіп жасақталады және оны жүзеге асыру үшін қолданылады.

Жаңартылған білім беру үрдісінде электрондық құралдарымен жұмыс істеп, оқыта алатын мұғалімдерді даярлау міндеті тұр. Дәстүрлі оқулықтарға қарағанда электрондық оқулықтар үнемі толықтырылып отырады.

Мультимедиялы энциклопедиялар электронды оқулықтар. Бұндай сабақтарды оқушылар мұғалімнің электронды оқулық тексіне сай құрастырған интерактивті карточканы алады. Онда сұрақтар көрсетіледі, электронды оқулықтан жауаптарды тауып, жұмыс дәптерлеріне жазады; сабақ тақырыбы бойынша қандай суреттерді салу керек екендігі және қандай мағлұматтарды тауып берілген таблицаларға енгізу керек екендігін көрсетеді.

Көп функционалды электрондық оқулықтар:

- Оқушылардың өз бетінше білім алу қызметін ұйымдастыруға;
- Әр түрлі ақпаратты жинау, өңдеу, сақтау, объектілерді, құбылыстарды модельдеу сияқты, оқыту қызметін ұйымдастыру процесінде қазіргі заманғы ақпараттық технологиялардың мүмкіндіктерін пайдалануға;
- Оқу процесінде мультимедия технологияларын, гипермәтіндік және гипермедия жүйелерін пайдалануға;
- Оқушылардың интеллектуалды мүмкіндіктерін, білім, дағды, іскерлік деңгейлерін, сабаққа дайындық деңгейін бақылауға;
- Оқытуды басқаруға, оқу қызметінің, тестілеудің нәтижелерін бақылау процесін автоматтандыруға интеллектуалдық деңгейіне қарай тапсырмалар беруге;
- Оқушылардың өз бетінше оқу қызметін жүзеге асыру үшін жағдай жасауға;
- Қазіргі заманда ақпараттық ағымдарды басқаруды қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Әдістеменің ерекшеліктері:

Оқытудың компьютерлік әдістерін интерактивті деп атайды, себебі олардың мұғалім мен оқушының әрекетіне “дыбыс беру”, олармен диалог “жүргізу” қаблеті бар. Бұл компьютерлік оқыту әдістемесінің ең негізгі ерекшелігі болып табылады.

Компьютер оқыту процесінің барлық этаптарында қолданылады: жаңа материалдарды түсіндіргенде, бекіткенде, қайталағанда, білімін, іскерлігін және дағдыларын бақылағанда. Сонымен қатар оқушы үшін ол әр түрлі функцияларды атқарады: мұғалімнің, жұмыс құралдарының, оқыту объектісінің, ұжымның қызметін, ойын ортасын.

Мұғалім қызметінде компьютер:

- оқыту ақпаратының көзі (мұғалімді және кітапты жартылай немесе толық алмастыра алады);
- көрнекі құрал (мультимедия және телекоммуникация мүмкіндіктерімен сапалы жаңа деңгейде);

- дербес ақпараттық кеңістік;
- тренажер;
- диагностика және бақылау құралдары.

Электрондық оқулықты пайдалану мұғалімнің де ғылыми-әдістемелік потенциалын дамытып, оның сабақ үстіндегі еңбегін жеңілдетеді. Оқытудың әр сатысында компьютерлік тесттер арқылы оқушыны жекелей бақылауды, графикалық бейнелеу, мәтіндері түрінде, мультимедиялық, бейне және дыбыс бөлімдерінің бағдарламасы бойынша алатын жаңалықтарды іске асыруға көп көмегін тигізеді. Электрондық оқулықтарды қарапайым оқулықтарға қарағанда пайдалану ыңғайлы және оларда өзін – өзі тексеру жүйесі бар. Осы электрондық оқулықтың артықшылығы болып табылады. Сондықтан, өзін – өзі тексеру жүйесі оқушы мен оқытушының арасындағы байланысын алмастырады.

Электрондық оқулықтарды пайдалану оқушылардың, танымдық белсенділігін арттырып қана қоймай, логикалық ойлау жүйесін қалыптастыруға шығармашылықпен еңбек етуіне жағдай жасайды.

Осы уақытқа дейінгі білім беру саласында тек мұғалімнің айтқандарын немесе оқулықты пайдалану қазіргі заман талабын қанағаттандырмайды. Сондықтан қазіргі ақпараттандыру қоғамында бұл оқулықтарды пайдаланбай алға жылжу мүмкін емес.

Оқыту үрдісінде оқыту әдістерін тиімді пайдалану, білім беру жүйесін тұтастай ақпараттандыру арқылы жаңа оқыту технологиясын енгізу оқыту процесінде толыққанды дамуына мүмкіндік жасайды. Оқыту процесінде компьютерге негізделген жеке әдістемелер оқу мақсаттары мен жағдайларына байланысты тиімді қолданылуы қажет.

Оқытудың тиімділігі оқытудың жеке тұлғалық стиліне, яғни, оқушыға оқу материалын тиімді сипаттайтындай қабылдау механизміне тәуелді болады. Осыған байланысты оқу іс-әрекетін тиімді қамтамасыз ету бәрінен бұрын оқушылардың өзіндік іс-әрекетін, оқытушының әрбір оқушымен жеке тұлғалық оқу іс-әрекетін сүйемелдеуді және жобалар мен оқу жұмыстарын оқытушылармен бірге ұйымдастыруды жобалайды [3].

Осылайша ақпараттық технологиялардың дамуы жаңа әдіс-тәсілдердің пайда болуына көмектеседі және сонымен бірге оның сапасын жоғарылатады.

Сонымен, электронды оқулық мынандай жағдайларда тиімді: талапқа сай құрылған, кері байланыспен лезде қамтамасыз ете алады; гипермәтіндік түсініктемелердің көп рет қолданған кезде уақытты үнемдейді; белгілі бір бөлім бойынша білімді тексереді; қысқа мәтінмен көрсете, айта және модельдей алады. Электронды оқулық оқушының уақытын үнемдейді, оқу материалдарын іздеп отырмай, өтілген және оқушының ұмытып қалған материалдарын еске түсіруге зор ықпал етеді. Себебі, оқушының өзіне көрнекілік қолданған тиімді қажет элементінің жанында жазуы болады.

5. Пәнді оқытудағы ақпараттандырудың кезеңдері:

1. Компьютерді жазба құралы ретінде қолданып, сабаққа қажетті дидактикалық материалдар, сабақ жоспарларын дайындау.

2. Сабақта дайын электронды оқулықтары мен электронды оқу ресурстарын көрнекілік, иллюстрация ретінде қолдану.

3. Microsoft Power Point, Adobe Photoshop т.б. бағдарламалардың көмегімен төл оқу құралдарын шығару. Яғни, бағдарламалық ресурстарды меңгеріп, пайдалану.

4. Оқу жобаларын жасауда қолдану, оқушылардың сыныптан тыс жұмысын ұйымдастыруға пайдалану. Қашықтан ұйымдастырылған олимпиадаларға, конференцияларға қатынасу.

5. Жүйені ойластыру кезеңі. Яғни, жоғарыда аталған кезеңдердегі ең тиімді тәсілдерін сараптап, тиісті мөлшерде, ойластыра отырып, жүйелі кешен құру.

Бұл технологияның өзектілігі қоғамның ақпараттандыру жылдамдығының артуымен сипатталады. Әр түрлі пән сабақтарында жаңа ақпараттық технологияны пайдалану білім мазмұнын жаңартумен, ақпараттық ортаны қалыптастыруымен, сондай-ақ сапалы білім беру мүмкіндігінің жоғары болуымен ерекшеленеді [4].

Соңғы кезеңде қазіргі заманғы педагогикалық ғылым мен практика түбегейлі өзгерістерге ұшырауда. Соның ішінде оқыту үрдісі ақпараттық – коммуникациялық жағдайларда жаңа көрініс алу жолында басқаша жаңалаған жолмен XXI ғасыр талаптарына сай білгір, уақытты үнемдей алатын тұлғаны қалыптастыруға бағытталады.

Қазіргі оқыту құралдары: компьютерлер, телекоммуникациялық байланыс құралдары, қажетті интерактивті бағдарламалық және әдістемелік жабдықтар, әр түрлі оқыту формаларын жетілдіруге мүмкіндік береді, оған қоса олардың білімгерлердің өздігінен білім алуын ұйымдастырудағы өзіндік жұмыстарды орындататын әдістемелік құрал ретінде атқаратын жұмысының маңызы өте зор.

Пайдаланған әдебиеттер

1. Абдраманова Г.Б., Таженова С.К. оқу үрдісінде мультимедиа технологияларын қолдану // Молодой ученый. 2015. №7.1. 8-9 б.
2. Ғалымжанова М. Мультимедиялық технологияларды пайдалану арқылы білім беру деңгейін көтеру. №3-2006 ж. 2-3 б.
3. Досжанов Б.А. Мультимедиялық құралдардың оқыту процесіндегі тиімділігін анықтау/ “Үздіксіз кәсіби білім беру: проблемалары мен болашағы” атты республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. Қызылорда: ҚМУ, 2016. 191-193 бб.
4. Есжанов А. Электрондық мультимедиа: ресурстары мен құралдары// Қазақстан мұғалімі, №4, 16 сәуір, 2008. 13-15 б.

ӘӨЖ 06.35.51

ANALYSIS OF TRENDS IN THE DEVELOPMENT OF DIGITAL MEANS OF PAYMENT

L.A. Popp, candidate of economic sciences., professor
G.K. Beysembayeva, Master of economics, Senior lecturer

N.M. Akhmetov, undergraduate
Toraigyrov University, Republic of Kazakhstan, Pavlodar city
e-mail: ludmilapopp@mail.ru; gulmira_din@mail.ru; akhmetov.nm@mail.ru

Кілттік сөздер: *криптовалюта, блокчейн технологиясы, мастерчейн, криптовалюта нарығы*

Ключевые слова: *криптовалюта, технология блокчейн, мастерчейн, рынок криптовалют.*

Keywords: *cryptocurrency, blockchain technology, masterchain, cryptocurrency market*

Түйіндеме: Зерттеудің өзектілігі қазіргі әлемдегі ақпараттық технологиялар (АТ) мен АТ нарығының қалыптасу стратегиясын іске асыруға негізделген. Жұмыстың негізгі міндеті – экономикадағы жаңа аспектілермен – сандық экономикамен, атап айтқанда, криптовалюта және блокчейн технологияларын қолданумен байланысты мәселелерді қарастыру болып табылады. Бұл мақалада криптовалюта нарығы эволюциясы жолдарының алдын ала болжануына, оны қолдануға байланысты тәуекелдерді қарастыруға назар аударылады.

Резюме: Актуальность исследования обоснована реализацией стратегии становления информационных технологий (ИТ) и рынка ИТ в современном мире. Основной целью работы является стремление рассмотреть проблемы, связанные с новыми аспектами в экономике - цифровой экономикой, а именно с использованием криптовалют и блокчейн-технологий. В данной статье обращается внимание на предвидение эволюции криптовалютного рынка, рассмотрение рисков, связанных с его использованием.

INTRODUCTION

At the very beginning, cryptocurrencies were the brainchild of a group of enthusiasts, in connection with which there are some serious omissions in their infrastructure:

- large expenditures of computer time for the transaction (Bitcoin power: 3 trades / second, Ethereum: 20 trades / second, And Visa 1500 trades / second);
- security weak points;
- large-scale structural failures associated with the fact that neither exchange organizers nor intermediaries have an important skill in organizing money firms.

The difference between cryptocurrency and electronic money is, in fact, that in order for it to be possible to carry out any transactions with electronic money, the funds must be transferred to the account through a payment terminal or at a bank branch. Electronic money is an elementary form of representing money that we use in everyday life.

Cryptocurrency, on the other hand, is formed and created precisely in the network, at the same time it is not tied to any of the daily monetary units and is not backed up by anything, as, for example, according to the Bretton Woods agreement, the dollar was backed up by gold.

Mining is the process of generating cryptocurrency in the network. Any person who has a suitable computer equipment and special software can be engaged in mining. From a technical point of view, mining is a computational process, during which computer power solves equations and operates in accordance with algorithms that become more complex in proportion to the increase in the number of miners ("cryptocurrency miners") and computing power.

After solving the equation, the miner receives a coin. The fact that the coin was issued is confirmed by the blockchain - a database whose storage devices are not connected to a single server. The blockchain consists of a huge number of blocks and each of them contains a timestamp and a link to the previous block.

Cryptocurrency is stored decentralized; it is distributed across the crypto wallets of all users.

MAIN PART

Positive and negative aspects of cryptocurrencies.

Cryptocurrencies have a huge number of individual qualities of special characteristics that imply both positive and negative aspects in comparison with traditional money.

Positive aspects of cryptocurrency:

- open-source algorithm allows everyone to mine;
- confidentiality of transactions, there is no information about the person who performed any operation, except for the wallet number;
- decentralized storage of cryptocurrencies, the absence of a single bank, which allows uncontrolled transactions and payments;
- limited number of coins, which means that cryptocurrencies are not subject to inflation;
- protection - cryptocurrencies cannot be copied.

To some extent, some of these positive aspects can be challenged. For example, today it is known that illegal transactions are often paid for with cryptocurrency, because due to the anonymity and decentralization of cryptocurrencies, it is impossible to figure out both the buyer and seller of illegal goods and services. Transactions like this are usually done in the Darknet. (The Darknet is a private network whose connections are established only between trusted pairs, often using non-standard protocols and ports. The main difference between the Darknet and other distributed peer-to-peer networks is that file sharing is anonymous (since IP addresses are not publicly available), respectively, this allows users to communicate without special fears and government intervention).

Now let's look at the negative aspects of cryptocurrencies that may seem unobvious at first glance:

- lack of regulatory mechanisms entails no guarantee of the safety of crypto wallets;
- unstable price, characterized by a high value of the volatility index due to the specific use of cryptocurrencies;
- the possibility of a negative impact of national regulators - measures to restrict or prohibit operations with cryptocurrencies can be introduced at the level of the state or the National Bank (NB);
- problems with the wallet or the loss of the password from it will entail the loss of all coins in it;
- a decrease in the profitability of mining by individual users, caused by the fact that, in connection with the influx of new miners, the complexity of the equations increases, and at the same time, the system requirements for users' computers are growing [3].

In addition, it is necessary to note a number of disadvantages due to the technological implementation of cryptocurrencies, leading to risks [4]:

- Possibility of changing payment details or phishing. In a conventional currency system, as a rule, it is possible to cancel a transfer, and the technologies used to implement cryptocurrencies will not allow this, since the entry made in the blockchain cannot be corrected or canceled. The risks that arise in this case can be attributed to theft, when during transferring funds to an address known to you, the Trojan changes the transfer address to the attacker's address. Or phishing, namely the transfer of the user to the fraudster's website, where he will download the wallet and enter the password. For such transfer, pictures, promises, etc. can be used.

- Hacking the payment portal. One such precedent was set in June 2017. Using social engineering techniques, a group of hackers managed to convince the hosting provider that was the true owner of the domain. Having gained access, the hackers began to interfere into the cash flows, which led to the fact that funds began to disappear from the wallets of the owners of the Ethereum Classic crypto wallet. A similar problem could arise with a regular online money service. (Ethereum Classic is a blockchain-crypto platform for the development of decentralized applications based on open-source smart contracts) [2].

- An oversight in the recipient's data. When using the previously mentioned Ethereum, if the smallest typo is made in the recipient's address (for example, the extreme digit of the address is not copied or confused), then the money will be forever lost and go nowhere or an erroneous amount will be transferred, which will be significantly different from the required.

- Theft or loss of a wallet file. Most users store cryptocurrency wallet files on their personal computers or smartphones. In such cases, if the hard disk breaks down or using special programs, they can be stolen.

- Unreliable ICOs. When investing money in projects related to the use of cryptocurrency (ICO - Initial Coin Offering), in most cases it happens that the idea does not generate income. Nobody and nothing guarantee the return of the money invested, there are only the words of the author of the next project.

- Spoofing the recipient's address. As part of the ICO, a fake address is opened or the true address is changed to the address of the scammers. After dialing the required amount, the address is marked as fake.

Not taking into account the high degree of technological implementation and application of advanced technologies, the question of what the final effect of the emergence of cryptocurrencies will be is still relevant. Today it is impossible to predict their impact on the global economy, ecology and other significant moments, and conditions of progressive life.

Now the cryptocurrency markets are considered illiquid: the majority of owners do not seek to fix their profits, as they are afraid to miss a further rise. As a result, only a small part of the issued cryptocurrencies is in circulation. Large-scale capital exit will lead to the same rapid decline as happened with a cryptocurrency called bitcoin in 2018.

It is too early to judge cryptocurrencies as a replacement for full-fledged money. The quality of a currency is determined by its ability to perform 3 main functions of money:

1. Money as a measure of value. This function of the cryptocurrency is performed exclusively in the ICO. But it should be noted that experts have encountered a situation where prices, even when buying and selling prohibited goods on the Darknet, expressed in cryptocurrencies, fluctuate even with stable prices in US dollars.

2. Money as a means of payment. Cryptocurrencies do not have significant acceptance in the real world. If cryptocurrencies are not recognized at the state level, it will still be difficult to achieve recognition. Moreover, even ordinary employees will not accept such currency for payment.

3. Money as a store of value. As long-term savings, a currency that changes its value at times during the week is obviously not suitable. The aforementioned bitcoin lost 40% of its value in the first two weeks of September 2017, despite the fact that it has tripled since the beginning of the year.

CONCLUSIONS

Thus, cryptocurrencies are an innovation that raises quite a few questions from both ordinary people and specialists in various fields. In some countries, cryptocurrencies are not only a means of payment, but also become an investment asset.

They make it possible to embody a huge number of criminal schemes into reality: from tax evasion to the financing of terrorism and money laundering. It should also be remembered that if this new currency format turns out to be one of the so-called "financial bubbles", then if the system collapses, there will be no legally responsible person for it due to the lack of any collateral.

Alexey Malanov, a specialist in the anti-virus technologies development department of Kaspersky Lab, also comes to the conclusion that cryptocurrencies have all the drawbacks of any other electronic money, but at the same time, due to the specifics of the principles of cryptocurrency operation, the likelihood of these problems increases and some risks are identified, specific only for this type of currency [4].

The Central Bank of the Russian Federation came up with a proposal to restrict the operation of external sites that can be used to buy and sell cryptocurrencies: "We believe that for our citizens, businesses, the use of such cryptocurrencies as an object for investment carries unreasonably high risks," said the first deputy chairman Central Bank of the Russian Federation Sergey Shvetsov [5].

Undoubtedly, the presented type of electronic money has already had a great impact on the situation in the modern world, having caused by its publication and development a wave similar in scale to the "gold rush". However, at the moment, it is not easy to provide an assessment of their upcoming impact, but also to firmly state whether they will be more useful or harmful.

Summary: This article describes the importance of pedagogical criteria in the education system, in the issue of preparing students to improve the quality of knowledge, in the process of presenting the figures of the levels of knowledge, skills, and skills by the individual. World experience shows that in the context of education reform, it is necessary to increase the effectiveness of managerial influence on the quality of the educational process and the results achieved in it. Pedagogical criteria are defined as the process of quantitative reflection of the levels of assessment of the quality of knowledge, skills, and skills of a person. Pedagogical criteria are of great importance for making plans and forecasts for the upcoming day, seeing real achievements and shortcomings in the education system by quantifying the quality. Based on the methodological analysis, an attempt was made to reveal the essence of the statement

XXI ғасырдағы дамыған ел дегеніміз – білімді, белсенді, бәсекеге қабілетті және денсаулығы мықты адамдар мекен ететін белсенді орта. Қазіргі кезде елімізде білім берудің жаңа жүйесі қабылданып, Қазақстандық білім беру жүйесі әлемдік білім беру кеңістігіне кіруге бағытталуда. Отандық білім берудегі реформаның қазіргі жағдайы білім беру жүйесін Ұлттық экономика мен қоғамның дамып келе жатқан қажетті құрылымдамаларымен сәйкес келтіруге бағытталған көптеген алапат өзгерістермен сипатталады. Бұл өзгерістердің қатарына, бірінші кезекте, білім беру мазмұнын жаңарту, сапалы білімге қол жеткізудің еркіндігін қамтамасыз ету, оқытудың инновациялық технологияларын жеке тұлғаға бағытталған аймақтарына басым бағдарлай отырып қалыптастыру, бірыңғай мемлекеттік емтихан негізінде оқу орындарының бітірушілерін тәуелсіз аттестаттауды енгізу, әлемдегі жаңа ақпараттық технологияларға көшу және басқа да инновациялар жатады. Бұл педагогиканың теориясы мен оқу-тәрбие процесіндегі елеулі өзгерістерге байланысты: білім беру парадигмасы өзгерді, білім берудің мазмұны жаңарды, жаңа көзқарас, жаңаша қарым-қатынас пайда болды. Білім беруді реформалау жағдайында білім беру процесінің сапасына және онда қол жеткізілген нәтижелерге басқарушылық әсер етудің тиімділігін арттыру қажет екенін әлемдік тәжірибе көрсетіп отыр. Менеджмент рөлінің маңыздылығын түсіну білім беру сапасын арттыруды қайта қарастыруға, сапаны басқару жүйелерінің егжей-тегжейлі ғылыми негіздемесін құруға және олардың әдіснамалық, әдістемелік және ақпараттық қамтамасыз етілуін қарқынды дамытуға тырысады. Білім беру жүйесін, білім алушылар мен педагогтардың білім, білік, дағдыларын, құзырлықтарын объективті түрде бағалау және болжау мақсатында педагогикалық өлшемдер пайда болды.

Педагогикалық өлшемдер- бұл соңғы ғасырда педагогика, психология, жалпы (іргелі) өлшеу теориясы, статистика, математика, логика және философия тоғысында қалыптасқан ғылыми теория. Ғылыми- білім беру қызметінің бұл саласы әлемнің көптеген елдерінде бұрыннан танылып келеді. Ол жерде "Educational Measurement" деп аталаып, педагогиканың қолданбалы саласы ретінде XIX ғасырдың 50 жылдарынан бастау алады. [2] Қазақстанның білім беру жүйесі Кеңестік кезеңде КСРО білім беру жүйесінің құрылымдық бөлігі болды, онда педагогикалық өлшем мәселелері бірыңғай сипатта болды. Еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін білім беру сапасын бағалаудың ұлттық жүйесін құрумен және барлық деңгейлерде білім берудің сапасын бағалаудың мүлдем жаңа модельдері мен технологияларын енгізумен Қазақстан Республикасында мақсатты ғылыми-әдістемелік және ұйымдастырушылық-технологиялық жұмыс басталды. Білім беру сапасының ұлттық жүйесінде жалпы орта білім беру және жоғары білім беру ұйымдарында ұлттық бірыңғай тестілеуді (ҰБТ) және аралық мемлекеттік бақылауды енгізу негізгі инновация болды. [5]

Педагогикалық өлшемдердің тарихы оның дамуында көптеген кезеңдерден өзгерістерден, толықтырулардан, жаңартулардан өтті. Мәселен осыған дейінгі кезеңдерде жазбаша, ауызша түріндегі жұмыс формалары жүргізілсе, қазіргі таңда тестілеу әдісі кең көлемде қолданыста. Қазақстанда Еуропалық білім беру кеңістігіне енуімен және білім беру саласында жүргізіліп жатқан реформаларға байланысты тестілеу барған сайын үлкен танымалдылыққа ие болуда. Студенттердің білімін, білік, дағдыларын бақылау және бағалау үшін тестілеу әдісінің болашағы айқын. Осыған байланысты Педагогикалық өлшеулер теориясын толық және жан-жақты зерттеуді қажет етеді.

Білім беру бағдарламасындағы педагогикалық өлшемдердің мақсаты - ғылым және білім саласында педагогикалық және сараптамалық іс-әрекеттердің теориялық-қолданбалы негіздерін игерген құзыретті және бәсекеге қабілетті мамандар даярлау. [5] Білім алушылардың, білім саласы қызметкерлерінің білім сапасын арттыруға даярлау мәселесін педагогикалық өлшемсіз шешу мүмкін емес. Қазіргі таңдалған стандарттар, модельдердің аздығы мен талғамсыздығы - әртүрлі процестер мен

құбылыстардың модельдерін құруға, оларды басқаратын фактілерді өлшеудің сенімді және қатаң негізделген әдістердің болмауы өз кесірін тигізіп отыр. Өз еңбегінде педагог Н.М. Розенберг: «белгілі бір объектілер мен құбылыстарды сапалы, мазмұнды талдауды негізделген және сенімді өлшемдермен күшейту арқылы ғана практик-педагогтарды, ғалымдарды, әдіскерлерді, басшыларды объективті ғылыми ақпаратпен қамтамасыз етуге болады», - деп атап өтті. [1]

Қазақстанда Еуропалық білім беру кеңістігіне енуімен және білім беру саласында жүргізіліп жатқан реформаларға байланысты тестілеу барған сайын үлкен танымалдылыққа ие болуда. педагогикалық өлшемдердің тарихы оның дамуында көптеген кезеңдерден өтеді. Студенттердің білімін, білік, дағдыларын бақылау және бағалау үшін тестілеу әдісінің болашағы айқын. Осыған байланысты Педагогикалық өлшеулер теориясын толық және жан-жақты зерттеу қажет. Педагогикалық өлшеу теориясының негізгі пәні сыналушылардың дайындығы, ол- білім, білік, дағды, құзырлылық болуы мүмкін. Сонымен қоса оқушылар мен студенттердің дайындық деңгейі мен құрылымын, сондай-ақ білім беру және өзін-өзі тәрбиелеу іс-әрекетінің тиімді және сапалы көрсеткіштерін өлшеу үшін сапалы тесттер әзірлеу. Педагогикалық өлшемдердің негізгі тәсілі-тестілеу болып табылады. [5]

Педагогикалық өлшеулер теориясы тестілеуді өткізудің әдістемелік ережелерін, сонымен қатар ғылыми қызметтің үш маңызды бағытын қамтиды: біріншіден осы теорияның тілін қалыптастыру, қалыптық теория және тест тапсырмаларының мазмұнын таңдау мәселелері. Бірақ бұл барлығы емес, себебі негізгі педагогикалық өлшеу субъектілерді тестілеуден кейін, олардың нәтижелерін масштабтау процесінде, сондай-ақ тапсырмаларды олардың маңызды қасиеттері бойынша масштабтау процесінде пайда болады. [2]

Педагогикалық өлшеулерді жеке тұлғаның білім деңгейлерін сандарымен көрсету процесі ретінде анықтауға болады. Дайындық сапасының шынайылығы мен өлшенуі білім беру процесін басқаруға, дарынды балалар мен жасөспірімдерді ерте жастан анықтауға, жоғары және басқа да оқу орындарына түсушілерді конкурстық іріктеудің объективтілігін арттыруға кең мүмкіндіктер ашады. [2] Білімді объективті сандық бағалауға деген ұмтылыс оқу нәтижелерін өлшеу үшін сенімді әдістерді, формаларды іздеумен байланысты. Осы орайда педагогикалық өлшеулердің теориясы, әдіснамасы мен әдістемесі мәселелер туындайды.

Білімді объективті сандық бағалауға деген ұмтылыс оқу нәтижелерін өлшеу үшін сенімді әдістерді, формаларды іздеумен байланысты. Оқушылардың оқу жетістіктерінің сапасын өлшеу үшін мұғалімдер дәстүрлі түрде қолданатын диагностиканың кең таралған типтік мәселелерді шешудің білім дағдыларын анықтауға бағытталған тест, презентация, шығарма, диктант, реферат және т.б. әдістері қолданылуда. Мұғалімдер арасында кеңінен таралған педагогикалық диагностиканың инновациялық әдістері оқушылардың құзыреттілік, білім деңгейін, шығармашылық мәселелерді шешуге дайындығын бағалауға, жазбаша сөйлеу деңгейін анықтауға, логикалық, проблемаға барабар мәтінді құруға және оны ұсынуға, жұмысқа, проблемаға баға беруге бағытталған.

Педагогикалық өлшемдер тұлғаның сапасын бағалаудың деңгейлерін сандық тұрғыда бейнелеу процесі ретінде де айқындалады. Сапаны сандық бағалау арқылы білім беру жүйесіндегі нақты жетістіктер мен кемшіліктерді көре отыра, алдағы күнге жоспарлар құрып, болжам жасау үшін педагогикалық өлшемдер ауадай қажет.

Пайдаланған әдебиеттер

1. Аванесов В.С. ВОПРОСЫ МЕТОДОЛОГИИ ПЕДАГОГИЧЕСКИХ ИЗМЕРЕНИЙ// Педагогическое измерения. 2005ж -№1-283 с.
2. Аванесов В.С. ИСТОРИЯ ПЕДАГОГИЧЕСКОЙ ТЕОРИИ ИЗМЕРЕНИЙ// Педагогическое измерения. 2006ж -№3-246 с.
3. Аванесов В.С. Язык педагогических измерений// Педагогические Измерения. 2009ж-№2-. – 120 с.
4. Звонников В.И. Измерения и шкалирование в образовании// учеб.пособие. – М.: Университетская книга; 2006 ж. – 136 с.
5. Бұлақбаева М.Б. Жолдау 2018:Педагогтардың мәртебесін көтеру// Алаш айнасы.2018ж
6. Звонников В.И. Педагогические измерения в управлении качеством в образовании.-Ростов На Дону, Российская Федерация, ВАФ,2006г

Графтағы дифференциалдық теңдеулердің кейбір қолданулары

Н.К.Шаждекеева¹, А.Н.Мырзашева², Г.Т. Кабылхамитов³
 Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті, Атырау қ.
⁽¹⁾ – ф.-м.ғ.к., қауым.профессор м.а.; ⁽²⁾ – т.ғ.к., қауым.профессор м.а.;
⁽³⁾ – ф.-м.ғ.к., қауым.профессор м.а.;
 e-mail: n.shazhdekeeva@mail.ru

Кілттік сөздер: граф, графтар теориясы, дифференциалдық теңдеулер

Ключевые слова: графы, теория графов, дифференциальные уравнения

Keywords: graphs, graph theory, differential equations

Түйіндеме: Сонғы кезде графтар теориясы ғылым мен техниканың кез-келген садаларында пайдаланылады, мысалы графтар және ақпарат, графтар және химия, графтар және физика, графтар және экономика, графтар және биология, графтар және экономика, графтар және лингвистика. Мақалада графтардағы дифференциалдық теңдеулердің қолданулары келтірілген

Қазіргі уақытта математикада дифференциалдық теңдеулерге үлкен мән беріліп, осы теңдеулерге математикалық үлгілерді құрудың басты құралы ретінде ерекше көзқарас таңытылады. Физикадағы, химиядағы, инженерлік ғылымдардағы, биоматематикадағы, геологиядағы, экономикадағы, мұнай және газ өнімдер саласындағы және т.б. бөлімдердегі математикалық үлгілердің үлкен бөлігі дифференциалдық теңдеулерді анықтайды.

Осы тұрғыда графтар мен графтардағы дифференциалдық теңдеулер теорияларын зерттеу теориялық және қолданбалы құндылықты білдіреді.

Өмірдің көптеген жағдайларында адамдарды, елді мекендерді, химиялық заттарды және т.б. сурет түрінде кескіндеу өте ыңғайлы болып келеді. Аталған нәрселерді қағазға нүктелер арқылы бейнелеп және оларды, араларындағы байланысты анықтайтын сызықтармен қосқанда, жазықтықта нүктелер мен сызықтардың жиынтығы пайда болады. Мұндай геометриялық кескін үйлесімі ретінде облыстағы немесе республикадағы жеңіл көлік жолдарының сызбасын, аэропорттардағы авиациялардың, географиялық карталардағы темір жолдардың, метролардың сұлбаларын алуға болады. Бұл сызбалар графтар деген жалпы атымен белгілі.

Графтар тек қана математикада ғана қолданылып қоймай әртүрлі аймақтарда басқа атаулармен де кездеседі. Мысалы, «құрылымдар» – әлеуметтік құрылыстарда, «электр тізбектер» – физикада, «симплекстер» – топологияда, «тораптар» – электротехникада, «социограммалар» – әлеумет ғылымында (социология), «мекемелердің диаграммасы» – экономикада, «молекулалардың құрылымы» – химияда және т.б. Мұндай сұлбаларды «граф» деп атауға және олардың қасиеттерін жүйелі түрде зерттеуге 1936 жылы ғалымдардың ішінен ең біріншісі болып ұсынған венгір математигі Денеш Кёниг (1884–1944) болды. Ол графтар деп, нүктелерден және оларды қосатын сызықтар мен қисықтардан тұратын жиынды есептеген [2].

Жалпы, ғылымның әртүрлі қолдануларында кездесетін түрлі дифференциалдық теңдеулерді, мысалы химиялық кинетика, химиялық технологиялар, биология, марков үрдістері (процессы) және т. б. графтардағы теңдеулер деп тұжырымдауға болады. Дербес туындылы теңдеулердің кейбір кластары үшін айырымды сұлбаларды да графтардағы теңдеулерге жатқызады.

Осылайша, бір жағынан, теңдеулер теориясының қолданулар аймағы жеткілікті кең болады, екінші жағынан, осындай теңдеулердің және оларды шешу әдістерінің сапалы теориясының құрлымына графтар қасиеттерін пайдалануға мүмкіндік етеді. Демек, дифференциалдық теңдеулердің шешімдерінің әртүрлі жағдайларын графтар арқылы зерттеуге болады.

Графтар теориясының математикаға қатысты емес қолданысын да айтып кеткен жөн. Ол басында *генетикаға* байланысты пайда болды, себебі мұра ретінде берілетін ағзаның әртүрлі белгілерінің жүйесі, хромосомдарда сызықты түрде орналасатын гендар арқылы анықталады [1].

Демек, аталған қолданыстар мүмкін болу үшін графтар жоғары дәрежеде абстрактілі және формалауға жататын (формализованный) болу керек.

Келтірілген мысалдардан басқа да графтар теориясы ғылымның өзге салаларында кең қолданылады, мысалы, электротехникада, менеджменте, логистикада, технологиялық үрдістер мен өндірістерді автоматтандыруда, психологияда, жаранама жасауда.

Геометриялық графтарда әртүрлі дифференциалдық теңдеулермен анықталатын көптеген желідегі есептер кездеседі [4]. Олардың негізгі қойлымдары мен талдауға байланысты өзгешеліктері болады. Желідегі есептердің негізгіне немесе түрлік (типичные) қойлымдарына физикалық түптегі және математикалық түптегі үлгілерді (модели), қойлымдардың әртүрлі өрістеулерін жатқызады. Осылардың әрбіреуі міндетті түрде түрлі дифференциалдық теңдеулермен сипатталатын есептерден тұрады, мысалы ішектерден табылатын тордың (сетка) кішкене көлденең тербелістері, өзекшеден пайда болатын тордың (решетка) тербелістері, молекуладағы электрондардың стационарлық күйі, «Тоқылған мембрана», бифуркация диаграммасы, сызықтық емес модификациялар және т.б.

Енді әрқайсысын анықтап қарайық.

1. *Физикалық түптегі үлгілер.* Физикалық түптегі үлгілерге ішектерден табылатын тордың кішкене көлденең тербелістері, өзекшеден (стержень) пайда болатын тордың тербелістері, су желісі (гидросеть), электр торы, жылу өткізгіштік теңдеуі мен диффузия теңдеуі және молекуладағы электрондардың стационарлық күйі жатады.

Ішектерден табылатын тордың (сетка) кішкене көлденең тербелістері. Тордың әрбір бірөлшемді көрінісі (фрагмент) тербелістердің келесі теңдеуімен беріледі, яғни

$$q(x) \frac{\partial^2 u}{\partial t^2} = \frac{\partial}{\partial x} p(x) \frac{\partial u}{\partial x}. \quad (1)$$

Мұнда, $u(t, x)$ функциясы деформацияны анықтайды. Тордың түйіндерінде, әрбір ішектің түйініне жалғасатын жағынан осы түйінге әрекет жасап жатырған деформацияның үзіліссіздігін және күштердің теңдігін білдіретін, байланыстың шарттары берілген. Аналитикалық жағынан бұл күштердің әрқайсысы бірінші біржақты туынды арқылы сипатталады. Шекарада тордың бекітіліп тұрғанын Дирихле шарттары арқылы білуге болады.

Осындай қойылымдардың мысалдары келтіріледі. Ішектің үлгісіне, оның «геометриялық» күшіне байланысты үлкен мән беріледі, яғни табылған шешім тор қабылдайтын пішін болып есептеледі.

Өзекшеден (стержней) пайда болатын тордың (решетка) тербелістері. Мұнда, әрбір көріністің көлденең деформациясы төртінші ретті скалярлық дифференциалдық теңдеулер арқылы сипатталады, яғни

$$q(x) \frac{\partial^2 u}{\partial t^2} = - \frac{\partial^2}{\partial x^2} p(x) \frac{\partial^2 u}{\partial x^2} + \frac{\partial}{\partial x} r(x) \frac{\partial u}{\partial x}. \quad (2)$$

Тордың түйіндерде буындасу шарттары беріледі.

Ішектерден табылатын өзекшелердің буындалуы торға қарағанда физикалық сипаттық жағдайларда да айтарлықтай әртүрлі болып кездеседі. Мұнда,

$$\frac{\partial}{\partial x} p(x) \frac{\partial^2 u}{\partial x^2} - r(x) \frac{\partial u}{\partial x} \quad (3)$$

біржақты үшінші квазитуындылардың қосындысына тең болатын аталған деформацияның үзіліссіздігінен және сыртқы күштердің теңдігінен басқа, топсалыдан (шарнирная спайка) қатты дәнекерге (жесткая спайка) дейін түрлене алатын, түйіндердегі өзекшелердің нығайтулар түрі есептелуі тиіс. Топсалы дәнекер дегеніміз барлық біржақты екінші туындылардың нөлге теңдігі болса, ал қатты дәнекер – барлық үштік жанама векторлардың компланарлық шарттарын және тордың жазықтығына айналма болатын жағдайлар кескінінің екі теңдік шарттары болады. Шекарада (шекара төбелерінде) өзекшелерге дәстүрлі (қатты немесе топсалы) болатын тордың бекітілу шарттары беріледі.

Мұндай қойылымдардың мысалдары [4] қарастырылады.

Су желісі (Гидросеть). Мұнда, желінің әрбір сызықтық көрінісінде сығымдалатын сұйықтық үшін анықталған бірөлшемді Навье – Стокс теңдеуі табылады, яғни

$$\frac{\partial u}{\partial t} + u \frac{\partial u}{\partial x} - \mu \frac{\partial^2 u}{\partial x^2} = 0. \quad (4)$$

Мұнда, $u(t, x)$ функциясы – ағыстың жылдамдығы. Тордың түйіндерінде қысымдардың үзіліссіздік және жалпы шығынның теңдік шарттары берілген. Қысымдардың үзіліссіздік шарты дегеніміз x айнымалы бойынша $u(t, x)$ функциясының туындылары болады, ал жалпы шығынның теңдік шарты – ол барлық жалғасатын қабырғалар бойынша шығындар қосындысының нөлге теңдігі. Аталған шығын, құбырдың көлденең қимасының (сечение) ауқымына көбейтілген u жылдамдығына тең болады.

Ұқсас үлгілер акустикалық торлар мен су толқындарының үлгілеулерінде (моделирование) табылады. Осындай қойылымдардың мысалдары [3] кездеседі.

Электр торы (сеть). Мұнда, тордың әрбір сызықты көрінісінде таратылған сиымдылығы, индукциялығы және кедергісі бар өткізгіштегі электр тербелістердің теңдеуі беріледі. Ол,

$$p_0(s) u^{(n)} + p_1(s) u^{(n-1)} + \dots + p_n(s) u = f(s) \quad (5)$$

теңдеуден диссипативті мүше бар болуына байланысты өзгеше болатын екінші ретті дербес туындылы теңдеуімен сипатталады. Тордың түйіндерінде потенциалдың үзіліссіздік шарты және Кирхгоф заңдары ретінде белгілі токдардың теңдік шарты берілген.

Ұқсас үлгілер нейрон торларының сипаттамасы үшін де кең қолданылады (мысалы [4]).

Жылу өткізушілік теңдеуі мен диффузия теңдеуі. Мұнда, әрбір қабырғада (жылуды өткізетін элементе) келесі түрдегі классикалық жылу өткізушілік теңдеуі беріледі:

$$C(x) \frac{\partial u}{\partial t} = \frac{\partial}{\partial x} p(x) \frac{\partial u}{\partial x}. \quad (6)$$

Тордың түйіндерінде температураның табиғи үзіліссіздік және жылу ағынның теңдік шарттары беріледі. Осындай үлгілер зерттелген.

Жоғарыда көрсетілген барлық есептер дербес туындылы теңдеулермен сипатталады және динамикалық болып есептеледі. Теңдеудің стационарлық шешімдерін іздеген кезде дербес туындылы теңдеулер қарапайым дифференциалдық теңдеулермен ауыстырылады. Осы кезеңде Фурье әдісі қолданылатын болса, графтағы спектралды есептер табылатын болады.

Молекуладағы электрондардың стационарлық күйлері қабырғаларда

$$-u'(x) + q(x)u = k^2 u \quad (7)$$

теңдеулері бар, үзіліссіздік және ағынның (потоки) теңдік шарттары орындалатын спектралды есеппен сипатталады. Аталған шарттар біржақты бірінші туындылар қосындысы арқылы анықталады. Мұнда, ішек пен өзек жүйелерінің үлгілерінен өзгеше болатыны шекарада Дирихле түрлі шарттар емес Нейман түрлі шарттардың берілуі. Нейман түрлі шарттар дегеніміз бірінші туындының нөлге теңдігі.

Молекуланың «сыртқы кеңістікпен» өзара әрекеті екі операторлардың бірлесе өзтүйіндес өрістеу (расширение) атауында (термины) сипатталады. Олар, желідегі

$$-u'(x) + q(x)u \quad (8)$$

операторы және кәдімгі үшөлшемді кеңістіктегі Лаплас операторы болады. Негізінде, молекуланың сыртқы кеңістікпен өзара әрекеті желінің «түйіндері арқылы» анықталады, соның ішінде қоршаған

кеңістіктегі потенциалдың ерекшеліктері желідегі потенциалдың ерекшеліктерімен байланысты болып келеді.

Молекуланың «сыртқы ортамен (мир)» өзара әрекеті есебі жоғарыда қарастырылған есепке ұқсас қойылады, егер «сыртқы орта» желі түйіндерінен шығатын шексіз сәулелерден құралатын болса.

Мұндай үлгінің дискретті ұқсастығы (дискретный аналог) [40] қарастырылған.

2. *Математикалық түптегі үлгілер.* Математикалық түптегі үлгілерге «Тоқылған мембрана» мен бифуркация диаграммасын жатқызуға болады.

«Тоқылған мембрана» (*Тканая мембрана*). Аймақтағы екі өлшемді Лаплас операторы осы аймақты жақындататын жеткілікті қою желідегі, жергілікті (локально) бір өлшемді операторға ауыстырылады. Мұндай, аппроксимация кәдімгі дискретизацияға қарағанда «барлық ені бойынша» аппроксимацияланатын мембрана спектрінің толық суретін береді, яғни «төменнен» емес «жоғарыдан». Мұнда, «төменнен» ұғымы тек қана бірен – сарандап дегенді білдірсе, «жоғарыдан» түсінігі – салу (еңгізу) бойынша дегенді анықтайды [3].

Бұл үлгілерде шегіне жетіп өту ұғымы перфориланған аймақтар үлгілеріндегі шегіне жетіп өту түсінігіне ұқсайды, айырмашылығы тек қана келесіде перфориланған аймақтар үлгілеріндегі сызықтық көріністердің қалыңдығы нөлдік емес болады.

Бифуркация диаграммасы. Егер $f(x): R^2 \rightarrow R$ – шексіздікте өсетін жеткілікті тегіс функция болатын болса, онда әрбір $C \in R$ үшін денгейдің сызығы, яғни әрбір $\{x: f(x) = C\}$ жиыны өзіменқиылыспайтын тұйық қисықтардың (циклдардың) шексіз немесе шекті сандарының біругіні білдіреді. C өзгерген уақытта тым күрделі тыс мәндерде қисықтар үзіліссіз деформацияланады және әрбір үзіліссіз деформацияланатын циклдардың жиынтығын (семейство), әрбір нүктесі өзінің циклына сәйкес келетіндей, кейбір сызықтық кескінге салыстыруға болады. C – ның тым күрделі тыс мәндерді өткен кезде циклдар бірігеді (немесе ажырайды). Ұйқас сызықтық көріністер атауында бұл нәрсе екі әртүрлі көріністердің «түйісуі» (стыковка) және біреуінің әріғарата жалғасуы ретінде анықталады. Мұнда, параметрланатын жиын ретінде кейбір граф табылады. Егер де осы графтың кез–келген нүктесіне сәйкес келетін циклдың ана немесе мына сипаттамаларын қоятын болсақ, онда осы параметрлардың өзгеру динамикасын, түйісу нүктелерінде баланс түріндегі шарттары бар, дифференциалдық теңдеулер арқылы анықтауға болады.

Ұқсас үлгілер, сұйықтықтағы құйынды ағыстын бифуркацияларын зерттеуде де кездеседі [4].

3. *Қойлымдардың әртүрлі өрістеулері.* Қойлымдардың әртүрлі өрістеулеріне сызықтық емес модификацияларды, векторлық есептерді, кері (қайтымды) есептерді, шектік басқарылымдылық есебін және стратификациялық көпбейнелердегі теңдеуді жатқызады.

Сызықтық емес модификациялар. Мұнда, желідегі сызықтық емес толқындар, сызықтық емес теңдеулер үшін спектралды есептер [4], сызықтық емес теңдеулер үшін шеттік есептер және т.б. жатады.

Векторлық есептер. Мысал ретінде аралар ұясының (соты) үлгісін алайық: яғни әрбір қабырғасында екінші ретті бір теңдеуден және төртінші ретті екі теңдеулерден тұратын жүйе берілген гексагональдық тор бар. Мұнда, екінші ретті теңдеу ұзыннан (продольные) тербелістерді бейнелесе, төртінші ретті теңдеулер көлденең (поперечные) тербелістерді сипаттайды.

Тордың түйіндерінде үзіліссіздіктің және күштің теңдік шарттары беріледі.

Есептің өзгешелігі мынада, координаталар өсінің кескінінде бір қабырғаларға қимыл жасайтын ұзындық күштері екінші қабырғаларда қимыл жасайтын көлденең күштеріне теңдеседі. Осының арқасында қарастырылып жатырған есеп шектік шарттармен «қатты байланыстырылған» («сильно перевязанной») деп есептеледі.

Кері (қайтымды) есептер. Графтың теңдеулер үшін *кері есептер* барлық жағдайларда табылады, тек қана дәстүрлі қойлымдарда анықталу керек деген шектеу болмайды. Мұнда, дәстүрлі қойлымдар дегеніміз Штурм–Лиувилль есебі үшін спектр бойынша потенциалді қалпына келтіру. Графты маңызды болып келетін «Кац есебі» – де бар. Ол – графтың спектрі бойынша оның пішінін (құрылымын) қалпына келтіру туралы есеп. Алайда, бұл бағыттағы алғашқы нәтижелер теріс сипатта болды [мысалы, 3].

Шектік басқарылымдылық есебі. Эволюциялық жүйенің түрі алғашқы күйінен бастап желідегі шектік төбелеріне ықпал етудің арқасында берілген күйге ауыстырылады. Белгілі болған жайт, қазір шектік басқарылымдылық теория қағидасында В. А. Ильинның жұмыстарымен ашылған жаңа ғылыми бағыттар пайда болды. Олар конструктивті және салыстырмалы басқарылымдылықтар.

Осындай қойылымдар лайықты даму жолдарын табатын желілердегі басқарылымдылықтар үшін де табиғи болып келеді.

Стратификациялық көпбейнелердегі теңдеуі [3]. Бұл ең бірі болып табылатын желідегі теңдеудің табиғи жалпылауы: бір өлшемді көріністерден тұратын жиынның орнына, көбіне көп өлшемді көріністерден құралған жиын қарастырылады. Мұндай жиындар *стратификациялық* деп аталады. Шетелдік басылымдарда аталған ұғым *бұтақталған (ветвящаяся) кеңістік* атымен қолданылады [4]. Осылайша, кәдімгі куб бір үш өлшемді, алты екі өлшемді, он екі бір өлшемді және сегіз нөл өлшемді страттардан тұратын *стратификацияланған көпбейне* болады. Мұнда, бір үш өлшемді страт кубтың үшкі жағын, алты екі өлшемді страттар – қырын (толығырақ айтатын болсақ ішкі қыры), он екі бір өлшемді страттар – қабырғаларын және сегіз нөл өлшемді страттар – төбелерді анықтайды. Осындай түрдегі үлгілерді, мысалы қырларында және қабырғаларында серпінді (упругие) өздік (кубтың ішкі жақтарындағы серпіндіге ақелмейтін) қасиеттер пайда болған уақыттағы серпінді есептерде кездестіруге болады. Мұндай жиының мысалы ретінде мембранамен тартылған ұйымдары бар ішектік тор қарастырылады.

Мұнда, мембрананың шеті жабыстырылған ішекте мембрананың «шеттік шарты» ішектегі дифференциалдық теңдеуімен бір ара қатынасқа беттеседі. Сонда, жанамалық бағыт бойынша екінші туындының теңдік түріндегі шартты табылады.

Стратификацияланған жиынындағы дифференциалдық теңдеулер атауларында ұқсас болып қатты қабырғалары бар қабатты (пластинчатая) құрылыс сипатталады.

Желідегі есептердің математикалық формализациясымен байланысты болатын негізгі мәселе – жинақтау (синтез) мәселесі. Әдетте әрбір қабырғада сипатталатын үрдіс – кескінде жақсы зерттелген есеп. Ал қабырғадағы аталған үрдістерді бір жиынтыққа біріктіру мәселесі маңызды қиыншылықтарға тап келеді, себебі осы уақытқа дейін салмақты, терең талдау үшін анық болып есептелінген әдістемелер тым жеңіл–желпі және жеткілікті емес тәсілдер болып қалады. Қазіргі таңда аталған жұмыстарды жасауға пайдаланылып жүрген типтік әдістемелер қатарына скалярлық, векторлық, синтетикалық және интегралдық әдістемелер жақызуға болады.

Скалярлық әдістеме. Скалярлық әдістеме – түйіндердегі желіні жіктеу және оның қабырғаларын бір сызыққа «қалау» туралы зерттеуге сәйкес келетін

ең қарапайым әдістемелердің бірі. Мұнда, кез–келген қабырға $a_0 < a_1 < \dots < a_r$, r – қабырғалар саны

заттық өсінің $[a_i, a_{i+1}]$ өзінің кескінімен параметрленеді. Нәтижесінде $[a_0, a_r]$ кескінінде кәдімгі

дифференциалдық теңдеу табылады. Ол аталған кескінің a_i нүктесінен басқа барлық нүктелерінде беріледі, себебі бұл нүктеде дифференциалдық теңдеу шеттік шарттармен алмастырылады. Демек, дифференциалдық теңдеудің математикалық үлгісі ретінде көп нүктелі тегіс емес шеттік есеп табылады. Мұндай тәсіл желінің құрылымында ауытқымайтын (принципиальные) мәндер болмайтын жағдайда тиімді болып саналады, мысалы Штурм–Луивильдің спектралды есебі үшін

$$\lambda_n = \frac{\pi^2 n^2}{l^2} + O(n) \quad (9)$$

түрдегі ассимптотиканы табуда.

Қарастырылып жатырған скалярлық әдістеме желідегі шеттік есептердің жалпы қасиеттерінің қатарын анық етіп көрсетіге мүмкіндік береді. Бірақ, бұл әдістемеді графтың төбелеріндегі келісім шарттарды іздеу қиындыққа соғады және аналитикалық зерттеу де мүмкін емес болып табылады.

Векторлық әдістеме. Векторлық әдістемеді желінің кез–келген қабырғасы сол бір кескінмен параметрленеді, ал шешімдер қабырғалардың алдын ала нөмірлеуіне сәйкес нөмірленеді. Бұл шешімдердің терімі векторлық дифференциалдық теңдеуді қанағаттандыратын вектор–функцияны анықтайды, ал графтың төбелеріндегі келісім шарттар екі нүктелі шеттік шарттар деп есептелінеді.

Аталған әдістемеді скалярлық әдістеменің орнына қолдануға болады, себебі оны алдыңғы тәсілдің сырттай «алмастырушысы» деп санайды.

Векторлық әдістеме скалярлық әдістемемен қатар абстрактілі функционалды–аналитикалық нәтижелерге сүйенетін конструкцияларда да пайдаланылады.

Синтетикалық әдістеме. Бұл әдістемеді желіні геометриялық объект ретінде қарастырылуына байланысты болып келеді. Және дифференциалдық ара қатынастардың барлық жүйесі де бір жиынтық

ретінде алынады. Сондықтан қабырғалардағы дифференциалдық теңдеулерде, графтың төбелеріндегі келісім шарттарды да бір дифференциалдық теңдеудің таратуы деп есептейді.

Интегралдық әдістеме. Синтетикалық әдістеме, векторлық немесе скалярлық әдістемеге қарағанда, өте ыңғайлы әдістеме болып келеді және аса терең, мағыналы нәтижелерді табуға мүмкіндік жасайды. Мұнда, қабырғалардағы теңдеулердің түсіндірілуі (интерпретация) көпбейнеліктердегі дифференциалдық теңдеулермен қатар. Ол нәрсе, графтың әрбір қабырғасын қайта есептеу ережелері бар параметрлеумен жетістіру қажет дегенді білдіреді.

Осы мәселені шешу үшін өлшем ұғымын және өлшем бойынша дифференциалдауды енгізу қажеттілігі туындайды. Расында, егер $\frac{1}{p(x)}dx$ – ті $d\sigma$ арқылы, $q(x)dx$ – ті $d\mu$ арқылы, ал $f(x)dx$ – ті dF арқылы белгілесек, онда

$$-(p(x)u')' + \lambda q(x)u = f(x) \quad (10)$$

түріндегі дифференциалдық теңдеу келесідегідей болып жазылады:

$$-\frac{d}{d\mu}\left(\frac{du}{d\sigma}\right) + \lambda u = \frac{dF}{d\mu}. \quad (11)$$

Соңғы әдістеменің «кемшіліктері» болсада, мағына бойынша ол ең табиғи құрал болып келеді.

Негізінде, қойылып жатырған есептерге және олардың мақсаттарына байланысты жоғарыда келтірілген әдістемелерді біріктіруге тура келеді. Бірақ, аталған әдістемелердің ішінде негізгі болып синтетикалық әдістеме саналады, себебі ол дифференциалдық теңдеуді де, графтың төбелеріндегі келісім шарттарды да жете сипаттауға жақсы көмектеседі, табылған нәтижелердің тұжырымдамасы да қысқа болып табылады. Демек, оны желідегі дифференциалдық теңдеулердің өте пайдалы және тиімді әдістемесі деп қорытындылауға болады.

Пайдаланған әдебиеттер

1 Басакер Р., Саати Т. Конечные графы и сети // Перевод с английского Буркова В.Н., Ловецкого С.Е., Соколова В.Б. / Под ред. Теймана А.И. Издательство «Наука», Главная редакция физико-математической литературы. Москва, 1974. – 368 с.

2 Берж К. Теория графов и ее применение// Перевод с французского Зыкова А.А. /Под ред. Вайнштейна И.А. Издательство иностранной литературы. Москва, 1962. – 320 с.

3 Шамишева А.С., Шаждекеева Н.Қ. Дифференциалдық теңдеулердің графтар арқылы кескіні // БІЛІМ–ҒЫЛЫМ–ҚОҒАМ: ӨЗАРАЫҚПАЛДАСТЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ МЕН ПЕРСПЕКТИВАЛАРЫ атты халықаралық ғылыми–практикалық конференциясының материалдары. Баспа бөлімі «Жетісу университеті». Талдықорған қаласы, 2013 ж. –1–бөлім. – 531-534 б.

4 Шамишева А.С., Шаждекеева Н.К. Желідегі есептер және геометриялық графтардағы дифференциалдық теңдеулер // «Тенденции и перспективы развития науки и образования в условиях глобализации» атты I халықаралық ғылыми–практикалық интернет–конференциясының материалдар жинағы. ГВУЗ «Переяслав–Хмельницкий государственный педагогический университет имени Григория Сковороды», ғылыми еңбектер жинағы. Переяслав-Хмельницкий қаласы, 2015 ж. – 1– бөлім. – 191-194 б.

5 Завгородний М.Г., Покорный Ю.В. О спектре краевых задач второго порядка на пространственных сетях // Успехи математических наук. 1989. –Т.44, № 4.– С. 220-221.

САБАҚТА ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯДАН ПАЙДАЛАНА ОТЫРЫП ОҚУШЫЛАРДЫҢ ОЙЛАУ ҚАБІЛЕТТЕРІН ДАМУ

Бабажанова Гулнора, Ә.Науаи атындағы № 13 мектеп-гимназияның бастауыш сынып мұғалімі,
Түркістан қ.
E-mail: tmt1967@bk.ru

Кілттік сөздер: жаңа технология, Джиксо тәсілі, Insert стратегиясы, шаттық шеңбері, шығармашылық жұмыс

Ключевые слова: новые технологии, метод Джиксо, стратегия Insert, круг радости, творческая работа

Keywords: new technologies, Jixo method, Insert strategy, circle of joy, creative work

Резюме: Для развития способностей ученика необходимо рано начать развитие творческих способностей, систематически заниматься творчеством и создавать для этого условия. Опыт показал, что это дает хорошие результаты. Нами были созданы условия для саморазвития. С помощью метода Джиксо делится на группы в зависимости от возраста учащихся, чтобы они могли свободно выражать свои мысли и работать в группах. В конце урока ученик оценил урок в соответствии со стратегией INSERT и мог записать свои мысли. Каждый из этих подходов побуждает учеников к творчеству.

Summary: For the development of the schoolboy abilities it is necessary to start the development of creative abilities, to systematically engage in creativity and create this condition. Experience has shown that this gives good results. They created the conditions for self-development. With the help of the Jixo method, students are divided into groups depending on their age, so that they could freely express their thoughts and work in groups. At the end of the lesson the student evaluated the lesson in accordance with the strategy INSERT and could record their thoughts. Each of these approaches encourages schoolboy to be creative.

Жаңа технологияларды өзін-өзі тану пәнін оқыту кезінде үнемі пайдалану арқылы оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттыруға болады. Кез - келген сабағын қызықты өткізу үшін ізденіс жасап, жаңаға ұмтылу жұмысын жүргізу әрбір ұстаз үшін мәңгілік бұлжымас қағида. “Оқытып жүріп, өзіміз де үйренеміз” қағидасын ұстанған әрбір ұстаз үшін өзінің әрбір сабағы бірінші өзіне жаңалық болуы тиіс. Ұстаздың өзі – ізденуші десек, әрбір сабақта озық технологияларды пайдаланып, оқушы үшін қызықты етіп өткізу әрине жақсы нәтижелер береді. Ұстаз әркез ізденуші шығармашыл бола білсе, өзі үшін білім жинақтайды, оқушы үшін сабақты қызықты ете алады. Оқушының шығармашылық қабілетін дамытуда шығармашылықты дамытуды ерте бастау, жүйелі түрде шығармашылық әрекеттегі жағдайда болу, шығармашылық іс-әрекетке жағдай туғызу қажет екендігін ескеру жақсы нәтиже беретінін тәжірибеміз көрсетіп отыр. Яғни біз жағдай туғызу арқылы оқушылар ойлай білуге үйретеміз. 2-сыныпта «Дос болайық бәріміз» тақырыбында өзін-өзі тану сабағында оқушыларды капитан ойынымен топқа бөліп сабақ жүргіздік. Бұл оқушылардың қарым - қатынасын дамытуға көмектесіп, оқушылардың топта ынтымақтастықпен жұмыс жасауына көп ықпалын тигізді. Диалогтық оқыту бойынша жетекші сұрақтар беріп, өткен сабақты қайталау жасады. «Рөлдік оқыта үйрету» ойынымен үй тапсырмасы сұралды. Сонымен қатар сабақ барысында оқушыларға достық туралы бейне материал ұсынып, сыни ойлауын дамытып, шығармашылығын шыңдау мақсатында тақырыпқа байланысты оқушыларға жетелеуші сұрақ қойылды. ДЖИКСО тәсілі арқылы, топтарға мәтінді бөліп бере отырып, оқушылардың ойын еркін айтып, топта жұмыс жасауы үшін жас ерекшеліктеріне байланысты «Дос дегеніміз не?» тақырыбында ассоциация құрып оны қорғау тапсырылды. Топтар өзара басбармақ тәсілімен бағалады. Сабақ соңында INSERT стратегиясы бойынша сабақты «Өте жақсы», «Жақсы», «Орташа» өз ойларын жазып қалдырды. Осы тәсілдердің әрбіреуі оқушыны шығармашылыққа баулиды.

«Өзін-өзі тану» пәнінің оқу-әдістемелік құралдары оқушылардың қоғамға және өз-өзіне қызмет етуіне бағытталуын, олардың жасампаздық белсенділігін танытуға мүмкіндік беретін өмірлік маңызы бар, кең ауқымды біліктілік дағдыларды қалыптастыруға көмектеседі. Өзін-өзі тану бойынша білім берудің негізгі мақсат-мүдделеріне келсек, ол адамның өзіндік бейімділіктерін ашу және оның темпераментін, мінез-құлқын, қабілеттерін ескере отырып, оны жеке тұлға ретінде, іс-әрекет субъектісі әрі жеке дара субъект ретінде дамыту, оқушылардың өзіне, қоршаған ортаға және бүкіл адамзатқа

деген қарым-қатынасын айқындайтын адамгершілік мінез-құлықтарының, әлеуметтік маңызы бар бағдарларының негізін қалыптастыру, қоғамға қызмет етуге бағытталған мәселелерді шешуде жеке тұлға құндылықтарын, алған білімдерін іс жүзінде шығармашылықпен қолдану дағдыларын қалыптастыру болып табылады. Сондықтан оқушылардың күнделікті өмірде қоршаған ортамен қарым-қатынаста бола отырып, әлемге деген сүйіспеншілікке, мейірімділікке, сыйлауға әдеттенуді қажет деп қабылдайтынын байқадық. Өзін-өзі тану сабақтарында қолданылатын әдіс тәсілдерге келсек, алдымен шаттық шеңбері.

«Шаттық шеңбері» сабақты көтеріңкі, жақсы көңіл күймен ұйымдастыруға бағытталған сабақтың бас кезеңінде қолданылатын әдістемелік тәсіл. Мұғалімнің балалармен бірге құрған шеңберінде олар бір-бірімен еркін қарым-қатынас жасайды, әр түрлі әндер мен өлеңдер айтады. «Шаттық шеңберінің» педагогикалық тұрғыда маңызы зор. Өйткені мұнда әрбір бала өзін еркін сезінетін үлкен достық шеңберіне қабылданғанын түсінеді, өзіне сенімі артып және өзгелердің де сеніміне ие болады.

Келесісі «Тыныштық сәті» — релаксация тұрғысындағы әдістемелік тәсіл. Толық тыныштықта баланың жүрек соғу ырғағы мен тыныс алуы реттеледі, денесі жеңілденеді. Ол өз ойын жинақтай алу мүмкіндігіне ие болады, өзінің ішкі «Менін» түсіне алады, өзінің сезімі мен көңіл күйін жақсы сезінеді. Мұғалім балаларға осы жаттығуды орындату барысында олардың дене қалпына, тыныс алуы мен денесін бос ұстай білуіне баса назар аударуы тиіс.

«Өзіммен-өзім» тәсілінде баланың өзін және өзінің жүрегін тыңдай білуіне септігін тигізеді. Ол баланың сезімі мен эмоциясын, жалпы рефлексияға қабілеттерінің дамуын ынталандырады. Осы тәсіл балаларға жайлы әсер етеді, олардың қиялын дамытады, топтағы мінез-құлыққа жағымды ықпал етеді және әдетте, материалды жаңадан түсіну барысында пайдаланылады. Осы мақсаттарды жүзеге асыру барысында мұғалімнің сөзі, сондай-ақ ұнтаспалар, бейнетаспалар қолданылады. «Мәтін оқу» — оқушылардың білімін және адамгершілік қасиеттер мен құндылықтар туралы түсініктерін кеңейтуге, оқу іскерліктерін дамытуға бағытталған әдіс. Оқушылардың танып-білуге құштарлығын арттыру мақсатында үлкендермен бірге және өз бетінше көркем шығармаларды оқу ұсынылады. Бұл әдіс оқушылардың ойын, жадын, эмоционалдық күйін, еркіндігін дамытады.

«Сабақтың дәйексөзі» әдісінде оқушылардың танымдық белсенділігін арттыруға, оқу материалын эмоционалдық-бейнелі тұрғыдан қабылдауға ықпал ететін өзін-өзі тану сабақтарының міндетті элементі болып табылады. Сабақтың дәйексөзі ретінде халық даналығы, халық мақалы, нақыл сөз, даналық сөз, ұлғатты сөз алынады.

«Әңгімелеу» әдісінде оқушылардың әңгіме, ертегі, өсиет әңгіме, өлеңдерді ұжым болып тыңдауына жақсы жағдайлар тудыратын сөйлеу мен ойлау іс-әрекеттерінің маңызды түрі. Балалар осы әдіс арқылы әңгімені тыңдай және есіте білуді, сезіне алу және сезіммен қабылдауды, ойдан өткізу мен талдай алуды үйренеді. Шығарманы үзіліспен әңгімелеу сияқты амал-тәсілдері қолданылады: әңгімелеу, сахналық элементтер бірлігінде жүзеге асырылады.

«Шығармашылық тапсырмада» өзін-өзі тану сабағындағы оқушылардың топтық жұмысының маңызды бөлігі. Оған рөлдік ойындар және жаттығулар, сурет салу және театрландырылған көрініс, макет, плакаттар дайындау кіреді. Оқушылар мұнда өздерінің шығармашылық мүмкіндіктерін ашады, өздері жасаған және қайта жаңғыртқан образдары арқылы өзіндік «Мені» байқалады. Бірлескен шығармашылық әрекет оқушылардың ынтымақтастық, шыдамдылық, елгезектік өз пікірін айта білу және өзінің пікірін сыйлау сияқты қасиеттерді сезінеді, өзіне сенімділік қалыптасып, өз қабілетіне және шығармашылық мүмкіндігіне сенімі нығаяды. Бірлескен шығармашылық әрекет балаға да, үлкен адамға да тақырыпты тереңірек түсінуге, бір-біріне сенуге, бір-біріне құрметпен, қамқорлықпен қатынас жасауға көмектеседі.

«Жүректен жүрекке шеңбері» ерекше эмоционалдық шегі болып табылады. Балалар бір-бірімен бөлісіп, тілек айтып, сабақ тақырыбын меңгеруге мүмкіндік береді.

«Өзін-өзі тану» бойынша сабақтар құрылымы мақсатқа сәйкес, көлемі мен мазмұны жұмыс істеу үшін жеткілікті, материалды баяндау формасы шектелген, баяндау әдістері «Өзін-өзі тану» адамгершілік - рухани білім беру пәнінің мазмұнын ашып көрсеткен және балалармен шығармашылық тапсырмалар бірлескен топтық әрекетке, балалардың өзіндік әрекетіне бағытталған. «Әңгімелесу» әдісі балалардың тақырып мазмұнын түсінуіне мүмкіндік беретін дидактикалық тәсілдің сұрақтар мен жауаптар түріндегі қарым-қатынас формасы. Әрбір бала өзінің пікірін айта алады, тақырыпқа өзінің көзқарасын білдіре алады, өзін ойландыратын сұрақтарды қоя алады. Мұғалім балалардың өз пікірлерін айтуын қолдап отырады, оларға ойлана алуды, жағдайларға және іс-әрекеттерге адамгершілік тұрғысынан баға бере білуді үйретеді.

«Ойын», «Жаттығу» оқыту әдістері балалардың танымдық қызығушылықтарын арттыру мен жаңа игерілген түсініктері мен іскерліктерін бекітуге арналған. Ойын әрекеттері мен жаттығулары арқылы баланың жеке тәжірибесі негізінде оқу материалының мазмұны жүзеге асырылады. Балалар ойындар мен жаттығулар нәтижесінде құрбыластарымен жағымды қарым-қатынас жасау дағдыларына ие болады, өмірлік дағдыларды меңгереді. «Шығармашылық жұмыс» әдісі өзін-өзі тану сабағының маңызды бөлігі. Шығармашылық жұмыс сурет салу, макеттер, коллаждар мен өлең, әңгіме құрастыру және т.б. түрінде жүзеге асырылуы мүмкін. Бұл тәсіл балалардың шығармашылық шабытын аша түсуге, олардың символдарды, бейнелер мен әрекеттерді ұғынуы арқылы өзіндік «Менін» көрсете алуына септігін тигізеді. Бірлескен шығармашылық әрекет оқушылардың ынтымақтастық, шыдамдылық, ынталылық сияқты адами қасиеттерді ұғынуына, өзінің пікірін айту мен басқалардың пікірін құрметтей білу дағдыларын дамытуға мүмкіндік береді, балалардың өз күшіне сенімділігін, өзінің қабілеттері мен шығармашылық мүмкіндіктеріне сенімдерін қалыптастырады, жауапкершілікке, дербестілікке тәрбиелейді.

«Жаттығу-ойлану» - балалардың өмірдің тәлімдік-танымдық жағдайларының мәнін ұғына білу мен нақты өмірлік жағдайларды бағалай білу дағдыларын дамытуға, өзінің ойы мен ісіне, әрекеттеріне жауапкершілігін қалыптастыруға ықпал ететін әдістемелік тәсіл. Жаттығу-ойлану тапсырмалары болып нақты өмірлік жағдаяттар, мақал-мәтелдер, тәлімдік-танымдық мәні бар өлең жолдары табылады. Балалардың мақал-мәтелдерді өлең жолдарының тәлімдік, өмірлік мәнін талдауы және жағдайларды талқылауы арқылы олардың ойлана білуге, өзін және өзгелерді бағалай алуға икемділігі артып, адамдармен, айналасымен жағымды қарым-қатынас жасау дағдылары қалыптасады.

Жаттығу-ойлану жұмыстарын орындау барысында ойлануға берілетін уақытты тапсырмалардың күрделілігіне қарай мұғалімнің өзі белгілейді.

«Сергіту сәті» кезінде сабақ үстінде балалардың жалығуы мен шаршағандығын ұмыттыратын, бойларын сергітуге қажетті сабақтың құрамдас бір бөлігі. Сергіту жаттығулары бір іс-әрекет түрінен екіншісіне ауысатын сәтте қысқа ойындар, қимыл-қозғалыстар түрінде қолданылады. Осы тәсіл топтың көңіл күйін көтереді, оқуға, білуге ынтасын дамытады, жылдам назар аударуын күшейтеді, ұжымның ұйымшыл болуына ықпал етеді.

«Сахналау» — бұл тәсіл өзін-өзі тану сабақтарында оқу материалының мазмұнын эмоционалдық-сезімдік күймен тиімді қабылдау мақсатында әр түрлі жағдаяттарды балалардың өздері рөлдерде орындауы арқылы ұйымдастырылады.

“Қорытындылау” кезінде сабақ барысында айтылған ойларды мұғалімнің өзі немесе балалармен бірге жинақтап қорытуға бағытталған әдістемелік тәсіл.

«Үй тапсырмасында» баланың сабақ тақырыбына және сабақта меңгерген білімдері мен игерген іскерлік, дағдыларын бекітуге қызығушылығын арттыратын тәсіл. Балалар үй тапсырмасын дәптерлеріне өз бетінше немесе үлкендермен бірге орындайды. Бұл балалар мен үлкендердің бірін-бірі жақсы түсінуіне септігін тигізеді. Балалардың үй тапсырмасын қызығушылықпен, жақсы көңілмен орындауы үшін дәптерге олардың көмекшілері – Данышпан ата, ақылды ұл мен қыз – Алпамыс ерекше эмоционалдық шегі болып табылады. Балалар бір-бірімен бөлісіп, тілек айтып, сабақ тақырыбын меңгеруге мүмкіндік береді. «Шығармашылық тапсырмада» өзін-өзі тану сабағындағы оқушылардың топтық жұмысының маңызды бөлігі. Оған рөлдік ойындар және жаттығулар, сурет салу және театрландырылған көрініс, макет, плакаттар дайындау кіреді. Оқушылар мұнда өздерінің шығармашылық мүмкіндіктерін ашады, өздері жасаған және қайта жаңғыртқан образдары арқылы өзіндік «Менін» көрсетеді. Бірлескен шығармашылық әрекет балаға да, үлкен адамға да тақырыпты тереңірек түсінуге, бір-біріне сенуге, бір-біріне құрметпен, қамқорлықпен қатынас жасауға көмектеседі.

Сонымен, жоғарыда айтылған оқыту әдістері оқушы балаларды жалықтырмай, белсенділіктерін арттырып, өз ойларын жеткізуге, тұлға болып қалыптасуларына мүмкіндік жасайды.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Республикалық ғылыми әдістемелік журнал.- 2019- 2020 ж.
2. «Өзін-өзі тану KZ»журналдары. – 2020.
3. Республикалық ғылыми әдістемелік журнал. «Өзін-өзі тану KZ».-2019
4. Қоянбаев. - Педагогика. - Алматы,- Мектеп - 2000 ж.

АТЫРАУ ӨңІРІ БОЙЫНША АУАҒА ШЫҒАРЫЛАТЫН ЗИЯНДЫ ЗАТТАР КӨЛЕМІ ЖӘНЕ ҰСЫНЫЛАТЫН ШАРАЛАР

С.С.Шамшеденова, магистр, аға оқытушы
Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті, Атырау қ.
E-mail: s.shamshedenova@asu.

Кілттік сөздер: атмосфералық ауа, ауаның ластануы, өндірістік орындар, қышқылды жауындар

Ключевые слова: атмосферный воздух, загрязнение воздуха, промышленные объекты, кислотные дожди

Keywords: ambient air, air pollution, industrial facilities, acid rain

Түйіндеме: Өндіріс мекемелерінің түтүнінің зияндылығы олар ауаға қос тотықты күкірт, күкірт сутегі, көміртегі тотығы, азот тотықтарын, көмірсутегілерін шығарады. Атыраудағы өндіріс мекемелерінің ауаға шығаратын зиянды заттарына аса назар аударуымыздың ғылыми негіздері бар. Қазіргі күнгі экологиялық проблемалардың бірі – ол қышқыл жаңбырлар. Соңғы жылдары Атырау өңірінің атмосфералық ауасы өте лас екенін Казгидромет мәліметтерінен көріп отырмыз, осы мәселе халықты мазалайды. Күрт дамыған мұнай-газ өндірістерінің түтіндерінен атмосфера құрамына енген күкірт қостотығы және азот тотығы атмосферада ылғалданып, күкірт және азот қышқылдарына айналды. Нәтижесінде, жерге жауатын жаңбыр, қар қышқылданады. Қышқыл жаңбырлар биосферада жүріп жатқан көптеген процестерге әсерін тигізеді. Қышқылдар топырақ құрамындағы өсімдіктердің өсіп –жетілуіне керек болатын қажетті заттармен бірге улы ауыр және жеңіл металдардың (қорғасын, кадмий, алюминий т.б) еруіне мүмкіншілік туғызады.

Облыстың әуе бассейні ластануының негізгі үлесі (85% - дан астам) мұнай-газ өндіру және мұнай өңдеу шаруашылық қызметімен айналысатын кәсіпорындарға тиесілі.

Соңғы жылдарда атмосфераға ластаушы заттардың нақты шығарындылары көлемінің өте көтерілгені байқалады, бұл "Қашаған" кен орны мен "НКОК" компаниясының "Болашақ" зауытының іске қосу-жөндеу жұмыстарының басталуына байланысты. Бүгінгі таңда "НКОК" компаниясы мұнай өндірудің өндірістік көрсеткіштерінің екінші кезегіне шықты.

Сондай-ақ қазіргі уақытта "Теңішевройл" ЖШС Болашақ кеңейту жобасы (БКЖ) шеңберінде өндірісті одан әрі кеңейту жұмыстарын жүргізуде.

Атырау қаласының атмосфералық ауасының ластануына қаладағы кәріздік-тазарту құрылыстарының жоқтығы елеулі үлес қосуда. Күкіртті сутегін бөлу көздерінің негізгілері "Тухлая балка", "Квадрат" булану алаңдары және кәріздік-сорғы станциялары болып табылады. Атмосфералық ауаның ластануының себебі ағындардың күкіртсутегінің ерітілген газымен қанығуы және оларды "Тухлаябалка" және "Квадрат" булану алаңдарына тазартусыз одан әрі төгу болып табылады.

ҚР Энергетика министрлігі Экологиялық реттеу және бақылау комитетінің деректері бойынша Атырау қаласының атмосфералық ауасының күкіртсутегімен жоғары және өте жоғары ластануының негізгі себебі қала аумағында орналасқан өнеркәсіптік кәсіпорындар ("Атырау мұнай өңдеу зауыты" ЖШС, "ҚазТрансОйл" АҚ АНУ ЗФ 663 км "мұнай айдау станциясы", "сұйытылған мұнай газын сақтау паркі"), қаланың оң жақ жағалауындағы "Квадрат" жинақтаушы тоғаны, сондай-ақ сол жақ жағалаудағы "Тухлая балка" булану алаңы болып табылады.

Кездейсоқ графтың Эрдеш-Реньи моделі. Бұл модельді ХХ ғасырдың 50 - 60 жылдарының басында сол замандағы комбинаторика мен ықтималдықтар теориясының классиктері П.Эрдеш пен А.Реньи ұсынған. Пал Эрдеш (1913-1996) сол кездегі математика ғылымының комбинаторика, графтар теориясы, математикалық талдау, сандар теориясы, жиындар теориясы, ықтималдықтар теориясы салаларының дамуына өзіндік қомақты үлес қосқан венгр математигі. Альфред Реньи (1921-1970) венгр математигі, негізгі еңбектері ықтималдықтар теориясы, ақпараттар теориясы, комбинаторика және графтар теориясы салаларына арналған. Ол Венгр ықтималдық мектебінің қалыптасуына жол ашты, бүгінде А.Реньидің математикалық институты деп аталатын Будапешттегі математикалық институттың негізін қалаушы.[1].

Модельдің формальды сипаттамасы. Элементтері төбелер деп аталатын $V_n = \{1, \dots, n\}$ жиыны берілсін. Осы жиында кездейсоқ графты анықтау ретін келтірейік немесе «тұрғызайық». Кездейсоқ графтың атына сәйкес оның қандай да бір жағдайы үшін кездейсоқтық ұғымы болуы керек. Осы ұғым арқылы графтың қабырғасы анықталатын болсын, сонда графтың қабырғаларының жиыны кездейсоқ болатыны түсінікті. Бұл жерде мультиграфтар (еселі қабырғалары бар графтар), псевдографтар

(ілімдері бар графтар) және оргграфтар (бағытталған графтар) қарастырылмайды. Сондықтан, графтың мүмкін болатын қабырғаларының саны $N = C_n^2$ санынан аспайды. Барлық басқа қалған $C_n^2 - 1$ жұп қабырғаға тәуелсіз n төбенің кез келген i және j екі төбесі $p \in [0,1]$ ықтималдықпен қабырғамен қосылады. Басқаша айтқанда, қабырғалар стандартты Бернуллі схемасына сәйкес пайда болады, бұл жағдайда тәуелсіз тәжірибелер немесе сынақтар саны C_n^2 , ал «сәттілік ықтималдығы», яғни қабырға жүргізу ықтималдығы p . Осы схеманы іске асыру нәтижесінде пайда болған қабырғалардың кездейсоқ жиынын E әрпімен белгілейік. Сонда, әдеттегіше графты белгілеп жазсақ, $G = (V_n, E)$ түрінде жазылады. Міне, осы граф Эрдеш-Реньи моделіндегі кездейсоқ граф болып табылады. [2].

Егер жоғарыда келтірілген анықтама Колмогоровтың аксиоматикасы форматында жазылса, онда мынадай ықтималдық кеңістік алынады:

$$G(n, p) = (\Omega_n, \mathcal{F}_n, P_{n,p}),$$

$$\text{мұндағы } |\Omega_n| = 2^N = 2^{C_n^2}, \quad P_{n,p}(G) = p^{|E|} q^{C_n^2 - |E|}.$$

$$\Omega_n = \{G = (V_n, E)\}, \quad \mathcal{F}_n = 2^{\Omega_n}, \quad P_{n,p}(G) = p^{|E|} (1-p)^{C_n^2 - |E|}. \quad (1)$$

Мұнда $|E|$ арқылы E жиынының қуаты көрсетілген (ондағы элементтер саны), ал $2^E - E$ жиынының барлық ішкі жиындарының жиынтығы (булеан).

Сигма алгебрасының элементі \mathcal{F}_n – бұл графтар жиынтығы. Егер n төбелі графтың A қасиетіне ие болу ықтималдығын табу керек болса, онда біз A қасиеті орындалатын барлық графтардан тұратын \mathcal{F}_n жиынынан $A \in \mathcal{F}_n$ жиынын аламыз және есептейміз

$$P_{n,p}(A) = \sum_{G \in A} P_{n,p}(G).$$

Сонымен, кездейсоқ графтың байланысты болуының ықтималдығы - бұл барлық байланысқан графтардың (төбелердің бекітілген жиынтығында) ықтималдықтарының қосындысына тең болатын шама.

Бәрі өте қарапайым тәрізді, алайда, жағдай керісінше: кездейсоқ графтардың есептерінде тиімді қолданылатын ықтималдық әдістерінің ерекшелігі бізге осы қарапайым модельде де пайда болатын және қолдану жағдайларын тудыратын өте тривиалды емес құбылыстарды байқауға мүмкіндік береді.

Бұдан бұрын, бірқатар қажетті ескертулерді қарастыру керек. Біріншіден, егер $p = \frac{1}{2}$ болса, онда (1) формуладан көрініп тұрғандай, кез-келген графтың ықтималдығы $2^{-C_n^2}$ тең. Басқаша айтқанда, бұл ерекше жағдайда барлық графтар тең ықтималдықты және қандай да бір қасиеттің ықтималдығы туралы кез-келген тұжырым берілген қасиетке ие болатын графтардың үлесі туралы тұжырым болып табылады.

Шындығында, біз тек қана $p = \frac{1}{2}$ (бұл жағдай өте маңызды болса да) деп болжауға міндетті емеспіз, сонымен қатар, n шамасының өсуі әсерінен (граф төбелерінің саны) қабырғаның пайда болу ықтималдығы p өзгереді деп есептеуімізге болады. Басқаша айтқанда, $p = p(n)$ – мәні нөл мен бір арасында болатын кез-келген функция, яғни $0 \leq p(n) \leq 1$. Әдетте, кездейсоқ графтар теориясында оқиғалардың ықтималдығы ғана емес, олардың шекті мәні де маңызды.

Сонымен, егер $n \rightarrow \infty$ қасиеттің ықтималдығы 1-ге ұмтылатын болса, онда қасиет әрдайым орындалады деп ұйғаруға болады. [3].

Эрдеш-Реньи моделін жалпылау. Бұрынғыша $V_n = \{1, \dots, n\}$ болсын. Енді i және j төбелерінің арасындағы қабырға ықтималдығын p_{ij} арқылы белгілейміз. Басқаша айтқанда, біз, бұрынғыдай, қабырғаларды бір-біріне тәуелсіз, бірақ әртүрлі ықтималдықпен жүргіземіз. Колмогоров аксиоматикасы форматында біз келесідей ықтималдық кеңістігін аламыз:

$$G(n, p_{ij}) = (\Omega_n, \mathcal{F}_n, P_{n,p_{ij}}),$$

мұндағы

$$\Omega_n = \{G = (V_n, E)\}, \quad F_n = 2^{\Omega_n}, \quad P_{n,p_{ij}}(G) = \prod_{(i,j) \in E} p_{ij} \cdot \prod_{(i,j) \notin E} (1 - p_{ij}).$$

Егер кейбір $H_n = (V_n, E_n)$ графтарын белгілесек және p_{ij} ықтималдығын төмендегіде ретте алсақ

$$p_{ij} = \begin{cases} p, & (i, j) \in E_n \\ 0, & (i, j) \notin E_n \end{cases},$$

сипатталған кеңістіктің маңызды жеке жағдайы шығады.

Басқаша айтқанда, H_n графының қабырғасы кездейсоқ графта бір-бірінен тәуелсіз бірдей $p = p(n) \in [0, 1]$ ықтималдығымен пайда болады, ал H_n графындағы жоқ қабырға кездейсоқ графта мүлдем пайда болмайды. Модельдің бұл нұсқасы әдетте $G(H_n, p)$ деп белгіленеді. Онда

$$P_{n,p_{ij}}(G) = p^{|E|} (1 - p)^{|E_n| - |E|}.$$

$G(H_n, p)$ моделі транспорттық желінің сенімділігі туралы мәселеге жеткілікті түрде сәйкес келетін модель екендігі түсінікті. Бұл жолы қалалар қос-қостан жолдармен байланысқан деп болжаудың қажеті жоқ; басынан бастап H_n жол графын белгілеп қабырғаларының тозуын қадағалай аламыз. Эрдеш-Реньидің келесі теоремасы орындалады. [4].

Теорема 1. $G(n, p)$ Эрдеш-Реньи моделін қарастырамыз. $p = \frac{c \ln n}{n}$ болсын. Егер $c > 1$ болса, онда әрдайым дерлік кездейсоқ граф байланысқан болады. Егер $c < 1$ болса, онда әрдайым дерлік кездейсоқ граф байланысқан болмайды.

Шынында да, желінің сенімділігі туралы мәселені қарайық. Қос-қостан байланысқан n қалалар саны өсетін болсын. Онда, $p = \frac{c \ln n}{n}$ шамасы жылдам нөлге ұмтылады. 1-теорема бойынша, графтың қабырғаларын $q = 1 - p$ ықтималдығымен жою кезінде графтың байланыстылығының сақталу ықтималдығы 1-ге ұмтылады.

Егер қалалар саны 1000 болса, жолдардың тозу ықтималдығы $\approx 0,993$ деп ала аламыз, нәтижесінде 1-ге жақын ықтималдықпен екі қаланың арасындағы қозғалыс мүмкін болады. Алғашында бұл қарама-қайшылықты болып көрінеді, бірақ жалпы ойға сүйенсек, мұның мәні неде екендігі түсінікті болады. Бізде жол $C_n^2 = \Theta(n^2)$, жолдардың тозуының ықтималдығы $1 - \Theta(\ln/n)$ (егер $c_1 g \leq f \leq c_2 g$ шарттары орындалатын $c_1, c_2 > 0$ тұрақтылары бар болса, f және g функциялары үшін $f = \Theta(g)$ деп жазамыз). Демек тозбаған жолдардың күтілетін санының реті $n \ln n$ болады. Бұл байланыстылықты сақтау үшін жеткілікті.

Теорема 1'. $G(n, p)$ модельін қарастырамыз. $p = \frac{c \ln n}{n}$ болсын. Егер $c > 3$ болса, онда $n > 100$ болғанда

$$P_{n,p}(G) \geq 1 - \frac{1}{n}.$$

Бұл нәтиже өзінің нақтылығымен ерекшеленеді. Қалалар саны 1000 болғанда жолдың тозу ықтималдығы $1 - \frac{3 \ln 1000}{1000} \approx 0,98$ байланыстылықтың сақталу ықтималдығы 0,999-дан кем емес.

1 теорема «дерлік әрқашан байланысты» дегеннен «дерлік әрқашан байланыссыз» дегенге бірден өту байқалады. $p(n) = \frac{\ln n}{n}$ функциясы сенімсіздіктен сенімділікке өтетін шекараның бір түрі ретінде қызмет етеді. Мұндай өту фазалық деп, ал оған сәйкес $p(n)$ функциясын шекті функция деп атайды.

1 теореманы дәлелдеу. $c > 1$ болғандағы жағдайды қарастырайық.
 $G(n, p)$ кеңістігінде кездейсоқ шаманы енгіземіз:

$$X_n = X_n(G) = \begin{cases} 0, & G \\ k, & G \text{ k.} \end{cases}$$

Осылайша, X_n теріс емес бүтін сандарды қабылдайды, мұндағы $X_n \neq 1$. $n \rightarrow \infty$ болғанда $P_{n,p}(X_n = 0) \rightarrow 1$ екендігін көрсетуіміз қажет. $P_{n,p}(X_n \geq 1) \rightarrow 0$ асимптотикасына пара пар. $P_{n,p}(X_n \geq 1) \leq MX_n$ Чебышев теңсіздігі бойынша математикалық үміттің нөлге ұмтылатындығын негіздеу керек. X_n -ді қосынды түрінде өрнектейміз

$$X_n = X_{n,1} + \dots + X_{n,n-1},$$

мұндағы $X_{n,k} = X_{n,k}(G)$ – k саны G графының төбелік компоненті. Кейбір $K_1, \dots, K_{C_n^k}$ ретті V_n кездейсоқ графтың төбелер жиынының барлық k -элементті ішкі жиындарын нөмірлейміз. Сонда өз кезегінде

$$X_{n,k} = X_{n,k,1} + \dots + X_{n,k,C_n^k},$$

$$X_{n,k,i} = X_{n,k,i}(G) = \begin{cases} 1, & K_i \in G \\ 0, & \end{cases}$$

Нәтижесінде,

$$MX_n = \sum_{k=1}^{n-1} \sum_{i=1}^{C_n^k} MX_{n,k,i}.$$

$$MX_{n,k,i} = P_{n,k,i}(K_i \in G) \leq P_{n,p}(K_i \in V_n \setminus K_i \in G)$$

екендігі айқын.

Соңғы теңсіздікті ала отырып, G графының K_i төбелер жиынындағы байланыстық шартын ескермедік (мұндай бөлік индукцияланған ішкі жиын деп аталады және $G|_{K_i}$). Бұдан кейін

$$P_{n,p}(K_i \in V_n \setminus K_i \in G) = (1-p)^{k(n-k)},$$

демек,

$$MX_n \leq \sum_{k=1}^{n-1} \sum_{i=1}^{C_n^k} (1-p)^{k(n-k)} = \sum_{k=1}^{n-1} C_n^k (1-p)^{k(n-k)}.$$

Соңғы қосынды терулер санының k мен $n - k$ мүшелері тең болатындығына байланысты симметриялы болады. $k=1$ жағдайын қарастырамыз:

$$n(1-p)^{n-1} \leq ne^{-p(n-1)} = ne^{-\frac{c(\ln n)(n-1)}{n}} = n \left(\frac{1}{n} \right)^{c(1+o(1))} = o(1),$$

өйткені $c > 1$ (көрсетілген теңдік орындалатындай $\alpha = o(1)$ функциясы бар деп түсіндіріледі). алған пайымдаулар $k > 1$ и $k > n-1$ қосылғыштарын бірінші қосылғышпен салыстырғана кіші екенін дәлелдеуден тұрады. Мұның дұрыстығына сенетін болсақ, барлық қосындыда бірінші және соңғы қосылғыш басым болады, демек ол нөлге ұмтылады. $c > 1$ жағдайы үшін 1 теорема дәлелденді.

Енді $c < 1$ болғандағы жағдайды қарастырайық. X_n арқылы кездейсоқ графта оқшауланған төбелер санын белгілейміз.

$$X_n = X_{n,1} + \dots + X_{n,n}.$$

мұндағы,

$$X_{n,k} = X_{n,k}(G) = \begin{cases} 1, & K \in V_n \text{ } G, \\ 0, & \end{cases}.$$

Сонда,

$$MX_n = MX_{n,1} + \dots + MX_{n,n}.$$

Өз кезегінде

$$MX_{n,k} = P_{n,k}(k \in G) = (1-p)^{n-1}.$$

Осылайша

$$MX_n = n(1-p)^{n-1} = n(1-p)^n(1+o(1)) = (1+o(1))ne^{-c \ln n} = (1+o(1))n^{1-c}.$$

$c < 1$ теңсіздігіне байланысты $MX_n \rightarrow \infty$ екендігін ескереміз.

$$\begin{aligned} DX_n &= MX_n^2 - (MX_n)^2 = M(X_{n,1} + \dots + X_{n,n})^2 - (MX_n)^2 = MX_{n,1}^2 + \dots + MX_{n,n}^2 + \sum_{i \neq j} MX_{n,i} X_{n,j} - (MX_n)^2 = \\ &= X_{n,1} + \dots + X_{n,n} + \sum_{i \neq j} MX_{n,i} X_{n,j} - (MX_n)^2 = MX_n + \sum_{i \neq j} MX_{n,i} X_{n,i} - (MX_n)^2. \\ MX_{n,i} X_{n,j} &= P_{n,p}(i \neq j \in G) = (1-p)^{2n-1} = (1+o(1))(1-p)^{2n}, \end{aligned}$$

яғни

$$\sum_{i \neq j} MX_{n,i} X_{n,j} = n(n-1)(1+o(1))(1-p)^{2n} = (1+o(1))(1-p)^{2n} = (1+o(1))n^{2-2c} = (1+o(1))(MX_n)^2$$

Нәтижесінде

$$DX_n = MX_n + (1+o(1))(MX_n)^2 - (MX_n)^2 = o((MX_n)^2).$$

Чебышев теңсіздігі бойынша

$$P_{n,p}(G) \leq P_{n,p}(X_n = 0) = P_{n,p}(X_n \leq 0) = P_{n,p}(-X_n \geq 0) = P_{n,p}(MX_n - X_n \geq MX_n) \leq \frac{DX_n}{(MX_n)^2} = o(1),$$

теореманың екінші бөлігі дәлелденді. [5].

Сонымен, кездейсоқ графтың сенімділік шамасындағы c параметрінің мәніне байланысты оның байланыстылық сипаттамасын анықтауға болады.

Пайдаланған әдебиеттер

1. Математикалық логика және дискретті математика: Оқулық / Қ. Жетпісов; Алматы: ЖШСРПБК «Дәуір», 2011. –264 бет.
2. Графтар теориясы: Оқулық / Г. И. Салғараева; Алматы: ЖШС «Дәуір», 2013. – 256 бет.
3. А.М. Райгородский. Модели случайных графов и их применения // Труды Московской физиоко-технического института, 2010.Т. 2.№4. –С. 130-140.
4. Случайные графы: / В.Ф Колчин; - М.: Физматлит, 2004. — 256 с.
5. Вероятностный метод: / Н.Алон, Дж.Спенсер; — М: Бином. Лаборатория знаний, 2007. — 320

«Ақжайық» мемлекеттік табиғи резерваты аумағындағы құстар дүниесіне мониторинг жасау

Бимұрза Жайнагүл Темірқызы

98.zhaina@mail.ru

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті, Жаратылыстану және ауылшаруашылық ғылымдары факультетінің магистранты

Бисенов Утепберген Кушербаевич

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті, Биология және ауылшаруашылық пәндері кафедрасының қауымд.профессоры, б.ғ.к.,

bisenovy@mail.ru

Замзамова Назерке Тасмұратқызы

nazok_95@list.ru

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті, Биология және ауылшаруашылық пәндері кафедрасының магистр, оқытушысы

Резюме. В данной статье представлены сведения о современном состоянии, территориальной зоне, животном и птичьем мире государственного природного резервата «Ақжайық», расположенного вдоль Урала, г. Атырау. Характеризуется значение заповедника в охране особо охраняемого, разреженного или занесенного в Красную книгу мира живой природы.

Summary. This article presents information about the current state, territorial zone, animal and bird world of the state natural reserve "Akzhayyk", located along the Urals, Atyrau. The significance of the reserve in the protection of specially protected, sparse or listed in the Red Book of the world of wildlife is characterized.

Кілттік сөздер: биологиялық әртүрлілік, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар, биосфералық резерваттар, тұрақты даму, жануарлар дүниесі, Қызыл кітап.

Ключевые слова: биологическое разнообразие, особо охраняемые природные территории, биосферные резерваты, устойчивое развитие, животный мир, Красная книга.

Key words: biological diversity, specially protected natural territories, biosphere reserves, sustainable development, wildlife, Red Book.

Резерват (лат. *reservatum* сақталған, *reservare* сақтау) - табиғи байлықтарды (жануарлар мен өсімдіктер) сақтауға бағытталған, Үкіметтің ерекше қорғауында болатын, бір түр немесе түрлер тобы немесе бүкіл табиғи кешен ерекше қорғалатын аумақ. Резерваттар қорғалатын аумақтың түрі бойынша ерекшеленеді: табиғи, теңіз, батпақты, ботаникалық, зоологиялық, аңшылық және басқалар. Табиғатты қорғауды ұйымдастыру әдісіне сәйкес биосфералық резерват пен ресурстық резерват ерекшеленеді.

Биосфералық резерват - табиғат пен адамның теңдестірілген өзара іс-қимылын, қоршаған ортаның тұрақты даму тұжырымдамасын көрсетуге арналған аумақ. Биосфералық резерват мәртебесін ЮНЕСКО береді. Үш аймақтан тұрады: ядро (ерекше қорғалатын табиғи аумақ), буферлік аймақ және ынтымақтастық аймағы (мұнда адам мен табиғаттың теңдестірілген өзара әрекеті көрсетілген).

«Ақжайық» мемлекеттік табиғи резерваты мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 6 ақпандағы №119 қаулысымен Жайық өзенінің атырауында және Каспий теңізінің солтүстік айдынында құрылды. Резерваттың көлемі 111 500 гектар болып белгіленді. Резерват Атырау қаласының және Атырау облысы Махамбет ауданының әкімдіктеріне әкімшілік тұрғыда қарайтын жерлерге орналасқан. Табиғи резерватта миллиондаған су құстары тіршілік етіп, көбейетін Еуразия құрлығындағы маңызды мекен болып табылады[1].



1-сурет. «Ақжайық» мемлекеттік табиғи резерваты мемлекеттік мекемесінің қазіргі географиялық аумағы.


Құрылудағы басты мақсаттарының бірі – сирек кездесетін балық қорын сақтау, оның табиғи мекендеу аймағына барлық жағдайды жасау, бекіре және басқа да балықтардың табиғи жағдайда өсуіне жағдай жасау болып табылады [2]. Каспийдің солтүстік алабы мен жағалауы шаруашылық жағдайларға игерілуіне байланысты табиғаттың экологиялық жағдайын, биологиялық әртүрлілігін сақтау басты міндет болып отыр. Орал өзенінің сулы батпақты аймақтары және оған жалғас Каспий теңізінің жағалаулары Евразия континентіндегі сулы-батпақты аймақтардың, Еуропа, Азия, Каспий-Қара теңіз-шығыс Африка елдері арасындағы 240 көшіп қонатын құс түрлерінің, оның ішінде 110 түрі сулы-батпақты, 18-ерекше қорғалатын құс жолы болып есептеледі. Сулы-батпақты аудандарда құстардың үя салуы, оның ішінде 66 түрі кездеседі. Соның ішінде 8 түрі ерекше қорғалады. Белгіленген аумақта 560 гидрофилді және ылғал сүйгіш өсімдіктер түрі, оның ішінде 4 сирек кездесетін 6 реликті ерекше қорғалатын түрі кездеседі. Жер және су омыртқасыздар әлемі 2 мың түрді құрайды. Оның ішінде 24 түрі Қазақстан Республикасының қызыл кітабына енген [3].



2-сурет. Үлкен суқұзғын - Большой баклан - *Phalacrocorax carbo*



3-сурет. Сұңқылдақ аққу - Лебедь – кликун – *Cygnus cygnus**



4-сурет. А) Кішкене аққұтан - Малая белая цапля - *Egretta garzetta**
 Б) Көккұтан - Серая цапля - *Ardea cinerea*

Сонымен қатар, биосфералық резерват - шамамен 70 сулы-батпақты жер құстарының ұя салатын орны, олардың 8 түрі ерекше қорғалатын табиғи объектілер, сонымен қатар сирек кездесетін құстардың колониялары үшін баспана болып табылады – бұйра бірқазан (*Pelicanus crispus*, VU), олардың саны 600-ден астам ұя салатын жұпқа жетеді (әлемдік популяцияның 12%). Жалпы Жайық өзенінің сағасында және оған іргелес теңіз жағалауында құстардың 292 түрі тіркелген, олардың ішінде 26 құс халықаралық және Қазақстанның Қызыл кітабына енген. Қоныс аудару кезеңіндегі құстардың жалпы саны, сарапшылардың бағалауы бойынша, 3 миллионға жетеді.

Биосфералық резерват негізінен Жайық өзенінің атырауындағы сулы-батпақты жерлерді және Каспий теңізі жағалауының іргелес аумақтарын алады, олар Еуразия құрлығындағы Каспий-Қара теңіз - Шығыс Африканың ірі көші-қон бағыттарының бірінде орналасқан. Рамсар конвенциясына сәйкес халықаралық маңызы бар сулы-батпақты алқаптардың тізіміне енген бұл жер 240-тан астам қоныс аударатын құстардың шоғырланған орны, олардың 110-ға жуығы сулы-батпақты жерлер тобын құрайды, оның ішінде 18 ерекше қорғалатын түрлер.

Басқа түрлер бұл аймақты қоныс аудару кезінде демалу үшін пайдаланады: жалбағай (*Platalea leucorodia*), ақбас үйрек (*Oxyura leucocephala*), дуадақ (*Otis tarda*), жек дуадақ (*Otistetrax*), шикылдақ қаз (*Anser erythropus*; VU), қызылжемсаулы қарашақаз (*Branta ruficollis*; VU), ақтырна (*Grus leucogeranus*).

Дала шөлінің айналасындағы сулы-батпақты жерлерде сонымен қатар бірқатар сирек кездесетін түрлер де кездеседі: дала қыраны (*Aquila rapax*), ақбас тырна (*Anthropoides virgo*), жек дуадақ (*Chlamidotis undulata*), безгелдек (*Otis tetrax*) және сұр бозторғай (*Calandrella rufescens*).

Әдебиеттер тізімі:

1. Мещерякова Н.О., Гаврилов Н.Н., Перковский М.Н., Русанов Г.М. 2017. Сезонный мониторинг птичьего населения в низовьях дельты реки Волги в 2016 г. // Состояние природной среды мелководной части Северного Каспия. Астрахань: 141-193.
2. География и мониторинг биоразнообразия. Колл. авторов. М.: Издательство Научного и учебно-методического центра, 2002. 432 с.
3. Ш. Маштаева, К. Тұрсынбаева., «Ғаламдық маңызды сулы-батпақты жерлерді кешенді сақтау» Астана-2010ж.
4. Белевич Е.Ф. 1963. Районирование дельты Волги // Фауна и экология птиц дельты Волги и побережий Каспия. Астрахань: 401-421.

Адвокаттың қылмыстық істер бойынша заң көмегін көрсетуі

Қарабай Елемес Пернебайұлы

ҚР Алматы облысы прокуратурасының әділет кеңесшісі, ҚР Журналистер Одағының мүшесі,
РҚО «Қазақстан Заңгерлер Одағы» мүшесі, Алматы облысының адвокаттар алқасының
адвокаты, заңгер

тел.8-747 6388378 элек.пошта:elemes.karabay@gmail.com

Қазақстан Республикасындағы адвокаттық қызмет туралы заңнаманы жетілдіру туралы Қазақстан Республикасы Президентінің 2009 жылғы 24 тамыздағы №858 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының 2010-2020 жылдарға дейінгі кезеңге арналаған құқықтық саясаты туралы Тұжырымдамасында адвокатураның құқық қорғау саласында азаматтарға заң көмегін көрсетудегі маңызды қызмет атқаратындығы айтылса, ҚР-ның Конституциясының 13 бабының 3-ші тармағында, «Әрбір адамның білікті заң көмегін алуға құқығының бар екендігі» тікелей көрсетілген. Сондай-ақ, ҚР-ның Қылмыстық процестік кодексінің 26 бабының 1-ші бөлігінде, қорғалуға құқығы бар куәнің, күдіктінің, айыпталушының қорғалуға құқығы бар. Олар бұл құқықты осы Кодексте белгіленген тәртіппен жеке өздері де, сол сияқты қорғаушының, заңды өкілінің көмегімен де жүзеге асырады.

Қазіргі уақытта Қазақстанда адам мен азаматтың құқығын қорғау жөніндегі міндеттерді атқаратын әртүрлі мемлекеттік және мемлекеттік емес органдар, мекемелер мен қоғамдық ұйымдар бар. Атап өтсек, соттар, прокуратура, ішкі істер, әділет органдары жоғарғыдағы аталған құқық қорғау міндеттерін бір-бірімен тығыз байланыс жасай отырып атқарады. Алайда осы міндеттерді табысты жүзеге асыру адвокатура сияқты қоғамдық-құқықтық институтсыз (заң көмегін пайдаланбай) болуы мүмкін емес.

Қазақстанда қолданып жүргізілетін заңнамада, адвокатура ешбір жерде құқық қорғау органы ретінде көрсетілмесе де, ол іс жүзінде қорғау қызметі міндетін атқаруда рөлі маңызды.

Қазақстан елінің өркенделіп дамуына байланысты, Қазақстан Республикасының «Адвокаттық қызмет және заң көмегі туралы» 2018 жылғы 5 шілдегі №176-V ҚРЗ заңында, жаңа заң терминдерімен толықтырылды. Осы заңның 1-бабындағы, 1-9 шы тармақшылары мынандай ұғымдармен: адвокаттық қызмет, заң консультанттарының қызметі, заң көмегі, заң көмегіне қатысушылар, заң көмегін көрсету саласындағы уәкілетті мемлекеттік орган (одан әрі –уәкілетті орган), клиент, құқықтық ақпарат беру, құқықтық консультация беру және мүдделер қақтығысы.

Қазақстан Республикасындағы адвокат– жоғарғы білімі бар, адвокаттық қызметпен айналасуға лицензия алған, міндетті түрде адвокаттар алқасының мүшесі болып табылатын және «Адвокаттық қызмет және заң көмегі туралы» заңының ішкі тәртібі реттелінген адвокаттық қызмет шеңберінде кәсіптік негізде заң көмегін көрсететін Қазақстан Республикасының азаматтарын айтуға болады.

ҚР-ның қылмыстық-процестік заңнама, осы заңның 1-ші бабында көрсетілгендей, Қазақстан Республикасының аумағында қылмыстық сот ісін жүргізу тәртібі Қазақстан Республикасының Конституциясында, Қазақстан Республикасының Конституциясына және халықаралық құқықтың жалпыға бірдей танылған қағидаттары мен нормаларына негізделген Қазақстан Републикасының конституциялық заңдарында, Қылмыстық-процестік кодексінде айқындалады. Қылмыстық сот ісін жүргізу тәртібін реттейтін өзге де заңдардың ережелері осы Кодекске енгізілуге жатады. Осы Кодекстің 7 бабында, кейбір ұғымдарға түсініктемелер бірілген. Мысалыға, 17) пункттегі қорғау –қылмыстық құқық бұзушылық жасады деп күдік келтірілген, айыпталған адамдардың құқықтары мен мүдделерін қамтамасыз ету, күдікті, айыптауды теріске шығару немесе жұмсарту, сондай-ақ қылмыстық қудалауға құқыққа сыйымсыз түрде ұшыраған адамдарды ақтау мақсатында қорғаушы тарап жүзеге асыратын процестік қызмет екендігі айтылған.

Қылмыстық-процестік кодекстің 9 тарауындағы, өз құқықтары мен мүдделерін немесе өздері өкілдік ететін құқықтар мен мүдделерді қорғап процеске қатысушылар туралы айтылып, көрсетілген. Адвокаттың қылмыстық сот ісіне қатысып, заң көмегін көрсетуі, іс жүргізуге қатысуы, қорғауға құқығы бар тараптардың шақыруымен қатысуы және қорғаушының өкілеттіктері туралы, осы заңнаманың 66-70 бабтарында қамтылып, жазылған. Яғни, мұнда адвокат қызметінің негізінен күдіктілер мен айыпталушыларды қорғау міндетін жүзеге асырумен байланысты. Оның кәсіби тәжірбиесі мен құқықтық білімі қорғайтын адамына аса білікті көмек көрсетуіне мүмкіндік береді. Әрине бұл адам баласының психологиялық стресс алмауына, адам денсаулығына зиян келмеуіне тигізетін әсері зор. Қоғам мен мемлекет бірде-бір азаматтың жеткілікті айғақсыз қылмыстық жауапкершілікке тартылмауын және сотталмауын көздейді.

Соңғы 5-10 жылдық аралық уақытында елімізде адвокаттың (қорғаушының) рөлін арттыру үшін, ҚР-ның қылмыстық процестік кодексінде өзгертулер мен толықтырулар енгізіліп, қорғаушы күдікті, айыптауды теріске шығаратын немесе күдіктінің, айыпталушының жауаптылығын жеңілдететін мән-жайларды анықтау мақсатында қорғаудың барлық заңды құралдары мен тәсілдерін пайдалануға және оларға қажетті білікті заң көмегін көрсетуге міндетті екендігін айқындады.

Адвокаттың нақты істі жүргізуге өкілеттігі қорғау (өкілеттік ету) туралы хабарлама арқылы куәландырылады. Қорғау нысанын Қазақстан Республикасы Әділет Министрлігінің келісімімен Адвокаттар алқаларының Республикалық конференциясында 2018 жылы қараша айының 23 күні бекітілген.

Күдікті ретінде ұсталған, тұтқындалған, қылмыс жасады деп айып тағылған әрбір адам, ұсталған немесе күдікті ретінде тану туралы кезден бастап адвокаттың (қорғаушының) заңды көмегін пайдалануға құқылы. Адвокаттар (қорғаушылар) іске қатысуға айып тағылған немесе сезікті адам ретінде ұсталған сәттен, я болмаса айып тағылғанға дейін бұлтартпау шарасы қолданылған сәттен бастап жіберіледі. Бұл жағдайда ол ұстау хаттамасымен немесе қамауға алу түріндегі бұлтартпау шарасы таңдалғаны туралы қаулымен және күдіктінің немесе қорғаушының өзінің қатысуымен жүргізілген тергеу әрекеттерінің хаттамаларымен, ал сотқа дейінгі тергеп-тексеру аяқталғаннан кейін - істің барлық материалдарымен танысуға, одан мемлекеттік құпияларды құрайтын мәліметтер мен айыптау куәларының тізімін қоспағанда, кез-келген мәлімет көшірмесін алуға, ғылыми-техникалық құралдардың көмегімен көшірмесін түсіруге, күдіктіге күдікті деп тану туралы, күдіктінің іс-әрекетін саралау туралы қаулы жария етілген кезден қатысып, таныса алады. Қорғайтын адаммен – күдіктімен, айыпталушымен саны мен ұзақтығы шектелмейтін оңаша және құпия жүздесіп, одан жауап алуға қатыса алады. Қылмыстық іс материалдарында тігілген қажетті нәрселерді, құжаттарды, мәліметтерді, сондай-ақ өзге де деректерді жинауға және ұсынуға міндетті. Қылмыстық процесте өзіне және өзінің қорғауындағы адамға табыс етілуге жататын процестік құжаттардың көшірмесін алуға, заңға қайшы келмейтін кез келген басқа да қорғау құралдары мен тәсілдерін пайдалана алады. Іске қорғаушы ретінде қатысатын адвокат, тергеу судьясы алдында куәның және жәбірленушінің айғақтарын сақтап қою туралы өтінішхат бере алады. Егерде, адвокат сұрауы бойынша оны орындаудан бас тартылған не ол бойынша үш тәулік ішінде шешім қабылданбайтын болса, тергеу судьясы алдына, қорғалуға құқығы бар куәға білікті заң көмегін көрсету және олардың мүдделерін қорғау үшін қажет кез келген мәліметтерді, құжаттарды, нәрселерді талап етіп алдыру туралы өтінішхат береді. Сарапшының, маманның ісі бойынша қорытындыларын шарттық негізде алуға және осындай қорытындыларды іс материаларына қосып тігу туралы өтінішхат беруі қажет. ҚР-ның Қылмыстық процестік кодексінің 274 бабында, күдіктінің, айыпталушының, жәбірленушінің, куәнің, *қорғаушының* және жәбірленуші өкілінің сараптама тағайындау және жүргізу кезіндегі құқықтары көрсетілген. Яғни, сотқа дейінгі тергеп-тексеру мен сот тергеуі кезінде аталған тұлғалар сарапшыға қарсылық білдіруге немесе сот сараптамасы органын сараптама жүргізуден шеттетуге туралы, өздері көрсеткен адамдарды немесе нақты сот сараптамасы органдарының қызметкерлерін сарапшылар ретінде тағайындау, сондай-ақ, сараптаманы сарапшылар комиссиясының жүргізуі туралы, сарапша алдына қосымша мәселелер қою немесе мәселелерді нақтылау туралы өтінішхаттар бере алады. Қазақстан Республикасы

Жоғарғы Сотының «Қылмыстық істер бойынша сот сараптамасы туралы» 26.11.2004 жылғы №16 санды және 25.06.2010 жылғы №14 нормативтік өзгертілген қаулысының 5-ші пунктінде, сот сараптамаларын тағайындау туралы шешім зерттеліп отырған мәселелер бойынша сараптама қорытындысы істе болса да болмаса да қабылдануы мүмкін. Егер сараптаманың нәтижелері анық болмаса және мұны сарапшыдан жауап алу жолымен жою мүмкін болмаса не сарапшы өзінің алдына қойылған мәселелерді толық шешпесе немесе осының алдында жүргізілген зерттеуге байланысты қосымша мәселелерді шешу қажет болған жағдайда аталған кодекстің 281-282 бабтарының тәртібімен, жеке-дара, комиссиялық қатысуымен не кешенді сараптама жүргізуді тағайындайды.

Адвокаттық тәжірибе кезінде, бірігіп қатысқан қылмыстық істегі өз қорғауымдағы күдікті бойынша қайтыс болған жәбірленушіге байланысты сотқа дейінгі тергеп-тексеруде 3 (үш) рет сот –дәрігерлік, сот-комиссиялық және тәуелсіз сот-комиссиялық (*оның екеуі біздің адвокаттық өтінішхатымыз бойынша*) сараптама және сот тергеуінде де біздің өтінішхатымыз бойынша *бір кешенді сараптама* тағайындалды. Яғни, сотқа дейінге тергеу орны және де осы қылмыстық істі өз өндірісіне алып, кешенді сот сараптамасын тағайындау туралы тура шешім алған тергеу судьясы да адвокаттың рөлін бағалағаны деп айтуға болады.

Қылмыстық процестік кодексінде, анықталған көп жағдайда, қылмыстық жауапкершілікке тартылған адамның қорғаушысы болуға міндетті. Егер, бұл азамат не оның туысқандары не заңды өкілдері адвокатты шақыруға ынта білдірмесе, адвокат тергеушінің, прокурордың немесе тергеу сотының қаулысы бойынша тағайындалуы тиіс. Мұндай адвокат та күдікті немесе оның жақын туысқандары шақырған адвокаттардың құқығын пайдаланады. Оның еңбегі толығымен республикалық бюджет қаражатынан төленеді. Адвокат қылмыстық істі қараған кезде, тек күдікті мен айыпталушының қорғаушысы ғана емес, сондай-ақ жәбірленушінің азаматтық талап қоюшының, азаматтық жауапкердің мүддесін білдіруші, ретінде де қатыса алады.

Адвокат азаматтық және әкімшілік істер бойынша да талқылауға талап қоюшының, жауапкердің және үшінші тұлғаның өкілі ретінде қатыса алады. Сотта процессуальдық әрекетті жасау үшін адвокат-өкілдер көмек сұраған адамның заңды құқықтары мен мүдделерін тиімді қорғауға мүмкіндік беретін белгіленген өкілеттіктерді (құқықтарды) пайдаланады.

Басты сот талқылауында, тәртіп бұзған, төрағалық етушінің өкімдеріне бағынбаған, сол сияқты сотты құрметтемеуді анық куәландыратын өзге де әрекеттер жасаған кезде (әрекетсіздік кезінде) төрағалық етуші оны сот отырысы залынан шығарып жіберуге немесе қылмыстық құқық бұзушылық белгілері болмаған жағдайларда, сотты құрметтемеу фактісінің анықталғаны туралы жариялауға және кінәлі адамға осы Кодекстің 160-бабында көзделген тәртіппен ақшалай өндіріп алуды қолдануға құқылы. Шығарып жіберу, айыптаушы мен қорғаушыдан басқа, процестің кез келген қатысушысына немесе өзге де адамға қатысты жүргізілуі мүмкін. Ақшалай өндіріп алуды сотталушыға және оның қорғаушы ретінде қатысатын адвокатына қолдануға болмайды. Сот іске қатысқан адамдардың және олардың өкілдерінің өтінішхаты бойынша аудио-бейнежазбаның көшірмесін немесе сот отырысының хаттамасын ұсынады.

Процесті жүргізетін орган немесе сот тергеуін жүргізуші, күдікті мен айыпталушының қорғаушы алғысы келетіндігі туралы өтінішін елемеуге құқығы жоқ. Оның қорғаушыны қандай сатыда шақырғандығының шешуі маңызы жоқ. Назар аударатыны, заң көмегін күдіктінің өзіне қажет деп санағандығында, ал бұл өз кезегінде, тергеуші мен сотты күдікті мен айыпталушыны қорғаушымен қамтамасыз етуге міндеттейді.

Егер күдікті немесе айыпталушы кәмелетке толмаған ретте, онда қорғаушының қатысуы-міндетті. Осы категориядадағы қылмыстары туралы іс бойынша қорғаушы қорғаушы кәмелетке толмағандардан күдікті немесе айыпталушы ретінде алғаш рет жауап алынған сәттен бастап, айып тағылғанға дейін ұсталған немесе тұтқындалған жағдайда ұсталған сәттен бастап жіберіледі. Қылмыстық іске қатысқан адвокат құпиясы оған жүгіну фактісі, көмек сұрап өтініш жасаған адаммен және басқа дамдармен жасалған ауызша және жазбаша келіссөздердің мазмұны туралы, көмек сұрап өтініш жасаған адамның мүдделерінде жасалатын әрекеттердің сипаты мен нәтижелері туралы мәліметтер, сондай-ақ заң көмегін көрсетуге қатысты өзге ақпаратты

құрайды. Адвокаттың қылмыстық іс бойынша қабылданған тапсырмадан бас тартуға құқығы жоқ және ол қорғалатын адамның немесе адвокаттың өзінің көзқарасы бойынша әділетсіз үкім шығарылған жағдайда алған белгіленген тәртіппен шағым жасауға міндетті. Әділетсіз үкім айыпталушының психологиясына, денсаулығына, отбасы мен жақын тума туыстарына жағымсыз әсер ететіні сөзсіз. Еш уақытта адвокат қызметінде үстемшілікке, жалғандыққа, қысымшылыққа, дөрекілікке, жол берілмеуі керек.

«Адвокат қызмет және заң көмегі туралы» заңына өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы Республика Мәжілісінде қаралып мақұлданған құжаттар, қазіргі кезде Сенат қарауында. Онда бірінші рет, адвокаттардың (қорғаушының, өкілінің) сотқа дейінгі тергеп-тексеру мен тергеу соты өндірісіндегі істермен, сот сараптамасын тағайындалуын өтінішхаттарымен іске асыралатындығы айтылған. Осыған сәйкес, ҚР-сы ҚПК-нің (қылмыстық процестік кодексінде) 70 бабының 3 бөлігінің 5-ші пунктіннің тәртібінде, адвокат келісім шартпен сараптама мен маман қорытындысын алуға және оны іс материалына өтінішхатпен жолдау құқығы көрсетілмеген.

Бұл туралы, Қазақстан Республикасына еңбек сіңірген заңгер, М.Нарикбаев атындағы Университетінің заң ғылымының докторы, профессор М.Ч.Когамов, «Адвокат қызмет және заң көмегі туралы» заңына өзгертулер мен толықтырулар енгізудегі өзінің «Сот ісін жүргізудегі тараптардың жарыспалылығы мен тең құқылығы негізінде жүзеге асыру қағидасы туралы» арнайы ғылыми еңбегінде, адвокаттардың ролін арттыру мен істерге қатысудағы прокурормен тең міндеттілігі мен онымен тең жариялағы жөніндегі 8 (сегіз) ережесін айқындап, ашып көрсетеді.

Қорыта айтқанда, адвокаттардың әділ шешім шығаруда қылмыстық істе болсын, әкімшілік және азаматтық істерде болсын, сотта мәні бойынша қарап талдауының құқық қорғау үшін азаматтар мен заңды тұлғалардың мүдделерін, бостандықтарын, құқықтарын қалпына келтіруінің негізгі көзі, қызметі, кәсіби қорғаушылық ісі болып табылады.

Қолданылған әдебиеттер мен нормативтік актілер:

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы.- Алматы.- Қазақстан -2007 ж.
2. ҚР Қылмыстық процестік кодексі.- Алматы.- 2021 ж.
3. ҚР «Адвокат қызмет және заң көмегі туралы» 05.07.2018 жылғы заңы.
4. М.Нарикбаев атындағы Университетінің заң ғылымының докторы, профессор М.Ч.Когамов, «Адвокат қызмет және заң көмегі туралы» заңына өзгертулер мен толықтырулар енгізудегі өзінің «Сот ісін жүргізудегі тараптардың жарыспалылығы мен тең құқылығы негізінде жүзеге асыру қағидасы туралы» арнайы ғылыми еңбегі. - Нұр-Сұлтан.-2021 ж.
5. ҚР Жоғарғы Сотының «Қылмыстық істер бойынша сот сараптамасы туралы» 26.11.2004 жылғы №16 санды және 25.06.2010 жылғы №14 нормативтік өзгертілген қаулысы. – Алматы.- 2013 ж.
6. «Қазақстан Республикасындағы адвокатура және адвокаттық қызмет» оқулық. Есберген Алуханов.- Алматы.- 2010 ж.
7. Сот тергеуінде болған қылмыстық іс тәжірбиесінен алынған деректер.- Алматы облысы.- 2021 ж.

Boltzmann's six-moment one-dimensional nonlinear system of equations with the Maxwell-Auzhan boundary conditions

Mekebai N., Yergazina R., Sakabekov A.

Satbayev University, Kazakstan, Almaty,

miekiebai_79@mail.ru, ergazina.ryskul@gmail.com, auzhani@gmail.com

***Keywords:** Boltzmann's moment system of equations, Maxwell-Auzhan boundary conditions, pure specular reflection from the boundary*

In this article it is proved existence and uniqueness of solution of the problem with initial and boundary conditions of Maxwell-Auzhan (we consider pure specular reflection from the boundary) for the nonstationary nonlinear one-dimensional Boltzmann's six-moment system of equations in space of functions continuous in time and summable in square by spatial variable.

Introduction

In case of one-atom gas any macroscopic system during process of its evolution to an equilibrium state passes 3 stages: initial transition period – described in terms of full function distribution of system, the kinetic period – by means of one-partial distribution function, the hydrodynamic period – by means of five first moments of distribution function. In kinetic regime the behavior of rarefied gas in the space of time and velocity is described by the Boltzmann's equation. It is known from gasdynamic that in most encountered problems there is no need in use of detailed microscopic gas description with help of distribution function. Therefore it is natural to look for less detailed description using macroscopic hydrodynamic variables (density, hydrodynamic velocity, temperature, etc.). As these variables are defined in terms of moments of the distribution function, we are faced with the problem of analyzing the various moments of Boltzmann's equation.

Note that the Boltzmann's moment equations are intermediate between Boltzmann (kinetic theory) and hydrodynamic levels of description of state of the rarefied gas and form a class of nonlinear partial differential equations. Existence of such class of equations was noticed by Grad [1], [2] in 1949. He obtained the moment system by expanding the particle distribution function in Hermite polynomials near the local Maxwell distribution. Grad used cartesian coordinates of velocities and Grad's moment system contained as coefficients such unknown hydrodynamic characteristics like density, temperature, average speed, and others. Formulation of boundary conditions for Grad's system is almost impossible, as the characteristic equations for various approximations of Grad's hyperbolic system contain unknown parameters like density, temperature and average speed. However, 13- and 20-moment Grad equations are widely used in solving many problems of the kinetic theory of gases and plasma.

In work [3] we have obtained the moment system, which differ from Grad's system of equations. And we used spherical velocity coordinates and decomposed distribution function into a series of eigenfunctions of the linearized collision operator [4], [5], which is the product of Sonin polynomials and spherical functions. The resulting system of equations, which correspond to the partial sum of series and which we called the Boltzmann's moment system of equations, is nonlinear hyperbolic system in relation to the moments of particles distribution function.

The structure of Boltzmann's moment system of equations correspond to the structure of Boltzmann's equation, namely, differential part of the resulting system is linear in relation to the moments of distribution function and non-linearity is included as moments of collision integral [6].

The linearity of differential part of Boltzmann's moment system of equations simplifies task of formulation of boundary conditions. In work [3] was approximated a homogeneous boundary condition for particles distribution function and proved the correctness of the initial and boundary value problem for nonlinear nonstationary Boltzmann's moment system of equations in three-dimensional space. In work [7] the initial and boundary value problem for one-dimensional non-stationary Boltzmann's equation with boundary conditions of Maxwell was approximated by corresponding problem for the Boltzmann's moment system of equations. And the boundary conditions for Boltzmann's moment system of equations were called as Maxwell-Auzhan conditions.

In work [8] been presented a systematic nonperturbative derivation of a hierarchy of closed systems of moment equations corresponding to any classical theory. This paper is fundamental work where closed systems of moment equations describe a transition regime.

The study of various problems for the Boltzmann's moment system of equations is an important and actual task in theory of rarefied gas. Correctness of initial and boundary problems for Boltzmann's moment system of equations with boundary conditions of Maxwell-Auzhan are being studied for the first time (we consider pure specular reflection from the boundary).

Existence and uniqueness of the solutions of initial and boundary value problem for the six-

moment one-dimensional Boltzmann's system of equations with boundary conditions of Maxwell-Auzhan

In this section we prove the existence and uniqueness of solutions of the initial and boundary value problem for six-moment one-dimensional Boltzmann's system of equations with boundary conditions of Maxwell-Auzhan in space of functions, continuous in time and summable in square by spatial variable. We study correctness of the initial and boundary value problem for six-moment one-dimensional Boltzmann's system equations (we consider pure specular reflection from the boundary $\beta = 1$).

Problem statement. Find a solution of the system of equations

$$\frac{\partial u}{\partial t} + A \frac{\partial w}{\partial x} = J_1(u, w)$$

$$\frac{\partial w}{\partial t} + A' \frac{\partial u}{\partial x} = J_2(u, w), t \in (0, T], x \in (-a, a), \quad (1)$$

satisfying initial condition

$$u|_{t=0} = u_0(x), w|_{t=0} = w_0(x), x \in [-a, a], \quad (2)$$

and boundary conditions

$$(Aw^- + Bu^+)|_{x=-a} = (Aw^+ - Bu^-)|_{x=-a} \quad t \in [0, T], \quad (3)$$

$$(Aw^- - Bu^+)|_{x=a} = (Aw^+ + Bu^-)|_{x=a} \quad t \in [0, T], \quad (4)$$

where

$$A = \frac{1}{\alpha} \begin{pmatrix} 1 & 0 & 0 \\ 2 & 3 & -2\sqrt{2} \\ \sqrt{3} & \sqrt{5} & -\sqrt{15} \\ -\sqrt{2} & 0 & \sqrt{5} \\ \sqrt{3} & & \end{pmatrix}, \quad B = \frac{1}{\alpha\sqrt{\pi}} \begin{pmatrix} \sqrt{2} & \sqrt{\frac{2}{3}} & -\frac{1}{\sqrt{3}} \\ \sqrt{\frac{2}{3}} & 2\sqrt{2} & -1 \\ -\frac{1}{\sqrt{3}} & -1 & 3\sqrt{2} \end{pmatrix}$$

$$J_1(u, w) = (0, J_{02}, 0)', J_2(u, w) = (0, J_{03}, J_{11})'$$

$$u = (f_{00}, f_{02}, f_{10})', w = (f_{01}, f_{03}, f_{11})'$$

A' is the transpose matrix, B is the positive definition matrix;

$$J_{02} = (\sigma_2 - \sigma_0)(f_{00}f_{02} - f_{01}^2/\sqrt{3})/2,$$

$$J_{03} = \frac{1}{4}(\sigma_3 + 3\sigma_1 - 4\sigma_0)f_{00}f_{03} + \frac{1}{4\sqrt{5}}(2\sigma_1 + \sigma_0 - 3\sigma_3)f_{01}f_{02},$$

$$J_{11} = (\sigma_1 - \sigma_0)(f_{00}f_{11} + \frac{1}{2}\sqrt{\frac{5}{3}}f_{10}f_{01} - \frac{\sqrt{2}}{\sqrt{15}}f_{01}f_{02}) - \text{are the moments of collision integral,}$$

where $\sigma_0, \sigma_1, \sigma_2, \sigma_3$ are constants.

$u_0(x) = (f_{00}^0(x), f_{02}^0(x), f_{10}^0(x))'$, $w_0(x) = (f_{01}^0(x), f_{03}^0(x), f_{11}^0(x))'$ are the given initial vector-functions; w^+, u^+ are the vector moments of falling to boundary particle distribution function; w^-, u^- are the vector moments of reflecting from boundary particle distribution function.

For the problem (1)-(4) following theorem takes place.

Theorem. If $U_0 = (u_0(x), w_0(x)) \in L^2[-a, a]$, then problem (1)-(4) has unique solution in domain $[-a, a] \times [0, T]$, belonging to the space $C([0, T]; L^2[-a, a])$, moreover

$$\|U\|_{C([0, T]; L^2[-a, a])} \leq C_1 \|U_0\|_{L^2[-a, a]} \quad (5)$$

Where C_1 is constant independent from U and $T \sim O(\|U_0\|_{L^2[-a, a]}^{-1})$.

Proof. Let $U_0 \in L^2[-a, a]$. Let's prove estimation (5). We multiply first equation of system (1) by u and second equation by w , and integrate from $-a$ to a :

$$\frac{1}{2} \frac{d}{dt} \int_{-a}^a [(u, u) + (w, w)] dx + \int_{-a}^a [A \frac{\partial w}{\partial x}, u] + [A' \frac{\partial u}{\partial x}, w] dx = \int_{-a}^a [J_1(u, u) + J_2(w, w)] dx.$$

After integration by parts we receive

$$\frac{1}{2} \frac{d}{dt} \int_{-a}^a [(u, u) + (w, w)] dx + (u^-, Aw^-)|_{x=a} - (u^-, Aw^-)|_{x=-a} = \int_{-a}^a [J_1(u, u) + J_2(w, w)] dx.$$

(6)

Taking into account boundary conditions (3) - (4) we rewrite equality (6) in following form

$$\frac{1}{2} \frac{d}{dt} \int_{-a}^a [(u, u) + (w, w)] dx + (Bu^-, u^-)|_{x=a} + (Bu^-, u^-)|_{x=-a} - ((Aw^+ - Bu^+), u^-)|_{x=-a} + ((Aw^+ + Bu^+), u^-)|_{x=a} = \int_{-a}^a [(J_1(u, w), u) + (J_2(u, w), w)] dx \quad (7)$$

Let's use spherical representation [9] of vector $U(t, x) = r(t)\omega(t, x)$, where $\omega(t, x) = (\omega_1(t, x), \omega_2(t, x))'$, $r(t) = \|U(t, \cdot)\|_{L^2[-a, a]}$, $\|\omega\|_{L^2[-a, a]} = 1$.

Substituting the values $u = r(t)\omega_1(t, x)$, $w = r(t)\omega_2(t, x)$ into (7) we have that

$$\frac{dr}{dt} + rP(t) = r^2Q(t) \quad (8)$$

where

$$P(t) = (B\omega_1^-, \omega_1^-)|_{x=a} + (B\omega_1^-, \omega_1^-)|_{x=-a} + \frac{1}{\beta} [(A\omega_2^+, \omega_1^-)|_{x=a} + (B\omega_1^+, \omega_1^-)|_{x=a} + (B\omega_1^+, \omega_1^-)|_{x=-a} - (A\omega_2^+, \omega_1^-)|_{x=-a}],$$

$$Q(t) = \int_{-a}^a [(J_1(\omega_1, \omega_2), \omega_1) + (J_2(\omega_1, \omega_2), \omega_2)] dx.$$

Let's study equation (8) with initial condition

$$r(0) = \|U_0\| = \|U_0\|_{L^2[-a, a]}. \quad (9)$$

Solution of the problem (8)-(9) has following form

$$r(t) = \left\{ \exp\left(\int_0^t P(\tau) d\tau\right) \left[\frac{1}{\|U_0\|} - \int_0^t Q(\tau) \exp\left(-\int_0^\tau P(\xi) d\xi\right) d\tau \right] \right\}^{-1}.$$

If $R(t) \equiv \int_0^t Q(\tau) \exp\left(-\int_0^\tau P(\xi) d\xi\right) d\tau \leq 0 \quad \forall t$, then $r(t)$ is bounded for $\forall t \in [0, +\infty)$. Let $R(t) > 0$. We denote by T_1 the moment of time at which

$$\frac{1}{\|U_0\|} - \int_0^{T_1} Q(\tau) \exp\left(-\int_0^\tau P(\xi) d\xi\right) d\tau = 0.$$

Then $r(t)$ is bounded for $\forall t \in [0, T]$, where $T < T_1$, moreover $T_1 \sim O(\|U_0\|^{-1})$, since integrand $Q(\tau) \exp\left(-\int_0^\tau P(\xi) d\xi\right)$ is bounded. Hence $\forall t \in [0, T]$ takes place a priori estimation (5).

Existence of a solution for (1)-(4) we prove by the Galerkin method.

The theorem is proved.

References:

1. Grad G. Kinetic theory of rarefied gases. Comm. Pure Appl. Math, 2, 331, 1949.
2. Grad G. Principle of the kinetic theory of gases. Handuch der Physik, Volume 12, Springer, Berlin, p.p. 205-294.
3. Sakabekov A., Initial-boundary value problems for the Boltzmann's moment system equations Gylym, Almaty, 2002
4. Cercignani C., Theory and application of Boltzmann's equation. Milano, Italy, 1975.
5. Kogan M.N. Dynamic of rarefied gas. Moscow, Nauka, 1967, 440p.
6. Kumar K. Polynomial expansions in Kinetic theory of gases. Annals of physics, 57, 115-141 (1966)
7. Sakabekov A., Auzhani Y. Boundary conditions for the onedimensional nonlinear nonstationary Boltzmann's moment system equations, J.Math. Phys. 55,123507 (2014)
8. Levermore C.D. Moment closure hierarchies for kinetic theory, J.Stat. Phys.83 (5-6), 1021-1065 (1996)
